*Формирование положительного отношения* общества к детям-инвалидам и детям с ОВР, соответствующего Конвенции ООН о правах инвалидов определяет необходимость разработки и реализации национальной политики формирования положительного отношения общества к детям-инвалидам и детям с ОВР как к полноправным гражданам страны; создания национальной и единой продукции для демонстрации в СМИ с целью профилактики и преодоления негативного отношения общества к детям-инвалидам и детям с ОВР и пропаганды возможностей сотрудничества и взаимопонимания детей с нормативным развитием и их сверстниками с инвалидностью и ОВР; формирование адекватного отношения к инвалидам и лицам с ОВР в системе общего школьного образования нормативно развивающихся детей входе специальных курсов.

*Проектирование компонентов* системы общего и специального образования

обучающихся с инвалидностью или ОВР, соответствующих современным запросам общества: создание государственной системы раннего выявления и ранней психолого-педагогической помощи в сопровождении и преодолении нарушений развития как структурного элемента отечественной системы образования; разработка системы раннего выявления детей, входящих в группу риска по подозрению на наличие возможных отклонений в развитии, по месту жительства и создание механизма своевременной комплексной психолого-медико-педагогической диагностики; разработка и апробация модели ранней дифференциальной психолого-медико-педагогической диагностики нарушенного развития у детей различных категорий для выявления потенциальных возможностей каждого ребенка и создания индивидуальных программ реабилитации, начиная с первых дней жизни; создание государственной системы ранней помощи в преодолении нарушенного развития и системы комплексного психолого-педагогического сопровождения семей, имеющих детей раннего возраста с нарушенным развитием; проектирование разновозрастных моделей образовательных организаций для всех категорий детей; определение моделей взаимодействия организаций общего и специального образования всех ступеней; определение уровня сформированности профессиональных компетенций специалистов, принимающих участие в процессе обучения детей-инвалидов и обучающихся с ОВР; определение степени участия родителей или лиц, их замещающих, в систему общего и специального образования; разработка нового содержания образования лиц с инвалидностью и/или с ОВР раннего, дошкольного, школьного возрастов, профессиональной подготовки и переподготовки [1; 5; 6].

Создание общероссийского *общественного объединения* специалистов, обучающихся детей с ОВР (Союз дефектологов) задачами которой являются: содействие процессу общедоступности образования; содействие повышению престижа профессий дефектологического направления, воспитание дефектологов в духе неукоснительного соблюдения норм общечеловеческих ценностей, профессиональной этики, положений закона; содействие созданию условий для активной профессиональной и общественной деятельности своих членов; содействие укреплению правовой основы деятельности дефектологов, их социально-правовой защищенности; вовлечение широкой дефектологической общественности к участию в гуманитарных, правовых и иных проектах и программах; развитие разностороннего сотрудничества между дефектологами, педагогами, психологами, медицинскими работниками, представителями общественных объединений родителей; содействие укреплению связи между дефектологической наукой, образованием и практикой; содействие решению социально значимых задач, повышению культуры и просвещения, обеспечение конституционных прав граждан[3].

### **Список литературы**

1. Алигузуева Г.Т., Евтушенко И.В., Евтушенко Е.А. Логопедическая работа с младшими школьниками по преодолению дисграфии средствами изобразительной деятельности // Современные наукоемкие технологии. 2016. №9 (часть 2). С. 254-258.
2. Борякова Н.Ю., Данилова А.М., Евтушенко Е.А., Евтушенко И.В., Левченко И.Ю., Лифанова Т.М., Орлова О.С., Ткачева В.В., Туманова Т.В., Филичева Т.Б. К вопросу о наименовании отдельных категорий обучающихся с ограниченными возможностями здоровья//Международный журнал экспериментального образования. 2016. №10 (часть 2). С.175-177.
3. Евтушенко И.В. Методологическое обоснование содержания деятельности ассоциации дефектологов//Международный журнал экспериментального образования. 2017. №6. С.30-34.
4. Евтушенко И.В. Модель социально-культурной реабилитации обучающихся с умственной отсталостью (интеллектуальными нарушениями)//Культура и образование. 2015. № 4 (19). С.88-95.



5. Евтушенко И.В., Казюциц М.И., Чернышкова Е.В. Музыкальное сочинительство как профилактика профессиональной деформации личности педагога-дефектолога // Современные наукоемкие технологии. 2016. №8 (часть 1). С. 111-115.
6. Евтушенко И.В., Чернышкова Е.В. Формирование эстетической культуры глухих детей во внеурочной музыкально-ритмической деятельности//Современные проблемы науки и образования. 2015. № 4;
7. Левченко И.Ю., Евтушенко И.В. Многоуровневая модель диагностики в системе ранней помощи детям с ограниченными возможностями здоровья//Современные проблемы науки и образования. 2015. № 6;
8. Орлова О.С., Евтушенко И.В., Левченко И.Ю. К вопросу о наименовании должностей педагога-дефектолога, требованиям к образованию и обучению // Современные проблемы науки и образования. 2016. № 5;
9. Программы специальных (коррекционных) образовательных учреждений VIII вида. 8-е изд. М.: Просвещение, 2013.
10. Симонов А.П., Евтушенко И.В. Модель профессиональной ориентации обучающихся с ОВЗ со сложным дефектом в условиях Северо-Востока России (на примере Магаданской области) // Современные наукоемкие технологии. 2016. №5 (часть 3). С. 595-599.
11. Тишина Л.А., Артемова Е.Э., Евтушенко И.В. Апробация новых модулей практико-ориентированной подготовки бакалавров по направлению специальное (дефектологическое) образование: проблемы и перспективы // Современные проблемы науки и образования. 2015. № 6; URL: <http://www.science-education.ru/130-23931>

## **УДК 37.05**

### **ВНЕДРЕНИЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ТАРГПУ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА**

**Калматаева А.М. - к.п.н., доцент  
ТарГПУ, г.Тараз**

Таразский государственный педагогический университет является одним из высших учебных заведений страны с богатой историей и традициями. ТарГПУ был основан в 1967 году и на сегодняшний день считается престижным учебным заведением суверенного Казахстана. Главной целью ТарГПУ является качественная модернизация системы образования в соответствии со стратегическими направлениями государства в сфере образования и реформами Болонского процесса.

Миссией Таразского государственного педагогического университета является развитие конкурентоспособного человеческого капитала через подготовку высококвалифицированных педагогических кадров не только для общеобразовательных школ, но и для учреждений инклюзивного образования.

Законодательством РК предусмотрена квота приема для граждан из числа инвалидов 1, 2 групп инвалидов, инвалидов с детства, детей инвалидов. В соответствии с Законом РК от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» при поступлении на учебу в организации образования, реализующие профессиональные учебные программы технического и профессионального, послесреднего и высшего образования предусматривается квота приема для граждан из числа инвалидов 1 и 2 групп, инвалидов с детства и детей-инвалидов.

Сегодня ТарГПУ – высшее учебное заведение с развитой инфраструктурой, обеспечивающее прекрасные условия для организации учебного процесса, быта и досуга студентов, а также обеспечение равного доступа к образовательным услугам вне зависимости от физических и (или) психических недостатков в развитии. В настоящее

время обучается более 5-ти тысяч студентов по 27-м специальностям, среди которых есть студенты, которые имеют физические нарушения в развитии. Студенты с ограниченными возможностями, которые окончили наш вуз, успешно работают по избранной профессии.

Например, студентка Феодориди Элла с диагнозом паралич нижних конечностей, работает учителем-логопедом в г.Каратау. В 8-ми учебных корпусах, оснащенных современными лабораториями, лингофонными кабинетами, компьютерными и интернет-аудиториями, интерактивными досками, электронными учебными залами. Все основные учебные корпуса оснащены пандусами, имеются специализированные кабинеты для студентов с ограниченными возможностями, в основном на первых этажах, оборудованные необходимой компьютерной техникой.

Вопросами реализации инклюзивного образования занимается кафедра «Специальная педагогика», на данной кафедре, начиная с 2004 года готовят кадры специальности: Дефектология (специализация – олигофренопедагогика и логопедия).

Подготовкой специалистов занимаются опытные педагоги, имеющие опыт практической работы в специальных и общеобразовательных учреждениях. Профессорско-преподавательский состав систематически повышает уровень квалификации, как в пределах страны, так и за рубежом.

ППС университета в постоянном поиске новых технологий и методов инклюзивного образования. Так, пятеро наших преподавателей прошли международные курсы по развитию инклюзивного образования: «Творческое мышление в специальном образовании» (Израиль, февраль 2013 г.), «Интеграция детей с особыми нуждами в нормативную среду» (Израиль, май 2013 г.). Польша, ЮНЕСКО, Академия специального образования, тема «Психолого-педагогическое сопровождение детей в кризисной ситуации в условиях образовательного учреждения», 14.09.2015г.-24.09.2015г.

Наши преподаватели были активными участниками тренинга на тему: «Технология инклюзивного образования» в рамках проекта по разработке спецкурса «Основы инклюзивного образования» для педагогических специальностей вузов Казахстана (Алматы, 23 – 24августа 2013 год).

Участвовали в семинаре – тренинге для координаторов по инклюзивному образованию «Состояние и перспективы развития инклюзивного образования в вузах Республики Казахстан» (Алматы, 30 сентября – 2 октября 2015 года).

По линии Общественного Образовательного Фонда «Школа для всех», Сорос-Казахстан, многие наши преподаватели прошли обучающие курсы: «Технология инклюзивного образования», в г. Шымкенте 2014; 2016 г. г.

Сегодня в Республике Казахстан увеличивается доля школ, создающих условия для инклюзивного образования. В связи с этим в ТарГПИ в учебные планы всех специальностей включены следующие элективные дисциплины: «Инклюзивное образование», «Психолого-педагогическое сопровождение детей с ограниченными возможностями в условиях общеобразовательных учреждений», «Интегрированное обучение детей с ограниченными возможностями в условиях общеобразовательных учреждений».

Цель психолого-педагогического сопровождения инклюзивного образования студентов ТарГПУ: наряду с медицинской, психологической и социально-экономической реабилитацией, обеспечение студентов-инвалидов возможностью получения полноценного образования, приобретения такой специальности, которая дает возможность человеку стать полноценным членом общества, а также обеспечение дальнейшего трудоустройства студентов с особыми образовательными потребностями.

Преподаватели кафедры: к.п.н. А,М,Калматаева и старший преподаватель Л,И.Бекембетова подготовили для студентов педагогических специальностей на казахском языке учебное пособие «Основы инклюзивного образования».

ППС университета активно участвуют в международных, республиканских конференциях и семинарах и, соответственно, активно публикуются по проблемам развития инклюзивного образования. Например: ТарГПУ протяжении многих лет тесно сотрудничает с Детским домом для умственно отсталых детей, Таразским молодежным объединением инвалидов. В целях развития волонтерского движения среди студентов наш вуз ежегодно проводит акции милосердия «Подари детям радость», студенты систематически помогают в организации областного фестиваля детей с ОВР «Жулдызай». Также ТарГПУ организывает открытые площадки для обсуждения проблем практического внедрения инклюзивного образования в общеобразовательных школах, детских садах и организациях дополнительного образования.

В первую очередь, такое партнерство помогает более успешной реабилитации людей с особыми образовательными потребностями. Так, в 2014 году на базе нашего вуза проведен областной образовательный форум: «Реализация государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы: теория и практика инклюзивного образования».

В ходе форума состоялась дискуссия между практиками и учеными, которая показала актуальность проблемы внедрения инклюзивного образования в образовательный процесс. Важным явился вопрос повышения конкурентоспособности образования путем обеспечения равного доступа к образовательным услугам вне зависимости от физических и (или) психических недостатков в развитии, модернизации системы инклюзивного образования в детских садах и общеобразовательных школах. Также обсуждались вопросы по акцентированию внимания общественности к проблемам неравных возможностей детей с особыми образовательными потребностями при получении качественного образования.

На базе университета создан Центр развития речи и коррекционной поддержки детям с нарушениями звукопроизношения, целью которого является оказания логопедической помощи детям с проблемами речевого развития.

Центр также является площадкой дуального образования, т.е. студенты на практических занятиях овладевают практикой логопедических упражнений, которые способствуют приобретению практических навыков будущих учителей логопедов. На базе центра проводятся различные семинары тренинги как для логопедов области, так с целью оказания психолого-педагогическую - поддержку родителей, имеющих детей инвалидов, проводят обучающие семинары для родителей.

В заключении считаем, что активизация задач психолого-педагогического сопровождения инклюзивного образования студентов ТарГПУ будет способствовать:

- активизации инновационных процессов в сфере инклюзивного образования студентов, повышению творческого потенциала, интеграции образовательной, научной и практической деятельности;
- формированию в институте атмосферы доброжелательности, признанию за всеми студентами равного права на обучение, осуществлению политики равных возможностей.
- удовлетворению потребностей личности в интеллектуальном, культурном и нравственном развитии посредством получения высшего профессионального образования;
- формированию у студентов с особыми образовательными потребностями гражданской позиции и трудолюбия, развитию ответственности, самостоятельности и творческой активности.
- организации производственной практики и обеспечению дальнейшего трудоустройства студентов, нуждающихся в инклюзивном образовании;
- предоставлению им информации о внесении дополнений в законодательные акты, об изменениях положений и правил получения грантов;
- оказанию семье студента с особыми образовательными потребностями психолого-педагогической, информационной поддержки и помощи.

**ИНТЕЛЛЕКТУМ ОЙЫНДАРЫ - ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ДАМУҒА  
ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ӘДІСІ****Сахыбаева А.Т. – п.ғ.магистрі****«Интеллектум» дамуы орталығының директоры, Тараз қ.**

«Мәңгілік ел - ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деп елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтып өткен болатын. Қазіргі уақытта Мәңгілік Ел болу үшін азаматтарымыз (әсіресе жастар) білім, ғылыммен мықты қаруланған болуы қажет. Себебі, кез келген мемлекеттің басты байлығы ол халқы, адам капиталы. Сондықтан Мәңгілік Ел болу үшін әр азаматымыз осы бағытта жұмыс жасауы керек. Бұл әрине оңай шаруа емес.

Қазіргі таңда, біздің қолымызда елімізге, жерімізге жасайтын бір ғана қызметіміз, ол біздің болашақ өскелең ұрпағымызды барынша саналы, білімді көзі ашық, көкірегі ояу етіп тәрбие мен білімді қатар беру. Қазіргі кезде бастауыш сыныпта оқыту мазмұны жаңартылып, оқыту мен тәрбиелеуді дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылуда. Бастауыш сынып мұғалімі бұрынғыдай бағдарлама көлемінде ғана білім беріп қоймай, пәндер арқылы баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Оқыту барысында баланың ақыл-ойын дамытуда ойынның алатын рөлі ерекше. Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет - ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушыларға терең білім беріп, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде ойлап, жұмыс істей алатын құзырлы тұлға тәрбиелеу болып табылады. Осы орайда оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

“Интеллектум” – арнайы ойындар көмегімен баланың ой-өрісін дамытып, тез шешім қабылдай алуына, шапшаңдығын арттыруға жол ашатын бағдарлама. Мұнда, Финляндия, Германия, Дания, Канада сияқты әлемнің озық елдерінде алдыңғы қатардан көрінген ойыншықтар бір әдіске топтастырылған.

Бұл бағдарламада 4 жастағы балалардан бастап барлық жастағы балалардың ақыл-ойын дамытуларына үлес қосатын әлемнің ең таңдаулы ойындары іріктеліп алынды. Я.Коменский «Ұлы дидактика» еңбегінде 6 жастан 12 жасқа дейінгі жас кезеңін өнерлі және қамқорлық тәрбие мектебі деп атады. Бұл шақта балаларға өздеріне түсінікті ана тілінде білім беру керек, ал білім олардың есінде жақсы сақталатынындай болуы тиіс. Бұл кезеңде балалар қиындықты сезінбейді, сол себептен оларға оқу әрекеті жеңіл болып көрінеді. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін жетілдірудің бірден – бір құралы ретінде «ойынды» атауға болады. Ойындар балалардың ақыл-ойының жетілу мерзіміне қарай дайындалған және түрлі активациялармен күшейтілген. Және олар балалардың ең сүйікті ойын ортасында

мотивация беруде, өздерін тануына көмекші болады. Сонымен қатар, телевизор, компьютер секілді зиян әдеттердің әсерінен алыстауға бағыттайды.

“Интеллектум” бағдарламасында қолданылатын ойындар оқушылардың сабақтағы үлгерімін жақсартуда: тың ойлау, мәселені шешу, топ құра алу және шығармашылықпен ойлау қабілеттерін арттыруды мақсат етеді.

Білім беруді жоғары деңгейде жүзеге асыруда балаларға мотивация беретіндей жаттығулар жасалады. Бұл ойындар баланың мектептегі жетістіктерінің жоғары деңгейге көтерілуіне көмектеседі. Сонымен қатар, оларға өмір сүруге қажетті қарым-қатынасты меңгеруге бағыттайды. Мотивацияға толы оқушылар алдына келген кез келген мәселелерді жақсылап талдай алады және түрлі шешім жолдарын табады. Түрлі жаттығулар бойынша тәжірибе жүргізу арқылы өзіндік көзқарастары дамиды. Шығармашылық ойлау қабілеті дамып, қоғамға көбірек пайдалы тұлға бола білуге көмектеседі.

Әр ойын түрлі алаңда логика құруға бағыттайды. Стратегиялық ойындарда ойын құруды, өзгерген жағдайларға қарай жаңа жоспар құру және қарсыласының ойын анықтауды үйренеді. Сонымен қатар, стратегиялық ойындарда қарсылас болуға лайық деңгейде жетіледі. Топтық ойындар әлеуметтік орта ережелеріне бейімделуге және басшымен жұмыс жасауда бірге әрекет етуге жағдай жасайды. Түрлі салаларда жобалар жасауда заманауи қабілеттерді игеруге көмектеседі.

Балалардың ойын ережелерін нақты, бұлжытпай, қатесіз орындауы олардың өзін-өзі тексеру дағдыларын күшейтеді. Сондай – ақ, оқушыларды түрлі ортада бақылаулары арқылы мұғалімдердің де оларды жақыннан тануға мүмкіндіктері артады. Ойындардың функционалдық бағыты оқушыларға практикалық ойлау және жоспарлауды үйретеді. Мектеп кезеңінде, күнделікті өмірде қажетті аналитикалық ойлау қабілеттерін меңгеруге және мұны орындай алуларына көмекші болады.

Ойындардың түрлі ережелермен берілуі әр баланың адамдығының қалыптасуына оң әсерлер қалдырады. Жасаған жұмыстарымен жетістікке жетуі оларға сенімділік ұялатады. Қолданған әдістерде сыныптағы оқушылар ойын барысында бақыланып, достарының жаңа қырларын анықтайды. Осылайша әр оқушының аз да болса, қай салаға қызығушылық танытқаны анықталады.

Мектепте қолданылатын “Интеллектум” жүйесі оқушылар үшін 32 түрлі ойын алаңында жаттығулар жасап, ойнау арқылы мектептердегі білім сапасының артуына қосымша үлес қосады. Бұл ойындар оқушылардың жоспарлау, өлшеу, зеректік, мәселені шешу жолдарын қарастыру, жаңа әдіс-тәсілдерді байқау, сын тұрғысынан ойлау және зерттеушілік қырларын дамытады. Бағдарламаны меңгерген оқушылар қоғамға пайдалы, әлеуметтік бағыты мықты және тіл байлығы мол тұлға болып қалыптасады. Осылайша кез келген мәселеге жаңаша көзқарас білдіретін және шешім қабылдай білетін ұрпақ жетілдіруіне көмектеседі.

Дүниежүзілік экономика форумының ғылыми жобасындағы білім саласының жаңа бағыты қазіргі заманда талап етілетін қабілеттер мен дәстүрлі оқыту әдісі арқылы үйретілетін қысқа мерзімді қабілеттер арасында айырмашылық көп. Себебі, дәстүрлі оқыту әдісінде білім алу баланың өзін дамытуға септігін тигізбейді. Бүгінгі таңда жұмыс үміткерлерінен талап етілетін қабілеттер: Ұжыммен қарым-қатынас жасай білу; Өзгелермен тіл табыса білу; Анализ жасау; Мәселені шешу.

Бұл қабілеттер әлеуметтік және эмоционалдық білім беру жүйесі арқылы жүзеге асады. Экономиканың қарқынды дамып жатқан заманында дәстүрлі білім беру мен әлеуметтік және эмоционалдық қабілеттерді біріктіруде бала табысқа жетеді.

**Бағдарлама құрылымы:** Бағдарламада 32 түрлі ойын берілген. Бұл бағдарлама әр топтағы жас ерекшеліктеріне қарай 32 және 35 сағатты құрайды. 1 сағат академиялық 40 минуттан тұрады.

Мұғалімдер үшін әр сабаққа дайындыққа нұсқау берілген және сабақ барысы түсіндірілген. Бағдарламадағы ойындар халықаралық жәрмеңкелерде арнайы

таңдалған, бірнеше жылдар бойы мектепте тәжірибеден өткен және жаттығулары нақтыланған ойындардан тұрады. Ойындардың мазмұны, оқушылардың ақыл-ойы мен рухани жетілу кезеңдері ұзақ зерттеулер нәтижесінде белгіленген және сол негізде бағдарлама дайындалған. Әр ойын әлемнің ең сапалы фирмаларында өндірілген, сондықтан денсаулыққа ешқандай зияны жоқ.

Оқушылардың белсенді ойын жаттығуларынан басқа да, көбірек мотивация және басқаша ойлауын дамытатын жаттығу кітаптары бар. Мектепке дейінгі кезеңдегі 4-6 жастағылар үшін дайындалған 96 және 112 беттік жаттығу кітаптары, 1-4 сыныптағыларға 96 беттік жаттығу кітаптары бар. Сонымен қатар, мұғалімдер үшін де әр сыныптың жас ерекшелігіне қарай жаттығу кітаптары дайындалған.

#### **Бағдарламаның міндеттері:**

- Әр баланың ерекшелігіне сәйкес орта құрып, өзін жақсы танып, қабілеттерін, қызығушылығын, әлсіз тұстарын байқау арқылы өзін бейімдеуге үйрету;
- Оқушылардың мотивациясын көтеріп, зеректігі басым сабырлы тұлға болуларына жағдай жасау;
- Түрлі ойын орталарында, жаттығулар барысында балалардың бірнеше қызығушылық алаңын, әлсіз тұстарын байқау және олардың өзін басқа балалармен салыстыра отырып, бейімділіктерін байқауға, сол арқылы өздерін дамытуға мүмкіндік жасау;
- Басынан өткен жағдайларға қарай қиял құруына көмектесу және қиялын жалғастыратындай жұмыстар ұсыну.

Жоғарыда айтылғанның бәрі оқыту процесінде ойын түрлерін қолдану қажеттігін көрсетеді. Өйткені ойын, ең алдымен, оқушының ой-өрісін, қиял сезімін дамытып, сөйлеу тілінің жетілуін, еркін пікір алысу, диалог, монолог түрінде өзара сөйлеу машықтарын қалыптастырады. Ол логикалық, дербес орындалатын жаттығу жұмыстарына балалардың зейінін аударып, қызықтыру мақсатында қолданылады. Ойынның танымдық сипаты жөнінде А.М.Горький: «Бала ойынды сүйеді. Ойнағанда не болса соның бәрімен де ойнайды. Ол өзінің айналасындағы дүниені ойын үстінде тез таниды. Бала сөзбен де ойнайды, осы сөзбен ойнағанда өз ана тілінің нәзік әсерлерін үйренеді», - деген болатын. Сонымен балалардың ойынға деген қызығушылығын, ынтасын сабақ процесімен ұштастырудың маңызы зор. Ол үшін мектептерге арнайы баланың қабілеттерін ашатын және логикасын дамытатын арнайы қосымша ойын сабақтарын енгізу қажет. Осылайша, «Мәңгілік елдікке» бет алған Қазақстанның бәсекеге қабілетті жас ұрпағын тәрбиелеуге зор үлесімізді қосу – біздің алға қойған мақсат-мұратымыз әрі азаматтық парызымыз деп ойлаймыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010
2. Әубакіров Ержан Бейсенбекұлы «Интеллектум бағдарламасы»// Түсінік хат [2016; қаңтар айында шыққан мақаладан алынған]

## **ӘӨЖ 159.9**

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ**

**Санай Г.Е. – п.ғ.к., доцент**

**ТарМПУ, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасы. Тараз қ.**

*Өзін-өзі тану» курсы адамның өзін-өзі табуына, ең жақсы қасиеттерін ашуға, өзінің кейін өзгертпеуге, адамгершілігін және әрқашан адам қалтын сақтауға көмектеседі. Негізінде, адамзат тарихының өзі адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі жетілдірудің тұрақты және үздіксіз процесі болып табылады.*

***Назарбаева Сара Алтысқызы***

Ұлттық сана, ұлттық тәрбие... бұл мәселелер қазіргі қоғамымыздың өзектілігіне айналды. Сана мен тәрбиені біз қайдан бастаймыз? Әрине отбасыдан бөлек мектепке, ұстаздардың беріп жатқан білімі мен тәрбиесіне жүгінеміз. Тәрбиенің ішінде аса маңызды болып табылатын рухани-адамгершілік тәрбиеге көңіл бөлетін бірден-бір пән өзін-өзі тану пәні болып табылады. Баланың жанын тәрбиелеу, ішкі сезімін жеткізе білуге баулу маңызды екені белгілі. Себебі сезімсіз, махаббатсыз адамның жүрегі жетім. Айналаға, қоршаған ортаға, қоғамға, қыбырлаған кез-келген тіршілік иесіне деген риясыз сүйіспеншілік сыйлай білу жүректің кеңдігі, рухани байлықтың көрінісі болып табылады.

Н.Ә. Назарбаев: «... жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», — деп атап көрсетті. Соған байланысты өзін-өзі тану пәні әр оқушыға, жеке тұлғаға бағытталған тәрбиесінің көрінісін адам талпыныстары, абыройы, жауапкершілігі, ерік-жігері, жалпы ізгі қасиеттерін басты мәселе етіп қойғандығынан байқаймыз. Бұл кез келген тұлға білім алуға тең құқылы және болашағын өзінің баласынан, жас жеткіншектерінен көретін халқымыз, еліміз үшін балаға дұрыс әрі толық тәрбие мен білім берудің маңыздылығы зор.

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивтік білім беру – бұл барлық балаларды олардың денсаулық жағдайына, экономикалық жағдайына, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, тіліне, жынысы мен жеке ерекшеліктеріне қарамай жалпы білім беру үдерісіне қосуға бағытталған мемлекеттік саясат.Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында инклюзивтік білім беруді жетілдіру мен дамыту бойынша бірқатар міндеттер қойылған.

«Тәрбиелеудің басты міндетін адамгершілік әсер етуден құрайды» деген К.Д. Ушинский. Себебі адамгершілік – тек адамзатқа, әрбір адам баласына ғана тән құнды қасиеттерден тұрады. Бұл қасиеттерді бойына сіңірген бала өзін оңтайлы қабылдап, өзін қоғамның дербес және ажырамас бөлігі екендігіне көзі жетеді. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік, қоғамнан, заман ағымынан, үнемі назардан тыс қалмайтын тақырып. Бала бойына сіңіруден еш жалықтырмас тақырып.Адам дамуының шыңы - осы процесте өз денсаулығының белгісі бойынша адам организмінің, құратын қатынастардың адамгершілік нормаларға сәйкестілік белгісі бойынша тұлғаның еңбектегі және қарым-қатынастағы, сондай-ақ қоршаған орта мен өзін-өзі танудағы сәттіліктер белгісі бойынша іс-әрекет субъектісі ретіндегі қабілеттерінің жететін ең жоғарғы көрсеткіші. Өзгелермен қарым-қатынас барысында қайталанбас тұлға ретінде қалыптасу, басқалармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу - баға жетпес байлық. Осы байлыққа ие болған адам қоғамда өз орынын тауып, үйлесімді өмір сүре алады. Оған жету жолы сан түрлі. Соның бірі - өзін-өзі тану.

Мүмкіндігі шектеулі баланың қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуін қалыптастыру жолында әлеуметтік педагогтың алатын орны ерекше.Тәрбиелеу барсында жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Оқыту үшін балалардың өмір жағдайына сәйкес және олардың әлеуметтік бейімделулеріне пайдалы болатын мазмұнды таңдау керек.Сара Алпысқызы жаңа сана-сезімді тәрбиелеуде адамды беруге, жақындарға, соның ішінде балаларға қамқорлық көрсетуге, қайтарымсыз жақсылық жасауға, сыйлауға баулу

маңызды деп есептейді. Себебі үйімізде, ортамызда, қоғамда, мемлекетімізде одан әрі Жер ғаламшарында орын алып жатқан әр мәселе құрушы, жасаушы ретінде адам деген жоғары атаққа еш нұқсан келтірмеуі тиіс. Дәл осы жерде адамгершілік тәрбиесіне бағытталған өзін-өзі тану пәнінің маңыздылығын көреміз. Пән ретінде де, тәрбиенің бағыты ретінде де өзін-өзі тану пәні балаларды өмірдің мәнін, өзіндік көзқарасын, өмірдегі өз орны мен ролін айқындауға жол ашады. Бұл пән мүмкіндігі шектеулі баланы жеке тұлға деп қарастырып, өзіне, өзінің күші мен қабілеттеріне сенімділігін күшейтуге, жақсылық жасауға, әділ әрі парасатты болуға, өзімен және ішкі жан-дүниесімен үйлесімділік орнатуға мүмкіндік береді. Осы тұста Абай атамыздың: «махаббат пен әділдік сезімі кімде көбірек болса, сол кісі – ғалым, сол – кісі дана» деген сөздерімен келіспеске болмас.

Өзін-өзі тану пәнін оқытуда сүйспеншілік, сенім, шығармашылық шабыт атмосферасын құру, өзін-өзі зерделеуге, өзін-өзі интуитивті түрде ұғынуға жағдай жасалады. Рухани адамгершілік білім беруді мектептің тұтастай педагогикалық үдерісін интеграциялау арқылы жүзеге асыру қажет. Рухани адамгершілік білім беру үдерісінде тек жағымды және ізгі әдістерді қолдану көзделеді. Өзін-өзі тану сабақтарындағы жағымды ойлау, жағымды күйге келу әдісін қолдану арқылы: тәртіп, өзін-өзі қадағалау, денсаулық, зейін қою, ақылдың байсалдылығы, ес, интуиция, басқаларға деген сүйспеншілік, ішкі тыныштық орнатуға баса назар аудару қажет.

Ж. Маралов бойынша, «өзін-өзі тану» - бұл өзінің потенциалды және жеке бас қасиетін, интеллектуалды ерекшелігін, мінез-құлқын, өзінің қатынасын өзге адамдар арқылы өзін тану процесі.

Өзін-өзі танудың ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, психологияда кеңінен ашылып көрсетіледі:

- өзін-өзі тану – психологиялық кемелді және ішкі үйлесімділікті қабылдау құралы.

- өзін-өзі тану - тұлғаның психикалық және психологиялық денсаулықты қабылдау жағдайы.

- өзін-өзі тану - тұлғаның өзіндік дамуының бірден-бір жолы және оның жүзеге асырылуы. Бұл мәндер өзара тығыз байланыста болып келеді және олар бір-бірін толықтырып отырады.

Бүгінгі қоғамда білім беруде *сыртқы білім*: интеллектуалды, сыртқы дүниені зерттейді, заманауи білімге негізделген, әлеуметтенуге бағыттайды, интеллектіні дамытады, ақыл мен тәнге қарасты мәселелерді шешіп, мұндағы білім берудің мақсаты ақпарат берумен шектеледі, интернет жүйесіне жүгініп, жаңа түсініктер пайда болады. Ал, рухани білім берудің, мұнда, *ішкі білімнің* маңыздылығы: ішкі рухани-адамгершілік қасиеттерді ашады, адамның, баланың ішкі дүниесін зерттейді, өмірлік тәжірибеге негізделеді, әрбір адамның жүрегінде жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды, білім беруді өмірлік мақсаттармен байланысты қарастырады, интуицияны дамытады және ақылмен ойлап, жүрекке жүгінетіндіктен тәрбиелік ықпалы күшті және өмірлік дағды қалыптастыруда маңызды болмақ. Осыған орай, өзін-өзі тану пәнінің мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде интеграциялануы білім беру мен тәрбиені біртұтас, әр тарауы, әр тақырыбы бойынша болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, адамгершілік қағидалары мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын болашақ педагогтің тұлғасын қалыптастыруға бағытталған.

Болашақ ұстаз инклюзивті ортада алған білімін тәжірибеде тиімді пайдаланып, өзінің игерген сапалық деңгейін екінші білім беру ұйымдарындағы сапалық деңгейге көтеруге ықпал ете алуы тиіс және басқа да пәндермен интеграциялау арқылы білім берудің тиімділігі жоғары.



Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагог даму мүмкіндігі шектеулі балалармен көптеген жұмыстар жасайды. Бұл саладағы оқушылар ерекше назарда болады. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың кейбіреулерінде өзіндік қабілет, ерекшелік бар. Мысалы кейбіреулері би билеуге, спортқа, сурет салуға қызығады, осындай қызығушылығы мол балаларды әрі қарай дамыту әлеуметтік педагогпен әрбір мұғалімнің міндеті. Бұл балаларды өздерінің қабілетіне қарай түрлі конкурстарға қатыстырамыз. Оқушылар жүлделі орындарды иеленіп қуанып келеді.

Мектептерде инклюзивтік білім беруді енгізе отырып, педагогтар әр адам ойлауға, сезінуге, қарым-қатынас жасауға, бір-біріне сүйеніш болуға қабілетті деген қағиданы ұстанады және осыны балалардың көкейіне құйып, мейірімділікке тәрбиелеу мен білім беру өзін-өзі тану арқылы жүзеге асырылады. Өйткен адам ең алдымен өзін танып білмейінше, өзгеге көмек беру мүмкіндігі болмайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Методика преподавания дисциплины «Самопознание» в школе: учебно-методическое пособие для учителей. – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2013. – 129 с.

2. Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития. / В.Г. Маралов - М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 256 с.

3. Орлов Ю.М. Самопознания и самовоспитание характера / Ю.М. Орлов. -М: Просвещение. 1987. - 101 с.

#### **ӘӨЖ 37.01**

### **ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА - ДАМУЫНДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ**

**Батырбеков М.Н. – п.ғ.магистрі**

**ТарМПУ, «Арнайы педагогика» кафедрасы. Тараз қ.**

Инклюзивті ортаның негізгі қызметі ерекше балалардың қандай да бір дискриминациясын жою, барлық тұлғаларға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге тәрбиелеу мен оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсаты жатыр.

Қазіргі таңда еліміздің бірқатар мектептерінде инклюзивті білім беру жағдайында қойылатын талаптар:

- ерекше балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
- мектептің физикалық тұрғыдан қол жетімділігін қамтамасыз ету (лифтілер, пандустар, арнаулы жиһаз, тьютер, мұғалім ассистенті);
- арнайы мамандармен қамтамасыз ету;
- жалпы білім беру үдерісіне ендірілген ерекше балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жасау;
- арнаулы техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету (есту, көру, сөйлеу мүшелерінің ақаулықтары бар балалар үшін);
- педагогтарға, мүмкіндігі шектеулі және сау балаларға, оқушылар ата-аналарына, сонымен қатар мектептің техникалық қызметкерлеріне кеңестер беру.

Инклюзивті ортада ерекше баланы әлеуметтендіруге қолдау көрсету – оларды жалпы білім беру үрдісіне толықтай қосу үшін балаларды бір-бірінен ажыратып, кедергілерге ұшырамауға бағытталған және олардың жасына, жынысына, этикасына, дініне қарамастан әлеуметтік бейімдеуге бағытталған мемлекеттік саясат.

Сонымен қатар, тұлғалық дамудағы қалыс қалу немесе экономикалық мәртебесіне, отбасына белсенді қатысуы, коррекциялық-педагогикалық және балалардың жеке мұқтаждарын әлеуметтік адресті қолдаудағы бейімдеудің баланы емес, ортаны жеке ерекшеліктерімен білімдік қажеттіліктерін білім беру жағдайларын тиімді жолмен құру.

Ерекше балаларға білім беру жағдайын сараптауда, отандық тәжірибеде ерекше мұқтаж балаларды жалпы білім беру процесіне қосуда әр түрлі елдердегі шетел ғалымдары инклюзивті процестерін халықаралық құқықтық акт туралы жұмыстарда игеру қажет. Осы әр түрлі жер бетіндегі елдердің мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық деңгейлерінің дамуына байланысты инклюзивті білім беру принциптері анықталады:

- Жалпы білім берудің жоғарғы сапалары;
- Балалардың отбасындағы жағдайы;
- Оқытумен тәрбиелеу кезіндегі ата-анасының қатысуы;
- Мұғалімдердің әр түрлі өзгерістерге дайын болуы, балалардың құқықтарымен қабілеттерін есепке алып отыру;
- Жалпы білім беру мекемелерінде тиімді білім жағдайларын туғызу
- Нәтижелі әлеуметтендірумен оқытудың жүзеге асырылуы инклюзивті білімді қолдану кезінде ғана табысқа жетілуі;
- Демократиялық қоғамға орналастыру және жеке тұлғалық құқықтарын сақтауға кепілдеу;
- Мүмкіндігі шектеулі балаларды тиімді білімділікпен, коррекциялаумен, әлеуметтік жағдайларына араластыру

Ата-аналар, мұғалімдер, тәрбиешілер мен мамандар іс-әрекетінде бірлестік, жүйелілік болса ғана инклюзивтік тәрбие жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше білім беру назарсыз қалмауы үшін әр педагог әдіс-тәсілдерін нақты ойластыру қажет. Тек қана балаға бейімделген тәрбие оның ішкі потенциалын ашуға мүмкіндік туғызады, әр адамға қарап, сабырлыққа тәрбиелейді, отбасыларымен қарым-қатынастың нығайтып, оқу барысына кірістіреді. Инклюзивті тәрбиенің ұтымдылығы қанша және кім пайдасын көреді?

Әр ерекше бала ата-анасының жылы алақанында, отбасы құшағында болғанымен, қоғамдық ортамен, өзінің қатарластарымен толыққанды байланыс болмағандықтан, өзінің бойындағы ерекшеліктің мүмкіндігінің шектеулі екенін сезе отырып, жеке қалған уақыттарында өзінің жалғыздығын, ешкімге керек еместігін, ортадан шеттетілгенін сезініп, оның бойында күйзеліс пайда болады. Ерекше қажеттілігі бар жандар мүмкіндігі шектелгенімен, жан дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу – белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты міндеті.

Инклюзивті білім беру қазіргі кезде білім беру саласына етек жайып келе жатыр, бұл дегеніміз сапалы білім алудың барлығы үшін тең болуымен ескеріледі. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде, колледждер, ЖОО және т.б. мүмкіндіктері шектеулі тұлға мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататындарға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау. Инклюзивті білім беру - негізгі білім беру ұйымдарындағы барлық тұлғаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады.

Мемлекетіміз барлық балаларға және ерекше қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етеді. Соның ішінде:

- денсаулығында ақаулығы бар балалар (психофизикалық бұзылыстар);
- қоғамдық ортада әлеуметтік бейімделуінде қиындықтары бар балалар (отбасының төмен әлеуметтік жағдайы немесе психологиялық ахуалы).

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептерде оқыту, балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын туғызады.

Инклюзивті білім беру жағдайында сынып жетекшілерінің рөлі де артып күрделене түседі. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арнаулы қолдау көрсетілуін: шәкірттердің оқу процесі аясында жұмысты ұйымдастыруына көмектесу; оңды қарым-қатынастар негізінде балалар ұжымын қалыптастырып, дамыту; ата-аналармен тығыз ынтымақтастық орнату мәселелерінің реттелуін нақ солар қамтамасыз етуі тиіс.

Инклюзивті мектепте білім беру ортасын заман талаптарына сай модельдеу мәселесі бүгінгі күнде аса маңызды мәселелердің бірі.

В.А.Ясвиннің ойынша, жеке тұлғаның психологиялық мінездемесі (А.Маслоу бойынша), «педагогтар қолынан шығарылатын», «сапалы затты» модельдеу мен жобалаудың нақты нысанасы болуы мүмкін:

- қоршаған ортаны белсенді қабылдау және онда жақсы бағдарлай алу;
- өзін және басқа адамдарды ерекшеліктеріне сай қабылдау;
- өз ой-пікірлерін және сезімдерін ашық білдіріп, іс-әрекеттерінде еркін болу;
- өзінің ішкі өміріне (сезімдері, уайымдары) ғана емес, «сыртта» болып жатқан жағдайларға назар аудару;
- көңілді, әзілкеш болу;
- дамыған шығармашылық қабілеттер;
- ережелерді қабылдай алу;
- тек өзімен ғана айналыспау, басқаларды да уайымдау;
- өмірді түсінуге ұмтылу;
- қоршаған адамдармен (барлығымен болмаса да) жақсы қарым-қатынаста болу;
- өмір сүруде жаңа, қызықты жолдар іздеуге ұмтылу.

В.А.Ясвиннің ойынша, мұндай білім беру ортасын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – әр оқушы үшін дамуына жағымды жағдай жасау арқылы оқу процесін модельдеу. Білім беру ортасы балаға дамуындағы түрлі бағыттар бойынша (физикалық, интеллектуалдық, адамгершілік және т.б.) жоғары нәтижелерге жетуге жағдай жасауы тиіс.

Инклюзивті білім беру әр балаға оның мектепте оқу көрсеткіштеріне сәйкес немесе сәйкес еместігіне қарамастан, білім алуға құқық береді. Балалар ұжымда өзара байланысқа түсіп, қарым-қатынас ережелерін меңгереді, педагогпен бірге шығармашылық тұрғыдан білім алу мәселелерін шешуге үйренеді. Сенімділікпен айтуға болатыны, инклюзивті білім беру барлық балалардың жекетұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтеді, адамгершілік, толеранттылық, көмекке келу қасиеттерін қалыптастыруға, дамытуға жағдай жасайды.

### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі***

1. Айдарбекова А.А. Обоснование необходимости разноуровневых требований к учебным достижениям учащихся с ограниченными возможностями //Вестн. КазНПУ им Абая. Серия «Специальная педагогика». – 2005, №2.
2. Аксенова Л.В. Специальная педагогика. - М., 2009
3. Жалмухамедова А.К., Халыкова Б.С. Раннее развитие детей с ограниченными возможностями. Алматы 2012

### **ӘӘЖ 159.7**

## **КОММУНИКАТИВТІ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ПЕДАГОГТАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДАҒЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

**Тұрдалиева Ш.Т. – п.ғ.к  
ТарМПУ, «Арнайы педагогика» кафедрасы**

Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды дайындау процесіндегі жеке адамның мотивациялық дамуының негізгі жағдайы студенттердің оқытушымен бірлескен өнімді іс-әрекет жағдайын арнаулы ұйымдастыру болып табылады.

Жаһандану талабына сәйкестене алатын, әлеуметтік және рухани заңдылықты толық түсінетін «шығармашыл тұлға қалыптастыру» бүгінгі күн талабы. Ел Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауының жетінші тарауында: «Ұлттық интеллигенцияның рөлі туралы нақты тоқталып өткен. Интеллигенция қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс» дей келе адами факторды, ондағы рухани заңдылықты дұрыс жүйелеп, іске асырылуды көздейді [1].

Қазіргі кезеңдегі кез келген мамандық иесі атану адамдардың практикалық іс-әрекетіне түрлі жолдармен әсер ететіндігі зерттеуіміздің мәселесі болып табылады. Бұндай жолдардың бірі – балаға тәрбие мен білім беретін маманның кәсіби даярлығы. Білімдендіру, оқыту, тәрбие саласына ортақ атау - ұстаз, педагог, ал денешынықтыру, тәрбие ісімен ғана шектелетін мамандарды - тәрбиеші, тәлімгер деп атау да ана тілімізде берік қалыптасқан нұсқа.

«Біз білім беруді жаңғыртуды жалғастыруымыз керек. Сапалы білім индустрияландыру мен Қазақстанның инновациялық дамуының негізі болуы керек» - деген Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру жүйесіндегі істің жайын түбегейлі өзгертуді стратегиялық міндет деп санайды. Ең алдымен мұғалім мәртебесін арттыру ең алдымен ауылдық жерді арттыру ең бір өзекті мәселе» - деп атап көрсетті [2].

Қазақстан елі көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда 130 дан астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Сондықтан, балалардың кез келген ұлт өкілінің тілін, дінін, ұлттық салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшеліктеріне жағымды қатынасын қалыптастыру, тәрбиелеу педагогтың коммуникативті толеранттылығын қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік мәдени этикалық білім беру, тұжырымдамаларында білім беру ісінде жаңа рухани құндылықтарды игеруге, ұлттық сананың қалыптасып өсуіне жағдай жасау, үздіксіз білім берудегі сабақтастыққа кең жол ашу талап етіледі [3]. Тұлғаның қандай да ғылымды меңгеруі оның дүниетанымдық, қызығушылық, шығармашылық ерекшеліктеріне байланысты болмақ.

Толеранттылық – адамның адамгершілік қасиеті, маңызды құндылық. Ол әлем елдерінің мәдениетіне құрмет көрсетіліп, адамгершілік қасиеттері мен кісілік келбетінің толеранттылық қағидасының сақталуы. Ал, инклюзивті білім беру жағдайында толеранттылық мүмкіндігі шектеулі балаға да қолдау көрсетумен сипатталады.

Толеранттылық заманауи адамның басты құзыреттіліктерінің бірі болып табылады. Себебі, оның болашағы тек жеке тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзат ретінде өмір сүруге және жанжақты дүниеде конструктивті іс-әрекет жасауға деген дайындығы мен қабілеттілігіне байланысты.

«Толеранттылық қағидаларының декларациясы» (1995 жылы 16 қарашада Парижде ЮНЕСКО-ның 185 мүше-мемлекеттері қол қойған) ұсынған «толеранттылық» ұғымына жан-жақты анықтама берілген. «Толеранттылық» сөзінің астарында әртүрлі ұлттық мәдениеттердің түсінігіне назар аударарлық. Толеранттылық қатаң өзара әрекеттестік жағдайын қашуды емес, түзетпелі қарсылықты, өзара әрекеттестіктің қиын жағдайларында эмоцияларыңызды шиеленістірмей, дұрыс арнаға бағыттап, соққыға іштей берілмейтінізді болжайды.

Педагог маман иесінің бойында шығармашылық іс-әрекетті, іздепаздықты қалыптастыру, жүйелі қортынды жасай білу, дәлелді пікір айту іскерлігін арттыру, оқу материалдарын сараптау, талдап салыстыру іскерліктерін үйрету қажеттілігі туындайды.

Педагог тұлғасының қандай да ғылымды меңгеруі оның дүниетанымдық, қызығушылық, шығармашылық ерекшеліктеріне байланысты болмақ. Қазіргі

жағдайда қоғамда болып жатқан өзгерістерді терең тану, оның рухани дамуының дәрежесін айқындау, халықымыздың дәстүрлі мұраларынан сусындай отырып, оның даму қасиеттерін бойына сіңіре отырып өзі өмір сүріп жатқан қоғамның даму үрдісіне елеулі үлес қоса алады.

Білім беру ұйымдарында қазіргі жаңа және классикалық әдістердің үйлесімділігі мен олардың жан-жақтылығы, инновациялық технологияларды ендіру талап етіліп отыр. Оқу және тәрбие процесінде дәстүрлі сабақ, семинар, дәрістер қолданылумен қатар тренинг, рольдік ойындар, дискуссия түрінде ұйымдастыру тиімді. Өйткені қалыптасатын дағдылар, жаңа өмірге бейімделу, өзара қарым-қатынасты қалыптастыру, қиыншылықтарды жеңу, өзін өзі тану арнайы жаттығулар арқылы жүзеге асырылады.

Педагогтың оқушыны түсінуі, оған деген қызығушылық, жұмыстағы танымдық, балаларға қатысты бақылампаздық - бұл адамның рефлексивті-гностикалық қабілеттерімен байланысты қабілеттердің екінші тобы. Балаларға педагогикалық еріктік әсер ету, педагогикалық талап қоюшылық, педагогикалық әдеп, балар ұжымын ұйымдастыра алу қабілеті- бұл, қазір атап жүргендей, интерактивті-коммуникативті қабілеттер. Ф.Н.Гоноболін бөлген қабілеттердің өте маңызды төртінші тобы – мұғалім тілінің мазмұндылығын, ашықтығын, бейнелілігін және сенімділігін сипаттайтын қабілеттерді қамтиды.

Неғұрлым жалпыланған түрде педагогикалық қабілеттерді В.А.Крутецкий көрсеткен, ол оларға сәйкес жалпы анықтамалар берген.

- Дидактикалық қабілеттер – шәкірттерге оқу материалын неғұрлым ұғынықты қылып беру қабілеті, оларға материалды немесе проблеманы айқын және түсінікті түрде келтіру, пәнге қызығушылық тудыру, шәкірттерде белсенді ойды өз бетінше қоздыру. Дидактикалық қабілеті бар мұғалім қажет жағдайда оқу материалын бейімдеп, қиынды жеңіл, күрделіні қарапайым, ұғынықсыз, түсініксізді – түсінікті қыла алады.

- Академиялық қабілеттер – ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер (математикаға, физикаға, биологияға, әдебиетке және т.б.) қабілетті мұғалім пәнді тек қана оқу курсының көлемінде ғана емес, елеулі терең және кең түрде біледі, ол үнемі өз ғылымында жаңалықтарды бақылап жүреді, материалды абсолютті еркін игереді, оған үлкен қызығушылық көрсетеді, кем дегенде қарапайым зерттеу жұмысын жүргізеді.

- Перцептивті қабілеттер – оқушының, тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне білу қабілеті, оқушы тұлғасын және оның уақытша психикалық күйлерін түсінумен байланысты психологиялық бақылампаздық. Қабілетті мұғалім, тәрбиеші елеусіз белгілер арқылы, болар-болмас сыртқы көрінулер бойынша оқушының ішкі дүниесінде болып жатқан өзгерістерді байқап қалады.

- Тілдік қабілеттер - өз ойлары мен, сезімдерін тілдің, мимика және пантомимика көмегімен айқын және нақты білдіре алу қабілеті. Қабілетті мұғалімнің тілі сабақ кезінде қашанда шәкірттерге бағытталған. Мұғалім жаңа материалды хабарласын, оқушы жұмысына түсініктеме берсін, мақұлдау немесе сөгіс айтсын, қашанда оның сөзі ішкі күшпен, сенімділікпен, өзі айтып тұрған нәрсеге қызығушылықпен ерекшеленеді. Ойын оқушылар үшін түсінікті, айқын, қарапайым түрде білдіру.

- Ұйымдастырушылық қабілеттер – бұл, біріншіден, оқушылар ұжымын ұйымдастыру қабілеті, оны жаңа міндеттерді орындауда топтастыру және дем беру, екіншіден өз жұмысын дұрыс ұйымдастыру қабілеті, өз жұмысын ұйымдастыру дұрыс жоспарлау және өзін бақылау іскерлігін ұйғарады. Тәжірибелі мұғалімдерде өзіндік бір уақытты сезіну қалыптасады – жұмысты уақытқа дұрыс бөлу, белгіленген мерзімде үлгеру ептілігі.

- Авторитарлық қабілет – шәкірттерге тікелей эмоционалды – еркін әсер ету қабілеті және осы негізде олардың алдында беделді бола білу қабілеті (бірақ, әрине,

беделдік тек осы негізде ғана жасалмайды, мысалыға, білімді өте тамаша білу, мұғалім сезімталдығы мен әдебінің негізінде т.б. ).

- Коммуникативтік қабілеттер – балалармен қарым-қатынас жасау қабілеті олармен қарым-қатынас жасауда дұрыс тәсіл таба алу, олармен, педагогикалық көзқарас тұрғысынан, орынды өзара әрекеттесуді орнату іскерлігі, педагогикалық әдептің болуы.

- Педагогикалық қиял (немесе болжам жасау қабілеттер) - өз әрекеттерінің салдарын алдын ала көруден, оқушыдан болашақта кім шығатынын елестете отырып, оның тұлғасын тәрбиелеуді жобалаудан, тәрбиеленушілердің қандай да бір сапаларының дамуын болжай алу іскерлігінен көрінетін арнайы қабілеттер .

Зейінді бір мезгілде іс-әрекеттерге тарату қабілеті мұғалім жұмысы үшін ерекше мәнге ие. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім материалды мазмұндаудың мазмұны мен формасын, өз ойының ( немесе оқушы ойының) өрісін мұқият бақылайды, сонымен бірге оқушылардың барлығын көз алдында ұстайды, шаршау, назар аудармау, түсінбеу белгілерін, тәртіп бұзуды байқап отырады және де өз мінез-құлқын қадағалап отырады (тұрысы, ым-ишарасы және пантомимикасы, жүрісі).

Олай болса, қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның толеранттылығын қалыптастыруға бағыттылығын – педагогтың оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Шығармашылық қызығушылық – креативті тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта оның кәсіби шыңдалуына, толерантты болуына, маман ретінде дамуына мүмкіндік алады.

Осы және басқа да қажеттіліктерден келіп педагогтардың кәсіби даярлығын, толеранттылығын қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында бірқатар ұсыныстар айқындалды:

- кәсіби іс-әрекет үрдісінде туындаған мәселелерді үйлесімді шеше білуге үйрету;
- қазіргі өмірдегі экономикалық, саяси, ұлтаралық және басқа өзекті мәселелерге; рухани құндылықтар әлемінде бағдарлана білуге үйрету;
- әлеуметтік белгілі бір рөлдерге (азамат, тұтынушы, ұйымдастырушы, отбасы мүшесі және т.т.) байланысты креативті болуға үйрету;
- креативті, тілтабысқыш қабілеттерін дамыту;
- заман талабына сай инновацияны, оқытудың жаңа технологиясын меңгергеруге қызығушылығын арттыру.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Назарбаев Н. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан. 4.12.2012 – Б. 7-8.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауы «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы. – А., 2008.

3 Қазақстан Республикасы «Білім мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан мұғалімі 2000 № 33 № 34.

4 Білім туралы Қазақстан Республикасының заңы // Егемен Қазақстан, 15 – маусым, 2007.

5 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - // Егемен Қазақстан, 14 – желтоқсан, 2010.

6 Вербицкий А.А., Платонова Т.А. Формирование познавательной и профессиональной мотивации. - М.: ИНФРА-М, 2006 г.

## СЕКЦИЯ 1

### ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

---

**ӘӨЖ 159.928**

#### **ПЕДАГОГТЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Алимбаева С.Қ. – ә.ғ.к, Асанқызы А.–магистрант  
ТарМПУ, Тараз қ.**

Егемен еліміздің еңсесі биік, керегесі кең, терезесі дамыған мемлекеттермен тең болуы халқының болашағы жан-жақты жаһанданған, бәсекеге қабілетті ұлағатты ұрпағының қолында. Халқымызды дүниежүзілік деңгейге көтере көрсететін сапалы білім нәрімен сусынданған саналы да дарынды, талантты да талапты ұрпақ болмақ. Ол үшін ірге тасымызды берік қалап ұрпағымыздың меңгерген білімінің сапасына мән бергеніміз жөн. Қазіргі таңда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасып келе жатқаны белгілі. Осындай өзгерістер бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінің алдына жаңа тұлғаны қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойды. Соның нәтижесінде өмірге деген көзқарасы қалыптасқан, қазіргі қоғамда өз бағытын бағдарлай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлға ретінде өз орнын айқын білетін тұлға даярлауымыз қажет.

Білім алушылардың ойлау қызметін дамыту, ой-пікірлерінің даралығы мен еркіндігін кеңейту, олардың өздігінен білім алуға, ізденуге деген ынтасын, талпынысын арттыру, меңгергенін өз тәжірибелерінде жаңаша жағдайларға байланысты қолданып, іске асыра білу, яғни, біліктіліктерін қалыптастыру мен дамыту маңызды мәселе болып табылады. Қоғамдағы орын алып жатқан өзгерістерге шығармашылық тұрғыдан қарай білетін, ұсынылған мәселені сапалы әрі тиімді шеше білетін тұлғаны талап етуі қоршаған қоғамның даму жылдамдығы мен тез өзгеріске бейім уақыт жағдайына адамдарды өмірге әзірлей білу қажеттілігін туындата бастайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеті - баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу, оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектісін байыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу, сонымен қатар, инклюзивті білім беру жүйесін дамыту - 2011-2020 жылдардағы ҚР Мемлекеттік білім беру бағдарламасының басым бағытының бірі [1].

Сондықтан, Қазіргі білім беру жағдайында педагогикалық саланың қызметі барысындағы компоненттің маңызды құрылымының бірі ретінде педагогтың коммуникативті құзіреттілігі даралана алға қойылды. Өйткені, педагогтың баламен, ата-анамен, басқа да қызмет алушылармен қарым- қатынасты тиімді орнатуы, педагогикалық түрлі міндеттерді жеңіл шешу тұрғысынан қарағанда бұл қарым- қатынастың тиімділігіне коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасу және даму деңгейіне тәуелденіп, бағытталадыны айқын. Педагогтың баламен қарым-қатынасы тек білім берумен ғана ұштасып шектелмейді, ол - эмоционалды тұрғыдан еліктіру арқылы ерекше қызығушылықты ояту мен өзара әрекеттесу сияқты т.б. қызметтерді де атқарады.

Қазіргі білім беру жағдайында педагогикалық мамандық қайта қалыпқа келтіруші әрі басқарушылық қызмет болып табылады. Сол себепті де ол, кез-келген білім алушы тұлғаның дамуын басқаруы үшін педагогтың өзі коммуникативті құзіретті болуы тиіс. Педагогтың коммуникативті құзіреттілігі оның педагогикалық іс-әрекетін жүзеге

асыра аларлықтай деңгейде меңгерген теориялық және практикалық даярлығының ерекшелігі ретінде айқындалып, оның жан-жақтылығын көрсетеді.

Осы күнгі басты мәселеге айналған педагогтардың коммуникативті құзыреттілігін тілге тиек етпестен бұрын, коммуникативтілік ұғымына тоқталсақ.

Коммуникация деп ортақ түсінушілікке жеткізетін екі жақтылық ақпараттармен алмасу болып табылады. «Коммуникация» терминін латын тілінен аудармалағанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» деген мағынаны білдіреді. Егер өзара түсінушілік болмайтын болса, коммуникация да болмайды. Коммуникацияның жетістігін нәтижесін анықтау үшін, кері байланыста да бола білу керек, яғни өзгелер сізді қалай түсінуде, қалай қабылдауда, тағы осы мағынадағы сияқты сұрақтарға жауаптар берілуі тиіс.

Коммуникативті құзыреттілік — адамдармен тиімді қатынасты орната білу және өзін-өзі ұстай алу ерекшелігі мен қабілеттілігі. Коммуникативті қабілеттілік адамның сүрген жасына, алған біліміне, сіңірген мәдениетіне, оның психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби дәрежедегі тәжірибесіне байланысты ерекшелінеді [2].

Жалпы алғанда құзыреттілік деп тұлғаның белгілі бір түйінді шешудегі өзара байланысты білімділік, біліктілік, дағдыларының жиынтығы болып табылса, ал коммуникативті құзыреттілік деп - адамдардың өзара іс-әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін көрсете білуін, кез-келген әр түрлі топтарда жұмыс істей алу дағдыларын, қоғамдағы көп қилы әлеуметтік рөлдерін орындаудағы және күнделікті өмірдегі нақты жағдайларға байланысты шешім қабылдай білу іскерлігінің болуын айтамыз. «Коммуникативті құзыреттілік» (латынның *competere* — «қол жеткізу», «сәйкес келу» деген сөзінен шыққан) - балалардың жалпықоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымды міндеттерді тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты жүзеге асыруда баланың тілдік және сөздік құралдарын дұрыс пайдалана алуы [3]. Егерде бала сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені болып саналады.

Ал педагогтың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру жолдарында «коммуникативті іс-әрекет» түсінігімен синоним деп қарастыратын «қарым-қатынас» ұғымына мән берген жөн. (М.И.Лисина, Т.И.Суркова, Д.А.Исмайылова, Ж.А.Әбішева және т.б.) ұстанымдарына сүйеніп, М.И.Лисинаның анықтамасын арқау ете аламыз.

Қарым-қатынас — екі (немесе одан да көп) адамның өзара қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған әрекеттесуі [3]. Яғни, бұл педагог пен білім алушылардың әрекеті барысындағы танымдық және эмоциялық тұрғыдан бағалаушы сипатты ақпаратпен алмасу болатын, өзара әрекет пен, өзара түсінікті, өзара әсерді қамтитын мақсатқа қарай бағытталған ақпараттық және энергетикалық процестердің өзгешеленген жүйесі.

Әрекеттерге байланысты қатынас түрлі аспектілермен: қызметтің өзіндік ерекше түрі болып, қызмет шарты болып, қызметтің бір бөлшегі ретінде, құралы ретінде, өзара әрекет ету ретінде, қарым-қатынастың түрі ретінде, белсенділіктің дербес дара түрі ретінде, зияткерліктің сонымен қатар адамгершіліктің дамуының негізі ретінде алға қарай шығуы мүмкін.

Сонымен қатар, педагогтың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру жолдары арқылы қарым-қатынаста адамдар арасында әлеуметтік қатынас іске асады. Осылайша, коммуникативті қарым-қатынастың бір-бірімен толықтай байланысы бар үш қырын ашып көрсеті өтсек: біріншіден ол, коммуникативті қыры, мұндағы қарым-қатынастар адамдар арасындағы ақпаратты алудан тұратын болса, екіншіден, интерактивті қыры — ол адамдар арасындағы өзара әсер ету арқылы әрекеттерді ұйымдастыру, ал үшіншіден, перспективті қырының болуы яғни, қарым-қатынас жасаған адамдардың бірін-бірі қабылдауының негізінде олардағы өзара түсінушіліктің пайда болуының ерекшелігі.



Педагогтың коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру жолдары — бұл қарым-қатынастың ерекшелігі жүзінде бір адамнан екіншісіне ұсынылып, берілетін ақпаратты көшірмелеу, ойды тиімді жеткізу, қайтадан өңдеудің және түсіндірудің дара тәсілі деуге болады. Адамдардың арасындағы ақпарат алмасу сезім, сөйлеу мүшелерімен және де басқа белгілік жүйелермен, жазбаша әрі техникалық құралдарға жазып алу және оны сақтаудың нәтижесінде беріле алады.

Педагогтың коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру жолдарының компетенттілігін мынадай кезеңдегі үлгіде көрсетуге болады:

- Педагогтың коммуникативті қызметтің жағдайына байланысты әлеуметтік және психологиялық жағдайды қарастыруы;

- Педагогтың әлеуметтік мүмкіндіктердің түрін анықтау арқылы әлеуметтік-психологиялық және дара бір тұлғаның қарым-қатынасының басқаша да қарама-қайшылықтар мен келеңсіздіктерге тап болуы мүмкіндігін қадағалауы;

- Педагог қарым-қатынастың ерекше бағдарламасын даярлайды, қарым-қатынасқа қажетті мәтін жасайды, қарым-қатынастың өзіндік қашықтығының және ұстанымының, түрін таңдайды;

- Педагог қарым-қатынастың барысында серіктесінің назарын аударуын ұйымдастыруы арқылы оның коммуникативті белсенділігін ынталандыруы;

- Педагогтың коммуникативті жағдайды анықтауы, яғни жеке тұлғаның таңқалысын, сол жағдайдағы болжамдарын дамыту арқылы маңызы бар жеке бағдарламадағы қарым-қатынасты ертерек жүзеге асыруы.

Д.Хаймз «коммуникативті құзыреттілік» ұғымын былайша тұжырымдалған құзыреттеліктермен біріктіреді:

- лингвистикалық, бұл дұрыс тілдік қатынас;
- әлеуметтік-лингвистикалық, бұл диалектикалық сөздер;
- деструктивті, бұл айтылатын ойды дұрыс құра білу;
- стратегиялық - серіктесімен қарым-қатынасты сақтау.

Педагогтың коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру жолдары — бұл адамның басқалармен дұрыс қарым-қатынас орнату мүмкіншілігін ұйымдастыру. Ол көптеген педагогтар мен психологтардың пікірлері бойынша, тұлғаның коммуникативті мәдениеті жайында айтуды оның сапалы да, тиімді жүйесі. Ол:

- дараланған шығармашылық ой;
- сөздік қоры мол іс-әрекет мәдениеті;
- кез-келген қарым-қатынаста өзін бейімдеудің мәдениеті және өзінің жағдайын психоэмиционалды реттей алуы;
- вербалды емес қарым-қатынас мәдениеті;
- қарым-қатынас мәдениетін ұштастыра біріктіреді.

Қорыта келгенде, педагогтың коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру — заманымызға сай білімімен қаруланған педагогты даярлау болып табылады. Бүгінгі білім беру жағдайында тұлғаның коммуникативті іс-әрекет қабілеттерін, әлеуметтік және кәсіптік бағытындағы рөлдерін құзыреттілікпен және аса зор талпынысты жауапкершілікпен орындаудың мүмкіндіктерін ашу және дамыту процесі болып қарастырылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. / Егемен Қазақстан. 17.12.2010/.
2. Ахтаева Н.С., Әбдіғапарова А.І. Басқару психологиясы. А., – 2009.
3. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. А.: 2005.
4. Мирза Н.В. Профессиональная компетентность педагога. М.: Парнас, 2008.

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК  
ПЕДАГОГТЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

**Аблаева Б.А.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебінің (РО) әлеуметтік педагогі**

Қазіргі қалыптасқан білім беру жүйесі барлық күш-жігерді тәрбиеленуші өмірдің жағдайына бейімделуіне бағыттады. Адам – қоғамның ең жоғары құндылығы және қоғамдық дамудың өз мақсаты ретінде қарастырылады. Өмірдің әлеуметтік жағдайының өзгеруімен, қоғамның және жеке тұлғаның қажеттіліктерінің дамуымен әлеуметтік факторлар қалыптасады. Тәрбие процесінің негізінде тұлғаның табиғатын, әлеуметтік мәнін, қоғамдық өмірдің объективтік қажеттілігін білдіретін заңдылықтары қарастырылады. Ол баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы, өзінің түрлі әрекетінсіз және оның сыртқы орта мен табиғи қарым-қатынасынан тыс тәрбиенің болмауы жағдайы, тәрбие мен дамудың бірлігі және өзара байланыстылығы болып табылады. Қоғамның үнемі өркендеп дамуы, онда өмір сүріп отырған әрбір жеке адамның күш-қуатымен өмірлік ұстанымына тәуелділігі, тұлға тәрбиесі мен дамуы әлеуметтік тұрғыда қолдау мен сүйемелдеуді қажет етеді.

Әлеуметтік педагог- тәрбие үдерісінде оның мазмұнын, ұйымдастыру тәсілдері мен формаларын жүзеге асыруда тәрбиешілер мен қамқоршылардың қолданатын басты тәрбие идеяларының жиынтығы, әлеуметтік жағдайының толық қамтамасыз болуын реттейтін маман. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге ерте кезден араластыру - өз еліне, туған өлкесіне деген сүйіспеншілікке баулу, ел азаматтарына, еңбек ардагерлеріне деген құрметтеушілік, ізгілік ниеттерінің орнығуына, қысқасы, «өмір мектебінің» баспалдағынан біртіндеп қуат алып, оның қыр- сырымен танысуға мүмкіндік туғызады.

Оқу мен тәрбие үдерісінде мектеп пен қоғам әрекетінің бірлігін қамтамасыз ету, олардың жасөспірімдерге тәрбиелік ықпалын үйлестіру қажеттілігінен туындайды. Балаға деген қоғамның талаптарын жүзеге асыруда олардың әрекетінде ауызбіршілік, жүйелілік болмаған жағдайда тәрбиелі шаралардың нәтижесі төмендейді. Баланың дүниетанымы отбасынан бастау алып, мектеп және ұстаздар тәрбиесімен жалғасып отырады. Сондықтан да балаға талап қойғанда бірліктің болмауы, тәрбиелік ықпалдың тұрақсыздығын туғызып, баланың мінез - құлқы мен адамгершілік бейнесіне жағымсыз көлеңке түсіреді.

Әлеуметтік тәрбие – бұл адам қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар және осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер (қайырымдылық қорлары, ұйымдар, бірлестіктер т. б) тарапынан болатын істер. Қоғамдық тәрбие проблемаларын арнайы педагогика саласы зерттейді. Оның пәні- тұлғаның әлеуметтік даму ерекшеліктері, қалыптастырушы ықпал жасайтын қоршаған орта заңдылықтары. Дәлірек айтқанда, отбасы, ресми ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары. Әлеуметтік жұмыстар – адам мен адамның инабаттылық қатынастары қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс-әрекет құбылысы. Қазіргі күнде әлеуметтік тәжірибе жұмыстары жасөспірімнің ортасы, балаларға жәрдем, денсаулық және салауатты өмір салты, білім көтеру, тәрбие түзету және т.б. мәселелерін қарастырады. Әлеуметтік жұмыстың мамандық ретінде қалыптасуы және негізгі міндеті – бала мен жасөспірімдерге құзырлы көмек көрсету, әлеуметтік мәдени ортаны ізгілендіру, тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына ықпал ету болып табылады.

КСРО халыққа Білім беру жөніндегі Мемлекеттік комитеті 1991 жылы 20 мамырда «Әлеуметтік педагог» мамандығын даярлау туралы шешім қабылдаған. Соның ішінде білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагог қызметінің алатын орны ерекше белгіленді. Әлеуметтік педагог - ол тәлімгер немесе тәрбиеші, сынып жетекшісі

немесе пән мұғалімі емес, ол белгілі бір нормаға бекітілген қызметті үйлестіруші маман.

Әлеуметтік педагогтың негізгі қызметі – тұлғаны өмірге, қоғамға бейімдеу, әлеуметтендіру. Ал мектептегі әлеуметтік педагог қызметінің басты мақсаты – оқушының әлеуметтенуіне ықпал жасап, оның жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру және мектепте білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтік қорғау болып табылады. Әлеуметтік педагогтардың негізгі жұмыс объектісі әлеуметтік тұрғыда қолдауды қажет ететін балалар мен жасөспірімдер. Ол - түрлі әлеуметтік-мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын, тұлғаның жеке даралығын ескере отырып, оны қоршаған ортадағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейтін, тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез-құлқындағы ауытқушылықтарын, конфликтілі жағдайларды анықтайтын және дер кезінде қолдау мен көмек көрсете алатын маман.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру жағдайында тәрбие беру мен оқытудың бірлігі және өзара байланыстылығы әлеуметтік тұрғыда қолдау мен сүйемелдеуді қажет етеді. Ол үшін білім беру салаларында көмекті қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, кәмілетке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру, ерекше назардағы оқушылармен жұмыс, сынып жетекшілері, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетімен т.б. өзара қарым-қатынасты үйлестіру сияқты бағыттардағы жұмыстарды ұйымдастыратын арнайы штаттық кестеге сай әлеуметтік педагог маманы қызмет атқарады. Ол:

- біріншіден, оқушыларға жергілікті білім беру мекемелерінде білім беру, тәрбиелеу, дамыту, әлеуметтік қорғау, көмек көрсету іс-шараларын жүзеге асырады.

- екіншіден, оқушылар тұлғасының әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін, өмір жағдайларын, микроортасын зерттеп, отбасылық әлеуметтік жағдайын анықтайды.

- үшіншіден, әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасынан шыққан, мүмкіндігі шектеулі, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтап, әлеуметтік- патронаждық көмек көрсетеді.

- төртіншіден, оқушылардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау жұмыстарын іске асырады, жеке басының әлеуметтік проблемаларын шешу жолдарын қарастырады, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, формаларын, әдістерін айқындайды.

- бесіншіден, әлеуметтік ортада оқушылар тұлғасының денсаулығы мен өмірін қорғауға, адамгершілік, өнегелілік ахуалды орнатуға мүмкіндік туғызады.

- алтыншыдан, әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасынан шыққан, мүмкіндігі шектеулі, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, девиантты мінез құлықты балаларға әлеуметтік- патронаждық көмек көрсету кезеңінде мұғалімдер, ата-аналар, әлеуметтік қызмет мамандары, отбасы және жастар ұйымдары өкілдері арасында қарым-қатынас құрады.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагог қызметі барасында тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасы мен қамқор болатын адамдардың, тәрбиеленетін ортасының басшылары арасында делдал, оқушылардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына ыңғайлы және қауіпсіз жағдай құратын, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, жалпыға бірдей білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектесетін, балалардың қабілеті мен дарындылығын дамыту үшін оларға жағдай жасауды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді ұйымдастырады.

Осы мәселе туралы арнайы әлеуметтік педагогика ғылымы айналысады және көптеген педагогтардың еңбектерінен көруге болады. Әлеуметтік педагог қызметіне қойылатын талаптары туралы белгілі педагог В.А.Сластенин келесі сипаттамаларды ерекшелеп көрсетті. Олар: өзінің жұмыс нысаны болып табылатын тұлғаның жеке құндылығын, оның қайталанбас ерекшелігі мен шығармашылық мыңыздылығын

түсіну; тандалған мамандықты саналы түрде сезініп қабылдау; көптеген жүйкелік және психикалық ауытқулардың болуын ескерту; өзімен тұрақты жұмыс істеуді талап ететін кәсіби қызметінің шығармашылық табиғатын ұғыну.

Жалпы мектептің әлеуметтік педагог өз қызметін үш бағытта жүргізеді:

- Балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп сараптайды және өңдейді.

- Қоғамдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады.

- Баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылу себептерін анықтап, алдын-ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуымен анықталады.

Бүгінгі мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтардың алдында үлкен де, күрделі міндеттер тұр. Әлеуметтік педагог мектепте оқушыға диагностикалық қызмет, өз қызметі шеңберінде көмекті қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, кәмелетке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру, ерекше назардағы оқушылармен жұмыс, сынып жетекшілері, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетімен т.б. өзара қарым-қатынасты үйлестіру сияқты бағыттардағы жұмыстарды ұйымдастырады.

Оқу мен тәрбие үдерісінде мектеп пен жұртшылық әрекетінің бірлігін қамтамасыз ету, олардың жасөспірімдерге тәрбиелік ықпалын үйлестіру білім беру саласы қызметкерлерінің басты мәселесі. Әсіресе әлеуметтік тұрғыда қолдау мен көмекті қажет ететін жасөспірімдердің мәселесіне қоғамның ерекше назарында.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. Журнал №4-18, 2011.

4. Иванова С.В. Социально-педагогическая работа школы. - Москва, 2006.

2. Түрікпен-ұлы Ж., Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы. – Алматы: Зият- Пресс, 2008. -144 б.

3. Бикенов К.Ү., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы.- Алматы.- 2003.

4. Қаплиева А.Қ. Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогика.- Ақтөбе 2010.

5. Тұрдалиева Ш.Т., Тайлюбекова Г.Т., Джумаханова А.Т. Мектептегі әлеуметтік педагог қызметі. Оқу-әдістемелік нұсқау. – Тараз. 2013. – 80 б.

### **ӘӨЖ 159.9**

#### **ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСТАР МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ**

**Абумаликова Г.К.**

**Шайқорық орта мектебі, Тараз қ.**

Жеке тұлғаның кәсіби дамуы бірнеше кезеңдерден өтеді: параметрді, кәсіптік білім беру және оқыту, кәсіби бейімдеу, баспатқы және кейінгі кәсіби біліктілігін көтеруге шеберлігі. Бір кезеңнен екінші кезеңге көшу реттеуші дағдарыстармен жүреді, жиі дағдарыстарға ұшырауы мүмкін.

Білім беру және кәсіптік бағдар дағдарысында жеке тұлғаның кәсіби дамуының сатысы опциясы басталады – кәсіби ниеттер қалыптастыру. Жасөспірімдік кезеңге бет алған 14-16 жастағы тұлға кәсіп әлемнің, жас ерлер мен әйелдер қазірдің өзінде хабардар және оның болашақ жолын анықтау керек, орта мектепте оқуын жалғастыруға немесе бастапқы немесе қайталама мекемелерінде оқитынын шешуі керек [1].

Мектепте қалған оқушылар (колледжге бармай) ол шешімін 2 жылға шегереді осы себепті 16–17 жас дағдарысты бастарынан өткереді. Олардың соңғы(мектептегі) 2 жылы керекті пәндерін тереңдетіп оқуға яғни ақпараттық оқу кәсіби оқуға айналады. Дағдарысты өткеру, кәсіби ниеттер түзету, тудыруы олардың мүмкіндігін бағалау, толықтырулар, сондай-ақ «мен-тұжырымдамасы» енгізіледі. Дағдарысқа деструктивті шешім оқыту немесе мамандық немесе кәсіби мамандықты ситуациялық таңдау, қалыпты әлеуметтік салаға әкеледі. Қыздармен ұлдар девиантты мінезді қауымдастыққа тап болуы мүмкін. Қоғамға жат мінез-құлық көбінесе өтемақы ішкі жан дүниесінде қақтығыстың нысаны болып табылады: өзінің толық қалыптаспағандығы, қажетсіз сезіну, өзін қабылдамау.

Кәсіп таңдау дағдарысы жасөспірімдік кезеңнен белең алады. Ол сыртқы ортаның ықпалы мен сол кезеңдегі жарнамасы жоғары мамандыққа бағытталады. Оқыту кезеңінде, көптеген оқушылар мен студенттер нәтижесінде өзі оқып жүрген мамандыққа көңілі толмайды. Кейбір сабақтарға көңілі толмай, таңдаған мамандығында күмәндар пайда болады, сабаққа деген қызығушылық бәсеңдейді. Кәсіпті таңдау дағдарысы пайда болады. Әдетте, ол анық кәсіптік білімнің бірінші және соңғы жылдарында көрінеді. Көп жағдайларда дағдарыс жай өтпелі болып табылады және әлеуметтік және кәсіби мотивацияның оқытуды өзгертуін ескеру [2].

Кәсіпке байланысты үміттің дағдарысы. Кәсіби даярлау қадамнан аяқталғаннан кейін кәсіби бейімдеу жүреді. Жас мамандар өзіндерін жұмыспен қамтый бастайды. Кәсіби даму жағдайы түбегейлі өзгереді: әр-түрлі, ойлы жұмыстастар, өндірістік қарым-қатынастардың әр түрлі иерархиялық жүйесі, жаңа әлеуметтік және кәсіби құндылықтар, түрлі әлеуметтік рөлі мен, әрине, басым қызметінің түбегейлі жаңа түрі: түбегейлі даму кәсіби жағдайды өзгерту.

Жұмыстың бірінші аптасы және алғашқы айы бірқатар жұмысқа үйренуге үлкен қиындықтар кездеседі. Кәсіби оқу мен кәсіби іс-шаралардың сәйкессіздігі кәсіби іс-әрекет дағдарысын туғызады. Дағдарыс өткеру еңбек ұйымының, оның мазмұны, лауазымдық міндеттері, еңбек қатынастары, еңбек жағдайлары және жалақыға қанағаттанбаудың көрінісін табады. Дағдарысты шешудің бір бөліктері жолы кәсіби мүмкіндігінше тезірек бейімделу үшін күш, және тәжірибе дамыту, жандандыру жүреді.

Кәсіби өсу дағдарысы. Кәсіби өсу мынадай нормативтік дағдарыс жұмыс 3-5 жылдан кейін, бастапқы кәсібилендіру қорытынды кезеңінде жүреді. Осы уақытта, сарапшы меңгерген және тиімді олардың кәсіби міндеттерін, өндірістік қатынастардың иерархиясында оның әлеуметтік және кәсіби мәртебесін анықтады. Тұлға одан әрі мансап бойынша дамымау болса ыңғайсыздық, психикалық стресс, басқа мансапқа ауысу, кәсіп орнын босату, өзгеруі туралы ойлары туады кәсіби өмірін Тұрақтандыру тұлғаның кәсіби тоқырауна барлық біліктілігін зейнеткерлікке шыққанға дейін ұмытуы мүмкін.

Кәсіби мансап дағдарысы. Одан әрі кәсіби даму маманды екінші кәсібилендіруге әкеледі. Бұл кезеңде ерекшелігі жоғары сапалы және кәсіби қызмет өнімділігінің жоғары болуы. Оны іске асыру әдістері анық жеке сипатта білдірді. Маман кәсіби маманға айналады. Оған әлеуметтік және кәсіби жағдайын, реттеу орынды.Түбегейлі әлеуметтік және кәсіби құндылықтарды және қарым-қатынастар орнығады, жұмыс жасау әдістері өзгереді, бұл өзгерістер маман кәсіби дамығанын көрсетеді, өйткені бұл өзгерістер әлеуметтік ортаның жандануына, маманның жеке стильіне және шығармашылығында сипатталады. Көптеген жағдайларда, жоғары сапалы және жоғары орындаушылық белсенділігі адам өз кәсібінде жоғарғы көрсеткішке жеткенін білдіреді.

Өзімен және атқарған қызметіне қанағаттанбаушылық сезімі пайда болады. Кәсіби сана болашақ мансапқа балама сценарийлерін ұсынады және осы мамандық бойынша көтерілу міндетті емес. Тұлға өзін-өзі анықтау және өзін-өзі ұйымдастыру қажеттігін сезінеді. Қалаған мансап және оның нақты перспективалары арасындағы

қайшылықтар кәсіби мансап дағдарыс дамуына әкеледі. «мен тұжырымдамасы» үлкен тексеріске ұшырауды, бұл жағдайда, түзетулер өндіріс қолданыстағы қарым-қатынастар қайта қарастырылады [3].

Жағдайдың кәсіби дамуының қайта құрылымдау басталады деп айтуға болады. Дағдарыстың ықтимал шығу сценарийлері: жұмыстан шығу, сол мамандық аясында жаңа мамандық игеру, жоғары лауазымға көшу. Шеберлік кезеңінде өнімді, дағдарыс жою үшін нұсқалардың бірі кәсіби дамудың келесі кезеңіне көшу болып табылады яғни өз ісінің маманы болу.

Әлеуметтік-кәсіби өзін-өзі дамыту дағдарысы педагогтың қызмет іс-әрекетіне араласқан кезеңнің 3-5 айларында көрініс береді. Кезең кәсіби қызметінің шығармашылық және инновациялық деңгейін шеберлігімен сипатталады. Жеке тұлғаның әрі қарай кәсіби дамуына қозғаушы факторы кәсіби даму мен өзін-өзі дамыту болмаса тұлға өзгені өзектендіру өзіне ұанағаттанбауға әкеліп соғады. Жоғалған мүмкіндіктер дағдарысы, әлеуметтік-кәсіби өзі ойынан шықпағандығы үшін дағдарыс, бұл жан қиналуы, өзіне қарсы бүлік.

Одан өнімді жолы-артық қызмет үшін инновациялық, өнертабыс, қарқынды мансабы, әлеуметтік және кәсіби. Дағдарысты шешу үшін деструктивті нұсқалары; жұмыстан шығу, қақтығыстар, кәсіби цинизм, және жеке салада (депрессия, маскүнемдік, ажырасу) кіреді.

Қызметін жоғалту дағдарысы педагогтың кәсіби өмірінен зейнеткерлікке шығу кезеңі. Адам өз жасына жеткеннен кейін белгілі бір жасқа толғанға соң көптеген қызметкерлері үшін зейнеталды кезеңдегі дағдарыс сипатқа ие, бұл жаңа әлеуметтік рөлдер мен мінез-құлқын қабылдау қажеттігіне байланысты. Зейнетке шығу белгілі кәсіби қарым-қатынастар таныстармен байланыстың азайуын білдіреді, ақша жағынан қысылу, дағдарыстың қыйың кезеңі кәсіби біліктілігін жоғатуға келеді. Кәсіби дағдарыс зейнеткерлікке шығу, оқыту және әлеуметтік және экономикалық өзара көмек жөніндегі оқу курстарға, уақытын тиімді өткізу үшін, клубтар үлкендерге ұйымдастырады.

Әлеуметтік және психологиялық жеткіліктілігінің дағдарыс. Зейнетке шыққаннан кейін әлеуметтік-психологиялық қартаю басталады. Ол зияткерлік процестерді әлсіреуіне көрінеді, эмоционалдық стресс арттыру немесе азайту әсерінің өзгерісінен. Психикалық қызметінің жылдамдығының азайтылуы, инновациялар үшін жаңа нәрселер барлығына күдік, оларға тұрақты тиелген өткен тәжірибеммен салыстыру жүреді. Онда сондай -ақ, әдеп үйретуге тәуелді болып табылады және жастардың мінез-сәтпау, жастармен өз замандастарын байқалады.

Қанағатсыз өмір сүрген адам өлімнен қорқып уақыт өткізеді, тұрақты денсаулық шағымдар, туыстары шағым, жоғалған мүмкіндіктеріне қорқынышпен аяқталады [4]. Нормативті дағдарыстан бөлек өмір жағдайларында өзгерістер енгізіліп жатады. Мұндай мәжбүрлі жұмыстан босату сияқты іс-шаралар, қайта даярлау, тұрғылықты өзгерту, жұмыстан шығуға байланысты жұмыс ереуіл, мүгедектік ауыр эмоциялық қыспақтар дағдарыстың анық белгіленген сипатын алады.

Кәсіби шеберліктің болмауы ұлтаралық қатынастағы қиындықтарды, тұлғааралық шиеленістерді, психологиялық, көңіл – күйдің нашарлауына алып келеді, акмеологияның келесі мәселелер шеңберін айқындауы көкейкесті болып табылады:

- кәсіби шеберлік және оның сипаттамалары;
- кәсіби шеберлік және адам толығы;
- кәсіби ауытқуды болдырмау жолдары;
- кәсіби шеберлікке жету жолдары т.б. [5].

Кәсіби шеберлілік шыңына жету үшін қабілеттің айқын дамуы, осы іс - әрекет шеңберінде білімінің терең, кең дәрежеде болуы, қалыптан тыс іскерліктерді меңгеруі арқылы іс - әрекетті сәтті орындауы қажет.

Жоғары кәсіпкерліктің көрінуін бақылау өсудің тежелу кезеңінде тірелді, ал кейде оның жойылуын мен маман тұлғасының өзгеріске ұшырауында нақтыланды. Осы жағдайлардың феноменологиясын, топталуын, себептерін айқындау да акмеология міндеттер қатарына жатады. Жалпы жекеде және жеке арқылы әрекет етеді кәсіби шеберліктің жалпы сипаттарымен бірге әр жағдайда төменгі сипаттарда кәрініс табады. Олар: «адам – тірі табиғат», «адам – қоғам», «адам – техника», «адам – адам», «адам – нарық», «адам – белгі жүйесі», «адам - өнер образы» [3].

Осы іс-әрекет түрлеріндегі міндеттердің, қолданысқа ие болатын «технологиялардың» ұқсамайтындығы барлығы кәсіби шеберліктің мазмұны мен формасының ерекшелігін айқындайды, өмірде кейбір әрекет түрлері бірнеше саламен байланыста болып келеді, әр салада қызмет түрлерін лайық емес адамдарды да айқындап береді, әр жағдайда кәсіби шебер маман қатарына ену үшін адам өз қабілеттерін ерекшелеп дамытуы қажет, білім, дағды, іскерліктерді қорын жинақтауы және қажетіне сай шығармашылықпен қолдана білуі қажет, яғни акмеология зерттейтін көпәспектін мәселе де осыдан туындайды.

Кәсіби шеберлікке жету жолы ұзақ және қиын. Кез келген шебер өзінің басты іс - әрекетінде қайталанбас тұлға.

Осы кешенді мәселелерді шешу үшін төмендегі зерттеулерді бірлікте ұстау қажет.

- нақты - әлеуметтанушылық
- нақты – экономикалық
- жас ерекшелік психологиялық
- әлеуметтік – психологиялық
- еңбек психологиясы [20].

Кәсіби шеберлік деңгейіне сай жеке еңбек саласындағы адам ғана емес, шешетін міндеттеріне сай біріккен қауымдастықтар да бағалануы қажет. Ең түбегейлі міндет – жеке адам мен адамдар қауымдастығының кәсіби шеберлік деңгейлі айқындаудың әдіснамалық құралдарын жасау.

Әрбір маман иесі өз мамандығына сәйкес шығармашылық жолдарда өзін-өзі анықтаудан кәсіби әрекет негіздерін меңгеріп, кәсіби шеберліктің баспалдақтарымен өту арқылы кәсіби шығармашылықты жетілдірудің шыңына көтеріледі. Бұл ретте адам шығармашылығының даму заңдылықтарын зерттейтін жаңа интерактивті-кешенді ғылым акмеологияның орны ерекше.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Фонарев А.Р. Формы становления личности в процессе ее профессионализации. //Вопросы психологии. - 1997. - №2.С-12.
- 2 Каганов А.Б.Рождение специалиста: профессиональное становление студента.-Мн.:Белорус.университета,1983.-111с.
- 3 Қалымбетова Э. К. Кәсіпке бейімделу мен мәнді-құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері. – Б. 144-149.
- 4 Намазбаева Ж. Санғылбаев О. Психологиялық сөздік. А.2005 ж.
- 5 Ахтаева Н.С., Әбдіғапбарова А.І., Бекбаева З.Н. Әлеуметтік психология: Оқу құралы. - А.: Қазақ университеті, 2007. – 243 б.

### **ӘӨЖ 378.147**

#### **КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК – ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖЕМІСТІ ІС-ӘРЕКЕТІ**

**Абильдаева Г.Ж.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебі (РО)**

Қоғамдық еңбек пен өндіріс орындарында қызметкерлермен тіл табысып, олардың күнделікті мұқтаждықтары мен талап-тілектеріне жете мән беріп, оларға жете назар аударып отыру кәсіби іс-әрекеттегі үйлесімді қарым-қатынас пен еңбек өнімділігінің

артуына ықпал етеді. Елбасының Қазақстан халқына арнаған жолдауында айтылғандай: «Ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік ұмтылыстағы негізгі ерекше күш – адамдар, олардың ерік-жігері, табандылығы, білімі». Адамдардың қоғамдық жұмыс түрлерінде еңбек өнімділігін арттыруы, олардың шығарған өнімдеріне саналы түрде жауапкершілікпен қарауы, ең алдымен, сол ұжымда қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық ахуал орнатуға тәуелді болып отырғандығы мәлім.

Кез келген еңбек ұжымындағы адамдардың өнімді еңбегі мен қоғамдық санасын көтеру біріншіден, сол ұжымдағы адамдардың өзара қатынасына басшылық ететін жетекші мамандардың іскерлігі мен әрбір адамның жан дүниесінің сырына бойлай қарап, оларға қамқорлық жасауларына тәуелді. Екіншіден, іскер адамдардың әлеуметтік белсенділігі мен қоғамдық санасын өрістету үшін әрбір жұмысшы мен техниктің, ұжым жетекшісі мен олардың мүшелерінің арасындағы жағымды қарым-қатынас орнатып, олармен жоспарланған істерді жүзеге асыру үшін әрбір адамның даралық мінез-құлқын да жете білуді талап етеді.

Бүгінгі кез келген басшы бұйрық, жарлықтан гөрі қарамағындағылармен жемісті ынтымақтастық қарым-қатынасқа көшуі тиіс. Мұның өзі басқару стилін өзгерте отырып, жаңа басқару мәдениетін қалыптастыру деген сөз. Мысалы, мектеп басшысы, біріншіден өз көзқарастарын өзгертіп, мұғалім мен оқушыға ықпал етудің бұйрықтық-әкімшілік түрінен бас тартып, оларға жалпы мектеп қызметінің бір мүшесі тұрғысынан қарауы қажет. Дегенмен біздің қоғамымызда психологиялық білімдермен қамтамасыз ету жақтары жеткіліксіз. Сондықтан адамдар арасындағы түсіністік те сол халде. Ал ұжым арасында өзара түсіністік болмаған жерде, ол тіпті мектепті немесе басқа еңбек ұжымын болсын басқару қиын. Мектептегі адам факторы мектеп басшылары мен мұғалімдердің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін қамтиды. Олар: адамдардың қызығу-қалаулары, ұмтылуы, бір-бірінен күтетін мінез-құлық сапалары мен қабілеттері, жинақталған білім, іскерлік дағдылары мен әдебиеттері.

Қоғамдағы өзгерістер, адамның әлеуметтік-психологиялық білімдері оқыту мен тәрбие үрдісіне қажетті өзгерістер енгізіп қана қоймайды, сонымен қатар ертеңгі күннің өзекті мәселелерін көруге мүмкіндік береді. Қазіргі қызметкер, маман, педагог, мектеп басшысы өзінің ұжымындағы немесе сыныптағы жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас қай бағытта қалай жүзеге асатындығын, әрбір жеке адамның өзіне деген, қоршаған адамдарға деген, еңбекке, қоғамға деген көзқарастарының дамуын бақылап, талдай білуі тиіс. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жж. білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «Білім беруді түбегейлі жаңарту» қажеттілігіне басымдық берілген [2].

Басқару әрекетінің негізгі мәселелерін зерттеу осы ғасырдың XX жылдарынан бастап қолға алына бастады. Қазіргі кезде бұл мәселені іздестіруде көптеген психологиялық зерттеу нәтижелері айтарлықтай табысқа жетіп отырғаны айқын. Сөйтіп психологиялық зерттеу нәтижелері жеке адамдар мен шағын топтар, басқару ісіндегі жетекші қызметкерлер мен жұмысшылар, техникалық-инженерлік қызметкерлер арасында үйлесімді қатынас орнатып, қолайлы ахуал жасалғандырын дәйектей түседі.

Кәсіби шеберліктің шыңына жетудегі маңызды факторлар: нышан, дарындылық, қабілет, талант, отбасылық тәрбиенің алғышарттары, бастауыш, орта, жоғарғы кластарды тәрбиелеу мен дамыту (кәсіби шеберліктің негізін қалыптастырудың бастауға дейінгі кезеңі) кәсіби білім беру орнындағы тәрбие білім беру, оқыту (кәсіби шеберліктің бастау алды кезеңі). Сонымен, акмеология адамның шығармашылық ғұмырына, кәсіптілік шыңға жетуіне ықпал ететін факторлар мен заңдылықтарды зерттейді. Онда адамның кемелденуі, өздігінен білім алу, өзін-өзі түзету, өзін-өзі басқару құралдары арқылы өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілігі қарыстырылады.

Адамдардың қоғамдық жұмыс түрлерінде еңбек өнімділігін арттыруы, олардың шығарған өнімдеріне саналы түрде жауапкершілікпен қарауы, ең алдымен, сол ұжымда қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық ахуал орнатуға тәуелді болып отырғандығы



мәлім. Еңбек ұжымындағы адамдардың өнімді еңбегі мен қоғамдық санасын көтеру тек сол ұжымдағы адамдардың өзара қатынасына басшылық ететін жетекші кадрлардың іскерлігі мен әрбір адамның жан дүниесінің сырына бойлай қарап, оларға қамқорлық жасауларына тәуелді. Екіншіден, іскер адамдардың әлеуметтік белсенділігі мен қоғамдық санасын өрістету үшін әрбір жұмысшы мен техниктің, ұжым жетекшісі мен олардың мүшелерінің арасындағы жағымды қарым-қатынас орнатып, олармен жоспарланған істерді жүзеге асыру үшін әрбір адамның даралық мінез-құлқын да жете білуді талап етеді.

Әрбір маман иесі өз мамандығына сәйкес шығармашылық жолдарда өзін-өзі анықтаудан кәсіби әрекет негіздерін меңгеріп, кәсіби шеберліктің баспалдақтарымен өту арқылы кәсіби шығармашылықты жетілдірудің шыңына көтеріледі. Бұл ретте адам шығармашылығының даму заңдылықтарын зерттейтін жаңа интерактивті-кешенді ғылым акмеологияның орны ерекше. Елбасының алға қойған мақсатын жалғастырушы келер ұрпақ екені мәлім.

Басқару тиімділігі басшының кімді және қалай басқаруымен анықталады. Басқару туралы ғылымның даму үдерісі басқару теориясының дамуын тежейтін ішкі қарама-қайшылықтармен бірге жүреді. Бұл дамуға ықпал ететін факторлар өндірістің қарқынды дамуы, оны жетілдіру мен қарқынды жүргізу жолдарын табысты ұлғайту негізі ретінде іздестірумен байланысты болады.

Іскерлік қарым-қатынас мәдениетінің бір бөлігі ұнамды бейне – имидж жасау. Онсыз қоғамға беделге ие болу мүмкін емес. Іскер адам үшін кәсіптік имидж жасау мақсат емес, бірақ оны игеру адамның жеке басының және кәсіптік мінездемесінің маңызды бөлігін құрайды. Имидж адамның сырт бейнесін ғана емес оның ішкі әлемінен де олардың психологиялық типінен де хабар береді.

Қазіргі таңда білім беру саласында кәсіби шеберлікті жетілдірудің акмеологиялық негіздері ол педагог мамандардың шығармашылық қабілетін, әлеуеті мен кәсіби құзырлығын арттыруға қолдау көрсету.

Ал, заман талабына сай педагог кім? Ол зиялы, рухани бай, жаңашыл, еркін, белсенді, бәсекеге қабілетті, құзыретті тұлға. Оның сыртқы келбеті ұқыптылық пен жарасымдылықпен сипатталады, педагогикалық әдебі жоғары, басқаны түсіне біледі, сыни ойлау деңгейі жоғары, өзгенің ойын, өзгенің пікірін, құрметтей біледі, ұстамды, өз білімін тұрақты көтеріп отырумен жүйелі айналысады, өз жұмысына рефлексия жасауға қабілетті, эрудициясы, жалпы мәдениеті жоғары, эстетикалық талғам және көркемдік мәдениеті жинақталған, ол саясаттағы, ғылымдағы, өнердегі барлық жаңалық пен озық ойларға қызығушылық танытып отырады,

Жаңа заманға сәйкес педагогикалық қызмет көрсету аясы кеңейген уақытта шығармашыл мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін үнемі арттырумен, өзінің жетістіктері мен кемшіліктері жайлы өзіндік баға бере алады. Осыған орай болашақ маманның кәсіби-тұлғалық әлеуетінің акмеологиялық сипаттамасы:

1. кәсіби қызығушылықтардың жаратушылық бағыттылығы;
2. жаңашылдық әрекетке деген қажеттілік;
3. инновацияға бейімділік;
4. жалпы және кейбір арнайы интелектінің жоғарғы деңгейде болуы;
5. ассоциациялық байланыстарды қалыптастыруға деген бейімділік;
6. болашаққа деген позитивті мотивация;
7. мінез-құлық пен іс-әрекетін басқарып және реттеп отырудағы күшті ерік-жігерлік;
8. даралық, дербестік;
9. өзінің ахуалын басқара алушылық, әсіресе шығармашылық белсенділігін ынталандыра білушілік.

Еңбек іс-әрекетінің психологиялық жағының ерекшелігі: еңбек өзінің объективтік қоғамдық мәні бойынша, қоғамға пайдалы өнімді жасауға бағытталған іс-

әрекет болып саналады. Еңбек әрекетінің барлық бөліктері оның соңғы бөлігіне, оның қытынды нәтижесіне, бағынатындықтан еңбек іс-әрекетінің мотивациясына арнайы сипат беріледі: іс-әрекет мақсаты оның өзі емес, оның өнімі болып табылады. Адамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын барлық заттарды бір адам ғана өндірмейді, сондықтан адамның іс-әрекетінің мотиві болып оның әрекетінің өнімі емес, басқа адамдар іс-әрекетінің өнімі, қоғамдық іс-әрекеттің өнімі саналады. Еңбекте еңбек техникасы ғана емес, адамның еңбекке қатынасы да маңызды болады. Міне, осы адамның еңбек әрекетінің негізгі мотивтерін құрайды.

Тек тәуелсіз жас Қазақстан болған соңғы жылдары ғана психологиялық мәселелерге жан-жақты ғылыми талдау жасалынып, тәжірибе жүзінде қызмет көрсету шаралары жүргізілуде. Мұндай процестер басқару мен қызметкерлердің еңбек әрекетінде болатын түрлі жағдайларда қарым-қатынас қиындықтарының алдын алу, болдырмаудың ұтымды жолдарын қарастырып, тәжірибеде қолдануға көмектеседі.

Қорыта келе, кәсіби шеберлік ол кәсіби компетенттілік, қарым-қатынастың еңбек әрекетінде, бірлескен іс-әрекетінде қарым-қатынас үйлесімділігін қалыптастыру, мамандануына қолдау, дамыту-тәрбиелеу олардың жеке басының, психологиялық сапаларының қалыптасып жатқанын білдіреді. Ол үшін алдымен жалпы басқару іс-әрекеті жұмысының жоғары мәдениеттілігі қажет. Оның құрамына басқару саласындағы тұлғалардың кәсіби даярлығы, кәсіби шеберлігі болса, ал қызметкерлердің кәсіби қызығушылығының дамуы, еңбекте белсенді әдістердің қолданылуы, жеке жауапкершілік сезімінің қалыптасуы, өзінің іс-әрекетіне баға беру, есеп бере білу, саналы қатынасы, кәсіби білімнің қажеттілігін түсіну, білімін жетілдірудің және еңбекті жүйелі жоспарлауға дағдылану мен қарым-қатынас ережелерін меңгере алу қабілеттіліктері жатады.

Сондықтан, педагогтардың кәсіби шеберлігін қалыптастыруға бағытталған қызметті ұйымдастыруда олардың жалпы тұлғалық даму ерекшеліктеріне негізделеді:

1. Кәсіби қабілет және педагогикалық қарым-қатынас туралы теориялық білімдермен машықтандыру;
2. Еңбек әрекетіндегі дағдарыстық жағдайға терең мән беру, кәсіби іс-әрекеттегі қиындықтарының себептерін анықтау;
3. Жас мамандарды кәсіби қызметке бейімдеуін дамытуды оның негізгі еңбек әрекетімен байланыстыру;
4. Бірлескен іс-әрекетті тиімді жоспарлау, үйлесімді қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыру, мәдени-этикалық нормаларын сақтау ерекшелігін дамыту.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Панасюк А. Ю. Психолого-акмеологические основы убеждающего воздействия в профессиональной деятельности: теория и технологии 1992.
- 2 Бапаева М.Қ., Бапаева С.Т. Психологиялық менеджмент. А.2011.
- 3Ахтаева Н.С.,Әбдіғапарова А.І. Басқару психологиясы. А., – 2009.
- 4Ревская Н.Е. Психология менеджмента. СПб.: Альфа, - 2001.

#### **ӘӨЖ 378.147**

### **ОПИСАНИЕ МОДЕЛИ ИНКЛЮЗИИ, РЕАЛИЗУЕМОЙ В СОВРЕМЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИТУАЦИИ**

**Амиркенова Э.Ж.**

**ст. препод. кафедры «Специальная педагогика», ТарГПУ**

В нашей статье мы рассмотрим опыт применения инклюзивной модели в Государственном бюджетном образовательном учреждении Школы №1540 г. Москвы. Выбор данной школы не случаен, с 2017 года ведется работа по изучению и перениманию опыта инклюзивной модели различных школ ближнего и дальнего зарубежья.

Преобладающее число инклюзивных учащихся в этой школе (70%) – это учащиеся с РАС (в основном, синдром Аспергера). Так как изначально школа создавалась как школа с углубленным изучением информационных технологий, то наша инклюзия была направлена именно на помощь этой категории детей. Позже в наше, уже выстроенное инклюзивное пространство, родители стали приводить детей с другими проблемами. Всего на сегодняшний день 10% учащихся являются детьми с особыми потребностями.

Кроме детей с РАС сейчас у нас учатся:

- дети с инвалидностью по зрению и слуху;
- дети с нарушениями опорно-двигательного аппарата;
- дети с тяжелыми нарушениями речи и др.

В этой статье мы описываем и анализируем собственный опыт организации инклюзии детей с РАС, которые не могут получить цензового образования без создания для них специальных условий, но реально могут освоить общеобразовательную программу.

Наша модель не универсальна. Мы разделяем понятия «социальной инклюзии» и «образовательной инклюзии». Так как мы вынуждены рассматривать не идеальную, а реальную ситуацию в российском образовании, приходится признать, что не всем категориям детей с РАС в современных условиях подходит образовательная инклюзия в массовой школе с учетом имеющихся для этого ресурсов.

Итак, как же выстроена наша инклюзивная модель? Все классы нашей школы, с 1 по 11, являются инклюзивными, отдельных классов для детей с ОВЗ мы не открываем. Все дети с ОВЗ являются учениками общеобразовательных классов, при необходимости их сопровождает тьютор.

Важным моментом является организация специального пространства, особой среды. У нас есть 5 ресурсных зон: игровая, сенсорная комната, открытая библиотека, игровые зоны для проведения перемены, комната психологической разгрузки. В каждом классе начальной школы предусмотрено соответствующее пространство для релаксации.

Как дети попадают в инклюзию? Поместить неподготовленного ребенка с РАС в неподготовленную среду сверстников и их родителей – это лучший способ дискредитировать саму идею инклюзии. У нас сформировались два основных способа подготовки к инклюзивному обучению.

Первый способ – это занятия в малой группе подготовки к школе (не более 6 человек), которые ведет высококвалифицированный учитель-дефектолог, владеющий поведенческим подходом (АВА). Второй способ – занятия в большой инклюзивной группе подготовки к школе (не более 15 человек), которые ведет учитель начальной школы, владеющий арсеналом психолого-педагогических методов, необходимых для конструктивной работы в неравномерной группе учащихся.

В обоих вариантах основной целью занятий является формирование у детей учебного поведения, и только потом – формирование и развитие академических навыков.

В инклюзию в средней школе дети приходят либо из нашей инклюзивной начальной школы, либо это дети, прошедшие в начальной школе подготовку к инклюзивному обучению по другим моделям, например, в школе Федерального Ресурсного Центра проблем аутизма МГППУ.

Система работы в начальной школе строится на комплексном подходе, включающем в себя поведенческий, нейропсихологический и эмоционально-смысловой. Организована командная работа специалистов, в которую помимо учителей начальных классов входят педагоги-психологи, нейропсихологи, учителя-дефектологи, учителя-логопеды, тьюторы и волонтеры.

Наиболее интенсивная психолого-педагогическая помощь оказывается именно на этапе начальной школы. Наша система предполагает, что все специалисты (нейропсихолог, учитель-логопед, учитель-дефектолог, педагог-психолог) прежде всего работают с целым классом, наблюдают, как проявляют себя дети на уроках, консультируют учителей, проводят экспресс-диагностику, ведут с учителями бинарные уроки, постепенно обучая их своим технологиям. Все специалисты применяют в своей работе принципы поведенческого анализа.

Сентябрь является диагностическим месяцем, когда специалисты службы ППС наблюдают за детьми на уроках и переменах, после этого проходят заседания консилиума и для каждого ребенка, который в этом нуждается, разрабатывается план коррекционных занятий, групповых или индивидуальных, индивидуальный образовательный маршрут. Такие же плановые консилиумы собираются в середине учебного года для обсуждения результатов и необходимой корректировки, а затем в конце года для выработки плана работы на следующий год. В течение года мы обычно ведем видеозаписи уроков, чтобы потом обсудить их на заседаниях консилиума.

В 5-7 классах модель сопровождения детей с особыми образовательными потребностями (ООП) основана на технологии разноуровневого обучения. Вся параллель делится на группы по основным предметам, это создает возможность некоторой индивидуализации учебной траектории для каждого ребенка. Кроме больших групп в каждой параллели создается еще малая группа для тех детей, кому тяжело учиться в большой группе, кто нуждается в максимально индивидуализированном подходе.

В начале 5-го класса часть учащихся с ОВЗ попадает в малую группу для изучения основных предметов: математики, русского языка, литературы и иностранных языков, хотя часть детей успешно обучается и в больших предметных группах. По мере адаптации на ступени основной школы мы стараемся постепенно, по возможности переводить детей из малых групп в большие.

С 8 по 11 класс в школе осуществляется предпрофильное и профильное обучение. Там уже невозможна такая гибкая система, как на ступени с 5 по 7 класс. Возможна ситуация, когда ни один профиль в полной мере не подходит ребенку с ОВЗ. Тогда составляется индивидуальный учебный план, включающий в себя, в том числе, и обучение с использованием дистанционных технологий.

Мы используем разные педагогические технологии сопровождения детей с ОВЗ на этапах начальной, средней и старшей школы, однако важными элементами всей выстроенной модели являются преемственность в работе специалистов, непрерывное психолого-педагогическое сопровождение детей на протяжении всего времени обучения в школе, командный подход в работе службы сопровождения. Для полноценной инклюзии необходимо выстроить вертикаль психолого-педагогического сопровождения, когда ребенок «передается» от специалиста к специалисту на разных ступенях обучения.

Инклюзия принципиально отличается от коррекционной практики. Соответственно, система работы психолого-педагогической службы и школьного консилиума, а также сопровождающая эту работу документация, должны создаваться специально для инклюзивной образовательной среды. Эти отличия заключаются в следующем:

- Инклюзивная среда требует поддержки ВСЕХ участников образовательного процесса, следовательно, кроме создания спецусловий для ребенка с ОВЗ, должны создаваться условия для других детей, учителей, родителей.

- Наличие большого количества учащихся, нуждающихся в психолого-педагогическом сопровождении, требует использования методов экспресс-диагностики, вариативных способов поддержки ребенка и контроля результатов; минимальные по затратам рабочего времени способы ведения документации.

- Нестабильное состояние учащихся и отсутствие индивидуальных тьюторов у каждого ребенка требуют наличия возможности мобильно подключать к работе с ребенком различных специалистов, в том числе в первой половине дня.

Отдельная работа – это формирование у всех детей принимающего отношения к особым детям с самого начала и на протяжении всей школьной жизни. Это целая система, включающая в себя тренинги, классные часы, выездные мероприятия, которые проводятся совместно сотрудниками психологической службы и классными руководителями. Если на этапе начальной школы для нас наиболее важным является формирование учебного поведения, то в основной школе на первый план выступает развитие социальной компетенции учащихся с ОВЗ, развитие у них более сложных коммуникативных навыков. Для решения этих задач работает вся школьная система проектной работы и дополнительного образования (все кружки, секции, факультативы являются инклюзивными).

Важным элементом развития социальной компетенции стали наши коммуникативные клубы. Есть разновозрастный клуб для подростков с РАС и есть несколько инклюзивных подростковых клубов. Там обсуждаются все события школьной жизни, создается пространство общения, в котором формируется умение слушать других и обсуждать свои проблемы, формируется умение понять мотивы другого, поставить себя на его место, ведется работа над развитием эмоционального интеллекта подростков с РАС.

Итак, что необходимо для создания настоящей, а не имитационной инклюзии, и что инклюзия может дать школе?

Необходимыми условиями успешной организации инклюзивной образовательной среды являются:

Административная поддержка. Понимание и принятие администрацией необходимости и смысла инклюзивного обучения детей с РАС. Экспертиза принимаемых административных решений психолого-педагогической службой (ППС) на соответствие принципам инклюзии.

Финансовое обеспечение. Финансовая возможность сформировать в школе команду психолого-педагогического сопровождения, включающую в себя специалистов различного профиля.

Кадровое обеспечение. Наличие в школе службы ППС, наличие у всех педагогов базовых знаний из смежных областей: психологии, дефектологии, нейропсихологии, а также специфике развития людей с РАС.

Командная работа всех специалистов школы. Общая система педагогических и этических ценностей. Постоянная поддержка и взаимозаменяемость. Коллегиальное решение стратегических и проблемных вопросов.

Выстроенная система психолого-педагогической поддержки всех участников образовательного процесса: детей, родителей, сотрудников школы. Формирование взаимного доверия.

Преимственность между всеми ступенями образования. Общие принципы работы, передача информации о каждой семье, совместные консилиумы при переходе ребенка со ступени на ступень и во время адаптации на новой ступени.

Работа с родителями всех учащихся, не только детей с ОВЗ. Родительские клубы, индивидуальные консультации, консилиумы, обучение родителей, реализация совместных проектов.

Вариативность методов работы и образовательной среды. Различные формы проведения уроков, использование широкого диапазона методов и дополнительных учебных материалов, в том числе поведенческого подхода и логопедических, дефектологических, нейропсихологических методик, учебников по программам различного вида; зонирование образовательного пространства школы и кабинетов, наличие ресурсных зон.

Непрерывное профессиональное развитие педагогов. Систематические внутренние семинары, взаимообучение, участие педагогов в широком профессиональном сообществе, анализ и обобщение собственного опыта, представление его на психолого-педагогических конференциях, семинарах, круглых столах.

В свою очередь, инклюзия является мощным ресурсом для самой школы. Анализируя наш опыт, можно сказать, что качественно выстроенная модель инклюзии создает психологически комфортную и безопасную среду для всех учеников школы. Возрастает профессионализм учителей в работе с разными группами детей, что позволяет поддерживать достаточно высокий уровень образования без проведения процедур предварительного отбора и селекции учащихся. Инклюзивная школа предполагает наличие сильной высокопрофессиональной службы психолого-педагогического сопровождения, которая должна обеспечивать поддержку всех участников образовательного процесса: учеников, учителей, родителей, администрацию школы. В этом случае и ученики, и учителя чувствуют себя комфортно и защищенно, не стремятся уйти, чувствуя, что потребности сильных учителей и учеников не менее значимы для школы.

Никакая настоящая инклюзия невозможна без работы с родителями особых и обычных детей. У нас активно работают родительские клубы, один из которых проводит совместные встречи всех родителей, где мы обсуждаем вопросы, важные для всех. Кроме этого в школе существует клуб, ведущими которого являются родители РОО «Контакт», там обсуждаются проблемы особых детей и оказывается консультативная и поддерживающая помощь другим родителям.

Итак, какие же преимущества получает школа с введением инклюзивного образования?

По наблюдениям многих педагогов и специалистов, детская популяция сейчас в школах неоднородна, очень много детей с трудностями в обучении. Для них очень важна максимально индивидуализированная среда, которая может отвечать образовательным потребностям каждого ребенка. Наличие в школе особых детей создает ситуацию необходимости участия в составе школьной команды специалистов различных направлений коррекционно-развивающей работы. Эти специалисты являются мощным ресурсом помощи учителям в работе со всеми детьми.

Инклюзивная образовательная среда делает необходимым формирование у учителя класса новых компетенций: необходимо уметь применять в своей работе различные педагогические технологии, структурированное обучение, дифференцированный подход, разноуровневое обучение и многое другое. Специалисты психолого-педагогической поддержки – психологи, нейропсихологи, дефектологи, логопеды помогают сформировать эти важные компетенции у учителей инклюзивных классов.

Воспитательное значение инклюзии для всех детей трудно переоценить.

Если рассматривать школьную жизнь не как подготовку к будущему, а как самостоятельный самоценный этап жизни, то возможность для особого ребенка прожить этот этап так же ярко и эмоционально насыщено не менее значима, чем у любого другого ученика. И реальная, настоящая инклюзия может это обеспечить.

Если для особого ребенка ситуация обучения в сообществе нормативных сверстников является мощным фактором формирования социальных компетенций, то для остальных детей ситуация совместного обучения с особыми детьми также у них принимающее отношение к людям, отличающимся от них, учит цивилизованно жить в ситуации человеческого разнообразия и многообразия.

Но все это возможно только в том случае, когда мы имеем дело не с «дикой» инклюзией, а с выстроенной моделью, предполагающей формирование на уровне школы инклюзивной образовательной среды. Такая среда подразумевает

проникновение принципов инклюзии во все стороны школьной жизни, включая принятие любых управленческих решений.

Эта модель показала свою устойчивость и эффективность при объединении двух школ в единый образовательный комплекс. Удалось распространить инклюзивную модель на все уровни образования и сделать весь комплекс инклюзивным.

Инклюзия – это испытание на прочность и профессионализм всей образовательной среды школы. Но это, одновременно, и значительный ресурс, который может дать хороший импульс развитию всей школы.

#### **Список использованной литературы**

1. Федеральный закон «О социальной защите инвалидов в Российской Федерации» от 24 ноября 1995 г. № 181-ФЗ
2. Конвенция ООН «О правах ребенка» от 20 ноября 1989 года/ Конвенция ООН о правах ребенка - извлечения. // Семейный Кодекс РФ с краткими комментариями. М., 1996.
3. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г
4. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004

#### **ЭОЖ-394/395**

### **ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ - ОБРАЗОВАНИЕ ДЛЯ ВСЕХ**

**Джолдасова О.К., Архабаева Б.Д.**

**Таразский Государственный педагогический университет**

В Послании Президента Н.А.Назарбаева «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» уделяется внимание вопросу интеграции граждан с ограниченными возможностями в экономическое развитие республики. «Для них Казахстан должен стать без барьерной зоной. Позаботиться об этих людях, которых немало, – наш долг перед собой и обществом».

Правительство Республики Казахстан планирует начать активную работу в сфере развития инклюзивного образования. Существующие показатели будут увеличены в 5 раз.

Министр образования и науки Аслан Серинжилов на республиканском педагогическом совещании работников образования, прошедшем 22 августа в Астане, обозначил целевые показатели и основные направления работы Правительства в области адаптации существующей системы образования для совместного обучения здоровых детей и детей со специальными потребностями. На последнем определении министр сделал особый акцент, пояснив, что вскоре оно полностью заменит термин «дети с ограниченными возможностями» в соответствии с общемировыми тенденциями.

В 2014 году охват инклюзивного образования достиг отметки в 10%, что, однако, было названо недостаточным показателем. Правительство уже завершило стадию утверждения типовых учебных планов и инструкций для тех школ, которые уже работают либо вскоре начнут работать по системе инклюзивного образования. Первостепенной задачей, по словам Аслана Саринжилова, является доведение охвата инклюзивного образования до отметки не ниже, чем 50% от всех детей, которые имеют особые потребности.

А любая интеграция в жизни общества начинается со школьной скамьи. В школе ребенок обучается не только основам науки, но и получает навыки социального взаимодействия: через игру и общение со сверстниками он чувствует себя активным членом общества, тем самым осознавая свою значимость. Именно на этих принципах базируется инклюзивное образование.

История развития инклюзивного образования берет свое начало с середины 80 годов прошлого столетия. Именно тогда процесс интеграции детей с особыми образовательными потребностями в жизнь общества сменился инклюзией, то есть включением.

Что дает инклюзивное образование общеобразовательной школе? Инклюзивное образование развивает методологию, признающую, что все учащиеся индивидуальны, требуют особого подхода в процессе обучения. То есть подход к обучению и преподаванию станет гибким, результаты обучения эффективнее и, следовательно, выиграют все участники образовательного процесса. Государственная программа развития образования до 2020 года раскрывает этапы планомерного развития инклюзивного образования в общеобразовательных школах Казахстана. Ведь одна из задач Программы – «создание условий для обучения в течение всей жизни, образования для всех».

Учебно-методический центр г.Караганды проводит планомерную работу по пропаганде и внедрению инклюзивного образования в школах области. На базе УМЦ был проведен областной семинар-практикум по теме «Организация и содержание инклюзивного образования детей с ОВР в условиях общеобразовательной школы», который посетила заместитель директора по воспитательной работе.

Дубовская общеобразовательная средняя школы является стажерской площадкой по внедрению инклюзивного образования в школах района. Работа стажерской площадки предполагает обучение других школ, демонстрацию опыта. Поэтому после областного семинара на базе Дубовской общеобразовательной средней школы был проведен районный семинар для заместителей директоров по воспитательной работе «Инклюзивное образование в общеобразовательной школе». В работе семинара приняли участие методист районного отдела образования Дукуева Б.Ж., методист УМЦ г.Караганды Золотюк М.Е.

Цель семинара: ознакомление его участников с нормативно-правовой базой и особенностями реализации инклюзивного образования в РК. В программу семинара были включены следующие мероприятия:

«Инклюзивное образование в общеобразовательной школе», Презентация «Организация работы обучение детей на дому, «Открытые уроки: самопознания» (с использованием интерактивной доски)

Начался семинар с приветственного слова директора школы Айтбаевой К.Т., которая рассказала участникам семинара о системе работы школы по теме семинара. На коучинг-сессии участники семинара были ознакомлены с нормативно-правовой основой инклюзивного образования и включились в активный диалог о значении инклюзивного образования для общеобразовательной школы, высказали свои сомнения, вместе искали ответы на поставленные вопросы. Итогом проведенной работы можно считать рефлексию участников семинара, которые отметили, что такая форма проведения семинара, как коучинг-сессия позволила им непосредственно самим искать ответы на проблемные вопросы, а значит, тема прочувствована и понята.

Презентация Ефимовой В.П. детально познакомила присутствующих с нормативно-правовой базой при организации обучения на дому, даны образцы заполнения документов, требования к календарно-тематическому планированию и ведению журналов. Открытые уроки не оставили никого равнодушными. На уроке самопознания в 9 «Б» классе по теме «Жизнь – это бесценный дар» учитель подвел школьников к выводу о том, что каждый из нас несет личную ответственность за те поступки, которые мы совершаем в жизни, главное – не быть равнодушным. Учитель при проведении урока использовал возможности интерактивной доски (просмотр видеофрагментов, презентации к уроку), была организована дискуссия по теме урока, прием «круг радости». Урок физики был проведен с использованием подхода LessonStudy. Данный подход зародился в Японии и на сегодняшний день активно



используется такими передовыми странами как Сингапур, Великобритания, Канада, США, Китай. Центральное место в LessonStudy имеет процесс «исследование урока» или «изучение урока», в котором сотрудничающие учителя изучают процесс обучения учеников для выяснения, каким образом они могли бы развивать определенный подход для повышения качества обучения.

Участники семинара были ознакомлены со всеми этапами проведения урока в логике данного подхода: этап подготовки к уроку, проведение урока с наблюдением за деятельностью учащихся, этап обсуждения и выработка совместных рекомендаций к улучшению урока.

Методист районного отдела образования Дукуева Б.Ж., методист УМЦ г.Караганды Золотюк М.Е. ответили на животрепещущие вопросы участников семинара, касающиеся внедрения инклюзивного образования в общеобразовательные школы республики.

Сегодня в Казахстане не хватает учителей, которые обучают детей – инвалидов. Количество таких детей растёт с каждым годом. Министерство науки и образования РК планируют в будущем открыть 40 медицинско - педагогических центров, где будут работать с такими учениками.

На днях в Астане прошла международная конференция, посвящённая развитию инклюзивного образования.

Сегодня в Казахстане насчитывается 150 тысяч детей – инвалидов. Только 10 % из них ходят в школу. Педагоги собравшиеся на конференции считают, что детей – инвалидов нужно обучать в общеобразовательных школах., чтобы они не чувствовали себя ущемлёнными. Но сейчас у нас мало специальных классов для таких ребят. К тому же не хватает и учебников.

Айгуль Байтурсынова специалист кафедры педагогики Казахского национального педагогического университета им. Абая считает, что самое главное, чтобы дети с ограниченными возможностями могли в обществе со здоровыми детьми получать образование и войти в самостоятельную жизнь.

В этом году из всех родившихся детей в Казахстане 11 процентов родились с ограниченными возможностями. Увеличение их количества беспокоит специалистов Ханан Сингер, представитель ЮНИСЕФ отметил: «Нужно будет провести реформу в системе здравоохранения, для того чтобы она могла нормально, адекватно реагировать на потребности детей, которые нуждаются в особой помощи.

В Астане планировали открыть республиканскую школу на 175 мест, но из – за финансового кризиса неизвестно, когда она будет построена. Иностранцы считают, что проблему нужно начинать решать с детского сада, потому что в Казахстане из 150 тысяч детей с ограниченными возможностями только 3 % посещают детские сады.

И, закончить свою статью хочется на оптимистической ноте словами Кофи Аннана: «Образование – право каждого человека, имеющее огромное значение и потенциал. На образовании строятся принципы свободы, демократии и устойчивого развития... нет ничего более важного, никакой другой миссии, кроме образования для всех»

#### **Список использованной литературы:**

1. Карпенкова И.В. Тьютор в инклюзивной школе - М., ЦППРиК :Тверской, 2010
2. Юнина В.В. «Воспитательная среда специального (коррекционного) образовательного учреждения как условие социализации детей с ограниченными возможностями здоровья»: диссертация С-Пб, 2009
3. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004г, №3 стр. 51-54
4. Волкова А.С., Граш Н.Е., Волкова А.М. «Некоторые проблемы интегрированного образования а российской дефектологии на современном этапе» Дефектология, 2002 №8, стр 3-8.Конец формы

Асқар Г., Мырқасымова М.А., Момынова С.Н.  
М.Х.Дулати ат. ТарМУ, Тараз қ.

Өткен ғасырдың соңында жиі қолданылатын ұғымның бірі – толеранттылық ұғымы. Толеранттылықтың мән-мағынасы қазіргі таңда мазмұны жағынан философиялық идеялар арнасында тарихи негіздерін сақтай отырып кеңінен қолданылуда.

Қазақ дүниетанымында толеранттылыққа байланысты пікірлер, мен түсініктер жүйесі көне дәуірлерден бар. Бірақ ол ұғым заманның ағысына қарай мағыналық мазмұны өзгерістерге түскенімен, негізгі тұжырымы сақталды. Бүгінгі таңда толеранттылық ұғымын ұлттық таным-түсінікте көнеден сақталып жеткен мұраларымыз - имандылық пен ізгілікке негізделген сипатта санамызға қайта сіңісуде.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев толерантты қазақстандықтың үлгісі - Қазақстан халқы ассамблеясы қызметінің және қоғамдағы құндылықтардың күретаымыры болуына үнемі ерекше маңыз беруде. Оның сан қырлы астарында әлемдегі бағыт-бағдар, пікір-идеялар мен құндылықтарға деген көзқарастың өзгермелі сипаты жатыр. Сондықтан, толеранттылықтың мазмұнды мән-мағынасын еліміздегі татулық пен келісімі жарасқан халқымыздың бірлігі, бір-біріне деген төзімділігі арқылы әлемге айқындалды. Мемлекет басшысының бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» - Ұлттық жоспарының «Біртектілік пен бірлік» бөліміндегі алты қадам қазақстандық толеранттылы қоғамды қалыптастыруда сөзсіз шешуші қадамдар болатыны ақиқат [1].

Толеранттылық ұғымына сипаттама беретін болса бірқатар түсініктермен негізделеді. Толеранттылық (латын тілінен аударғанда *tolerantia* - төзімділік, көнбістік) - басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті [2]. Толеранттылық - адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық - қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші. Сондай-ақ, төзімділікке мағыналас ұғымдар: либералдық, жұмсақтық, талап етпеушілік, шыдамдылық т.б.

Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле білсек, толеранттылық – үлкен құндылық. Оның мәні қазақ тілінде терең: шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісім табу деп жалғастыра беруге болар.

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. XVIII ғ. француз жазушысы және философ Вольтер айтқандай, «сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын деген. Ол толеранттылықтың басты қағидаты. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықтың, мейірбандылықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты сана: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне шапағат жасай білуі.

Толеранттылыққа қарсы «интолерантность» деген ұғым пайдаланады. Оны төзімсіздік, ымырасыздық, шыдамсыз, тағатсыз, кейісті, менмендік, бірбеткей, парықсыз деп адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты айтуға болады.

Төзімділік арнайы этикалық категория ретінде белгіненбесе де, этикалық ойдың тарихында оған туыстас ұғымдар мен түсініктер қалыптасқандығы белгілі. Бұл ұғым жалпы алғанда, барлық діндерге тән деп айтуға болатындай құбылыс болып келеді. Сондықтан ол алдымен концепт ретінде этика ілімінің объектісі, одан соң әлеуметтік-мәдени қоғамдық қатынастар негізінде сақталуы тиіс ұсманым, одан соң барып саяси жүйе дамуының объективті ішкі заңдылығы, кейде идеологиясы болып келеді. Төзімділік екі жақты құбылыс, біріншіде, жағымды этикалық, ал екінші бір қырынан алғанда, шектері мен мөлшерлерін, ауытқу амплитудасын анықтауды керек ететін нақты ұстаным болып табылады. Ол жеке адам этикасында да, әлеуметтік этикада да көрініс табатын тұтас концепт болғандықтан, оны сақтаудың психологиялық, тіпті педагогикалық тетіктері де түптеп келгенде, мораль тұрғысынан қарастырылады.

Толеранттылық жалпы адамгершілік қатынастар нормасының аясында қарастырылатын жағымды феноме, әрі психологиялық мінез-құлық болып табылады. Сондықтан оның амплитудалық бағдарын былайшы градациямен көрсетуге болады: Толеранттылық – бұл, төзімділік – шыдамдылық – келісімділік – көнбістік – мәжбүрлену – мойынсұну т.б. Толеранттылық өзінің адамгершілік жағына қарай ауытқыған сайын, жағымсыздық мағынасына да ие бола бастайды. Осы тұста, Аристотель мен әл-Фарабидің алтын аралық ілімімен пара-пар келеді. Толеранттылық, мінез-құлық тұрғысынан төзімділік шектен шыққан уақытта, намыссыздыққа айналады да, тұлға өзінің болмысы мен келбетін, тұтастығын жоғалта бастайды. Бірақ ашу-ыза, төзімсіздік, шыдамсыздық т.б. тұрғысынан алғанда, таза жағымды мәнге ие болады.

Басқа адамға жақсылық жасау оның қажеттілігіне қолдау көрсету. Ал, жақсылық дегеніміз білім, мейірбандық, сұлулық бірлігінде жатыр. «Бақытқа жол сілтеу» трактатында ойшыл баянды тіршіліктегі адами бақыт туралы сөз қозғайды. Бұл идеалдар түптеп келгенде, төзімділік арқылы қол жеткізетін ұстанымдар болып табылады. Түрік халықтарының этикасын дамытуға үлкен үлес қосқан ғұламалар қатарына Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани және т.б. жатады. Қазақ хандығы қалыптасқан кезден бастап Қазақ этникасындағы төзімділік негізінен ақын-жыраулардың даналық насихат жырлары арқылы дамыды. Олардың ауызекі мәдени мұралары – ұлттық қадір-қасиет пен өнегелі әдепті ғасырлар бойы жоғалтпай сақтап қалуға үлкен қызмет етті. Атақты қазақ ақын-жыраулары Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай, т.б. ұлттық әдеп жүйесін заман талаптарына сәйкес жоғары тұғырға көтере білді. Олардың әлеуметтік-этикалық ойлары қазақ халқының әдептік сана-сезімінің қалыптасуына, кейінгі ұрпақты адамгершілік және ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге үлкен әсерін тигізді.

Сол ұлы тұлғаларға еліктеу арқылы баланың ақыл – ой қабілетін дамыту туралы ғалым – педагог С.Қалиев ұрпақты дамытып – тәрбиелеуде «... ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағлымдарын, парасаттатылығы мен көргендігі, мәдениет тарихын, ойшылдары мен ағартушыларының ақылды, саналы оймен қалдырған рухани мұраларын оқып үйренбей тұрып, келер ұрпаққа дұрыс тәлім-тәрбие беріп, оның дамуына мүмкіндік жасай алмайсың ...» - деп тұжырымдайды [3]. Халқымыздың өз ұрпағының «Сегіз қырлы, бір сырлы», шынайы, отаншыл, өнерлі азамат болуын армандады. Ғалым педагог С.Қалиев қазақ халқының қазақ балаларының бойында ұлттық қасиеттерді дамыту мен тәрбиелеу қағидаларын ұстануда мынадай мазмұнды айтып өткен:

- ақылды, арлы, намысқой азамат етіп тәрбиелеу;
- еңбексүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеу;
- адамгершілік қасиеттерге- ізгілікке, қайырымдылыққа, адалдыққа тәрбиелеу;

- отансүйгіштікке, ұлтжандыққа, бүкіл, адам баласын сыйлауға тәрбиелеу;
- шыдамды, сабырлы, төзімділікке тәрбиелеу.

Міне, бұл қағидалар, ұрпақтың, қоршаған табиғат, өмір шындығының болмысындағы жарасымдылықты тану, игеру негінде, қазақ халқының өз ұрпағын әсемдікке, өз бойын, тәнін сұлу етіп шынықтыруға, ақыл – ойын саралауға басты мақсат етіп ұстанғанын көреміз.

Моральдың бүкіл адамзаттық қарапайым қағидалары бір қарағанда тұрпайы сияқты болғанымен қазіргі адамзат тағдырына өте маңызды болып отыр. Өйткені, тек қана бірлесіп, сабырлық пен төзімділік, қайырымдылық көрсетіп, зұлымдыққа жол бермей, мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешіп, ядролық соғыс пен экологиялық апатты болдырмауға болады. Сол сияқты нақтылы адами қарым-қатынастарда да төзімділік пек адалдықтың, біреудің қайғысына ортақ болу, аяушылық, үлкенді сыйлау, әке-шешеге риясыз құрмет көрсету т.с.с.

Толеранттылық – (ағылшын, француз тілінен аударғанда *tolerance*) төзімділік, өзге пікірлерге, сенімдерге, мінез-құлық, салт-дәстүрге, мәдениетке, сезімге, идеяларға кішіпейілділікпен қарау, плюрализм тұжырымдамасы мен адам бостандығы мен құқығымен тығыз байланысты негізгі демократиялық принциптердің бірі [2]. Толеранттылық жалпыға ортақ және саяси мәдениеттің маңызды белгісі.

Ұлтаралық қарым-қатынас саласындағы толеранттылық – бұл төзімділік, яғни қандай – да бір нәрсенің қатар өмір сүруіне мүмкіндік беру ғана емес, ең бастысы, «өзгенің» құндылығы мен қызығушылықтарын мойындауға және құрметтеуге дайын болу, өзгенің пікірін ескере отырып, өзара әрекеттестікті ұйымдастыру. Шынайы өмірде бұл принципті бекіту үшін мәдениетарлық және этносаралық келісім болуға тиіс. Сондықтан өз халқыңның мәдениетіне және этносына деген қызығушылықтың басым болуына қарамстан, этностардың ерекше диалогының болашағы зор.

Толеранттылық қазіргі ғылымда әр түрлі аспектіде қарастырылады: әлеуметтік, діни, саяси, жыныстық, этникалық, т.б. «Этникалық толеранттылық» басқа ұлт өкілдерінің сыртқы түрін, ойлау жүйесін, өзіндік ұлттық, мәдени ерекшеліктерін, іс-әрекетін принципті түрде қабылдай алу қабілеті ретінде көрінеді. Этникалық толеранттылық – ұлтаралық өзара сыйластық, ынтымақтастық, ұлттардың өзара үйлесімді қарым-қатынасы деген ұғымды білдіреді.

Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни, этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін-өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады. Толеранттық негіздерді тәрбиелеу көпжоспарлы сипатта, қазақстандықтардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін нығайтудың кепілі. Сондықтан, өз құндылықтары мен өмір салты бойынша өзгешеленетін басқа адамға, ұлтқа немесе мәдениетке төзушілік қазіргі дүниедегі татулықтың, ұлтаралық келісімнің алғышарттарының бірі болып саналады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2014 жыл 11 қараша// Егемен Қазақстан, 2014 жыл, 12 қараша.

2. Головин С.Ю. Словарь практического психолога. Минск: Харвест, -1998

3. Қалиев С, Халықтың педагогикалық тағылымдары. А, 1991

4. Жарықбаев Қ, Этнопсихология - ұлт тәрбиесінің өзегі.- А.: Білім. – 2005. – 144 б.

**Досмаханова Л.Д., аға оқытушы  
ТарМПУ, «Арнайы педагогика» кафедрасы. Тараз қ.**

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген [2].

Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, мектеп оқушыларына білімді өз бетінше еңбек етіп алатындай күйге жеткізе алатын, өзі де осы аталған құзыреттіліктерді меңгерген, кәсіби-дидактикалық құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімдер даярлау міндеті тұр.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары ғана қарастырыла бастады. Осы орайда, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау мұғалімдерді кәсіби дайындау мәселесінің жан-жақты зерттелгенін байқатты.

Қазіргі болып жатқан саяси–экономикалық, мәдени–әлеуметтік өзгерістер халыққа білім беру жүйесінің барлық буындарында білім беру ісін жаңа сатыға көтеруді талап етуде. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестікке төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады. Осыған орай жаңа кезеңдегі озық педагогикалық және әдістемелік пікірлерді ой елегінен өткізіп, бүгінгі заман талабына сай, біршама өзгерген жаңа жағдайларды қолдану ерекше маңызға ие [1].

Бүгінгі таңда мұғалім қандай болу керек, оның кәсіби біліктілігі қандай жолдармен көрінеді дегенде, мұғалім ең алдымен бала жанының тамыршысы болуы тиіс. Бала жүрегінің пернелерін дәл тауып, оны ойната білу оңайлықпен келмейді. Бұл ұстаздың өз мамандығына деген сенімділігі, бейімділігінен, айқын мақсатынан және бала жүрегіне жол таба білуінен көрінеді. Осы үшеуі мұғалім мейірімділігімен ұштасқанда нағыз тамыршы бола алады. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртіне нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Ал лайықты тұлғаға жету үшін үнемі ізденісте жүру қажет деп ойлаймын. Атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім жас бала үшін теңдесі жоқ күннің құдіретті сәулесі сияқты» деген сөздерді әр мұғалім үнемі жадында ұстау керек.

Мемлекетіміздің дамыған елдердің білім беру стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру –білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Құзыреттілік – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, оқушылар дайындығының сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі - оның

жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі ғалым Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы мұғалім өзінің білімін, жалпы дүниетанымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық – педагогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады. Сол кезде ғана мұғалімнің өзіне-өзі баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады[3].

Мұғалімнің белгілі бір педагогикалық мәселелер туралы барлық ақпаратты жинақтай алуы, оның тиімдісін таңдай білуі, нақты жағдайды шешуге байланысты оған өзіндік қолтаңбамен өзгерістер енгізе алу, осылайша мәселені шешудің өзіндік жолын таба білу сыни ойлау нәтижесінде жүзеге асады. Бұл жағдайда сонымен бірге тапқырлық пен өнертапқыштық сияқты сапалар қатар дамуға мүмкіндік алады[4].

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім үшін білім мазмұнын, әр оқушының өзіндік ерекшелігін, оқушылар ұжымының артықшылықтарын, соған сәйкес оқуды ұйымдастырудың формалары мен тактикалары жайлы ақпараттарды есінде ұстау қажет. Сонымен қатар оларды дер кезінде еске түсіріп қажетіне жарата алу оның басты құндылықтарының бірі болып табылады.

Шығармашыл тұлғаның ерекше қасиеттерінің қатарына педагогикалық импровизация жасай алуы жатады. Педагогикалық импровизация дегеніміз-мұғалімнің алдын-ала жоспарланбаған тосыннан пайда болған педагогикалық мәселені шешу үшін өзінің білік, дағдысы мен іскерлігін шығармашылықпен іске қосуы. Педагогикалық импровизация мұғалімнің шығармашылықпен өзін-өзі дамытуына әсер етуші фактор. Өйткені импровизация кезінде мұғалімнің ішкі күштері мен қабілеттерінің жұмылуы маңызды орын алады.

Педагогикалық шығармашылықтың орын алуына септігін тигізетін тағы бір басты мәселе –мұғалімнің әртістік қасиеті. Мектеп әрине, театр емес. Дегенмен мұғалім үнемі халық алдында тұратын танымал адам. Олай болса ол аудиторияны меңгере алуы, иландыра білуі, шабыттандыра алуы тиіс. Педагогикалық әртістік тек әрекетте педагогикалық білім, білік, дағдыны тиімді пайдаланып қою ғана емес, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін эмоцияналдық-бейнелік тетіктер жүйесі арқылы педагогикалық міндеттерді шешу барысында көркемдік логиканы пайдалану.

Педагогика ғылым ретінде ой мен сезімдерді дамытады, адамның құндылық негіздерін бекітеді. Ол педагогикалық үрдістің руханилығын арттырады, оның мазмұны мен формаларын адамсергіткіштік пен мейірімін қанықтырады, шығармашылық, шеберлік сияқты педагогикалық кәсібиліктің жаңа сапасы арқылы жасампаздыққа жеткізеді. Шығармашылық әрекет жоғары әлеуметтік қажеттіліктерден туатындықтан, сол қажеттіліктерді жүзеге асыру арқылы мұғалімнің құзіреттілігі қалыптасады.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім кәсіби құзіреттілікке

қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілі-бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ[5].

Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаятқағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет. Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді - кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамасы, теориясы және технологиясы: Монография. - Алматы: «Әрекет-Print». -2009. - 310 бет.

2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2020 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.

3. Қазіргі кезеңдегі педагогтардың кәсіби құзіреттілігі: проблемалары және даму болашағы // Республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары. 16 қазан 2009 ж. - Б. 403-420.

4. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары – К.С.Құдайбергенова. Алматы, 2007ж.

5. Ұстаздық шығармашылық – Б.А.Тұрғынбаева. Алматы, 2007

### **ӘӨЖ-378.121**

#### **ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕЙІНІН ДАМУЫ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ**

**Жамирова Ұ.Ш.**

**М.Х.Дулати ат. ТарМУ. Тараз қ.**

Білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны өндіру міндеттерін шешуді талап етеді. Мұның өзі бастауыш мектепте оқушының пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыруда маңызы зор екендігін айғақтайды.

Қазіргі білім және ғылымда болып жатқан өзгерістердің бірі – жалпы орта білім беретін мектептердің жаңа тұрғыда білім беруге бет алғаны. Осыған орай орта мектепте оқытылатын пәндер арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын, қабілетін, зейінін тәрбиелеу аса бір маңызды көкейкесті мәселе болып отыр.

Ең негізгі мақсат – әр тұлғаның жеке дамуындағы енжарлықты жойып, әр адамның өзіне сенімін арттыра отырып, адамзаттық тұғырын табуын, сол арқылы оның ішкі әлеуметтік ізгі қасиеттерін ашу және әр кезеңде үздіксіз білім алып, өздігінен шығармашылық ізденіс негізінде білімін, шығармашылығын дамыта түсіп, болашақ қоғам адамын рухани, интеллектуалды етіп тәрбиелеу.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты тұлға, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім – білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Белгілі өнім шығаруға бағытталған әрекеттен ерекше зейіннің, яғни бағыттаудың, өз алдына нәтижелі болмайды, психикалық бақылау әрекеті ретінде танылған құбылыс тұрғысынан зейіннің әрбір нақты көрінісі жаңа ақыл-ес ептіліктерінің пайда ізімен туындайды.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда ырықсыз зейін басым болады. Бұл жастағы балалардың зейіні тұрақсыз болады. Ол жиі-жиі бір объектіден екінші объектіге тез

ауыстырып отырады. Сөйлеудің және зейіннің дамуы ересек адамдардың іс-әрекетінен бақылап, сол арқылы дамытып отырады. Мысалы: ойын, соның ішінде іс-әрекет және білім алу қызметінің әсерінен мектепке дейінгі және үлкен жастағы балалардың зейіні жеткілікті жоғары даму дәрежесіне жетеді, бұл оған мектепте білім алу мүмкіншілігін аяқтайды.

Мектепте білім алу – зейінді дамытуда өте күшті жағдай туғызады. Зейін – табысты түрде білім алу қызметінің бастапқы шартының бірі болып табылады. Мектепте оқушының зейіні оның оқу тәрбиесіне бағынады, баладан тек қызықты нәрседен ғана емес, онша қызықты болмаған, бірақ оқушы ретінде орындауы үшін зейінді болуы талап етіледі [1]. Міне, осы алғашқы білім алудың бастапқы баспалдақтарында басым болатын ырықты және ырықсыз зейіннен еркін, шашыраңқы зейінді жинақтауға және дамытуға көмегін тигізеді.

Мұғалім мектеп оқушыларының, әсіресе төменгі бастауыш сынып оқушыларының зейінінің жас ерекшеліктеріне байланысты есепке алып отыруы қажет. Мәселен, олар ұзақ және зейінін жинақтаусыз жұмыс істей алмауы. Зейінді балаларға бөлістіру үшін 1-2 сыныптарында қиын болады. Егер де ол оқу жұмысына бар ынтасымен беріліп кетсе, ол бір уақыттың ішінде өзінің мінезін қадағалай алмайды және қатты сөйлеп кетеді, немесе орнынан тез тұрып, мұғалім сұрамаса да жауап береді.

Сабақта оқушылардың зейінін қалай жинақтауға және ырықты зейінді дамытуға зейінділікті және адамның қасиеті ретінде қалайша қалыптастыруға болады?

Зейінді тұрақты түрде тәрбиелеу төмендегі шарттарға байланысты болады:

1. Ырықты зейінді тәрбиелеу алдағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеу және ерік жағынан күш жұмсаудан болады. Оқушы барлық уақыт әртүрлі қызметті, әр-түрлі үйреншікті, оңай жақсы жұмысты орындауда зейінді болуын талап ету қажет. Ол ешқашан зейінсіз жұмыс істемеуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана зейінді болу әдеті тәрбиелеп шығарылады.

2. Сабақты анық ұйымдастыру, зейінді әдетін тәрбиелеуге жәрдем береді. Сабақтың жұмыс реті сабақтардың динамикалық жүргізбеуі, баяндаудың анықтығы, жаңалығы, мұғалімнің әсерлі сөзі эмоция және логикасын біріктіріп зейінді болуына бағдар береді.

Сабақты жүргізудің ең қолайлы жағын асығыс жүргізуге болмайды. Бірыңғай жұмыс тез шаршататын зейіннің төмендегі және алаң болуы осыған байланысты екенін есте сақтау керек. Ал балалар бірыңғай жұмыстан ересек адамдарға қарағанда тез шаршайды. Сондықтан оқушыларға сабақтағы жұмысын әртүрлі етіп жүргізіп тұру керек. Әрине сабақтағы жұмыстарды тез ауыстыра беру зейіннің қалыптасуына жәрдем бермейді. Оқушы жұмысқа бар ынтасымен кірісуге үлгерместен жұмысты тез арада ауыстыруға тура келеді.

Мектеп-оқушылардың зейінін оқу-тәрбие процесінің талаптарына байланысты жүйелі түрде қалыптастырып дамытатын негізгі орын болса, ал мұғалім - балалардың зейінін тәрбиелейтін негізгі тұлға. Бұрын ойыннан басқаға көңіл бөлмей келген бала оқуға бірден беріліп кетпейді, сабақтың басынан аяғына дейін шыдамы жетпейді. Олардың алғашқы кезде сабақтың аяқталуын асыға күтіп отыратындары да осыдан.

Балада ырықсыз зейіннің басымырақ болуы ой-өрісінің көрнекілігінде байланысты. Мәселен, бірінші сынып оқушылары түрлі нәрселерді санағанда, көбінесе олардың сыртқы формасына, бояуына көңіл аударады да, ең негізгі міндеті-есеп шығаруды ұмытып кетеді [2]. Бұл жастағы балалардың зейініндегі екінші бір ерекшелік зейін көлемінің өте тар келетіндігі. Мұғалім осы жағдайды есінде қатты ұстағаны дұрыс. Ол сабақты бала ұғымына түсінікті, тіл жағынан жеңіл етіп берсе, көрнекі құралдарды тиісінше пайдаланса, бала зейіні бар объектіге тұрақтала түседі де, зейіннің бөлінуі кемитін болады. Оқушы зейіні негізінен сабақ үстінде тәрбиеленеді. Сабақтың әрбір минуты бала зейінін билеп алмайынша, мұғалімнің сөзі оның көкейіне



қонбайды, қиялцын толғандырмайды. Бір сөзбен айтқанда, зейінсіз өткен сабақ өзінің мақсатына жете алмайды.

Зейін тәрбиесінде әрбір мұғалімнің еске алатын кейбір шаралары:

1. Бірінші сыныптан бастап оқушыларды зейінділікке әдеттендіру, оларда зейіннің жоғары түрлерін дамыту естен шықпайтын болсын. Бұл жөнінде К.Д.Ушинский былай деген: «Балаға оқуды қызықты өте білу керек және сонымен қатар, оларды қызықтыра қоймайтын тапсырмаларды да бұлжытпай орындауды талап ету керек, бұл жұмысты орындағанда бір жағын басым етіп жібермей, екі жағын теңестіру арқылы еріксіз зейінді тудырумен қатар, балада белсенді зейін шамалы болғанына қарамастан оны жаттықтырып отыру керек».

2. Бұл сыныпқа не жеке оқушыларға берілетін тапсырмалар дәл, анық, қысқа болып келсін.

3. Бала қайда жүрсе де байқағыштыққа тәрбиеленуі тиіс.

4. Зейінді күшті және тұрақты ететін күштің бірі-ерік. Сондықтан зейін тәрбиесін ерік тәрбиесімен ұштастырып отыру қажет.

5. Төменгі сынып оқушыларының жүйке жүйесінің әлде де, «қатая» қоймағандығы еске алынсын. Олардың шаршап кетпеуін қадағалау, орынсыз жалықтырмау, ауыр жеңілдігі әр түрлі пәндерді күнделікті сабақ кестесіне талапқа сай орналастыру секілді мәселелерде зейін тәрбиесіне қатысы бар шаралар.

Оқушылардың зейінін дұрыс қалыптастыруға мұғалімнің жеке басының үлгі-өнегесінің де маңызы зор. Мұғалім балаларға сабақ үстінде зейінін дұрыстап аударма алмаса, іске ынтасыз, ұқыпсыз кіріссе, берген сабағынан да жөнді нәтиже шығара алмайтын болады [3]. Мұғалім «Кейбір оқушылар сабаққа зейін қоймағандықтан үлгермейді» дейтін болса, бұл алдымен оның сабақты дұрыс ұйымдастыра алмауының нәтижесі, өз жұмысындағы кемшілігі болып саналады.

Зейіннің (ырықты, ырықсыз) екі түрі бастауыш сынып жасында дамытуды қажет етеді, міне сондықтан мұғалімге көп еңбек етуге тура келеді. Зейін жаттығулар арқылы дамиды. Бастауыш сынып оқушыларының зейін ерекшеліктерін еске ала отырып, оны тәрбиелеудің кейбір жолдарын көрсетуге болады.

Зейінді дамытуда, әрі өтілетін сабақтың жемісті болуына сыртқы жағдайдың атқаратын маңызы зор. Оқушы еңбектенетін жерде, оның көңілін аударатын қоздырғыштардың (шу, баланың әзірлеп отырған сабағына қатынасы жоқ, баланы қызықтыратын қажетсіз әңгімелер) болмауы керек, қажетті гигиеналық шаралар сақталуы шарт (таза ауа, тиісті жарық).

Ырықсыз зейінді тәрбиелеу үшін, мектеп оқушысының танымдық ықыласын дамытып, оның түсіну шеберін ұлғайтқан жөн. Баланың ақыл-ойы өскен сайын, оның ырықсыз зейінінің дамуыда күшейе түседі. Мектепте келген балада мұғалімді тыңдау, оқу материалының үңілу сықылды зейінділік әдеті болмайды. Зейінді тәрбиелеудің бірден-бір жолы -мектепте оқудың алғашқы аптасындағы әңгімелер мен ертегілерді мұғалімнің оқып беруі. Сонымен қатар, бұл оқу мұғалімге оқушылардың қайсысының зейіні зор, қайсысынікі шамалы екендігіне құнды бақылау жасауға мүмкіндік береді. Балалардың зейін ерекшеліктерін білген мұғалімге олармен сабақ өткізу жеңіл болады.

Зейінді аударып, оны тарта білудің негізгі шарты сабақты жақсы ұйымдастыру болып табылады. Ол үшін мұғалім сабақтың жоспарын ойластырып, уақытты есептеп т.б.мұқият әзірленуі қажет. Сабаққа қажетті заттар өз орнында, рет-ретімен тұруы керек. Сабақ басталар кезде, қажетті құралдар болмай, соны іздестіріп, не ұмыт қалған сынып журналына, борға балаларды жұмсап т.б. әбігершілік жасау мектеп оқушысының зейінін қатты бөледі. Бұл олардың зейінін күні бұрын мұқият жинақтауға көмектеседі. Еңбектің, жұмыстың жалықтыратын, қиын жерлерінде оның маңыздылығын айтқан жөн, сонда ғана ырықты зейін туады.

Ырықсыз зейінді аудару үшін оқу материалының мазмұны және оның қандай формада берілуінің маңызы зор: мұғалімнің белгілі мөлшерде жарқын, эмоцияға толы,

нақтылы факторлармен мысалдарға құрылған қызықты әңгімесі, иллюстрациялар көрсету, көрнекі құралдарды пайдалану. Көрнекілік әсіресе бастауыш сыныптарда өте қажет. Ал бірақ, оны тым аса сілтеуге болмайды. Бала тек көз алдында заттар мен құралдар тұрғанда ғана зейін аударып қоймай, оның үнемі зейінді болу жағын қарастыру қажет. Бала өзінің ойы мен елесін қадағалай білуі керек. Бала үнемі көз алдында тұратын, таратылып берілетін нәрсені әрдайым санатып үйретудің қажеттігі шамалы. Толқудың пайда болуы, зейіннің аууы, тез шаршауы балаларға жиі дем алдырып, сондай-ақ сабақты әлсін-әлсін өзгертіп отыруды талап етеді. К.Д.Ушинский былай деп жазған: «Балаға жүр деп, мәжбүр етсең, ол тез шаршап қалады, секір, тұр, отыр десең де – ол бәрібір шаршайды; ол күні бойы осы әрекеттердің бәрін істеп, ойнақтап жүріп болдыру дегенді білмейді. Балалардың оқу жұмысында да осылар байқалады...». Ал, сабақтың түрін жиі алмастырудың қажеттігі жоқ. Егер ол онша ұзаққа созылмаса, баланың зейіні тұрақтылыққа тәрбиеленбейді. Сонымен қатар бір сабақтан екінші сабаққа ауысу кейбір қиындықтармен (атап айтқанда, зейінді жинақтауға бөгет жасайды) және уақытты жоғалтумен байланысты. Аз ғана (2-3 минуттық) демалыс, дене шынықтыру минуты сабақта балалардың зейінін өз қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Балалардың зейінін жұмылдыру үшін балалардың оқу жұмысын белсендіре түсу керек. Олар көбірек ойлай біліп, әрқайсысы шамасы келген істі өз бетінше істей білуі қажет. Адамның зейінділік күйіне тән нәрселер: сезімталдық, ойдың айқындығы, сезім кернеуі және ерік күшінің әсерімен істі ойдағыдай орындап шығуы үшін жан дүниесінің әсерлену шапшандығы. Мұндай жағдайда ырықты зейін басым болады [4]. Зейінділік күй – адамның мүдделі ісі мен қажетті нәрсеге қызығуының күшейюіне байланысты. Бұл жағдайда ырықсыз зейін басым болады.

Зейін күйінің тағы бір қыры – зейінсіздік немесе зейіннің шашырап байқалатын ерекшелік. Ауыр жұмыстан шаршау, терең ойға бату, қызықсыз істі орындау сияқты себептер кісі зейінін шашыратып оны аландауға ұшырытады. Соның салдарынан зейінсіздік туады.

Адамды мінез сипатына қарай зейінді, зейінсіз, алаңғасар деп қарастырамыз. Іс - әрекет кезінде зейіннің белгілі бір түрлері қосарланып зейінділікті тудырады. Еркі күшті, алдына қойған мақсаты айқын, соған жетуге талпынушы кісіге ырықты және үйреншікті зейін тән. Бұл жағдайда зейіннің ауысу шабандығы бөлінуінің нашарлығы сияқты кемшіліктер байқала қоймайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Тәжібаев Т. Жалпы психология. Оқу құралы.–Алматы: «Қазақ университеті»,1993. – 240 б.- Б.129
- 2 Эббингауз Г. Детская психология. М., 1990. – 231с.
- 3 Ушинский К.Д. Внимание школьника. – М., Просвещение, 1997.-195 с.
- 4 Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе.–А.:Қазақ университеті, 2007.

#### **ӘӨЖ-378.1**

### **ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ДЕТЕЙ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА**

**Имамбекова Г.С., Серикова Ж. Б.  
ТарГУ им. М.Х. Дулати.**

Девиантные проявления не являются уникальными и новыми, однако их исследование становится особенно актуальным в настоящее время. На данное время возросла численность подростков, для которых цель жизни сводится к достижению материального благополучия любой ценой. Труд и учеба утратили общественную ценность и значимость, стали носить прагматический характер - больше получать благ, привилегий и меньше работать и учиться. Для многих подростков характерна

ориентация на личное материальное благополучие, на действие по его обеспечению, на жизнь по принципу «как хочется», на самоутверждение любой ценой и любыми средствами. В этих случаях ими руководит не корысть и стремление удовлетворить свои потребности легким путем, а привлекает сам процесс достижения цели, участия ради компании.

Девиантное поведение подростков - распространенный феномен, сопровождающий процесс социализации и зрелости, который возрастает на протяжении подросткового периода и снижается после 18 лет. Девиантное поведение осознается не каждым подростком, возможность противостоять негативным влияниям окружения формируется у них уже после 18-летия.

В. Д. Менделевич определяет девиантное поведение как *«систему поступков, противоречащих принятым в обществе нормам, проявляющуюся в виде несбалансированных психических процессов, неадаптивности, нарушения процесса самоактуализации или в виде отклонения от нравственного или эстетического контроля за своим поведением»* [1, с.47].

Проблема девиантного поведения широко освещена в психологической и социологической литературе. Девиантное поведение в подростковом возрасте представляет собой сложное явление и изучается разными науками.

Исследованию девиантного поведения подростков посвящены философские работы и зарубежных ученых: психоаналитические теории З. Фрейда, К. Юнга, Э. Эриксона; теория социального научения А. Бандуры; конфликтологическая теория О. Тура; социально-психологический подход С. Линга, Р. Харре. Методологические основы изучения девиантного поведения представлены и в теориях российских ученых: девиантологии В.С. Афанасьева, Я.И. Гилинского, Б.М. Левина; современной социологии права В.П. Казимирчука, В.Н. Кудрявцева, Ю.В. Кудрявцева [1].

Социальные нормы являются одним из важнейших условий стабильного функционирования общественной системы. Формы поведения, которые противоречат сложившимся в обществе нормам, приводят к социальным отклонениям (девиациям).

Следовательно, исследуя девиантное поведение, необходимо рассмотреть и определить понятие социальной нормы.

Объективная социальная норма - это характеристика существующих явлений или процессов (актов поведения), поэтому установить ее наличие и содержание можно, проанализировав социальную действительность. Содержание социальных норм выводится из реального поведения индивидов и социальных групп. Именно здесь воспроизводятся социальные нормы, проявляя свое действие часто стихийно, не всегда получая отражение в сознании людей [2].

Первым в психологии ввел в употребление термин «девиантное поведение», который в настоящее время употребляется наравне с термином «отклоняющееся поведение», Я.И. Гилинский. Он пишет, что *"под отклоняющимся поведением понимается поступок, действие человека или социальное явление, выраженное в массовых формах человеческой деятельности, не соответствующих официально установленным или фактически сложившимся в данном обществе нормам (стандартам, шаблонам)"* [3].

Под девиантным поведением понимаются:

1) поступок, действия человека, не соответствующие официально установленным или фактически сложившимся в данном обществе нормам (стандартам, шаблонам);

2) социальное явление, выраженное в массовых формах человеческой деятельности, не соответствующих официально установленным или фактически сложившимся в данном обществе нормам (стандартам, шаблонам).

По критерию социальной направленности можно выделить негативные и позитивные формы девиантного поведения. К негативным относятся преступность,

алкоголизм, наркомания, самоубийства, терроризм, азартные игры и др. Позитивные формы связаны с творческой активностью индивида (гениальность, озарение, одаренность, феноменальность и др.) [4].

Важно делать акценты на гендерных различиях и индивидуальных особенностях подростков. Подростковый возраст занимает важную фазу в общем процессе становления человека как личности, когда в процессе построения нового характера, структуры и состава деятельности ребенка закладываются основы сознательного поведения, вырисовывается общая направленность в формировании нравственных представлений и социальных установок. Несостоятельными являются все те теории подросткового возраста, которые пытаются объяснить психологию подростка, исходя из каких-либо внешних по отношению к психическому развитию факторов. Ведь факторы и биологического, и социального порядка не определяют развитие прямо: они являются лишь компонентами сложной психологической мозаики процесса развития и становления личности [5].

В рамках гендерного подхода девиантным поведением могут считаться гиперролевое поведение, инверсия шаблонов гендерного стиля. Приоритетным направлением деятельности образовательных учреждений выступает своевременная профилактика гендерных девиаций в поведении учащихся [6].

В подростковом возрасте происходит самооценка со стороны гендерных особенностей. Анализ склонности к девиантному поведению показал, что юноши более склонны к преодолению норм и правил, агрессии, деликвентному поведению, не способны к волевому контролю эмоциональных реакций; девушки склонны к установке на социальные правила и аддиктивному поведению.

Уровень невротического состояния девочек выше, чем у мальчиков. Проведенные методики показали, что мальчики более склонны к физической агрессии, негативизму, раздражительности, обидчивости; девочки же, наоборот, к косвенной и вербальной агрессии, чувству вины. Расположенность к подозрительности в обеих группах испытуемых выражена в равной мере, у девочек чуть больше, чем у мальчиков. Индекс агрессивности и индекс враждебности для обеих групп испытуемых находится на одном уровне.

Агрессия – как позитивная, так и негативная – свойственная мальчикам, данное качество по исследованиям у группы девочек не выражено. Такие же результаты наблюдаются и по общему показателю конфликтности: мальчики более склонны к конфликтам, нежели девочки [7].

Основной задачей решения данной проблемы девиантного поведения подростков становятся превентивные меры по предупреждению девиации, профилактика и, при необходимости, психолого-педагогическая коррекция. Личность подрастающего человека формируется не в вакууме, не сама по себе, а в окружающей его среде, которая имеет решающее значение для его воспитания. Особенная роль при этом принадлежит малым группам, в которых подросток взаимодействует с другими. Это семья, одноклассники, неформальные группы общения.

Известный русский учёный-педагог В. П. Кащенко ещё в 30-х годах разработал классификацию методов коррекции. Он объединил их в две группы: педагогические и психотерапевтические.

Педагогические методы:

1) метод общественного влияния (коррекция активно-волевых дефектов, коррекция страхов, метод игнорирования, метод культуры здорового смеха, коррекция навязчивых мыслей и действий, коррекция бродяжничества, самокоррекция);

2) специальные или частнопедagogические методы (коррекция недостатков поведения, коррекция невротического состояния);

3) метод коррекции через труд;

4) метод коррекции путём рациональной организации школьного коллектива.

Психотерапевтические методы:

- 1) внушение и самовнушение;
- 2) гипноз;
- 3) метод убеждения;
- 4) психоанализ [8].

Лучшая профилактика девиантного поведения – это целенаправленное организуемое с четким определением средств, форм и методов воспитания воздействие. Причем предупредительные возможности воспитания намного эффективнее других средств сдерживания, так как меры правовой профилактики, как правило, несколько запаздывают и начинают действовать тогда, когда поступок уже совершен. Для того, чтобы “срабатывали” правовые меры предупреждения, они должны быть включены в сознание подростка, стать частью его убеждений, опыта.

Самыми распространенными методами борьбы с девиациями подростка часто являются различные санкции (замечания, выговор родителям, а нередко крик), что вызывает у многих детей чувство безнадежности и раздражения из-за того, что взрослые совершенно не хотят понять его и помочь, научить справляться с собой, контролировать себя. Задача педагогов и родителей состоит именно в том, чтобы установить доверительные отношения с “трудным” подростком и способствовать его развитию, а также создать благоприятные условия для его воспитания.

Окружающая социальная микросфера, психологический климат в семье, условия воспитания, взаимоотношения с родителями и педагогами - все это отражается на ребенке. Поэтому осторожное отношение к подросткам вселит уверенность в педагогах и родителях в том, что в перспективе вырастет хорошая смена активных и трудолюбивых людей.

#### **Список использованной литературы**

1. Андреева Г.М. Социальная психология. - М., 1997. – с. 47, 78
2. Социология. Основы общей теории: Учебник для вузов. //Отв. ред. Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичев. - М.: Норма, 2003. – с. 912
3. Гишинский Я.И. Социология девиантного поведения как социологическая теория. //Социс. - 1991.- № 4. - с. 72-78.
4. Змановская Е.В. Девиантология. - М.,2004. – с. 288
5. Девиантность и социальный контроль в России (XIX – XX вв.): Тенденции и социологическое осмысление. / Отв. Редактор Л.И. Гишинский. – СПб.: Алетейя, 2000. – с. 384
6. Берн Ш. Гендерная психология. СПб., 2001. – с. 115
7. Бендас Т.В. Гендерная психология.- СПб.: Питер, 2006. – с. 431
8. Кашенко В.П. Педагогическая коррекция: Исправление недостатков характера у детей и подростков: пособие для студ. сред. и высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – с. 304

#### **ӘӨЖ-159.9**

### **ЖАСТАР БОЙЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Исалиева М.**

**Шайқорық орта мектебі, Тараз қ.**

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2019 жылды «Жастар жылы» деп атады. «Біз Қазақстанның болашағы саналатын жастарды қолдауымыз керек. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясатының басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын, - деді Мемлекет басшысы [1]. Қазақстан халқына арналған

өз жолдауларында атап көрсеткендей, еліміз азаматтық қоғам құруға бет алуда, сонымен қатар еліміздің болашағы жастар мәселесі де бүгінгі таңда өзекті тақырып болып отыр. Осыған байланысты елдегі жастар саясатын тиімді жүзеге асыру мақсатында азаматтық қоғам институттарының өзара бірлестік, әріптестік мәселесі өз шешімін табуы қажет етеді.

Жастарға жүгіне отырып, негізгі басымдықтар ретінде келесілерді белгіледі: еліміздің болашағы жастар ретінде жас ұрпақты тәрбиелеу, жоғары білім деңгейі, ұлттың рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және мәдени дамуы, денсаулығы. Жастар мемлекеттің және қоғамның әлеуметтік құрылымындағы маңызды топ болып табылады. Қазіргі кезеңдегі ел дамуындағы ең өзекті мәселе – мемлекеттің жастарға деген жаңаша қарым-қатынасын қалыптастыру болып табылады.

Еліміздің жастар қауымы – мемлекеттің ең басты стратегиялық, әлеуметтік, электоральды ресурстарының бірі. Кез келген қоғамның жаңару мен даму болашағы біздің жастарымызға байланысты. Жастар жаңа ойлардың желісін жақсартуға бағытталумен үйлесетін болса айрықша әлеуметтік топ ретінде жігерлілік, белсенділік танытады.

«Біз, әдетте, жастар – еліміздің болашағы деген қағиданы жиі айтамыз. Әрине, ол қоғамның даму болашағы тұрғысынан дау туғызбайды. Ал шынтуайтқа келгенде, Қазақстанның бүгінгі өмір тіршілігінде, қоғамдық қатынастардың көптеген салаларында жастар қазірдің өзінде шешуші орын алып отырған аса қуатты әлеуметтік-демографиялық күш екеніне назар аударыла бермейді. Бүгінде елдің халқының 30 пайызына жуығын 15-29 арасындағы жастар құрайды», - дейді отандық саясаттанушы Н. Қалиев [2].

Жастар мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысушылардың бірі және қоғамның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жастар мемлекеттің проблемаларын өткір сезінетін және қабылдайтын топтардың бірі екенін біле отырып елемеу немесе оны жеткілікті деңгейде зерделеу жастардың саяси жоғары бағалауларды дұрыс түсінбеуіне әкеліп соқтырады. Ол өз кезегінде жастардың бүгіндей әлеуметтік топ және жеке алғанда индивид ретінде билік институттарының: биліктен, оның практикасынан, нақты бір тұлғалардан және мекемелерден, билікті көрсететін рәсімдерден жатсыну механизмін тудырады және қоғамның көңіл-күйі мен саяси жүйеге сенім деңгейінің маңызды индикаторы болып табылады.

Жастардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бірқатар мәселелерді, олардың өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындайды. Біріншіден жастардың өзін-өзі дамытуын және тұлғалық қасиетін белсендіру. Олар:

- қоғамдық ұйымдарды құруға деген ұмтылысы;
- өсіп келе жатқан ұрпақтың азаматтық ұстанымын, әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға деген қызығушылығы;
- қоғамда жастардың сапалық қасиеттерін (лидерлік, орындаушылық, бақылаушы ұйымдастырушылық, т.б.) қалыптастыру.

Екіншіден, жастардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды менгеруі; әлеуметтік ортада белсенділік қарым-қатынасы. Олар:

- Қазақстандық қоғамда рухани - адамгершілік, ұлттық мәдени құндылықтарды игеруі;
- қоғамдық қатынастарда құқықтық және әлеуметтік тұрғыда қайта құру.
- жастардың сапалық қасиеттерінің (лидерлік, орындаушылық, ұйымдастырушылық, т.б.) дамуы.

Үшіншіден, тұлғаның әлеуметтік ортада өзін-өзі еркін сезінуі; әр түрлі қоғамдық қатынастарда сапалық қасиеттердің көрініс беруі. Олар:

- кішілерді құрметтеу, үлкендерді сыйлау жоғары қасиеттердің тұлға бойында көрініс беруі;
- тәуелсіз Қазақстан қалыптасқан қоғамдық ұйымдардың бір-бірімен сабақтастықта, байланыста жұмыс істеуі;

- жаңашыл әлеуметтік және тәрбиелік технологиялардың әдістер мен тәсілдердің іс-тәжірибелерді пайдалана білуі;
- жас ұрпақтың құқықтық, мәдени моральдық-адамгершілік құзырлықтарының тұлғаның іс әрекетінде көрініс беруі.

Бұл өлшемдердің мазмұнында рухани адамгершілік қасиеттер жеке тұлғаның өмір сүру ортасындағы іскерлігін, белсенділігін, дағдысын қалыптастыруға бағытталады. Сондай-ақ, жастардың бойында қалыптасатын рухани-адамгершілік қасиеттерді оқу-тәрбие үрдісінде жүргізуге мүмкіндігі зор болып табылады.

Жалпы жастардың бойындағы негізгі рухани адамгершілік қасиеттеріне төмендегілер жатады:

- Бір сөзді
- Батыл
- Сабырлы
- Қайсар
- Бауырмал
- Рухы биік
- Төзімді
- Достыққа адал
- Отан алдындағы борышына жауапкершілікпен қарайды
- Шығармашылық бейімділігі жоғары
- Намысшыл
- Тез шешім қабылдай біледі.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі. Қылмыстың, нашакорлықтың өсуі тіркеліп өзекті проблемалардың бірі жастар ортасында суицидтердің өсуі де олардың бойында рухани-адамгершілік нормаларды қалыптасуында қажет етеді. Жастар өмірінде әлеуметтік желі қызметтері: блогтар, форумдар, мессенджерлер, әлеуметтік желілер әлі де үлкен рөл атқарады. Интернет жастар санасына әсер етудің анағұрлым тиімді құралдарының бірі ретінде маңызы өте жоғары артуда.

Жастардың білімді, білік-дағдыларды беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, адамгершілік идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу қажеттілігі туындып отыр.

Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын өзін-өзі тәрбиелеу жолдары арқылы қалыптастыру жұмысы ретінде білім беру мен тәрбиелеу жүйесіндегі адамгершілік көзқарастар, тұлғаның шығармашылық және кәсіби дербестігін дамыту туралы идеялар; отандық және шетелдік оқыту теориясындағы, педагогика мен психологияда ізгіліктік дәстүрлер мен ой-пікірлер, бүгінгі тәрбиенің адамға бағытталған әлеуметтік-психологиялық қырларын қарастырудың маңызы артып келеді. Адамзат жинақтаған тәжірибені келесі ұрпаққа беру мақсатында сақтай отырып, оқытуды ізгілендіру үрдісінде негізгі бағдарды жеке тұлғаның жалпыадамзаттың құндылыққа белсенділігін арттыруға, рухани-адамгершілік қуатын қалыптастыруға назар аударылуда. Ол қазақ ойшылдарының рухани адамгершілік құндылықтар пікірлері Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, т.б. құнды еңбектері мен қазақ халқының салт-дәстүрлері, мәдени мұралары.

Жастық шақ - адамың балалық шақтан есейген шаққа өту кезеңі, оның жеке көзқарасының нақты қалыптасуы, өмірлік құндылығының және бағыт бағдарының қалыптасуы кезеңі. Қазіргі жастар өміріндегі рухани қажеттіліктің орнын құрғақ сөздермен, не болмаса мәліметтермен айқындау мүмкін емес. Жастардың бойында адамгершілік-рухани қалыптасуы, олардың дербес өмірге дайындалуы қоғам мен мемлекеттің маңызды құрамын дамыту болып табылады. Өйткені, біріншіден олардың

– көпшілігінің мектепте және күнделікті тұрмыста бірге өмір сүруі – кез-келген үгіт-насихат жұмыстарының тиімді жүруіне әсер етеді. Екіншіден, әлеуметтік жағынан аз қамтылған бұл топты материалдық мүмкіндіктер арқылы қарама-қайшы «біздер – олар» принципіне тез үйіріп әкетуге болады.

Адамгершілік құндылықтар - бұл ұлттың рухани тәрбиесі. Рухани-адамгершілік тәрбие - адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет жастарды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді, патриоттық сезімін қалыптастырады. Егер жастарда адамгершілік қасиеттер болмаса немесе қалыптаспаса, ол өзін, отанын және өзгені сыйламайды.

Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Жастарды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс.

Жастардың бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттер қалыптастырмай, жастардың ізгілікті, рухани өркендеуіне қолдау болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. - Астана. 2018 жыл 5 қазан.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. Алматы: «Білім», 1999, 160 б.
3. Әділдинова Ж. Құндылықты бағдарлар – адамның мінез-құлқының психологиялық реттеушісі // Ұлағат №5 2004 ж

### **ӘӨЖ-316.6**

#### **ЖОБАЛАУ ӘДІСІ - ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ**

**Кожагельдиева У.А.**

**№8 Төлеби ат. орта мектеп мұғалімі. Тараз қ.**

Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталауда. Өйткені білім беру парадигмасы өзгерді, жаңаша көз-қарас білім беру саласының мазмұны жаңарып, жаңаша өзгерістер пайда болды. Жаһандану талабына сәйкестене алатын, әлеуметтік және рухани заңдылықты толық түсінетін «шығармашыл тұлға қалыптастыру» бүгінгі күн талабы. Ел Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауының жетінші тарауында: «Ұлттық интеллигенцияның рөлі туралы нақты тоқталып өткен [1]. Интеллигенция қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс»дей келе адами факторды, ондағы рухани заңдылықты дұрыс жүйелеп, іске асырылуды көздейді.

Баланы жас кезінен жан-жақты біліммен қаруландыруда, ізденіспен, шығармашылықпен жұмыс жасатуда және алған білімдерін өмірде пайдалана алуда жобалап оқыту әдісінің орны ерекше. Себебі, жобалап оқыту технологиясы бала лардың неғұрлым өз бетінше білім алып, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған.

Әрбір қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саналы дамуы сол қоғамдағы азаматтарының білімді, білікті, өз маманының шебері болуы тиіс. Барлық заттың бастамасы жақсы басталғаны дұрыс, ол алдағы болатын жұмысына, болашағына үлкен рөл атқарады.



Білім берудің жүйесін қайта құру жағдайында, бүгін де ұлттық мәдениетке, халықтық дәстүрге олардың тарихы мен даму жолдарына қайта оралып, өнер мен мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасап отыр [2]. Олай болса дәстүрлі мәдениетті, оның өзіндік әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін тұлғалық даму мен қалыптасуда тиімді пайдалана білу, жеке тұлғаның жан-жақты өсуіне, рухани адамгершілік мәдениетінің қалыптасуына, танымдық белсенділігінің, шығармашылық өнерінің дамуына мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді.

Тұлғаның белсенділігі оның практикалық іс-әрекеттегі шындықты тану мен қоршаған ортамен эмоциялық байланыс құрумен анықталады. Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту механизмдері белсенділік мәселесінің ерекше өзектілігін көрсетіп отыр. Танымдық белсенділіктің динамикалық тұлғалық сипаттамасы шығармашылықтың және оның негізгі көрсеткіштерінде көрінеді.

Белсенділік тұлғаның иеленген білімі, көзқарасы және түсініктерінің ойлау, эмоция, сөз және т.б. процестер арқылы көріну және өзгеру жүйесі болса, ал көркемдік ол әдемілік, көріктілік пен сымбаттылық. Мұның барлығы адамның өмірлік позициясындағы шығармашылық іс-әрекетінен көрінеді. Әр жеке адамға тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті, білімі мен тәрбиесі бар екенін ескере отырып, танымдық-көркемдік белсенділігін арттыру олардың жеке басылық қасиеттерін дамытып, шығармашылық қызығушылығын оятуға мүмкіндік жасау болып табылады. Ол қазіргі таңда педагогтардың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда қолданатын әдіс-тәсілдеріне байланысты болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Бұл тектен-тек емес, өйткені елбасы еліміздің дамуына, әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қоғамдастығына қарай жедел жылуымыз және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайтуымыз керектігін атап өткен.

Баланың тұлғалық қалыптасуы мен дамуы жайлы теория мен тәжірибе танымдық іс-әрекет пен белсенділіктің негізі болып табылады. Ол тұлғаның интеллектуалды дамуы мен шығармашылық қабілетінен көрінеді.

Қазіргі таңда ғылымда кеңес ғалымдарының еңбектерінен жоғары психикалық қызметтің пайда болуы мен танымдық іс-әрекет (Л.С. Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, О.К.Тихомиров), жаңа білімді қалыптастыру тәсілі және тұлғаның әлеуметтік әрекеттену факторы екендігін көреміз. Сонымен қатар, өз халқының тарихы мен ұлттық құндылықтарды пайдалану (М.М. Мұқанов, Қ.Бөлеев, С.Қалиев, Қ.Б. Жарықбаев, С.М.Жақыпов, С.Қ.Бердібаева) тұлғаның дамуы мен қалыптасуында маңызды орынды иеленіп, оны қолдануға деген қызығушылық артып келеді.

Баланы оқу мен тәрбие мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарты педагогикалық үрдісінің бағдарлануын, жобалануын және құрылуын болжайды. Білім беру ұйымдарында жобалау әдісі педагогтардың жобалау құзыреттілігін арттыру шарттарының бірі ретінде пайдаланылады. Жобалау әдісін пайдалану педагогтарға инновациялық идеялар қосуға мүмкіншілік жасайды.

Жобалау әдісі – бұл білім беруді ұйымдастырудың жаңа технологиясының бірі, бұл әдіс арқылы балалардың танымдық қызметі таңдалып алынған дайын ақпарат арқылы емес, өздерінің қызығып таңдаған ақпаратының ізденісін дамыту арқылы жүзеге асады. Жобалау қызметі – бұл әртүрлі, анықталған мақсатқа жету үшін ықпалдасқан қызмет.

Жобалаудың мәселені шешуден айырмашылығы, оның қорытындысы бойынша бала қызметінің нәтижесі және оның ары қарай қолданылуы шамаланады. Мектеп жасына дейінгі оқу мен тәрбие мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарты педагогикалық үрдісінің бағдарлануын, жобалануын және құрылуын болжайды. Білім беру ұйымдарында жобалау әдісі педагогтардың жобалау

кұзыреттілігін арттыру шарттарының бірі ретінде пайдаланылады. Жобалау әдісін пайдалану педагогтарға инновациялық идеялар қосуға мүмкіншілік жасайды.

Жобалау әдісі өткен ғасырдың басында АҚШ-та пайда болған. Бұл әдіс сондай-ақ проблемді деп те аталған және ол американдық философ-педагог Дж.Дьюи және оның ізбасарлары У.Хилпатрик ұсынған философия және тәлім жүйесіндегі гуманистік бағыт идеяларына сабақтаса келеді. Дж. Дьюи тәлім, білім үйретуді баланың қызығуына сәйкес белсенділік негізінде, нақты мақсатты көздеген іс-әрекет арқылы ұйымдастыруды ұсынды, осылай болған да ғана нақты өмір, тұрмыстан туындаған проблема бала үшін таныс әрі маңызды келіп, игерген білімін оны шешуге пайдалану қажеттігі өріс алады.

Жобалық іс-әрекеттерді пайдалану оқу мен тәрбие саласында көптеген тапсырмаларды шешеді. Мектеп баласын орындаушы емес, іскер етіп тәрбиелеу мүмкіншілігін береді. Әр бала өзіне ұнайтын іс-әрекет жасай отырып, әр бала өзін шығармашылық тұлға етіп көрсете алады. Сонымен бірге жобалық іс-әрекет мектепте зерттеушілікпен зор қиылысады, өйткені балалар тумасынан зерттеушілер, олар шаршамайды, тырысады, аңғарғыш және әуес. Тек осы мүмкіншіліктерін жобалық іс-әрекетте қажет арнайы икемге пайдалану керек.

Жобада тәрбиеші қызметінің сипаты: тәрбиеші баланың серіктесі әрі оның өзін-өзі дамытудағы көмекшісі болып табылады. Тәрбиеші жобаның негізгі жетекшісі, әрі мәселені шешудегі баламалар тобы мен жеке баламалардың жігер үйлестірушісі. Тәрбиеші жоба кезінде сырттай бақылайды, кеңесші әрі сарапшысы бола отырып, аз айтып балалармен көп ізденеді. Ақпарат көздерін тауып, ұсыныстар жасап отырады және жасалған жұмыстардың нәтижелерін бағдарлай біледі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы.
2. Голуб Г.Б., Чуракова О.В. Метод проектов как технология формирования ключевых компетентностей учащихся. – Самара, 2003.
3. Веселкова Н.В., Прямикова Е.В. Социальная компетентность взросления. Екатеринбург. Изд-во Уральского гос. ун-та. 2005.
4. Социально-ориентированные технологии в образовательной практике школы (опыт разработки и реализации)/Составитель ГорбачЛ.В. – Пермь, Гимназия №10, 2007.
5. Матюшкин А.М., Сиск Д.А. Одаренные и талантливые дети. // Вопросы психологии. 1988. №4 с.88-98.

#### **ӘӨЖ-378.015**

### **РАБОТА ПМПК ПО ВНЕДРЕНИЮ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Медетбекова А.С.**

**Заведующая областной психолого-медико-педагогической консультации(ПМПК)  
Управления образования Жамбылской области**

В последнее время очень много говорится о проблемах воспитания и обучения детей с особыми образовательными потребностями на ТВ и в СМИ обсуждаются вопросы инклюзивного образования, создание безбарьерной среды.

Современное общество не может считаться полноценным, если в отношении какой-либо группы людей существует дискриминация. Инклюзивное образование является важнейшим ресурсом согласованного развития личности и общества, решающим фактором интеграции РК в европейское образовательное пространство. От того, как в социуме воспринимается человек с ОВ, как он вписывается в общество, и какое место в нем занимает, зависит и духовное состояние и здоровье самого общества.

Под инклюзивным образованием понимается система и процесс вовлечения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательные школы и детские сады и создания для них условий на получение качественного образования. **Инклюзивное (включающее) образование** дает возможность всем учащимся в полном объеме участвовать в жизни коллектива детского сада, школы, института, в дошкольной и школьной жизни.

**Инклюзивное образование** обладает ресурсами, направленными на стимуляцию равноправия обучающихся и их участия во всех аспектах жизни коллектива. Значительная роль в создании системы инклюзивного образования принадлежит психолого-медико-педагогическим консультациям, которые являются начальным и связующим звеном между организациями общего и специального образования по включению детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. В Государственной программе определены два направления развития инклюзивного образования в стране, в реализации которых активное участие в Жамбылской области принимают областная, городская и 4 районные психолого-медико-педагогические консультации (ПМПК).

*Первое направление* — это выявление нарушений психофизического развития у детей и организация коррекционно-педагогической работы на максимально раннем этапе (в возрасте от 0 до 3-х).

Своевременное оказание необходимой помощи в раннем и дошкольном возрасте позволяет значительно преодолеть нарушения в развитии ребенка и подготовить его к обучению в общеобразовательной школе. Оказание ранней коррекционно-педагогической помощи позволяет к школьному возрасту сократить количество детей с ОВ на 30-40%.

ПМПК принадлежит ведущая роль в своевременном выявлении детей с проблемами в развитии и направлении их в организации образования для получения ранней коррекционно-педагогической помощи. В настоящее время благодаря улучшению взаимодействия работы ПМПК с организациями здравоохранения значительно повысились показатели выявления детей раннего и дошкольного возраста.

Второе направление - включение детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс путем создания для них безбарьерной среды, вариативных условий обучения и воспитания с учетом их психофизических особенностей. Для этого необходимо:

- 1) создание безбарьерной доступной среды для интеграции детей, включая подвоз детей в школу;
- 2) обеспечение вспомогательными и компенсаторными техническими средствами обучения детей с ОВ;
- 3) учебно-методическое обеспечение;
- 4) кадровое обеспечение;

Без проведения этих мероприятий невозможно создание системы инклюзивного образования, которая действительно обеспечит права детей с ограниченными возможностями на получение качественного образования.

ПМПК представляют собой ядро диагностико-консультативной службы, которая состоит из двух уровней: комплексной, углубленной диагностики психического развития в ПМПК.

Современный педагогический подход к детям с ограниченными возможностями основывается на положении о том, что о недостатке, отклонении в развитии можно говорить только в том случае, если возникает несоответствие возможностей данного ребенка общепринятым социальным ожиданиям, образовательным нормативам, установленным в обществе нормам поведения и общения, т.е. когда на лицо ограничение социальных возможностей.

Ограничение возможностей участия ребенка с отклонениями в развитии в традиционном образовательном процессе вызывает у него особые потребности в специализированной медицинской, психолого-педагогической помощи и социальной помощи и создания для этого специальных условий, позволяющей преодолевать эти ограничения, затруднения. Основная деятельность ПМПК должна быть направлена на реализацию концепции социальной реабилитации детей с проблемами в развитии. Реализация такого подхода означает, что отбор детей в специальные организации образования, т.е. то, что традиционно по наследству от МПК считается главной деятельностью ПМПК, является лишь частной, не главной задачей консультации, лишь одним из этапов в программе социальной реабилитации ребенка.

Главной целью ПМПК является установление (подтверждение) или исключение необходимости (права) ребенка на социальную реабилитацию в связи с выявлением у него ограничений жизнедеятельности и препятствий к социальной адаптации. Достижение этой цели осуществляется через решение следующих задач:

1. Психолого-медико-педагогическое обследование детей и подростков от 0 до 18 с целью выявления особенностей их развития, установления диагноза и определения адекватных условий лечения, обучения и воспитания.

2. Индивидуальное медицинское и возрастное-психологическое консультирование детей с любыми проблемами в развитии с целью их решения и предупреждения отклонений в психическом развитии.

3. Определение специальных индивидуальных потребностей ребенка и установление его прав на получение медицинских, специальных образовательных, специальных социальных услуг.

3. Составление комплексной программы реабилитации ребенка и разработка индивидуального образовательного маршрута. Сюда входит:

- образовательные услуги (определение типа, вида и форм коррекционно-развивающего обучения и воспитания);

- социальные услуги (пособия и льготы, вспомогательные технические средства и среда жизнедеятельности, обслуживание на дому и т.д.);

- медицинские услуги (необходимость в обследовании и лечении у различных специалистов, в стационаров и т.д.)

- финансовая, юридическая, социально- психологическая помощь семье.

3. Консультирование, обучение и включение родителей в коррекционно-педагогический процесс.

4. Оказание консультивно- методической помощи в обучении и воспитании детей с ОВ педагогам, воспитателям и другим специалистам дошкольных организаций.

5. Мониторинг психического развития и постоянное медико-социально-психолого-педагогическое сопровождение детей с ОВ.

Таким образом вы видите, что вокруг ПМПК закручивается вся система социальной и медико-педагогической поддержки, она является координационным центром между организациями здравоохранения, образования и социальной защиты. Психолого-медико-педагогические консультации являются начальным звеном системы специального образования.

Другими словами, на областные, городские и районные ПМПК, государством возложена миссия охраны и контроля психофизического здоровья подрастающего поколения Республики Казахстан. Я, намеренно не говорю о других задачах ПМПК, таких как стаучет и т.д., потому что, акцентирую ваше внимание на индивидуально-личностном ориентировании диагностико-консультативной работы. Это означает что основная деятельность ПМПК направлена не на комплектование (выполнение плана по набору детей), а максимально полное решение личных проблем конкретного ребенка. Почему это принципиально важно вы поймете когда мы будем говорить о проблеме диагностике нарушений в развитии.

В настоящее время сохраняется ведущий принцип деятельности ПМПК – обслуживание системы специального образования по комплектованию школ и детских садов. Все дети с ограниченными возможностями в развитии нуждаются в обогащении опыта социального и учебного взаимодействия со своими нормально развивающимися сверстниками, но каждому ребенку необходимо подобрать доступную и полезную для его развития модель интегрированного обучения, сохранив во всех случаях необходимую психолого-педагогическую помощь.

Неоднородность состава учащихся по уровню их психического развития сегодня заметно усиливается. В общеобразовательные школы стремительно вливается поток детей с особыми образовательными потребностями. Сегодня любой класс или школа могут оказаться интегративными, так как наряду со всеми здесь могут оказаться именно такие дети. Совместно со здоровыми нормально развивающимися школьниками обучаются дети с ограниченными возможностями развития. Поэтому не менее значимо развитие интеграции для нормально развивающихся детей, поскольку эта форма организации обучения позволяет целенаправленно готовить их к безусловному принятию человека с особыми социальными и образовательными потребностями, формировать толерантное отношение к детям с ограниченными возможностями, закладывать культурную норму формирующегося гражданского общества – уважения к различиям между людьми. Со стороны нормально развивающихся детей возможны проявления негативного отношения к ребенку, имеющему ограниченные функциональные возможности (насмешки т.п.), т.е. неприятие другого только за то, что он выглядит, думает, поступает иначе.

Актуальность этой проблемы возрастает при совместном воспитании и обучении детей с нормальным и нарушенным развитием. Поэтому для успешного осуществления интегрированного воспитания и обучения необходимо формирование у детей с разными функциональными возможностями умения строить взаимодействия на основе сотрудничества и взаимопонимания, готовности принять других людей, их особенности такими, какие они есть.

Существует необходимость открытия миницентров, логопедических пунктов при общеобразовательных школах, а также специальных групп в детских садах для детей с нарушением слуха, зрения, опорно-двигательного аппарата, с синдромом Дауна, с нарушением интеллекта и с расстройствами аутистического спектра (РАС). Нужно отметить, что на сегодняшний день в РК не налажена помощь детям с расстройствами аутистического спектра. Эти дети нуждаются в ранней диагностике, в нахождении методов лечения, в тьюторстве, в социализации, в специализированных образовательных проектах, в инклюзии.

Имеется потребность оснащения материально-технической базы общеобразовательных школ для инклюзивного обучения детей с ограниченными возможностями тифлооборудованием, сурдооборудованием, пандусами, а также дополнительных штатов для специальных педагогов.

Ряд мероприятий, таких как создание безбарьерной среды в учреждениях основного образования, подготовка педагогических кадров для работы в инклюзивной школе, разработка соответствующего учебно-методического обеспечения, развитие разных форм сотрудничества детей-инвалидов и обычных сверстников, формирование толерантного отношения социума к лицам с особенностями психофизического развития, являются важными показателями не только реализации Государственной программы, но и нашего движения к инклюзивной школе.

Актуальность ее создания обусловлена тем, что в настоящее время в массовых ДОУ отмечается катастрофически большое число неблагополучных в психофизическом развитии детей с различными отклонениями и специальные дошкольные учреждения не в состоянии охватить всех нуждающихся дошкольников с ограниченными возможностями.

С целью обеспечения педагогов общеобразовательных дошкольных и школьных учреждений, работающих с данной категорией детей методической поддержкой ПМПК консультациями области проводились семинары с психолого-педагогической, медицинской направленностью, по дифференциации основных заболеваний от сходных состояний, а так же по ознакомлению с отечественным и зарубежным опытом интегрированного и инклюзивного образования.

Регулярно осуществляется мониторинг промежуточных результатов развития, состояния здоровья детей, позволяющий своевременно выявлять возникающие проблемы и находить их решения. Обследование в ПМПК - один из важных этапов, так как проводится с целью выявления потребностей ребенка и составления заключения, направления в организацию образования и рекомендации форм организации обучения ребенка с ограниченными возможностями: в классе интегрированного обучения, специальном или обычном классе. На этом этапе междисциплинарной командой специалистов осуществляется диагностическая работа для определения образовательных потребностей. От правильности диагноза зависит результативность всего процесса включения ребенка с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс.

Таким образом, ПМПК можно рассматривать как необходимую ступень в реализации технологии диагностирования, оказания помощи и поддержки детям с ОВ в реализации образовательной интеграции. Специалистам ПМПК отводится ведущая роль в проведении дифференциальной диагностики с учетом соблюдения принципов и условий, способствующих получению качественно-количественных данных по детям, что, в свою очередь, позволяет определить дальнейшие адекватные условия обучения и воспитания ребенка в образовательном учреждении, семье, его социализацию и интеграцию в обществе.

#### **Список использованной литературы**

1. Инклюзивное образование: состояние, проблемы, перспективы. – Минск: «Четыре четверти», 2015.
2. Психолого-медико-педагогическая консультация: методические рекомендации / Л.М. Шипицына [и др.]. – СПб.: Институт специальной педагогики и психологии им. Р. Валленберга, 2016. – 202 с.
3. Развитие инклюзивного образования: сборник материалов / сост. Ю.Б. Симонова, С.А. Прушинский. – М.: Региональная общественная организация Перспектива. – М.: 2015. – 48 с.
4. Материалы Республиканского совещания «Роль психолого-медико-педагогических консультаций в развитии инклюзивного образования в Республике Казахстан». – г. Астана, 2012 г.
5. «Актуальные проблемы интегрированного обучения» //Материалы Международной научно-практической конференции по проблемам интегрированного обучения лиц с ограниченными возможностями здоровья (с особыми образовательными потребностями). – М.: Права человека, 2016.

#### **ӘӨЖ-159.9**

### **ПЕДАГОГТЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ШЕБЕРЛІГІ**

**Молшылықова Ә.Б.  
Шайқорық орта мектебі, Тараз қ.**

Білім беруді ақпараттық технология жаңалықтарымен толықтырып отыру, елімізде білім беру сапасын арттырудың басты бағыттарының бірі. Өсер елдің әуелгі ойлайтыны - өз ұрпағының жай-күйі болмақ. Ендеше, ертенгі болашағымыздың тағдыры жас ұрпақтың бүгінгі тәрбиесіне байланысты екендігі айтпаса да түсінікті.

Жан-жақты білім алған, парасатты, саналы азаматты тәрбиелеп шығару, олардың жан дүниесін әлемдік өркениетке сай рухани қазыналармен байыту, халықтық педагогика дәстүрлерінің озық өнегелерін ой-санасына орнықтыру - бүкіл ел жұрт, ауыл-аймақ, отбасы, қоғамдық мекемелер болып бірлесе атқаратын аса жауапты міндет екені де айқын. Ал, баланы дамыту - ұзақ жылдарға созылатын, инемен құдық қазғандай, бейнеті ауыр еңбек екенін ескерсек, бұл орайда, оның алғашқы іс-әрекетінің түрі – ойын екені сөзсіз..

Қазіргі заманғы адам әр түрлі іс-әрекеттермен шұғылданады. Іс-әрекеттің барлық түрін классификациялау мүмкін емес, өйткені адам іс-әрекетінің барлық түрін сипаттау үшін адам қажеттіліктерінің барлығын атап өту керек, ал адам қажеттіліктерінің саны өте үлкен. Мұның себебі адамның индивидуалдық ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Баланың қабылдаған заттарын талдау және саралау мүмкіндіктері онда заттардың жееклеген тікелей қасиеттерін аңғару мен айырудан гөрі күрделелеу қызмет түрінің қалыптасуымен байланысты. Бақылау деп аталатын бұл қызмет түрі мектептегі оқу процесі кезінде ерекше жедел қалыптасады. Сабақтардың үстінде оқушы қандай да бір пәннің және құралдың қабылдау міндеттерін алып, ал одан кейін өзі де кең түрде тұжырымдайды. Осының арқасында қабылдау мақсатқа бағытталады. Мұғалім мен құбылыстарды көру немесе есту әдістерін (олардың қасиеттерін анықтау тәртібін, қол мен көздің қимыл бағыттарын және т.б.) , бекітілген қасиеттерді жазу құралдарын балаларға үнемі көрсетіп отырады.

Мұғалім түрлі әдістерді қолданғанда ғана көздеген мақсатына жете алады. Оқу жұмысының жемісті болуы – балада білімге деген қызығушылықтың нәтижесі болып табылады. Қызығуды туғызатын 3 маңызды процесі атап көрсеткен пайдалы:

1. Оқу материалының мазмұны (ондағы жаңалықтар) қазіргі ғылым мен техникадағы жаңа табыстар оның практика үшін пайдасы.

2. Оқудың әдістері мен формалары. Мысалы: оқытудың проблемалық сипаты, оқушылардың шығармашылық және практикалық жұмыстарды өздігінен орындау, көрнекі құралдар мен техникалық құралдар т.б.

3. Мұғалім мен оқушылар арасында қарым-қатынастың ерекшеліктері: мысалы, сабақта мұғалім мен оқушылар арасында үйлесімді педагогикалық қарым-қатынастың болуы, мұғалімнің көңіл күйі, ақ жарқын болуы, оқушылардың бір-біріне көмек беруі, өзара ойын-жарыс ұйымдастыру.

Оқу әрекетінің негізгі себебі танымдық қызығушылық болып табылады. Үйлесімділік идеясы әдісте оның ұтымды және жеке, ақпараттық және проблемалық, түсіндірме және ізденгіштік сияқты әдістерін үйлестіруді талап етеді [1].

Қазіргі күні білім беру оқу орындарында көптеген нұсқауларды және жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануда. Бірақ, кеңінен қолданылатын технологиялар өзінің жүйелілігін, сонымен қатар ұйымдастырып, топтастыруын қажет етеді. Осы мәселені орыс зерттеушілері А.Я.Савильев, В.М.Максимова, Г.К.Селевко т.б. қарастырған.

В.М. Максимова төмендегідей топтастыруды ұсынған:

1. Құрамды - логикалық технология;
2. Интеграциялық технология - әр түрлі пәндік білімнің интеграциясы;
3. Ойын технологиясы - дидактикалық ойындар;
4. Тренингтік технология;
5. Ақпаратты компьютер технологиясы;
6. Диалогтік технология.

Қазіргі уақытта бұл ұйымдастыру, бұрынғы кезге қарағанда детальдандырылған, кеңейтілген және жүйелілігі басым. Жоғары оқу орнындағы жаңа педагогикалық технологияның жүйесін қалыптастыру бұл оқытушымен білімгердің белсенді іс-әрекетіне және олардың ұйымдастыру қабілетіне байланысты.

Бірақ іс-әрекеттің негізгі түрлерін жалпылап айыруға болады. Олар барлық адамға тән жалпы қажеттіліктерге сәйкес келеді. Ол адамның индивидуалды ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Іс-әрекеттің түрлеріне: *ойын, оқу және еңбек* жатады [2].

Ойын – адам іс-әрекетінің ерекше түрі. Ойынның нәтижесінде материалдық немесе идеалдық өнім шығару көзделмейді. Көбінесе, ойын-сауық бәсеңдік, демалу мақсатын көздейді. Ойынның бірнеше түрлері бар: индивидуалды, топтық, заттық, сюжеттік, рөлдік және ережесі бар ойындар.

- Индивидуалды ойын, бір адамның қатысуымен жүретін адам іс-әрекетінің түрі.
- Топтық ойын бірнеше индивидтың қатысуымен жүреді.
- Заттық ойын заттардың қатысуымен байланысты болады.
- Сюжеттік ойын белгілі сценарий бойынша жүреді.
- Рөлдік ойындар белгілі рөлмен шектелген әрекет-терге негізделеді.
- Ережесі бар ойындар ойынға қатысушылар белгілі ережелер жүйесімен реттеледі.

Сонымен қатар ойынның араласқан түрлері де болады: заттық-рөлдік, сюжеттік-рөлдік, ережесі бар сюжеттік ойындар, т.б. Ойын барысында пайда болатын қарым-қатынас әдетте жасанды сипатта болады. Жасанды дегеніміз айналадағылар оны шынайы қабылдамайды және адам туралы қорытынды жасауға негіз бола алмайды. Ойындық жүріс-тұрыс пен ойындық қарым-қатынас адамдардың шынайы қарым-қатынасына әсерін тигізбейді. Дегенмен, ойынның адам өмірінде маңызы зор. Балалар үшін ойын даму сипатымен ерекшеленеді. Үлкен адамдарда ойын жетекші іс-әрекет болып табылмайды, тек қарым-қатынас пен бәсеңдік қызметін атқарады.

Жаңа ортаға, оқу үрдісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді. Ал, Ю.К.Бабанский ойынды бастауыш сынып оқушыларының барлық әрекеттерін ынталандырудың түрлері мен әдіс түрлерінде ұсынады [3].

Іс-әрекеттің тағы бір түрі – *оқу*. Оқу адамның білім, икем мен дағды алу мақсатын көздейтін іс-әрекеттің түрі болып саналады. Оқу ұйымдастырылған түрде және арнайы мекемелерде іске асуы мүмкін. Ол ұйымдастырылмаған да болуы мүмкін. Үлкен адамдарда оқу өзін-өзі жетілдіру сипатында болуы ықтимал. Оқу әрекетінің ерекшелігі – оқу тікелей индивидтің психологиялық дамуының қызметін атқарады.

Оқу процесіндегі ойын арқылы оқыту технологиясының орны мен ролін анықтау, ойын мен оқу элементтерін үйлестіре білу көбінесе мұғалімнің ойынның атқаратын қызметі мен жіктелуін түсінуіне тікелей байланысты.

Алғашқы кезекте ойындар дене (қозғалмалы) және интеллектуалды (ақыл-ой), еңбек, әлеуметтік және психологиялық болып жіктеледі, ал педагогикалық процесс сипатына қарай ойындар төмендегіше топтарға бөлінеді:

- үйретуші, дайындаушы, бақылаушы және жалпылаушы;
- танымдық, тәрбиелік, дамытушылық;
- репродуктивтік, продуктивтік, шығармашылық;
- коммуникативтік, диагностикалық, кәсіпке бағдарлаушы, психологиялық-техникалық және басқалар.

Ойын арқылы оқыту технологиясының ерекшеліктері:

- ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді;
- дидактикалық, тәрбилеу, дамыту, әлеуметтендіру мақсаттарды көздейді;
- пәндік, сюжеттік, рольдік, іскерлік, драмалық, еліктеушілік әдістерді пайдаланады;
- оқушылардың шығармашылығын қалыптастыруды көздейді.

В.Ф. Шаталов ұсынған оқу процесінің технологиялық кестесін кезеңдерге бөлген:

1 кезең: сабақ өтуге қажетті іріктеліп алынған параграфтарды мұғалімнің жан-жақты әрі бейнелі эмоционалдық тұрғыда түсіндіруі.

2 кезең: тірек конспектісі бойынша оқу материалдарын қысқаша түсіндіру.



3 кезең: тірек белгілерін оқып-үйрену, олар әр оқушыға үлестіріліп беріледі, шәкірттер белгілердің өздерінің альбомдарына желімдейді.

4 кезең: үй жағдайында оқулықпен және тірек белгілері парағымен жұмыс істеу.

5 кезең: келесі сабақта тірек белгілерін жазба түрінде көрсету.

6 кезең: тірек белгілері бойынша жауап беру.

7-кезең: бұрын өтілген материалды ұдайы қайталау және тереңдете оқыту.

Жаңа ортаға, оқу үрдісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді. Ал, Ю.К.Бабанский ойынды бастауыш сынып оқушыларының барлық әрекеттерін ынталандырудың түрлері мен әдіс түрлерінде ұсынады [3].

Іс-әрекеттің тағы бір түрі – *оқу*. Оқу адамның білім, икем мен дағды алу мақсатын көздейтін іс-әрекеттің түрі болып саналады. Оқу ұйымдастырылған түрде және арнайы мекемелерде іске асуы мүмкін. Ол ұйымдастырылмаған да болуы мүмкін. Үлкен адамдарда оқу өзін-өзі жетілдіру сипатында болуы ықтимал. Оқу әрекетінің ерекшелігі – оқу тікелей индивидтің психологиялық дамуының қызметін атқарады.

Оқыту процесінде әдістер өте көп, әрі алуан түрлі және олар ескірмейді. Шебер мұғалім кез келген әдісті заманға сай түрлендіріп, сабақты тиімді қолданып, оқушылардың қызығушылығын арттыра алады. Ал әдістің тиімді қолданылуы шет тілі мұғалімінің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін, коммуникативті компетенттілігін талап етеді.

Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқада жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, оқушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, мұғалім мен оқушының іс әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

ИОТ-сын қолданатын оқыту процесінің құрылымында мына кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

Бағыттау. Ойынға қатысушылар мен эксперттерді дайындау кезеңі. Мұғалім жұмыс тәртібін ұсынады, оқушылармен бірге сабақтың басты мақсаты мен тапсырмаларын жасайды, оқу проблемасын құрастырады.

Ойын-сабақты өткізуге дайындық. Бұл ситуация, нұсқаулар, қойылымдар мен басқа да материалдарды оқыту кезеңі. Мұғалім сценарий жасайды, ойын тапсырмаларына, ережесіне, ролдерге, ойын бөлімдеріне, ұпай санау тәртібіне (ойын таблосы құрылады) тоқталады. Оқушылар қосымша ақпарат жинайды, мұғаліммен ақылдасады, ойын барысы және мазмұны туралы өзара талқылайды.

Ойынды өткізу. Бұл кезеңде ойын процесінің өзі жүзеге асады. Ойын басталғаннан кейін ешкімнің оған араласуға және бағытын өзгертуге қақысы жоқ. Тек жүргізуші ғана қатысушының әрекетін бағыттап отырады, егер ол бастапқы мақсаттан ауытқып бара жатса. Мұғалім ойынды бастағаннан кейін, аса қажет болмаса оған қатынаспауы керек. Бұл жерде мұғалімнің міндеті; ойын әрекеттерін, нәтижелерін, ұпай санауды бақылау және түсініспеушілік болған жағдайда түсіндіру, оқушылардың сұрағына жауап беру немесе өтініш бойынша оның жұмысына көмектесу.

Ойынды талқылау. Ойын нәтижесін талдау, талқылау және бағалау кезеңі. Мұғалім талқылау жүргізеді, оның барысында эксперттер сөйлейді, қатысушылар өз пікірлерін айтады, өз позицияларын және шешімдерін қорғайды, қорытынды жасайды, таңғалыстарын айтады, ойын барысында туындаған қиындықтары, идеясы туралы әңгімелейді.

Адам психикасының дамуында іс-әрекеттің шешуші орнымен қатар, сананың күрделене түсуіне ықпал жасайды. Мұны С.М.Жақыповтың пікірінше бірлескен іс-әрекет-жалпы мақсаттың болуы, ал жалпы мақсат – бірлескен іс-әрекеттің жүйе құраушы факторы [4]. Өзінің құрылым жасаушы функцияларының арқасында қарым-қатынас жүйе құраушы факторы бола алатындығын көрсетеді. Бұл балалардың ойыны бірлескен іс-әрекет жемісі болып табылады.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыпқа сай әртүрлі жағдайда көрнекіліктерді пайдаланып, сабақты ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Ойын технологиясы - оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Ойын мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарына сергек қарап, сабақ барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Ойын - балалардың психологиялық ерекшеліктеріне жауап береді, балалар заттардың пішіні, дыбысы, бояуы арқылы ойлайды, түрлі рольдерде өздері ойнайды [5]. Оқыту процесінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі ойында көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді.

Сонымен, ойынның оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді терең оқуда, берік есте сақтауда алатын орыны ерекше.

Халық жасаған мұралар сан алуан. Солардың бірі - ұлт ойындары. Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтіретін тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Ұлт ойындарын отбасы тәрбиесінен бастап мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында қосымша материал үшін, баланың сол пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалануға болады [5].

Біздің, әсіресе ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктері мол екеніне көзіміз жетті. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі ұрпаққа мирас етіп кеткен. Солардың бірі - ұлт ойындары. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, оның таным-түсінігін де арттырады. Ойнай білген бала сол халықтың мінез құлқынан, ой санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады. Ұлт ойындары - халық педагогикасының негізгі бір саласы ретінде оқушыларға жан-жақты білім беруде, олардың өмір тәжірибелерін кеңейтуде, дүниені танып білу қабілеттерін жетілдіруде аса қажетті тәрбие құралдары. Ұлт ойындарын отбасы тәрбиесінен бастап мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында, үзілісте де, бос уақыттарда өткізілетін ертеңгіліктер мен кештерде дидактикалық, қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

Мұғалім балалардың ойын үстінде әр алуан сезімдер мен эмоциялық күйге бөленетінін (қуану, ренжу, мақтан ету, риза болу, қызғану, ренжу) және бүкіл сезімдердің ойындағы ұтысқа немесе ұтылысқа, көмек көрсетуге не көмек алуға байланысты болатынын есте ұстауы қажет. Әдетте ойын үстінде команда мүшелері арасындағы қарым-қатынастар қалыпқа келеді: жеке табыстар кейінгі тұсқа ысырылады, талас-тартыс ұсынылады, бәрі де ортақ мүдде туралы ойлай бастайды. Дегенмен ойын барысында қарым-қатынастың жағымсыз жағы да туындауы мүмкін. Мұғалімнің міндеті - ойын барысында балалар арасында адамгершілік қарым-қатынастарды талдап, зерттеу, оны тиімді әдістермен басқару, балалардың достығын қолдау.

Қорыта келе, жан-жақты білім алған, парасатты, саналы азаматты тәрбиелеп шығару, олардың жан дүниесін әлемдік өркениетке сай рухани қазыналармен байыту, халықтық педагогика дәстүрлерінің озық өнегелерін ой-санасына орнықтыру - бүкіл ел жұрт, ауыл-аймақ, отбасы, қоғамдық мекемелер болып бірлесе атқаратын аса жауапты міндет екені де айқын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. - М.: Логос.- А., 2005. – 453 б.
2. Кутеев Е. В. Игра как средство формирования элементов воспитания. – М.: Просвещение, 1990.
3. Бабанский Ю.К., Гоноволлин Ф.Н. Внимание и его воспитание. М.: Педагогика, 1998.
4. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе: Оқу құралы.- Алматы: Қазак университеті, 2007. – 230 б.
5. Сейталиев К.Б. Тәрбие теориясы. – А.: Мектеп.- 1986.
6. Қоныбекова С. Ойын мақсатын талдау және оның мәні. //Бастауыш мектеп №2 2002

**ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУ САПАСЫН  
АРТТЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ РӨЛІ**

**Оштанова Г.Ш.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебінің (РО) физика пәнінің мұғалімі.**

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Мемлекет болашағының кепілі – жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екендігі белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы А.Байтұрсынов «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру- ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай , білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеруінің маңызы зор.

Кез келген педагог өзін жоғары деңгейде кәсіби маман ретінде қалыптастырудың осындай құзыреттіліктерін игеру арқылы физика пінін оқыту үдерісін ұйымдастырудағы негізгі мақсаттары:

- Білім алу кеңістігін кеңейту және тілін дамыту арқылы шығармашылыққа баулу;
- Оқу үдерісінің нақты міндеттерін айқындап, ұжымдық қарым – қатынас мәдениетін дамыту;
- Оқушыға қолдау көрсетіп, жағымды психологиялық орта құру және оқушының зерттеу белсенділігін арттыру;
- Ақпараттық органы анықтау, бағыт беру және танымдық конференциялар арқылы ақыл – ойын дамыту.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте, кәсіби білікті болуы тиіс. Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мен ерекшеліктер – оқушыларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай, оқушы – мұғалім - ата-ана қажеттілігін басты назарға ала отырып, білім беру мазмұнын жаңартуға негізделген. Заман талабына сай қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесін технологияландыру үрдісі, әр ұстаздан үздіксіз ізденімпаздық пен шығармашылықты, кәсіби шеберлікті , құзырлылыққа жету жолындағы инновациялық технологияларды тиімді қолдануды қажет етеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім

мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің басты көрсеткіші – оқушының өздігінен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру. Ал мұғалімнің негізгі міндеті – оқушыны білімге өз бетінше ізденіске және шығармашылық іс – әрекеттерге баулу болып табылады. Физика курсының негізгі бөлігі практикалық, лабораториялық жұмыстар болып табылады. Физиканы оқыту - физика ғылымдарының негіздері - эксперименттік фактілерді, заңдарды, теорияларды және олардың практикалық қолданылуын, аспаптар мен құрал-жабдықтарды пайдалана білу, өлшеу нәтижелерін дұрыс ала білуге үйретеді.

Педагогтың іс-әрекетінің нәтижесін зерттеулер мен зерделеуге сүйене отырып қазіргі уақытта физика пәнінің мұғалімі келесі сипаттамаға лайық болуы тиіс екендігі атап көрсетіледі:

- Ол өзінің пәні бойынша теорияны жақсы меңгерген, ұдайы ізденіп, өзінің пәндік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білімін, мәдениет дәрежесін жоғары көтеруші маман;

- Коммуникативті құзыретті, қоғамдық ортада беделді;

- Өз мамандығын жақсы көретін, біліктілігі жоғары, кәсіптік шеберлігін ұдайы ғылымға негіздей отырып дамытаты;

- Белгілі педагогикалық технологияның толық әдістемесін меңгерген, ғылымның әр саласынан хабардар, жан-жақты білімді;

- Өзінің әрбір оқушысының ерекшелігі мен зейінін жақсы білетін қамқор, психолог болуы керек.

Жаңартылған бағдарламаның басты мақсаттарының бірі – физика шамаларын тәжірибе жүзінде анықтау, құралдармен тәжірибелер өткізу, көрсеткіштерді оқи білу және нәтижені талдау болып табылады. Практикум, лабораториялық жұмыстарды жасауға барлық мүмкіндіктері бар толық жабдықталған жаңа модификациялы физика кабинеті өткен оқу жылында пайдалануға берілген. Зертхана қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Оқушылардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Сыныптан тыс үйірме жұмыстары мен қосымша сабақтар жүргізіледі.

Қазіргі білім беру жүйесінде біз физиканы оқыту үдерісінде эвристикалық әдісті қолданамыз. Эвристикалық (бөліктік – ізденушілік) әдіс – мұғалім білімнің бір бөлігін хабарлайды, енді бір бөлігін оқушылар қойылған сұраққа жауап беру арқылы өздігінен табады. Бұл әдісте мұғалім проблеманы шешудің кейбір қадамдарында оқушыларды қатыстыруды ұйымдастырады. Оқытудың эвристикалық әдісін қолданып, мұғалім жаңа оқу материалын түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар оқушыларды ізденуге мәжбүр етіп, олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, дамытуға әсер етеді. Сонымен эвристикалық әдістің белгілері: - оқушыларға білім «дайын» күйінде берілмейді, олар оны дербес табу керек. - мұғалім оқушыларды әртүрлі құралдармен жаңа білімді іздеуге, меңгеруге жұмылдырады. - оқушылар мұғалімнің басқаруымен дербес ойлайды, пайда болатын танымдық міндеттерді шешеді, проблемалық жағдаяттарды құрады және шешеді, талдайды, салыстырады, жалпылайды, қорытындылайды. Нәтижесінде оларда саналы берік білім қалыптастырады.

Ғылыми шығармашылық жұмысты жандандыру мақсатында физика пәнінен биылғы оқу жылында бірнеше оқушы ғылыми жоба жұмыстарын аяқтап, түрлі дәрежедегі байқауларда қорғап шығып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ 11-сынып оқушысы А.Тұрсынбай «Дыбыстың адам денсаулығына тигізетін әсері» (жетекшісі С.Тойбекова), 9-сынып оқушысы Н.Сүгірбек «Жел энергиясы» (жетекшісі Г.Оштанова) тақырыбындағы ғылыми жұмыстарын сәтті қорғап шықты.

Білім ордасындағы жалпы 32 мұғалімнің 20-сы жаңартылған оқу бағдарламасы курсынан өтті. Қазіргі таңда мектепте физика пәнінен жаңартылған бағдарлама бойынша 7-8 сыныптарға 2 мұғалім дәріс беруде. Жаңартылған бағдарлама өз

жаңалықтарымен қатар қиыншылықтарды да ала келді. Соған қарамастан ұстаздардың тынымсыз еңбегінің арқасында бірінші жартыжылдық жақсы нәтижемен аяқталып отыр.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Баланың бойында өмірдің барлық саласында табысты болуға жетелейтін қажетті дағдыны дамыту үшін мұғалім тынымсыз еңбек үстінде болу керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді тұлға ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастадық. Жаңартылған білім – жарқын болашақтың кепілі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Өстеміров К.Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.- Алматы., 2007.
2. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. 2012. – 195 б.
3. Каменецкий С.Е., Орехова В.П. Методика решения задач по физике в средней школе.- М., 1987.
4. Контроль знаний по физике/ Под ред.ВГ.Разумовского, Р.Ф.Кривошаповской.- М., 1982.
5. Қаңтарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі.- Алматы., 2011.
6. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі.-Алматы., 1998.

#### **ӘӨЖ-159.9**

### **ИНКЛЮЗИВТІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРЕТІН ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ**

**Расилова Ж.С., Түрлүмбек А.Ж.**

*Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым педагогтың білім деңгейі жоғары болу керек.*

Неміс педагогы-дефектолог П.Шуман.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында инклюзивті білім беруді енгізу тек 2011 жылдан басталды. Осыдан кейін әлеуметтік орта мен жалпы білім беретін мектептерге «ерекше» балаларды жаппай енгізу басталады. Инклюзивті оқыту негізінде-балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету,сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды. Адамдармен қарым-қатынас жасау керектігін мақсатқа ала отырып: Инклюзивті білім беру аясында, мүмкіндігінен шектеулі балалар өз қабілеттіліктерін дамытуға мүмкіндік алатынын білдік. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігінен шектеулі балаларды оқуда, жетістікке жетуде ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей алатынымыз анық.

Мүмкіндігінен шектеулі бала мүгедектерге арналған мекемеде оқу арқылы шынайы қоғамнан алшақтайды,бұл оның дамуына әсер етеді. Қоғамнан шектеледі. Ерекше балаларда, кез келген бала секілді құрдастарымен бірге білім

алуға, тәрбиеленуге және олармен араласуға мұқтаж. Инклюзивті білім беру осындай балалардың қарапайым мектепке барып, басқа балалармен бірге оқуына мүмкіндік береді. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы. Барлық адам бір-біріне қажет. Инклюзивті білім беруден өтетін сау балалардың ерекше балаларға деген түсінігі, жанашырлығы, сезімталдығы қалыптасады.

Ерекше жандар да құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді емес пе? Мұның бәрі шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады. Инклюзивті білім беру барысында, адамдардың жан-жақтылығын бала өмірінің даму аясын кеңейтеді. Инклюзивті білім беретін мектептерде оқыған балалар, адам құқығы туралы білім алады, өйткені олар бір-біріне қарым-қатынас жасауға мүмкіншілік алады, танып білуге, қабылдауға үйретеді.

Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтажықтары болады. Мектепте білім алу-бала өмірінің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Ал, инклюзивті балаларға білім беретін педагогтың кәсіби шеберлігінің негізі неде?

Мұғалім – қоғам айнасы. Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрелік. Бүгінгі мұғалім ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім оқытушы, мұғалім-ұстаз, мұғалім-оқулық авторы, мұғалім-технолог, мұғалім-жаңалықты дәріптеуші, таратушы.

Ұлттық мемлекеттің дамуы, өркениеті негізгі үш шешуші кезеңнен тұрады:

1. Жаңа ғылыми жаңалықтарды игеруі
2. Білімнің деңгейін көтеруі
3. Мамандардың кәсіби білімімен айқындалуы

Белгілі ағартушы педагог ғалымдар: С.Қалиев, Ә.Нысанбаев, Ш.Т.Таубаева, Қ.Жарықбаевтың еңбектеріне сүйене отырып, педагогтың мәдениеті мен шеберлігін, интеллектуалдығын бірнеше бөліктермен анықтауға болады. Олар:

1. Педагогтың сыртқы келбетінің мәдениеті
2. Педагогтың өзін-өзі басқару шеберлігі
3. Педагогтың кәсіби мәдениеті, әдебі, сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеті, демалуы, дауыс ырғағы, сазы
4. Ілтипаттылығы, сенімі, әділдігі, төзіммен сабыр сақтауы

Ұстаздық қызметтік қыры мен сыры мол, сондықтан да ұстаздар өз ісінің әрбір қыр-сырын жетік меңгеру, игеру жолында кәсіптік шеберлікті толық меңгерсе ғана бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын адам тәрбиелеуге мол мүмкіндік ашылатыны күмәнсіз.

Шебер педагог білімді, тәжірбиесі мол, жан-жақты бола отырып, ерекше балаларды жеке тұлға етіп қолайлы жағдайлар жасау, өз ойын еркін жеткізуге, ұжыммен қарым-қатынас жасай алуға, ортада өз-өзін ұстауға қалыптастыру педагогтың шеберлігін жетілдіруге негізделеді. Адам қаржылық еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Кәсіби педагог ерекше жандардың дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, шығармашылық қабілетін тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санауы керек.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың мінез-құлықтары жылдам өзгеріп тұрады, көңілі басқа нәрсеге жылдам ауып кетеді, содан кейін оның көңілін белгілі бір тапсырмаға, сабаққа әлде бір ойынға аудару үшін көп күш қажет. Мұндай балалар ойындарды қызығушылықпен орындайды. Негізінен ойынды таңдағанда оқушыны тәртіпке шақыратын, шыдамдылыққа үйрететін ойындар болуы тиіс.

Білімді де білікті маман даярлаудың мақсаты — маманның бойында іргелі де жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік,

мәдени ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру болса, білім ғасырындағы білім берудің жаңа жүйесі нені оқыту (білім мазмұны), қандай жүйеде оқыту (құрылымы), қалай оқыту (педагогикалық технология) мәселелерін шешуге бағытталуда.

Жалпы бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сыныптан бастап мектеп мұғалімдері олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, күнделікті өтілетін әрбір сабақты ұтымды ұйымдастыра білу - мұғалімнің басты міндеті екені белгілі.

Даму мүмкінділігі шектеулі балалардың ойлауының жетілмеуі, қабылдауы, есте сақтауы төмен, сөйлеу тілінің кемістігі бар, баланың қабылдау қабілетіне байланысты. Мұндай балалардың кемістігін ойын арқылы дамытуға болады. Әр баланың өзіндік қабілеті бар. Кәсіби шеберлігі бар педагог сол баланың қабілетін аша білуі тиіс. Соның ішінде көмекші құрал ретінде «Интеллектум» орталығының логикалық және моторикалық ойындарын ұсынамыз. Ол танымдық үрдістерін дамыту және түзету ойындары мен жаттығулары бар. Бұл ойындар арқылы баланың ойлау қабілеттерін дамытады. Ал,біздің «Ақылды қоян» мен «Дана қалам» арқылы баланың зейіні, есте сақтауы, қиялы, қабылдауы, ойлауы, тіл дамытуы, арта түседі.

Қорыта келгенде,балалармен ұйымдастырылатын әр түрлі ойын түрлері балалардың сөйлеу тілін,ойлау қабілетін қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді. Даму мүмкіндігі шектеулі балалар «Қамқорлықты», «Ілтипатты», «Кішіпейілділікті», «Қарапайымдылықты», «Сезімталдықты» қажет етеді.

Ерекше балалармен жұмыс жасау барысында педагог олардың кішкентай жетістіктерін көре біліп және мадақтау арқылы қолдау көрсетіп,үнемі ізденіс үстінде болуы керек. «Интеллектум» орталығының ойындары арқылы біз оқушылардың жүрегінен жол табуға тиіспіз. Білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеппен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады. Мүмкіндігінен шектеулі балаларға ерекше көзқараспен қарау, педагогтың кәсіби шеберлігін арттырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

2. Білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық Педагогикалық оқулары « Педагогтің кәсіби өсуі - білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» баяндамалар жинағы, Алматы, 2013 ж., I бөлім, 482 б.

3. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. //Білім әлемі. Алматы., 2004 ж. №6.

**ӘӨЖ-378.574**

### **ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУ ТҮРІНДЕ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Саякова В.Д.**

**Шайқорық орта мектебі, Тараз қ.**

Қазіргі таңда материалдық және рухани өмірде жан-жақты жүріп жатқан терең өзгерістер еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, жаңа кәсіптік сапада - жоғары білімді, шығармашылықпен ойлай алатын, ғылыми-техникалық және қоғамдық өркениеттің алдыңғы қатарына шыға алатын болашақ мамандарды әзірлеу – еңбек нарығының қойып отырған өзекті талабы болып отыр.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің өсіп - өркендеуі, өркениетті өзіндік орын

алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейінде даму бағытына байланысты. «Қазақстан-2050» Жаңа стратегиялық бағытының білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары атты бөлімінде кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керектігі атап көрсетілген [1]. Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінде білім беру сапасының төмендеуі, тұлғалардың білім алуға қызығушылығының нашарлауы, мұғалім, оқытушы өз пәні нәтижесіне бейімдей алмауы неден деген түрлі сауалдарды қоғамдық ақпарат құралдары баса назарға ұстап, жауап іздестіруде. Біз өз тарапымыздан осы мәселеге қатысты деп жеке тұлғада жетістікке жету мотивациясының қалыптаспауына көңіл қоюды жөн деп, осы нысананың зерттелуін қажет деп таптық.

Қазіргі заман бәсекелестік пен инновациялық технологиялардың және ғылым мен білімнің заманы десек, сол заманға икемді де жан жақты дамыған жас ұрпақты оқытып, тәрбиелейтін педагог та осы талаптарға сай болуы керек. Сонда ғана өмірге жан жақты дайындалған, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, рухани ақыл ой тұрғысынан бай, бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы білімді студентті тәрбиелейді. Алайда бұл мақсатымызға педагогтың білімі мен кәсіби біліктілігін дамытып, жетілдіру арқылы ғана көздеген мақсатымызға жете аламыз.

Қазіргі кезде іс әрекеттің кәсібилігі жоғары дамыған қоғамның көрсеткіші болып табылады, өйткені «кәсібилік» мәселесін зерттеу өз өзектілігін жоғалтпайтын мәселелердің бірі болып табылады.

Кәсіби білім беруді жетілдіру, кәсіби оқыту мамандарын даярлаудың сапасын арттыру, олардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мен кәсіби әрекетке бейімдеу мәселелері отандық ғалымдар М.П.Бапаева, Э.К. Қалымбетова, Ж.Ж. Бейсенова, Г.М.Карибаева және т.б. еңбектерінде терең зерттеледі. Қазіргі кезде адам іс-әрекеттің кәсібилілігінің жоғары дамуы қоғамның көрсеткіші болып табылады, сол себепті «кәсібилік» мәселесін зерттеу өз маңызын және өзектілігін жоғалтпайтын мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылуда. Сондықтан болашақ ұрпаққа бәсекеге қабілетті деңгейде білім беретін педагогтың кәсіби қалыптасуы, мамандық іс-әрекетінің әр түрлі жақтарын заман талабына сай зерттеуді, жүйелеуді қажет етеді. Осы проблема Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайымен күрделене түседі де, осыған орай біздің еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістері жоғары дәрежелі жас мамандардың кәсіби шеберлігін талап етеді.

Психологтардың мәліметтеріне сүйенсек, тұлғаның кәсіби қалыптасуының басталуы алуы оның жасөспірімділік кезеңінен бастау алады. Бұл аралық баршамызға «ауыспалы кезең» деген атаумен танымал екені мәлім. Бұл аралық – адамның жас өспірімдік санамен қоғамды, айналасындағы ортаны қабылдау, өзінше бағалау уақыты. Ой өрісі мен көзқарасының қалыптасу кезеңі. Осы тұрғыдан барлық адамдардың қалыптасуында бұл кезеңде ортақ ерекшеліктер мен қағидалар бар.

Қазіргі қызметкер, маман, педагог, мектеп басшысы өзінің ұжымындағы немесе сыныптағы жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас қай бағытта қалай жүзеге асатындығын, әрбір жеке адамның өзіне деген, қоршаған адамдарға деген, еңбекке, қоғамға деген көзқарастарының дамуын бақылап, талдай білуі тиіс. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жж. білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «Білім беруді түбегейлі жаңарту» қажеттілігіне басымдық берілген [2].

Жасөспірімдік жас – адам өміріндегі жеткіншектік пен ересектіктің арасындағы кезең. Жастың биохимиялық, физиологиялық және морфологиялық мәселелері бойынша жұмыс жасайтын мамандардың қабылдауымен жасөспірімдік жас ұл балалар үшін 17-21 жас, қыз балалар үшін 16-20 жас аралығы белгіленді.



Жасөспірімдік жастың шекараларын анықтауда психологтардың пікірі бір жерден шықпайды. Мысалы, Батыс психологиясында бірден жасөспірімдікті жеткіншектік кезеңмен бір жас кезеңіне қосу тән, ол батыста ересектену (adolescence) кезеңі деп аталады. Оның мәні балалық шақтан ересектікке өту дегенді білдіріп, жас шекаралары 12-14 жастан 25 жасқа дейін созыла беруі мүмкін. Отандық психологияда жасөспірімдік кезенді адамның, тұлғаның және индивидуалдылықтың дамуындағы дербес кезең ретінде қарастыру қабылданған.

И.С.Конның анықтауы бойынша жасөспірімдік жастың шекаралары 14-18 жас аралығында орналасады [3,1926]. Дегенмен бұл кезенді көбінесе 15-17 аралығымен шектеу кейде кездесіп жатады, сонда жасөспірімдік факт түрінде жалпы білім беретін мектептердің жоғарғы сынып оқушыларының жас кезеңімен сәйкес келеді. Бұл дегеніміз, тұлғаның кәсіби қалыптасуы осы жас аралығында бастау алады.

Жас педагог маманның кәсіби шеберлігін арттыру және дамыту мәселесінің қай кезеңде болмасын психология, педагогика ғылымдары мен іс тәжірибесінде өзекті орынға ие болып қала береді. Соңғы кездері кәсібиілікті дамытуды психологиялық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне үлкен қызығушылық тудыруда, психология ғылымның аймағында кәсібиілік дамытудың теоретикалы негіздері және технологиялары жасалған.

Е.А.Климов тұлғаның кәсіби қалыптасуы мәселесінде тұлғаның кәсіптегі, еңбек әрекетіндегі белсенділігі жайлы мәнді ой айтып кеткен. Демек, жасөспірімдерді мектеп қабырғасында дайындау кезеңінің өзінде олардың тұлғалық, қоғамдық, мамандануға байланысты дамуына жағдайлар тудыруымыз қажет. Бұл жерде оқыту, тәрбиелеу, қалыптастыру көбінесе сырттан күштеп әсер ретінде қарастырылады. Ал қалыптасу дегеніміз адамның өзін-өзі дамыту ретінде түсіндіріледі. Бұл жағдайда адамның субъектілік белсенділігі жөнінде сөз болады. Ал өзі-өзі дамытатын жүйе ретіндегі адамның интегралды сипаттамасы болып табылатын-кәсіби өзіндік сана [4, 300 б].

Тұлғалық – кәсіби қалыптасу деңгейін адамның өзі анықтайды. Адамның тұлғалық – кәсіби қалыптасуы оның іс-әрекетінің өзі үшін және қоғам үшін маңыздылығын саналауға негізделген кәсіби ойлауға бағыттауда көрініс табады. Осы айтылғандар тұлғаның кәсіби бейнесінің тұтастығы мен жүйелілігін, оның кәсіби аумақта өзін-өзі дамытуы мен танытуын қамтамасыз етеді.

Педагогтың тұлғалық құндылықтары белсенді іс-әрекет кезінде, яғни мотивті, эмоциялық, қатынастық, когнитивті, бағалаушы көрсеткіштер арқылы анықталады.

Д. Сьюпер кәсіби жетілудің бес кезеңін атап көрсетті [5, 58 б.]. Олар:

1. Өсу кезеңі (туғаннан 14 жасқа дейін). Балалық шағында Мен-тұжырымдамасы дами бастайды. Ойын барысында балалар түрлі ойындардың рөлін сомдайды, яғни өздеріне ұнайтын, жандарына жақын рөлдерді көрсете бастайды, Олардың әрекетінде қандай да бір тұстары олардың болашақ мамандығына әсер етеді.

2. Зерттеу кезеңі (15-24). Жасөспірімдер өздерінің қажеттіліктерін, сұраныстарын, қабілеттерін, құндылықтар мен мүмкіндіктерін анықтауға тырысып, таңдау жасайды. Өздерін талдау нәтижесіне қарай олар мамандығының мүмкін нұсқаларын ойластып негізге ала отырып, өз-өздеріне талдау жасап, таңдаған мамандықтарына қарай ықпал жасайды. Осы кезеңде жастар, өзіне жарамды мамандықтарын таңдап, оны кәсіби түрде игеріп, дамыта бастайды.

3. Кәсіпті жетілдіру кезеңі (25-44 жас аралығы). Осы жастағы мамандар өздері таңдаған кәсіптерін жетілдіруге, нығайтуға тырысады. Еңбектің алғашқы жылдарында өз жұмыс орнын, мамандығын ауыстыра бастайды, бірақ екінші жартысында бұл кезең байқалады сақтауға таңдалған түрі. Адамның бұл еңбек жылдарында шығармашылық ізденістері жиі көрсетіледі.

4. Сақтау қол жеткізілген (45-64 жас). Бұл кезеңде маман иелері өздерінің алдыңғы кезеңде қол жеткізген жетістіктері мен қызметін сақтап қалуға тырысады.

5. Құлдырауы кезеңі (65 жас). Бұл кезеңде қарт қызметкерлердің физикалық және ақыл-ой күшін кете бастайды. Жұмыс сипаты өзгереді, сонымен қатар, мүмкіндіктері азаяды. Соңында, еңбек қызметі тоқтатылады.

Қазіргі таңда осы кемшіліктерді болдырмауға түрлі жолдар мен ықпалдар жасалында, айта кетер болсақ психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіру, үздіксіз біліктілікті көтеру. Кәсіби бейімделуде ескерілетін тағы бір жағдай жас маманның әлеуметтік рөлді дұрыс түсіне білуі: кәсіби және жеке өміріне баса назар аударуы. Осы мәселелер орындалмаған жағдайда маманды эмоционалды қажуға әкеледі. Батыс зерттеушілерінің пікірінше бейімделудің төмендеуі мамандардың білімнің төмендеуінен, жаңа ақпаратпен толықпауынан деп қарастырады. Жас маманды кәсіби әрекетке бейімделуге апаратын басты қағида өзіндік реттелу болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогтың кәсіби және тұлғалық өсу ретінде нені санауға болатындығы туралы нақты келісім жоқ. Бірақ бұл ұғымның көптеген анықтамалары келесі пункттерді қосады:

- Ішкі потенциалдың болуы;
- Оны дамыту мүмкіндігі;
- Ішкі және сыртқы конфликттерді жеңу (қызығушылықтар, қажеттіліктер, мағыналар);
- Өз-өзімен арнайы жұмыстың қажеттілігі.

Педагогикалық қызметке жаңа араласқан жас педагогтың бойында келесі қабілеттерді қалыптастыру маңызды, олар:

- еңбек ұжымының ортасында өзін-өзі меңгере білу;
- жеке басының кәсіби іс-әрекетті меңгеруге деген айқын жоспарлары;
- кәсіби қабілеттілігін, бейімділігін үнемі жетілдіріп отыру;
- еңбек тәртібі мен қызметіне байланысты күрделі мәселелерді шешуге дағдылану;
- қызметкерлермен, әріптестерімен және жалпы клиенттермен қарым-қатынас тәсілдері мен әдістерін меңгеру;
- инновациялық ақпараттық технологияларды енгізу және үнемі жаңалықтармен толықтыру, үздіксіз білімін жетілдіріп отыруға талпыну;

Демек, ел іргесі мықты, еңсесі биік болуы бүгінгі педагогтар қауымының кәсібилігіне, шеберлігіне байланысты.

Сонымен, педагогтың кәсіби қалыптасуы – әрбір адамның балалық шағынан бастап тұлғалық кезеңге дейінгі алған білімі мен тәрбиесінің негізінде, жалпы қоғам мойындаған қағидалар мен заңдылықтарға сай қалыптасуы. Ендеше, педагогтың қалыптасуы әр адамда әртүрлі жолдармен және ықпалдардың әсерінен жүзеге асады деген сөз. Демек, толық әрі нақты педагогтың кәсіби қалыптасуының формуласы жоқ. Солай болған күннің өзінде барлық адамды байланыстыратын, олардың маман иесі болып қалыптасуына ықпал ететін ортақ факторлардың бар екенін естен шығармауымыз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17.01.2014)
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - // Егемен Қазақстан, 14 –желтоқсан, 2010.
3. Кон И.С. В поиская себя: личность и самосознание. – М.: Полиздат., 1984
4. Климов Е. А. Психология профессионала. — М.: Воронеж: МПСИ, 1996.
5. Бапаева М.Қ., Бапаева С.Т. Психологиялық менеджмент. – А., 2011

**ПЕДАГОГТЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖӘНЕ  
АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Алимбаева С.Қ.- с.ғ.к., Сматова К.Б.-п.ғ.к., Спандиярова А.С. - магистр  
ТарМПУ, Тараз қ.**

Еліміздегі білім беру кеңістігінде болып жатқан жаңалықтар, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр.

Жаңартылған білім беру жүйесінде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан болуы қажет. Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігі оның оқушылармен қарым-қатынасында, сабақ беру стилінде және әріптестерімен өзара байланыста анықталады. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасқандығы маңызды. Ол педагогтың акмеологиялық бағыттылығын да анықтайды. Бұл педагогикалық бағытта педагог пен оқушының өзара ықпалы, өзара дамуда, ынтымақтастықтан теңгермешілікке, дамудың жоғарғы деңгейіне жетуде мәні зор.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – атты бағдарламалық мақаласында ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіретінін негіздей отырып, «Абайдың дана сөздері – қазақтың бой тұмары» – деп атап көрсетті [1]. Абайдың айтуынша, адам өлмейді, өлетін табиғат немесе онда тұрған зат. Мына әлеммен бірлікте оңаша қала отырып, Абай «Адам бол!» идеясын адам санасында бекітіп, рухы мен жігерін қайраттандыратынын ескерсек, оның мұраларын жас ұрпақтың бойына сіңіруге ерекше мән беру қажет деп санаймыз.

Адамның жастайынан Абайды танып-білуі, оның бойында рухани-адамгершілік қасиеттердің, көшбасшылықтың қалыптасуына негіз болады. Көшбасшы – көшті бастаушы әрі басқарушы. Көшбасшының басты мақсаты – нақты жағдай шартында адамдар арасындағы ең жақсы балансқа жету болып табылады.

Біздің ғасырымыз жаңа технологиялардың дәуірі болуымен қатар, өзін-өзі тану мен бойындағы қасиеттерді дамыту ғасыры. Сондықтан көшбасшылықты ұдайы дамытып отыру қажет. Көшбасшы жұмысы мынадай үш бағытта болады: тапсырма қажеттілігі – негізгі мақсаттың орындалуын қамтамасыз ету; топ қажеттіліктері – топты құру, сақтау мен ынталандыру; жеке қажеттіліктер – жеке қажеттіліктерді анықтау және олардың арасындағы татулықты сақтау. Бүгінде табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Осы орайда, өмір бойы оқытуды қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырудың өзектілігі артып отыр. Ол бес сатыдан тұрады: балаларды ерте бастан дамыту, бастауыш және орта білім, кәсіптік даярлық, кәсіпкерлік және жаңашылдық, сондай-ақ, дамуға сәйкес сапалы жұмыс орындарын құру.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілеті және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау арқылы білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделіне айналдыру және бәсекеге қабілетті, көшбасшылықты меңгерген маман дайындау болып отыр. Оның бірден-бір жолы – әрекетке тікелей араласып, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне ерекше назар аударуы болып табылады. Алайда, өзін-өзі тәрбиелеуді біз тек жастарға қатысты феномен ретінде түсінбеуіміз керек. Ол ересектер өмірінде де аса маңызды.

Бүгінгі педагог білім алушыны тек пәнді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар ақпаратты өз бетінше іздей білуге, оның ішінде ең маңыздысын таба білуге үйретуі

кажет және бұл педагогтың жаңа, әрі күрделі міндеттерінің бірі екендігін атап өту аса маңызды. Бұл міндетті шешуге бағытталған жұмыстар балабақшадан басталып, мектеп қабырғасына жаңа келген баланың қазіргі үдемелі заман талабына сай қалыптасуына оң ықпал етуі тиіс. Сондықтан, «Өмір бойы оқу» және «Тәжірибеге бағдарланған оқу» қағидасын ұстанатын тұлға ғана жетістікке жете алады. Осыған байланысты білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктірумен сипатталатын білім беру саласы негізгі басымдықтардың біріне айналып отыр.

Н.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасында: «...жеке табысқа жетудің, жеке тұлғаның әлеуметтенуінің әдістемесі сынды «Акмеология» сияқты пәндер қайда? Олардың жоқтығы жастардың едәуір бөлігінің әлеуметтік инфантилизміне, ересек өмірге бейімделе алмауына, басқа да келеңсіздіктерге ұрындырады деді». ЖОО-да осы бағдарлама талаптарын жүзеге асыру және болашақ мамандардың акмеологиялық бағыттағы кәсіби білімі мен біліктілігін қалыптастыруда «Акмеология» пәні оқытылып келеді. Адамның өмірде биік шыңды бағындыру және үлкен жетістікке жетуі сенім мен күш-қуаттың, дайындық пен ұйымдастырудың көмегімен жүзеге асырылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, сол жетістікке барынша жылдам, әрі, нәтижелі, алдын-ала бағамдап жетуде акмеология ғылымын пайдаланған кез келген адамның мүмкіндігі зор болмақ. Ал, бұл өз кезегінде тұлғаның кәсіби өсуге ұмтылыспен қарап, құзіретті болуы үшін акмеологиялық бағыттылықты қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі таңда құзыреттілік деген ұғымды – заман талабына сай тұлғаның өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Көшбасшылыққа ұмтылыспен қарайтын жас ұрпақ педагог қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті кажет етіп отыр [2]. Демек, бүгінгі оқушы, ертеңгі маман – осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Ж. Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас. Болашаққа бағдар жасаған баянды істерді бағындыруда ел болып бірігіп, еңбек ету біз үшін үлкен мақсат.

Әлеуметтік-психологиялық білімдер оқыту мен тәрбие үрдісіне қажетті өзгерістер енгізіп қана қоймайды, сонымен қатар ертеңгі күннің өзекті мәселелерін көруге мүмкіндік береді. Қазіргі педагог, мектеп басшысы педагогикалық ұжымдағы және сыныптағы жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас қай бағытта қалай жүзеге асатындығын, әрбір жеке оқушының өзіне деген, қоршаған адамдарға деген, еңбекке, қоғамға деген көзқарастарының дамуын бақылап, талдай білуі тиіс.

Қарым-қатынас - бұл жан-жақты шындық, адамның өмір барысында оның психикалық процестері, мінез-құлқы және тұлға бітістері туылып тіршілік етеді [3]. Барлық әлеуметтік-психологиялық зерттеу, шын мәнінде, қарым-қатынастың нәтижелілігін жоғарылату мақсатында қызмет етеді: олар өзіне кедергіні неден құрайды және оларды қалай жеңу керектігін адамдар түсіне бастайды.

Қорытындылай келе:

- біріншіден, еңбек іс-әрекетіндегі көшбасшылық, кәсіби біліктіліктері тек мақсатқа бағытталған кәсіби қызметке деген қабілеттілік барысында дамиды;
- екіншіден, жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;
- үшіншіден, еңбек іс-әрекетіндегі субъектілердің кәсіби компетенттіліктерін дамыту үшін арнайы психологиялық түзету жұмыстарын жүргізу.

Бірлескен іс-әрекеттің тиімділігі, көбіне жеке тұлғалық және топтық мүмкіндіктердің қолайлы жүзеге асуына байланысты. Ұжымдағы қолайлы іс-әрекет тек оның нәтижелерінің өнімділігіне ғана әсер етпейді, сонымен бірге адамды қайта қалыптастырады, оның жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Осыған байланысты өзара әрекеттесудің стилін үйлесімді ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Егемен Қазақстан газеті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы 2017жыл 12 сәуір
2. Кириченко А. В. Акмеологическое воздействие в профессиональной деятельности: теория, методология, технологии. 1999.
3. Коваль Н. А. Духовность в системе профессионального становления специалиста. 1997.
4. Корниенко Н. А. Психолого-акмеологические основы эмоционально-нравственного развития личности. 1998.

ӘӨЖ-37.015.3

### **ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙДЫҢ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Боранбаева С.Т., Қонақбаева А.М.**

**ТарМПУ «Арнайы педагогика» кафедрасының аға оқытушысы,  
Байзақ ауданының «Психологиялық- педагогикалық  
түзету кабинеті» КММ менгерушісі**

Инклюзивті білім беру - этникалық тегіне, діни сеніміне, экономикалық мәртебесіне және дамуындағы ерекшеліктеріне қарамастан, барлық балалардың білім алуына және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау процесі.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алғаш рет даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне қосу, оларды қолжетімді ортамен қамтамасыз ету, білім берудегі кедергілерді жеңу тетіктері анықталды.

Инклюзивті білім халықаралық ұйымның көптеген мүше елдерінің білім беру саясатының құрамына ене отырып, өз кезегінде жалпы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бөлігі болып табылады және оның сипатын, ішкі логикасын және даму бағытын қабылдайды. Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім берудің негізгі қағидалары тұжырымдалады:

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктеріне тәуелді емес;
2. Әрбір адам ойлау мен сезінуге қабілетті;
3. Әрбір адам қарым-қатынас жасауға құқылы;
4. Барлық адамдар бір-біріне қажет;
5. Түбегейлі білім шынайы өзара қарым-қатынастар негізінде жүзеге асуы мүмкін;
6. Барлық адамдар бір-бірінің қолдауына, қатарластарының достығына мұқтаж;
7. Алуантүрлілік адам өмірінің жан – жақтылығын кеңейтеді;
8. Барлық оқуға қабілетті жандар үшін дамудағы жетістіктері тікелей олардың қабілеттеріне тәуелді.

Инклюзивті білім беру жүйесі өзіне орта, кәсіби және жоғары білім беру мекемелерін енгізеді. Оның мақсаты мүмкіндіктері шектелген жандардың білім алуы мен кәсіби даярлануына кедергісіз орта құрылуы болып табылады. Инклюзивті білім беру тарихының дамуында барлық интеграцияланған білім берудің даму тарихы инклюзивті білім беру концепциясының қалыптасуына әсер еткен деп айтуымызға болады. Педагогикалық интеграция мүмкіндіктері шектелген жандардың білім беру процесіне кеңінен енуінің алғашқы қадамы болып табылды.

Педагогикалық интеграция сау және арнайы білім қажет ететін балалардың бірге оқытылуы мен тәрбиеленуі ретінде балалардың екі тобының да, білім беру қызығушылықтарын тең дәрежеде көрсетеді.

Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін инклюзивті білім берудің жағымды көрсеткіштері анық:

- инклюзивті ортадағы ерекше білімді қажет ететін балалар, арнайы мектепте оқитындармен салыстырғанда, өздерінің қалыпты деңгейдегі құрбыларымен әлеуметтік өзара байланысқа түсуде жоғары деңгейді көрсетеді.

- Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалар күрделі бағдарламалар бойынша оқиды, нәтижесі – дағдылар мен академиялық жетістіктердің жақсаруы. Әрине, арнайы мектепке қарағанда жалпыға білім беру бағдарламалары жоғары әрі күрделі білім деңгейін талап етеді. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивті мектепте академиялық міндеттерді шешуге көбірек уақыт жұмсайды, және де, салыстырмалы деңгейде жоғары академиялық нәтижелерді көрсетеді.

- Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік қабылдау, инклюзивті сыныптарда кіші топтарға бөліп оқытуға байланысты, нәтижелі қалыптасады. Балалар кіші топтарда педагогтың тапсырмасын орындау барысында кейбіреулерінің даму ерекшеліктері бар екендігін ұмытады. Біртіндеп, қалыпты деңгейдегі балалар өздерінің мүмкіндігі шектеулі балалармен ұқсастықтары көп екендігін түсінеді.

- Инклюзивті сыныптарда қалыпты деңгейдегі балалар мүмкіндігі шектеулі балалармен дос болады.

- Инклюзивті білім беру дамуында ерекшеліктері бар балалардың жалпы білімдерінің қалыптасуына әсер етеді.

- Инклюзивті сыныпта оқыған балалар үлкейгенде де даму ерекшеліктері бар адамдармен араласады.

- Қалыпты деңгейдегі балалар (тіпті дарынды, қабілеттері жоғары балалар) білім берудегі инклюзивті бағытта бірқатар жанаша қарастырылған жұмыс түрлеріне қатысады: жақсартылған білім беру сапасы мен педагогикалық іс-әрекетте қолданылатын түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдердің пайдалануы.

- Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда жаңа білім беру технологиялары қажет: мысалы, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда мәліметтік технологиялар өте қажет. Мұндай технологияларды оқыту процесінде қолдану басқа балаларға да пайдалы.

- Инклюзивті білім беру жағдайында материалдық ресурстар мен материалдық қамтудың арттырылуы қалыпты деңгейдегі де және дарынды да балаларға да пайдалы. «Арнайы бағдарламаларға» бөлінген қаржылар тек мүмкіндігі шектеулі балаларды ғана емес, олардың қалыпты деңгейдегі құрдастарына да қолдануға жұмсалуды мүмкін.

- Қаржылай көмекті түрлі бағыттарда пайдалануға болады: мысалы, сыныптан тыс белсенділікті ұйымдастыруда, сыныпты қосымша оқыту техникалық құралдармен жабдықтауда, ал мұның барлығын тек ерекше білімді қажет ететін балалар ғана емес, барлық балалар пайдалана алады.

- Инклюзивті оқытудың тағы бір жағымды жағы – сыныппен қосымша педагогикалық мамандардың жұмыс жүргізуі.

- Жиі қосымша қаржыландыру ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға, арнайы педагог (дефектолог), логопед-мұғалімдер, психолог және басқа да мамандардың жұмыс жүргізуіне бөлінеді.

- Қалыпты деңгейлі немесе дарынды оқушылардың ерекше білімді қажет ететін балалардың оқыту процесіне қосылуында өзіндік бағалауы жоғарылап, академиялық дағдыларды меңгеру сапасы артады.

- Бұл балалардың «Мен - концепциясы», өзіндік ұстанымдары, әлеуметтік білімдері мен іс-әрекеттері анық болып қалыптасады. Маңыздысы, оқу процесінде ерекше білімді қажет ететін балаларға көмек көрсететін қалыпты деңгейлі балалардың академиялық

көрсеткіштері, олардың инклюзивті процеске қатыспайтын құрдастарымен салытырғанда, әлдеқайда жоғары болады.

- Инклюзивті сыныпта оқу барысында қалыпты деңгейлі немесе дарынды балалардың Брайль тілін немесе ым-ишара тілін меңгеруге мүмкіндіктері бар.

- Инклюзивті сыныпта оқитын қалыпты деңгейлі немесе дарынды балалар өздерінің ерекше білімді қажет ететін құрдастарын сыйлауға, олардың психофизикалық дамуындағы бұзылыстардың түпкі мәнін түсінуге үйренеді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – ол қалыпты балалармен арнайы білімді қажет ететін балаларды біріктіре отырып, дамыту болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың бір орында қалып қалмауы үшін бұл өзекті мәселе болып табылады. Осыған дейін мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамға қажетсіз деп санады. Тағдырынан түңілген жандардың шыдап келгенде керемет ел азаматтар шығатынын біле тұра, қажетсіз деп санаймыз. Мүгедек, бірақ ақыл-есі дұрыс екенін біле тұра, біз оны неге қоғамнан шеттетеміз? Міне осындай жандардың білім қалыпты мектептерде оқуына мүмкіндік туғызбасқа. Ол үшін инклюзивті білім беруді қолға алып, дамыту барысында ғана оң нәтиже аламыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Зарубежный и отечественный опыт включения детей с особыми нуждами в общеобразовательный процесс. Проблемы и пути решения. Алматы, ИД «КАПринт» 2001 г., - 208 с. С. 162.

2. Ратнер Ф.Л., Юсупова А.Ю. Интегрированное обучение детей с ограниченными возможностями в обществе здоровых детей/ Учеб. Пособие для специалистов коррекционных учреждений.-М: «Владос», 2006.-175с.

3. Коррекционная педагогика: Основы обучения и воспитания детей с отклонениями в развитии: Учеб.пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений/ Под ред. Б.П. Пузанова. – М: Издательский центр»Академия», 2001.-160с.

4. Выготский Л.С. Собрание сочинений: В 6-ти т. Т.5. Основы дефектологии/ Под ред. Т.А. Власовой.-М: «Педагогика», 1983.-368с. С.62,74.

5. Зайцев Д.В. Интегрированное образование детей с ограниченными возможностями // Социологические исследования,- 2004,- № 7,- С. 127-132.

#### **ӘӨЖ-394/395**

### **ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДА РУХАНИ-АДАМГЕШЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Сұраш Н.**

**М.Х.Дулати ат. ТарМУ, Тараз қ.**

Қоғам нарықтық қатынастарға көшіп, адамның қалыпты жағдайдағы іс-әрекетін ұзақ жылдар бойы реттеп келген бұрынғы өмірлік мұраттары мен құндылықтары өзгерген шақта, қазіргі уақыт, кезең адамдарды мейлінше саналы таңдау жолына икемдеп, жаңаша бейімделу мәселесін алдыға тартады.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастыру, инклюзивті білім беру жүйесінде және ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану негізінде ұйымдастырудағы басты бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, ұлттық тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау. Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуде ұлттық салт-дәстүріміздің элементтерін пайдалана отырып құруды талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін

дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болдық. Әлемдік заңдылық нормасы тұрғысынан келгенде кемелденген мемлекетке қажетті барлық құқық қолымызға тиді. Төл мәдениетінен нәр алған, әлемдік мәдениеттен сусындаған тұлға ғана қоғамның тұтқасы бола алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйелерінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілсе, Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «... орта білім берудің негізгі мақсаты мен міндеті – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушыларды азаматтыққа, елжандылыққа, өз отанын сүюге тәрбиелеу мәселелері» - деп анық айтылған.

Олай болса, жас ұрпаққа салт-дәстүрді қолдану арқылы ұлттық тәрбие беру мен ұлтжанды тұлға қалыптастыру отбасынан бастап, үздіксіз әлеуметтік орта, қоғам, білім беру жүйесі арқылы жүзеге асатынын нақтылайды. Сол арқылы ұлттық рух, отансүйгіштік, ұлтжандылық, адамгершілік қасиеттерді дамыту болып табылады. Білім беру жүйесінің басты міндеттері - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру оқыту мен өз бетінше іздену негізінде жүзеге асырылады. Ол білім беру ісін жетілдіруге, сақтауға және оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз ету мақсатында мәдениетті жаңа ұрпақ тәрбиелеуге, тұлға мен қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық және физикалық жағдайын үнемі жетілдіріп отыруға бағдарлануы және білім мен ғылым әрқашан интеллектуалдық дамуға мұрындық болуға тиіс.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде балаларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеуді жүзеге асырып, этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, халықтың рухани мәдениетін зерде мен ой елегінен өткізіп, оны қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыра білуге машықтандырады. Ол ұлттық салт– дәстүрлерді (бала тәрбиесіне байланысты салт – дәстүрлер, тұрмыстық салт – дәстүрлер және әлеуметтік салт – дәстүрлер) оқу-тәрбие процесімен байланыстыра жоспарлау.

Қазіргі уақыт талабына орай этностық мәселелердің өсіп - өнуі күш алды, халықтың өз түп – тамырына қызығулары күшейді, этномәдени дәстүрлерді жаңғырту, кәсіби мәдениетте фольклорды дамыту, тілін, дінін, өзінің ұлттық педагогика және психологиясын жандандыру мәселелері негізделді. Жеке тұлғаны қазақ халқының салт дәстүрлері, ауыз әдебиет жанрларындағы кейіпкерлерге теңеу, аңыз әңгімелер және т.б. халық даналығы арқылы қалыптастыру. Қазақтың салт – сана, әдет – ғұрып, дәстүр, ұлттық өнер мен ауыз әдебиеті үлгілерінен талғым айтып, мұра қалдырып кеткен ортағасыр ғұламалары әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, ағартушылар Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектері, педагогикалық ой-пікірлері. Ал, қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиялық табиғатын зерттеген ғалымдардың В.Стасов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Мұқанов, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Ж.Т.Сарыбекованың еңбектері тұлғаны дамыту мен тәрбиелеуде, оның тұлға ретінде қалыптасуындағы салт-дәстүрді пайдаланудың маңыздылығын сипаттайды. Сонымен қатар, өз халқының тарихы мен ұлттық құндылықтарды пайдалану М.М.Мұқанов, Қ.Б.Жарықбаев, С.М.Жақыпов, С.Қ.Бердібаева, Л.К.Көмекбаева зерттеулері тұлғаның дамуы мен қалыптасуында маңызды орынды иеленіп, оны қолдануға деген



қызығушылық артып келеді. Салт-дәстүрді оқып – үйрену, жинақтаған ілімді заман талабына сай оқушыларға ұлттық рухта тәрбие беріп, ақыл – ойын дамыту әрбір педагог пен психологтың міндеті.

«Адамгершілік тәрбиесі - тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдың сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол жанұя, мектеп, ұстаз, еңбек, қоғам, жеке ықпал арқылы іске асырылады. Жас балалардың адамгершілігін қалыптастыруда мектепке дейінгі балдырғандар үшін оларға түсінікті ғибрат сөз, әсерлі өлең, сурет, әңгімелер пайдаланылады, үлгілі, өнегелі ойын, еңбек үстінде этикалы қатынас жағдайында әдепкі адамгершілік әдет-дағдылары қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиесін отандық зерттеуші ғалымдар Н.С.Әлқожаева, А.Т.Өтебаева, Г.А.Ерғалиеваның еңбектерінен көре аламыз. Сонымен қатар, қоғамдық ұйымдардың өзін-өзі жетілдірудегі ықпалы жайлы шет ел ғалымдары: Р.Баден-Пауэлл, Ю.В.Кудряшов, С.Г.Лесникова, С.Н.Щеглова т.б. еңбектерінде негізгі орын алады.

Инклюзивті ортада мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, көмек беру балалардың адамгершілік тәрбиесінен көрінеді. Адамгершілік тәрбиенің мақсаты - жеке адамды дамытудың негізгі бөлігі. Ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиеден бастайды. Оның адамгершілік сезімін, сенімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу, іс-әрекетін ұйымдастыру осы адамгершілік тәрбиеден басталады. Ұстаз шәкірттердің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілдігін, ілтипаттылығын, жауапкершілігін қалыптастырады. Әр қоғамда, өмірде, еңбекте, тұрмыста, отбасында, тап аралық, халықаралық қатынастарда мораль адамның санасезімін реттейді, налыптастырады. Мораль принциптері барлық адамдарға тарайды, олардың өзара-қатынас формаларын қуаттайды, бекітеді немесе керісінше өмір талаптарына байланысты олардың өзгеруін талап етеді.

Адамгершілік тәрбиеге тән міндеттер бар. Олар:

- балаларды өмір талабына сай қоғамдық моральдық нормасын орындауға қатыстыру;
- балаларда адамгершілік тәжірибені қалыптастыру;
- балалардың санасына және мінезіне ұстаздық ықпал жасау;
- Отанға, оның Президентіне, Әнұранына, Рәміздеріне балалардың сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Адамның адамгершілік тазалығы ең алдымен оның әрекетінде көрініс табады. Ұжымда бала өзінің білімін, айналадағы дүниеге, іс-әрекетке көзқарасын: көмек көрсетуге, нәтиже шығаруға, құрбыларына қамқорлық жасауға, рахымдылыққа, қарапайымдылыққа, еңбек етуге ұмтылуын көрсете алады. Ұжымда тәрбиелеу заңдылығы тәрбиешілерді әр баланың мінез-құлқына ізгі ықпал жасауы үшін балаларды бірлесіп қызмет жүргізудің алуан түрлеріне біріктіруді міндеттейді. Бұл заңдылықты іс жүзінде қолдану тәрбиешінің мейірімділікті балалардың жеке ерекшеліктерін, адамгершілік тәжірибесін, дамуы мен мүмкіншіліктерін ескере отырып талап қоя білумен ұштастыра білуінен көрінеді. Мұның өзі олардың ұсыныстарын, идеялары мен ұмтылыстарын басып тастамай, адамгершілік мінез-құлықтың, тәртіптіліктің негізін қалыптастыруға, топта орнатылған тәртіпті құрметтеуге мүмкіндік береді. Өз кезінде тәрбиешіден ұстамдылық, шыдамдылық, орынды қатаңдық, тәрбиеленушілерге құрметпен қараушылық талап етіледі.

Инклюзивті ортада балаларды мүмкіндігіне қарау өнер арқылы, қоршаған табиғат, өмір шындығының болмысындағы жарымсындылықты тану, игеру негізінде, қазақ халқының өз ұрпағын әсемдікке, өз бойын, тәнін, сұлу етіп шынықтыруға баулып басты мақсат етіп ұстанғанын көреміз. Соған орай, тәлім мен тәрбиенің халықтық принциптері болғанын танып білеміз. Ол принциптер:

- тәрбиенің халықтылығы,

- тәрбиенің табиғилығы,
- тәрбиенің өмір болмысымен тығыз байланыстылығы
- тәрбиенің ұлттық мәдениетпен ұштасуы негізінде эстетикалық мазмұнда болуы
- тәрбиенің еңбек түрлерімен байланыстылығы.

Баланың толыққанды және салауатты өмір сүруіне даярлау, оның дене, ой еңбегіне үйрету, өзінің күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, отанға әрқашан адал қызмет етуге тәрбиелеу, оның бойында жастайынан ұлттық мәдени құндылықтарды мен рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру болғандықтан отбасы мен мектепке дейінгі мекемелердің өзара бірлескен әрекетін ұйымдастыру жолдарын анықтау қажет. Осы көрсетілген тәлімдік қағидаларды жүзеге асыратын тәрбие көздері, тәрбие түрлері – дене тәрбиесі еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік-имандылық тәрбиесі, әсемдік эстетикалық тәрбиесі, ерлік пен ұлтжандылық тәрбиесі, табиғатты қорғау тәрбиесі және ұл, қыз тәрбиесі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас. А.. 1987. – 87 б.
2. Нысанбаева Ә. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Алматы, 1994.
3. Отбасында балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. Алматы, 1985.
4. Айджанова З. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің бүгінгі мәселелері Ұлт тағылымы-2003-№4.
5. Ахтаева Н.С., Әбдіғапбарова А.І., Бекбаева З.Н. Әлеуметтік психология: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 243 б.

### **ӘӨЖ-159.9**

#### **ҚАЗАҚСТАНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЕНГІЗУ**

**Архабаева Б.Д., Тауасарова Д.Д.,**

**ТарМУПУ, Ақыл ойы-дамуында кемістігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының дефектологы**

2020 жылға дейінгі Қазақстанда білім берудің дамуының мемлекеттік бағдарламасының бір міндеті мектепте инклюзивті білім беруді дамыту болып табылады.

Бұл бағдарламаның 2020 жылға дейінгі дамуында мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан инклюзивті білім беруді меңгерген балалардың 50% құрады. Мамандар инклюзивті білім беруді тек мемлекеттің инклюзивті саясатының компоненті ретінде қарастырады. Инклюзивті білім берудің негізгі міндеті қоғамда дені сау тұлғааралық қарым-қатынасты орнату болып табылады. Замануи азаматтық қоғам түрлі іс-әрекетке өзінің барлық мүшелерін белсенді түрде енгізу мүмкін емес, жеке адамның құқығы мен еркіндігін құрметтеу, қауіпсіздік, еркіндік және теңсіздік қажеттілігін қамтамасыз ету.

Инклюзивтің басты мақсаты-мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру ғана емес, ол «барлығы үшін бір мектеп» мақсатын көздейді.

Инклюзивті оқыту мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы білім беретін ортада әлеуметтенуі мен оның дамуына және оқыту процесінде баланың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туғызады. Инклюзивті білім беру оқыту процесінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім беру жайлы айтқанда жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін де ескерген жөн. Ал бұл процесті жүзеге асыру үшін мектепте баланы психологиялық-

педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет, сонымен қатар, баланың дамуына жағдай тудыратын балаға көмек қолын созуға дайын, кездескен мәселені дұрыс түсінуге негізделген педагогикалық және балалар ұжымында моральды-психологиялық климат орнауы қажет.

Қазіргі таңда біз қоғамымызда білім беру саласында жиі-жиі жолығатын ұғым ол – инклюзивті білім беру. Бұл ұғымды ұғынар жандар көптеп кездеседі дей алмаймын. Себебі, «инклюзив» сөзі біріне таныс, енді біріне таңсық. Сондықтан, қарапайым құлаққа қонымды болуы үшін, «инклюзив» сөзін тілге тиек етіп тоқталып өтсем.

«Инклюзив» сөзі – ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын», ал латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» деген мағынаға ие. Бұл ерте кезеңде Еуропа елдерінде енгізілгенімен егемен елімізге енді-енді кіріктіріле бастады. Түп тамыры инклюзив сөзінен тарамдалып, тұғырлы тарихымыздың бір тармағына «инклюзивті білім беру» атты жаңалық енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз не? Ол – барлық балаға бірдей қарап, тең құқылы қоғамға бастайтын даңғыл жол. Яғни, адамзаттың шығу тегіне, діні мен діліне, жынысы мен мүмкіндігіне қарап бөлместен, тең құқық беріп, мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамушы балалармен бір шатыр астында білім беруге бағыттау. Мүмкіндігі шектеулі балаларға оқытып – үйретумен қатар өзін қоршаған қоғамға үрейсіз үйренуіне үлес қосу. Бұл оқыту түрінің бағыты басым, мақсаты айқын. Барлық адам білім алуға құқылы. Егемен еліміздің 2002 жылғы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық -медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде тегін оқуға құқылы делінген. Қоғам үшін бұл ұғым таңсық болмауға тиіс. Елбасымыз Н.Назарбаев халыққа жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны баршамызға мәлім. Ол өз сөзінде, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын.

Болашақ – бүгіннен басталады. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға оқуда, ортада өз ерекшеліктерімен жетістіктерге жетуге себепші болады. Олардың және біздердің қоғамға, адамға деген көзқарасымыздың қалыптасуына жол ашады.

Мүмкіндігі шектеулі бала ерекше қамқорлық пен жылуды сезініп өсуі тиіс. Қалыпты дамудағы баламен бірге білім алып, тең құқылы қоғамға бейімделіп өскен баланың талпынысы сезіне алған еркіндігінің нәтижесінде бойындағы жеке талантыныңда танылуына себепші бола алады. Ол тек ортаға бейімделіп ғана қоймайды, ол қалыпты өмір сүруге, өзінің толыққанды қоғам мүшесі екендігіне, жеке тұлға екендігіне көз жеткізіп әлеуметтік ортаға оңай орнығып кете алады. Инклюзивті білім беру барысында «ерекше» балалармен бірге білім алушылардың да адамзатқа деген көзқарасы өзгеріп, өз бойына өзгеге деген қамқорлық, қайырымдылық пен қажет сәтте қол ұшын беруге деген талпынысқа «ерекше» жандарды жатырмай жақын тұтуға кішіпейілдік пен көркем мінезділікке үйретеді.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектеліп, көп нәрсені меңгеруден шектелгеніменде, жан дүниесінің күңірене күйзеліске түсіп, ішкі әлемінің әлсіреуіне жол бермеуіміз қажет. Бұл белгілі бір ұйымдардың міндеті деп ұғыну жаңсақ пікір. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Білім беретін ұйымдар мен бала, ата-ана, педагог, отбасы арасындағы сабақтастықты дұрыс ұйымдастырып, жүзеге

асуына жол ашу әрбір тұлғаның міндеті. Бұл әрекетпен біздер мүмкіндігі шектеулі тұлғаның білім алуымен қатар қоғамда қалыптасуына себепші бола аламыз.

Жалпы орта білімді жетілдіру оқытуды қайта бағдарлауға, оқушының жеке басын дамытуға, оны өздігінен жаңа білімді меңгеруге үйретуге бағытталған. Заманауи жас адам тым ұтқыр, хабардар, шығармашылықпен және сыни тұрғыда ойлайтын, демек өздігінен дамуға және өз бетімен оқуға тым ынталы тұлға болуға шындығында мәжбүр. Заманауи қоғам жаһандану жағдайында дами отырып көп дағдарыстарды өткеруде. Бұл мемлекеттерде жаңа әлеуметтік моделдер іздеуге, адам ресурсына қатты назар салуға алып келеді. Барлық әлемдегі заманауи білім беру жүйесі алдында, уақыт талабына лайықты төтеп беруі үшін ХХІ ғасыр адамы қандай болуы керек деген маңызды сұрақ тұр. Бір жағынан заманауи адам – ол, еңбек нарығында табысты бәсекелесе алатын жоғары білікті кәсіпқой, екінші жағынан – ол, әлемнің әртүрлілігіне бейімделуге икемді, басқалармен араласа алатын, сабырлы, іскер, еңбекқор, өз бетімен ойлайтын және бірге күйзеле алатын адам. Дәстүрлі білім беру жүйесі осы сияқты міндеттерді орындай алмағандықтан жаңа өркениетті сынқатерлерге жауап беретін едәуір түрлендірулерге мұқтаж. Осы сияқты өзгерістер алдымен, көпшілігі арнаулы білім беру жағдайы жасалуын қажет ететін, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға білім беру саласында болуы керек.

Білім беру мекемесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру моделін құру, барлық оқушыларға соның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға да білім беру мекемесі ұжымының өміріне толық көлемде араласуына көмектеседі. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу нәтижелері мектептік білім берудің барлық кезеңдерінде білім, білік және дағдылармен шектеле алмайды, оқыту мақсаты тұлғаның білімі, тәжірибесі мен құндылығына негізделген жалпы қабілет сияқты құзыреттіліктің қалыптасуы болуы тиіс [2]. Құзыреттіліктер білім, білік, дағдыларға қайшы келмейді, құзыреттіліктер бұларды саналы пайдалануды көздейді.

Құзыреттілік тәсілін ескере отырып білім беру процесін жетілдіру, оқушыларды алған білімдері мен біліктерін нақты оқу және өмірлік жағдайларда қолдануға үйрету. Құзыреттілік оқушының жеке оқуының кіріктірілген нәтижесі ретінде олардың мағыналық, іс жүргізу және дәлелдемелік компоненттерді меңгеруі негізінде қалыптасады, оның деңгейі бағалау процесінде көрсетіледі [3]. Оқушылардың білімдерін бағалаудың негізгі функциялары болып табылатындар: бақылаушылық – мұғалімге оқу материалын сәйкесінше жоспарлауға және баяндауға мүмкіндік береді, оқушының жаңа материалды игеруге дайындығын, әрбір оқушының жетістіктері даңгейін анықтайды; оқу – білімдерін қайталау, нақтылау және тереңдетуге ықпал етеді. Сипаттаушы бағаның негізінде ата-аналар баланың мектептегі қызметтің барлық түрлеріне қосылатынын, тіпті оқу үлгерімі ең төмен оқушымен де жұмыс жасап, нәтижелерге қол жеткізу мүмкін екеніне көз жеткізуі тиіс. Ата-аналардың бойында осы жұмысқа қосылуға деген ынтасын ояту қажет. Бағалау жүйесін, әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа қабілетті қылып, мына төмендегілерді орындай алатындай етіп жетілдіру қажет: - оқушы оқу материалын қаншалықты табысты игергенін немесе практикалық дағдыны қалыптастырғанын анықтауға мүмкіндік беру; - танымдық қызметінің әр саласында оқушының табыстары динамикасын көрсету; - мадақтаушы, дамытушы, оқушылардың өзін-өзі бағалауына ықпал ететін тетікті негізге алу; - «мұғалім – оқушы», «ата-ана – сынып жетекшісі», «әкімшілік – педагогикалық ұжым» байланысын көздеу. Бұл оқу үдерісінің қалыптасуына жүйелі көзқарасты қалыптастырады, яғни оның тұтастығын білдіреді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

2. Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016 жыл.

3. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген.

4. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

5. «Қазақстан Республикасында Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР-ның 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 308 -II Заңы.

## **ӘӨЖ-502.1**

### **ПЕДАГОГТЫҢ ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ**

**Тойбекова С.М.**

**№25 Ақтөбе тірек мектебі , физика пәнінің мұғалімі**

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға орай жаңа технологиясымен жұмыс істеп жатқандықтан, сабақтар ойын белсенді орталықтары арқылы өту керек. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен.

Халық педагогикасына тән жалпы білім беретін мекемеде өнімді де өміршең сала – ойын. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары – баланы іс-әрекетке, адамгершілік әдептерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Балалар ойындарында жас ерекшелік, физиологиялық дамуына үйлесімді қимыл-қозғалыс, тіл ұстарту, сөздік қорды молайту жағынан өте бай және педагогикалық заңдылықтар тапқырлықпен үйлесімді қиыстырылған. Халқымыздың өмірге дені сау, шыныққан балалар әкелуі жөніндегі өз ұрпақтарына қалдырған үлкен де бай мұрасы – ұлттық ойындар. В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествасыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл – ой тәрбиесі болмайды», — дейді. Демек, шәкірттің ақыл – ойы, парасаты ұлттық салт – сана сіңіру арқылы байи түседі.

Физика сабағында оқушылардың қызығушылығын тудыру үшін ұлттық ойындарды пайдалануға болады. Біріншіден, ойын сергіту сәті болса, екіншіден оқушылар ойынға қатысу үшін өз білімдерін үнемі толықтырып отырады және де өтілген тақырыпты қайталау тұрақты түрде жүзеге асырылады. Бұдан оқушының есінде көп нәрсе қалады. Қайталау-оқу анасы деген. Мысалы: қазақ тілі сабағында халық ойынын пайдалану – оқушылардың еркін сөйлеуін, тіл байлығын сөздің дәл мағынасын бағдарлай білу қасиеттерін жетілдіре түседі.

Халық ойындарын математика сабағында пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыруға қолайлы. Математика сабағында халық ойындарын қолданудың түрлі жолдары бар. Мысалы: ойын сабақтың басында, не ортасында, не соңында қолданылуы мүмкін.

Ортасында оқушылардың шаршағанын басып, сергіту жаттығуы мақсатында қолданылады. Сабақтың соңында - сабақты бекіту немесе сол сабақтан алған білімді жинақтау. Ойындарды әртүрлі бағытта жүргізуге болады. Мысалы: ғалымдардың аты-жөні, олардың өмір баяндары, анықтамалар, теориялар, формулалар, өлшем бірліктер жөнінде сайыс-жарысқа түседі. Балалар жалықпас үшін ойынды жекеленген

оқушымен, топтармен және бүкіл сыныппен жүргізуге болады. Ол үшін мұғалім біздің ата-бабамыздың ертеде ойнаған ойындарының тәрбиелік мәнінің зор екенін түсіндіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткендігін айту керек. Сондай-ақ ойындар оқушылардың білім деңгейін көтеріп ғана қоймай, сонымен бірге, бір-бірлеріне жақындастырып достыққа, бауырмашылдыққа, адамгершілікке, жауапкершілікке тәрбиелейді.

Мұғалім бір оқушыны өзіне көмекші ретінде алып немесе үйрете келе өздеріне жүктесе, онда ойын қызықты өтеді. Бұл кезде оқушы өз құрбысымен ойын ойнау барысында қысылмай, сабақ қызықты өтеді. Бір-ақ ойын барысы 5-10 минуттан аспауы керек. Мұғалім оқушының айтқан жауабының дұрыс не бұрыс екендігі біліп отыру үшін жекеленген журнал бастап қойса, сол журналдағы оқушының аты-жөнінің қасына белгі қойып отырса, оқушы алатын баға әділ болады. Өйткені журналдағы белгі, сол оқушының білім деңгейін көрсетеді. Сонда мұғалімге қай оқушы қай бөлім бойынша, қандай формула, өлшем бірліктер мен анықтама бойынша қосымша жұмыс жүргізуге болатыны жөнінде мүмкіндік туады. Оқушылар санасына халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін қалыптастыру үшін, ғылымға, білімге деген ынталарын арттыру үшін физика сабағында ұлттық ойындарды пайдаланудың берері көп. Сондықтан әрбір ойынды қалай өткізуге болатындығына тоқталып өтейік және әрбір мұғалім ойынды сыныптың ерекшелігіне байланысты өзгертіп алса да болады. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану оқу іс-әрекеті тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. мысалы:

*1.Теңге ілу.* Ойынға қатынасушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді Ойынды бастаушы жүргізеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 1-2 метрдей жерден екі шеңбер сызылады. Шеңбердің ішіне бес-онсұрақ қояды. Содан екі топтан екі сайыскер шығады да, сызыққа келіп, қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша әлгі шеңберге жетіп, сұрақты алып, әрі өтіп кетеді. Шеңбердің тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алып, жауап берген сұрақтар санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. Ойын жылдамдықты дамытып, тез әрі дәл әрекет етуді үйретеді

*2.Сақина салу.* Ойын ережесі бойынша оқушылар дөңгелене тұрып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салып, «Тұр сақинам, тұр», — деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», — деп. Оны көршісі ұстап алу керек, егер ұстай алмай қалса, онда сұраққа жауап береді. Бұл ойын -зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет етеді.

*3.Орамал тастау.* Сұрақ жазылған орамал-конвертті ойын бастаушы кез-келген бір оқушыға береді, ол оқушы сол сұраққа қатысты бір сөздің бірінші буынынайттып, екінші оқушыға береді. Екінші оқушы буынды айтып, конверттегі сұраққа жауап береді. Ойын осылай жалғасды, дұрыс жауап берген, белсенді қатысқан оқушыны бағалауға болады.

*4.Аламан бәйге.* Бұл ойынға сыныптағы барлық оқушы қатыса алады. Әр қатарға қос бет парақтар біріледі де, бірдей уақытта оқушылар өздері білетін физикалық анықтамалар, өлшем бірліктер, формулалар , анықтамалар жазып жарысады. Әр оқушы қанша анықтама, теория жазса да өзі біледі. Уақыт белгіленеді. Кімнің көп және дұрыс жазғанына қарай бағаланады. Бұл ойын – алғырлыққа, шапшандыққа үйретеді және есте сақтау қабілеттінің дамуына көп көмегі бар.

*5.Аңшылар.* Ойынға 12 оқушы қатыса алады. Екі оқушы аңшы, қалғаны қоян болып қарама-қарсы тұрады. Қоян аңшыға сұрақ қояды.Егер де аңшы қоянның сұрағына жауап берсе, онда қоянды атып алғаны. Әр аңшыға әр қоян өздерінің сұрақтарын қойылады. Егер аңшы: 10 қоян атып алса - «өте жақсы», 8-9 қоян атып алса –«жақсы», 4-7 қоян – «орташа», 1-3 қоян – «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланады.

*6. Әуе таяқ.* Балалар екі топқа бөлінеді.Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады.Екі топқа екі тапсырма беріледі де, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының

біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып,екі қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса,ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы тапсырманы айтады.Осы кезде тапсырманы орындаса , өз тобына ұпай әкеледі. Осылай оқушы саны біткенше жалғасып, жауаптары бағаланады.

7. *Допты қуып жет.* Бұл ойынға 5-6 оқушы , мұғалімнің басқаруымен қатыса алады. Мұғалім әртүрлі түске жазылған тапсырмаларды допқа жабыстырып, себетке салып алып,балалардың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет»деген белгі береді, сонда балалар допты ұстап алып, тапсырмаға жауап береді. Жауабының бұрыс, дұрыстығына қарай бағаланады. Балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез қимылдауға, түстердің түсін ажырата білуге уйрету.

8. *Хан талапай.* Бұл ойынға сыныптағы төрт-бес үміткерден қатысады.Ойын үшін он қағаз таңдап алынады.Он бірінші қағаз ерекше «хан (қызыл,не көк ) түске боялған болуы шарт. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар сұрақты ортаға тастайды. Қалған ойыншылар аңдысын аңдап тұрып, өзге сұрақтардан ерекшеленген «ханды» алуға тиіс. Себебі, ерекше қағаз «ханды» кім алса, сол оқушы ,қалған оқушыға сұрақ қою мәртебесіне ие болады. Әр оқушы жауап берген сұрағының санына қарай ұпай алады.

9. *Ортаға түспек.* Тік төртбұрыш сызылады. Бірнеше бөліктерге бөлінеді. Тік төртбұрыштың бір шетінен бастап, әрбір сұраққа, жауаптарын жаза отырып ортаға жетуі керек.Бұл ойын –тапқырлыққа, тез қимылдауға үйрету.

10. *Хан «алшы».*Бұл ойынға 5-10 бала қатыса алады. Асықты жеке-жеке иіреді, кімнің асығы бірінші алшы түссе,сол хан, ал бірінші кімнің асығы тәйкі түссе, ол уәзір болады. Уәзір сұрақ қояды, хан бағалайды. Сұрақты қалған оқушыларға қояды. Мұнда оқушыларды берген жауаптарының дұрыстығына, санына қарай «жарайсың», «өте жақсы», «дұрыс» деген мақақтау айтып бағалауға да болады.

Міне, осындай жұмыстардың түрі оқушылар арасында ұжымдық, топтық қарым-қатынасты қалыптастырып, оларды жауапкершілікке тәрбиелейді және оқушылар мен мұғалім арасындағы ынтымақтастықты нығайтады.

#### **Пайдаланғанәдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.А. Казахстан- 2030- А.: Білім, 1997.-96с
2. Акиева Г.С. Педагогические основы развития и совершенствования системы охраны здоровья школьников . Алматы, 1997
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы – оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы.
4. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. -Алматы.
5. Сыздықова Ғ.С. Бала денсаулығына әсер етуші факторлардың әсері.//Қазіргі заман жағдайында денсаулық сақтаудың білім беру кеңістігін қалыптастыру. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. - Шымкент: Асқаралы,
6. Жумадилова Г.С. Жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері.//Салауатты өмір салты: Әлеуметтік жаңарудың көрінісі ретінде. - Астана
7. «Мектептегі денешынықтыру» - Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №5 2010, №3 2014

#### **ӘӨЖ-342.725**

#### **ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ҚҰЗІРЕТТІ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Усерханов А.У.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебінің (РО) мұғалімі.**

Тіл- қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де, озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.

Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы», - деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынууда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050 » стратегиясында мұғалімдерге сенім арта отырып, жастарымыздан үміттенеді. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр»-делінгендей [1], жастарды сауатты баулысақ болашағымыздың жарқын болатыны белгілі. Сондықтан да жастарымыздың болашағы үшін әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждер ашылып, «Болашақ» бағдарламасының негізінде олардың шетелге шығып білім алуына жан-жақты жол ашылған.

Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — қазіргі кезде заман талабына айналып келе жатыр. Себебі, Елбасымыздың үштілділік жөніндегі “Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде жүзеге асыру керек. Бүгінгі жастар, ертеңгі ұрпақ үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дiңгек, қазық деген мағынада қолданылады. Ағылшын тілі - қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Сондықтан осы тілді жетік меңгеру арқылы өз еліміз бен жерімізді, мәдениетімізді таныта аламыз. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы әлем тілдеріне аударылу арқылы барша халық қазақты, Абайды таныды. Біздің салт-дәстүріміз бен мәдениетімізге қанықты.

2017 жылдың 4 қыркүйегі мен 2018 жылдың 26 маусым аралығында Тараз қаласындағы ПШО филиалы «Жаңартылған білім беру аясында жаратылыстану пәндері химия, физика, биология және информатика пәндеріне арналған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру 10 айлық курс ұйымдастырылды». Курстың мақсаты қатысушы мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеруін кезең кезеңмен жетілдіру барысында Халықаралық сертификатталған Cambridge English Placement Test (on-line) тестін қолдану атырып, пән мұғалімдерінің лингвистикалық құзіреттілігін тестілеу және ЕМІ бағдарламасының оқу нәтижесі бойынша сертификаттау. Курс барысында ұйымдастырушы «Консорциум» тындаушыларды қажетті оқулықтармен қамтамасыз етіп отырды. Менің курстан алған әсерім ерекше. Өйткені, ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Ағылшын тілінде оқыта отырып, сабақ барысында қосымша берілетін терминдер сөздігі арқылы оқушылардың пәнді меңгерумен қатар ағылшын тілінде сөздік қорын молайтуға және бәсекеге қабілетті болардай білімін толықтыруға үлес қосуға жұмыс жасайды.

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр. Бүгінгі жастар, ертеңгі ұрпақ үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дiңгек, қазық деген мағынада қолданылады. Ағылшын тілі - қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Сондықтан осы тілді жетік меңгеру арқылы өз еліміз бен жерімізді, мәдениетімізді таныта аламыз.



Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым. Сондықтан тіл мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»-деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру-заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі.

Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін байланыстыра алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді байланыстыра ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушы-субъектінің ізденісіне, яғни, жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз.

Қорыта айтқанда, көпұлтты Қазақстан жағдайында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қоғамдық өзара келісімді нығайтатын маңызды фактор. Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдік бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

## **ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІН АНЫҚТАУ ЖОЛДАРЫ**

**Жаманбаева А.С.**

**Сарысу ауд., Жаңатас қ. Абылай хан ат. мектеп-лицейі**

Тұлғаны қалыптастыру, қоғамдық қатынастар жүйесінде мақсатты бірлескен іс-әрекеттер жолымен жүргізіледі. Мұны дәлеледейтін оқыту мен тәрбие берудің өзара үйлесімді байланысын реттейтін психологиялық жүйелеу әдісі. Тәуелсіздік алған еліміздің келешек ұрпақты ұлттық, халықтық және этностық-мәдени тұрғыда дамуы, ұлттық құндыдықтарымызды жаңғырту, жақсы қасиеттерімізді үйрену, оны түгелдей қайталау, керісінше, оны қоғам мен уақыт сипатына қарай анықтау болып табылады. Мұндай көзқарасты жүзеге асыру педагог-психологтардың негізгі кәсіби міндеті. Бұл

талаптардың жүзеге асырылу бағытындағы жұмысты үздіксіз білім беруде – оқушы тұлғаларының білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттер бойына сіңген тұлғаны тербиелеу мен қалыптастырудан бастағанның маңызы өте зор. Ал тұлға көбінесе ұжымда (сыныпта), еңбекте, іс-әрекет барысында ашылады.

Өзіндік бағалау – жеке бастық қатынастардың өмірлік құрылымдарын таратудағы белсенділікті шарттандыратын тұлғаның сипаттамасы. Өзіндік бағалау - әлеуметтік құбылыс, яғни ол тұлғаның өмір сүретін әлеуметтік орта ерекшеліктерімен, талаптарымен байланысты. Жалпы өзіндік бағалаудың жеткілікті жоғарғы деңгейі – еңбек пен қоғамдағы белсенділіктің маңызды шарты. Өзіне деген жағымды қатынас тұлғаның рухани жағымды белгісі болып табылатын өзіндік бағалауды зерттеу маңыздылығы осында. Әлеуметтік психологиялық зерттеулер көрсеткендей, тұлғаның өзі жайлы пікірі оның іс-әрекеті мен істерін реттеудің негізі болып табылады [1].

Бала дамуының тұтас процесінің үш негізгі жағын бөліп шығаруға болады:

- 1) оқыту процесінде білім мен іс-әрекет тәсілдерінің дамуы;
- 2) игерілген тәсілдерді қолданудың психологиялық механизмдерінің дамуы;
- 3) жеке адамның жалпы қасиеттерінің (бағыттылығы, іс-әрекет, сана және ойлаудың психологиялық құрылымы) дамуы.

Әрбір жас шағы психикалық дамудың ерекше сапалы кезеңі болып табылады және бала дамуының осы кезеңдегі оны жеке басының өзіндік құрылымының жиынтығы құрастыратын көптеген өзгерістермен сипатталады. Л.С.Выготский жас шағы дамудың белгілі бір дәуірі немесе сатысы, дамудың белгілі, біршама тұйық кезеңі деп қарады, оның маңызы дамудың жалпы алатын орнымен және дамудың жалпы заңдарының одан әр кең өзіндік көрініс табуымен анықталады [2]. Бір жас сатысынан екіншісіне өтуде бұрынғы кезеңдерде болмаған жаңа құрылымдар пайда болады және даму барысында қайта құрылып, өзгеріп отырады.

Жас ерекшеліктері көптеген жағдайларын жиынтығымен анықталады. Бұл - әрі балаға оның өмірінің осы кезеңде қойылатын талаптар жүйесі әрі айналасындағылармен қарым-қатынастарының мәнісі, әрі ол игеретін білім мен іс-әрекеттер типі. Адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау процесінде қажеттілік туындап отырады. Адамға алдына мақсат қойып, оны шешуге ұмтылдыратын оның қажеттіліктері. Кез-келген адамның бойында ішкі түрткі, қызығу сезімдері болады. Соның негізінде өзіндік бағалау пайда болады. Бұл “ Мен-концепциясы” негізінде орындалады. Мен-концепциясы әлеуметтік байланыс салдары [3]. Бұның құрамына:

- 1). Физикалық Мен –дене тізбегі
- 2). Шынайы Мен – дәл қазіргі уақыттағы өзіндік мен
- 3). Динамикалық Мен – субъектінің болашақта өзгеруі
- 4). Әлеуметтік Мен - әлеуметтік интеграция сферасымен байланыс
- 5). Экзистенциалды Мен - өмір мен өлімді бағалау
- 6). Ерекше Мен – субъектінің өз пікірі бойынша қалай болуы, не істеуі керек, әлеуметтік нормаларды бейнелеу
- 7). Қиялдық Мен- субъектінің егер мүмкін болса өзгерісі келуі

Қазіргі кезеңде жаңа қоғам адамын тәрбиелеудегі басты нысана-адамның адами тұлғалық қасиетін сақтап қалу. Ол ең алдымен адам өзінің іс - әрекетін бағалаудан басталады. Демек, жаңа тұлғаны тәрбиелеуде, ең алдымен, әрбір жеке адамның дамуы үшін оның өзіндік табиғи табиғатын танып білу, сонымен қатар барлық интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту негізгі қағида болуы тиіс. Ежелден адамзат мәдениетінің тарихи дамуында адамды адамдық дәрежеге көтеру (Әбунасыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашқари, Қадырғали Жалайыри, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхамед Хайдар Дулати және тб.) қазақ ғұламаларының тәлім-тәрбиелік идеяларынан басты орын алған. Мәселен, Әбунасыр әл-Фараби өзінің «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Философиялық трактаттары», «Бақытқа баратын жолды

көрсету» атты және тб. трактаттарында «Адам баласы жаратылыстың бүкіл жан иесі атауының биік деңгейі, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп адамды оқып үйренуге, тынымсыз ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге, бағалау қасиетін арттыруға шақырады».

Қазіргі еліміздің өркениетті нарыққа бет алған кезеңіндегі туындағын экономикалық, әлеуметтік қиындықтар тұлғаның адамгершілік қадір-қасиетінің төмендеуіне, салаутты өмір сүру ережелерінің бұзылуына өз әсерін тигізуде. Мұндай жағдайда тұлғаның қалыпты өмірін қамтамасыз етуге ықпал жасайтын адамгершілік адами қасиеттердің құндылықтарын бағалаудың қоғамдық-мәдени ортаның рөлі ерекше. Адамның тұлғалық қалыптасуы әлеуметтік жағдайларға тәуелділігі ертеден-ақ дәлелденген.

Жеке тұлға объектіге түрлі мақсат көздеп қызығады. Өмір сүретін ортасына қоғамдық (экономикалық идеологиялық) тікелей әсер етуінен қалыптасып отырады. Бұны жеке тұлға өз сөзімен “Мен концепциясы” деп атайды. Мен - концепциясы қабылдаудың бір бағытта жүруі. Қазіргі кезде психологтар жеке тұлға бірнеше Мен-концепциясын иемденуі мүмкін дейді, олардың біреуі –жақсы, екіншілері-нашар, үшіншілері-жеке тұлғаның қазіргі шағы, төртіншілері-болашақ мүмкін болатын мен-концепциясы.

Жеке адамның тұлғалық сипаттарында ерекше байқалатын екі түрлі ерекшелік бар. Оның бірі-әрбір адамның құрылымы мен жеке басындағы даралық сипаттар. Бұл адамдардың типтік мақсаттарымен байланысты теориялық мәселе. Екіншісі-сол типтерден туындайтын және жеке басқа бағынышты азаматтық ерекшеліктер. Бұл мәселе осы заманғы психологиядағы айрықша маңызды деп саналатын биологиялық және әлеуметтік факторларға негізделіп отырып қарастырылады.

Биологиялық фактор-адамға туа берілетін табиғи анатомиялық және физиологиялық қасиеттер, ал әлеуметтік фактор-адамның дамып жетілуіне тіршілік ортасының, қоғамның, тәлім-тәрбие істерінің әсері. Осы екі фактор адамның психикалық дамуында бірін-бірі толықтырып отырады. Адамның өзіндік психологиялық сипатын зерттеуде ерекше орын алатын іс-әрекет түрі-оның белсенділігі. Белсенділік іс-әрекетпен, оның бағдар мақсатымен, өмір-тіршілігімен тығыз байланысты. Адамның іс-әрекетін бағыттаушы әрі оны нақты жағдайларға икемдестіруші тәуелсіз тұрақты мотивтер жиынтығы жеке адамның бағыт бағдары деп аталады. Бағыт-бағдар құрамына өзара байланысты, деңгейі жағынан бірінен-бірі жоғары бірнеше формалар кіреді; құмарлық, ниет, ұмтылыс, қызығу, бейімділік, наным, көзқарас тб. Аталған формалардың қысқаша мәні:

- Құмарлық - бағыт-бағдардың ең қарапайым биологиялық формасы;
- Ниет - саналы қажетсіну, толық белгілі затқа құмарлық;
- Ұмтылыс – ниетке еріктік күш қосылғанда пайда болады;
- Қызығу – бағыт-бағдардың қандай да затқа ауысуындағы танымдық форма;
- Көзқарас – қоршаған дүние болмысын философиялық, эстетикалық, этикалық,

жаратылыстану және басқа ғылымдар жүйесінде тану;

- Наным – адамды өз танымы, принципі, көзқарастарына орай әрекетке ықпалдаушы мотивтер жүйесі, бағыт-бағдардың ең жоғарғы формасы.

Адам бағыт-бағдардың басым болуынан саналы мотивтер туындайды. Айта кету керек, қажетсінулер мен мотивтер адам бағыт-бағдарының беогілі бір бөлігін ғана сипаттап, оның басты түйіні, іргетасы ғана іспеттес. Осы іргетас негізінде адамның өмірлік мақсаты қаланады. Жеке тұлғаның психикалық әрекетінің нақты динамикасын айқындайтын психиканың дара қасиеттерінің жиынтығы темперамент. Адамның жеке динамикалық бітістері оның сырттай әрекет-қылығында, қозғалысында ғана емес, барша ақыл-ой тапшылауынан, ниеттері мен қызмет бабынан көрінеді. Темпераментіне қарай адамдар соңғы нәтиже емес, сол нәтижеге жету жолдарын таңдауымен ажыратылады. Темпераменттің тұма ерекшеліктері тәжірибе, әлеуметтік ортаға және өз

басын билей алуға байланысты психикалық процестерде көрініс береді. Ф.М.Грановская «Жағдайға орай жауап-әрекет, бір жағынан жүйке жүйесінің сипатына, екінші тараптан-оқу тәрбие мен кәсіби тәжірибеге тәуелді» деген.

Жеке тұлғаның өзіне тән қылық-әрекетінде, тіл қатынасында тұрақты қалыптасатын дара ерекшеліктерінің жиынтығы мінез. Мінез нақты, тұлғаның шыншыл, адал, ақкөңілділігіне орай сипатталмайды, аталған сапалар-әр түрлі жағдайларда көрініс беретін жеке тұлға қасиеттері. Мінез адамның негізгі өмірлік беталысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Адам мінезіне тән қасиеттердің бірі құмарлық болып саналады. Құмарлық күшті, ауқымды күйреткіш немесе әлсіз болып келеді. Әдетте бала жаны құпияны білуге құмартып тұрады. Егер балаға бірдемені істемесе, бүлдірме десең әдейі бүлдіруге, істеме дегенді істеуге тырысып бағады. Жалпы, адам баласына тән құмарлық, білмегенді білуге, табиғи жасырын сырдың құпиясын ашуға деген ынталылық адам физиологиясының ішкі сырына тән қасиет.

Адамның құмарлығы дегеніміз-адамның бойындағы қарама-қайшылық сырларды ашуға кілт болып табылады. Ол білмегенді білуге талпыныс жасауға, іс-әрекетке итермелейтін ішкі фактор. Әр адамға өзіндік жасырын сырға толы жұмбақ тұлға деп қарасақ, сонымен бірге басқалардың мінез-құлығындағы, іс-әрекетіндегі жұмбақты, ішкі сырын білуге деген құмарлық та, әр тұлғада әр түрлі болады. Мысалы, біреу өз жолдасынан жақсылықтың шетін естіп сезсе-ақ соны тәптіштеп сұрап білуге құмартады. Ал екінші біреу өзі айтпаса, оған өліп-тіріліп ерекше назар аудармайды.

Адам өзінің өмір сүру шекарасынан, одан арғы жаратылыс құпиясын білуге үш түрлі жолмен талпыныс жасайды. Біріншіден – ол өзінің өмірде бар екенін, осы өмірдегі тіршілік иесі басқаларға білдіртуді мақсат етеді. Адамның өмірді өзін-өзі нығайтуының, өз мүмкіндігін іске асыруының жолдары алуан түрлі: ол сурет салу, кесте немесе өрме тоқудан, танертеңгілік жаттығудан басталып, спорт пен көркемөнердің, саясат пен ғылымның алуан түрлерімен айналысу, түрлі қызмет атқару арқылы іске араласады. Сөйтіп адам өмірде өзінің бойындағы қабілетін іске асыруда басқаларға ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленуге тырысып бағады. Мысалы, шебер ұсталар соққан пышақты немесе қанжарды, тоқымашылар тоқыған алаша, кілемдерге қарап отырып оның кімдікі екенін бірден айтуға болады.

Адам өрімде де бір-біріне ұқсамайтын өзіндік мінез-құлық ерекшелігімен дараланса, өнерде де өз қолтаңбасымен даралануға тырысып бағады. Мұны адамдардың өмірде өз бойындағы қабілеті мен талантын танытуды, ерекшеленуі дейміз.

Екіншіден – адамдар өзінің бұл өмірде бар екенін айқындауды қоғамдық ортада басқалармен қарым-қатынас жасау арқылы іске асырады. Қарым-қатынастың алғашты түрі «мен» және «сен» деп бөлуден басталады да, әр адам өзінің «менің» басқалармен қарым-қатыныста танытуға тырысады. Ал басқа адам сол сияқты қарым-қатынасты өзінің бойындағы қасиеті мен іскерлігін танытуға тырысып бағады. Сөйтіп әр адамның өмірдегі қабілеті мен іскерлігі адамдар арасындағы қарым-қатынаста ашылып, белгілі бола бастайды.

Үшіншіден - адам баласының өзі өмір сүріп отырған ортадан ары шығуға талпынуы, өзінің іс-әрекетін өзінен жоғарғы, үлкен өмірге қатыстыру арқылы іске асыру.

Жас өспірімдік кезеңде өзін - өзі бақылау, байқау арқылы өзін білсем дейді. Баланың жас өспірімдік кезге жалпы алғанда рефлексияның өсуі, өзіне барынша ден қою тән. Мұның өзі интимдік күнделіктердің шығуынан да (жасөспірім ұлдарға қарағанда, қыздарда көбірек кездеседі және ертерек басталады), көркем әдебиеттегі кейіпкерлерді өздері деп елестетеді, олардың қылықтарының мотивтері мен толғаныстарына көңіл бөледі.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеті тек білімге, оқуға ғана бағытталмай, үлкендердің, өзімен бірге жүретін достарының ерекшелігін тануға, мәдениеттік өрісін кеңейтуге жолдайды. Жас өспірімдік кезеңде үлкен психикалық өзгерістерге ұшырасады. Біріншіден жас өспірім «Мен» дәрежесіне көтерілсе, екіншіден өмірге басқаша көзқарас танытады. Өз бетімен шешім қабылдап, тұжырым жасайды, өзіндік бағалау қасиет пайда болады. Осыған орай, танымдық іс-әрекетінің мотивациялық өрісі де өзгереді. Соңғы жылдары ғалымдар психология ғылымының әр түрлі саласында, әсіресе өзін - өзі бағалауға қарым –қатынастың ықпал ету мәселесіне үлкен қызығушылық туғызып отыр.

Қорыта келе, білім алушылардың өзіндік бағасын дамыту-тәрбиелеу олардың жеке басының, психологиялық сапаларының қалыптасып жатқанын білдіреді. Ол үшін алдымен жалпы оқытып – тәрбиелеу жұмысының жоғары мәдениеттілігі қажет. Оның құрамына оқушылардың танымдық қызығушылығының дамуы, оқытуда белсенді әдістердің қолданылуы, оқушыларда жауапкершілік сезімінің қалыптасуы, өзінің іс - әрекетіне баға беру, есеп бере білу, сабаққа саналы қатынасы, білімнің қажеттілігін түсіну, білім алуының еркін тәрбиелеу және еңбекті жүйелі жоспарлауға дағдылану жатады. Мұның барлығы мектептің алдында тұрған міндеттерді шешумен тығыз байланысты – балаларға тек білім беріп қана қоймай, оларды оқуға, жұмыс істеуге үйрету қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Наурызбаева С.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание – А.: Академия, 1999 г.
2. Калиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А.А Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дпмытудың педагогикалық негіздері. А.: Білім, 2001
3. Липкина А.И. К вопросу о методах выявления самооценки как личностного параметра развитие учащихся.// М., 1975.

#### **ӘӨЖ 159.5**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Джапарова А.А.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебі (РО)**

Еліміздің болашағы болып саналатын ұрпақ тәрбиесінде, оқу процесінде өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің, нарықтық экономика кезеңінің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілетін, шығармашылық, кәсіби біліктілігі мен білімділігінің керек ететіні белгілі.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім беру жүйесін дамытудың негізгі факторларына білім беру парадигмасын өзгерту; оқыту, тәрбиелеу және білім беру сапасын арттыру; білім беру ұйымдарының материалдық базасын нығайту жұмыстарымен қатар, оқушылардың әлеументтенуі және олардың денсаулығын сақтау міндеттері де кіреді [1].

Бала мектепке келгеннен кейін оқу оның негізгі іс-әрекетіне айналады. Мектепте бала белгілі бір мерзім ішінде қабелеттілік пен икемділіктің белгілі мөлшерін меңгеріп және оларды талдауды үйренеді. Қазіргі сәтте бала өзіне қызық емес, бірақ болашаққа маңызды материалдармен оқып танысады. Жалпы білім беретін мектептердің қабылданған балалардың оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарды басынан өткереді. Қиындықтардың ең алғашқы себебі – мектептік оқуға деген қызығушылығының төмендігі немесе психологиялық дайын еместігі.

Осыған қоса мектепте оқудың бастауы тек өмірдің жаңа шарттары ғана емес, сонымен қатар жаңа байланыстар, қарым-қатынас және жаңа міндеттер. Осыған орай бала өмірі өзгереді: бәрі оқуға, мектеп іс-шараларына бағынышты болады. Бұл өте маңызды кезең. Мектеп алғашқы күннен бастап оларға интеллектуалдық және физикалық күшті қажет ететін тапсырмалар береді.

Балаларды мектепке дейінгі дайындыққа кеткен уақыт пен күшке қарамастан, бастапқы оқу кезеңінде барлық балалар белгілі бірнеше қиындықтарды басынан кешіреді. Бұл балалардың мектепке бейімделу кезеңі. Балалардың мектепке бейімделу кезеңі мектепке дейінгі және мектептегі өтпелі кезеңді айтуға болады. Бала «Мектеп» деп аталатын жаңа әлеуметтік ортада үлкендер тарапынан айтылатын көптеген талап – тілектерді орындау және мектептің ішкі ережесіне бағынуы, 45 минуттық сынып – сабақ жүйесіне бейімделуі қажет.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойында оқыған арнайы дәрісінде: «Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет. Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектке, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту мен өрістету. Бізге ұлттық интеллектінің дінін құру қажет, бізге халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын эрудициялы адамдар керек», - деген [2].

Оқушы жағдайы жеке басының ерекше бағыттылығын тудыратынын атап өту керек. Ол үшін, оқу – білімді меңгеретін жай әрекет немесе өзін болашаққа дайындау тәсілі ғана емес, ол баланың саналы түрде сезінетін өзіндік еңбек міндеті және айналасындағылардың күнделікті өміріне қатысуы болып табылады.

Мектепке оқуға қабылданар баланы мектептік болмысқа ендіру, толққанды оқу әрекетін қалыптастыру - өтпелі кезеңге тән психикалық дамудың барлық жиынтықтарымен тығыз байланысты. Олар оқу – тәрбие үрдісін осы жастың психологиялық ерекшеліктерімен қатаң сәйкестікте жүргізуді қажет етеді. Сондай – ақ мектепке дейінгі шақтан оқушылық өмірге өту кезеңін зерттеу мәселесі мектептегі оқу – тәрбие міндеттерін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл істің түпкі мақсаты баланың мектептегі оқуына берік тұрғыда қамтамасыз ету. Ол мұғалім талаптары мен мектеп ережесін орындауға баланың ерік күшін бағындыра алу іскерлігінен көрінеді.

Бастауыш сынып оқушыларының мектепте оқуға қызығушылығы мен бейімделу ерекшеліктеріне арналған зерттеулері Коломинский Я.Л., Панько Е.А., Чуткина Г.М., Венгер Л.А., Мухина В.С. және баланың мектепке психологиялық даярлығы мен мектепке баруы туралы отандық ғалымдар Баймұратова Б., Қойбағаров., Қ.Сейсенбаевтың еңбектері маңызды орын алады.

Алты жасар баланың мектепке баруы оның өмірінде ерекше оқиға болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңнен мектеп жасына өтуі баланың іс-әрекетінде, басқ адамдармен қарым-қатынасында ерекше өзгерістермен байланысты. Кіші мектеп жасындағы баланың ең негізгі іс-әрекеті оқу болғандықтан, баланың өмір тіршілігі өзгереді, жаңа міндеттер пайда болады, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы жаңаша қалыптасады.

Жалпы, тәжірибеге сүйенетін болсақ, баланың оқығысы келмеуі мына жағдайларға байланысты болады:

1. Мектеп алдындағы қорқыныш. Бұл баланы бағындыру, әрекеттерді орындату мақсатымен қорқынышты үйде қалыптастырады; («Мектепке барасың сонда саған көрсетеді»);

2. Оқу үрдісінде және қарым-қатынаста қиындыққа кезігуі;

3. Мектептің өміріне бейімделе алмауы;

4. Мектептің өмірінің шынайылық қиындығымен кезіккенде, баланың көңілінде мектепке деген жағымсыз қатынастың пайда болуы;

5. Мұғалімнің өзіне тән психологиясына үйрене алмау.

Яғни, осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағұлматтарды айтып, баланың мектепке деген жағымды қатынас және сенімділік сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу керек. Ең бастысы баланы жолдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, басқа баланың ойымен санасуға үйрету болып табылады.

Мектеп өмірі баладан эмоционалдық тұрақтылықты талап етеді. Оқушылар арасында келіспеушіліктер, реніштер және конфликттік жағдайлар жиі кездеседі. Әсіресе ерке балалар мұғалімнің ескертулерін ауыр қабылдайды, яғни мектепке барудан бас тартады, жылайды және т.б. әрекеттер арқылы көрінеді. Баланың өз бетімен шешім қабылдай алатындай және еріктілікті дамытуға жағдайлар жасап және бір жұмысты аяқтамай келесі жұмысқа кірісуіне рұқсат етпей, кез-келген істі аяғына дейін жеткізуге үйрету керек.

Баланың мектептегі оқу қиындықтары бірден болмайды. Мектепте толығымен меңгеруіне бір күн немесе бір апта жеткіліксіз. Ол ең алдымен бейімделуден басталады. Бейімделу ұзақ мерзімді қажет ететін процесс. Осы тақырыпты ала отырып оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру олардың пән-қызығулар адамның рухани және дене күші дамуының аса маңызды шарттары болып табылады және оның ой-өрісін кеңейтіп, білім алуға итермелейді. Бұлар адамның іс-әрекетін жеңілдетеді, жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі. Егер адам бір нәрсеге қызығатын болса, ол кез-келген іспен шұғылдану үшін зор қиыншылықтарды жеңуге дайын тұрады. Бала өміріндегі бұл мерзімнің бала өміріндегі өзгерістерінің психологиясы мен мінездемесі дамудың әлеуметтік жағдайы мен ішкі позициясының түсініктерімен байланыстыру қажеттігін ұсынды.

Қорытындылай келе, әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескере отырып, оқушының білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, дүниетанымын, өмірлік мақсат-мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу үздіксіз оқу-тәрбие үдерісі мен үлкендердің қолдауының ғана жемісі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - // Егемен Қазақстан, 14 –желтоқсан, 2010.

2 «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс». Н.Ә.Назарбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдығында университеттің профессорлар мен оқытушылар мен білімгерлеріне арнап оқыған дәрісінен. // Білім нұры №8 (38); 21.10.2009

3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Астана, 2007 жыл 28 ақпан.

4 Білім туралы Қазақстан Республикасының заңы // Егемен Қазақстан, 15 – маусым, 2007.

5 Коломинский Я.Л., Панько Е.А. Учителю о психологии детей шестилетнего возраста.-М.: Просвещение, 1988.

6 Стыбаева А.Ш. Первичная психологическая адаптация детей 6-7 лет к условиям школы.-Т.,2003.

#### **ӘӨЖ 371**

### **ЖАС ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ТРЕНИНГТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Сулейменова А.А.**

**Жуалы ауд., №19 Д.Қонаев ат. мектеп-гимназиясы**

Еліміздің қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты: жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды дамыған, шығармашыл маман даярлау. Сондықтан ЖОО

бітіріп, кәсіби әрекетке жаңа араласқан жас маман тек мамандық бойынша білім алып қана қоймай, сонымен қатар сол игерген теориялық білімдерін еңбек әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін де таратуы қажет. Міне осындай мәселені шешудің бірден бір жолы жас мамандармен әлеуметтік-психологиялық тренинг ұйымдастыру.

Тренинг арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренингтің ең маңызды мәселесі - өзінің жек даралық қасиеттері арқылы тұлғаның өзін-өзі ашуына көмек береді [1]. Ал, ол үшін ең бастапқы жағдайда адам өзін жеке тұлға ретінде қабылдап және түсіне білуге үйренуі қажет. Әрбір тренингтің негізгі тәжірибелік мақсаты сол тренингке қатысушысының сана-сезімінің жетілуі. Мұнда тек қатысушының сана-сезімінің ғана жетілуі ғана мақсат етілмейді, сонымен қатар ең маңыздысы жас маманның кәсібилігін қалыптастыру.

Тренингте қатысушы өзі туралы жаңа ақпарат ала отырып түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса, онда берілген ақпарат тез меңгеріледі және алынған теориялық білімдер тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Егер жеке тұлғалық тренингте қарым-қатынас мәдениеті қарастырылса, ал әлеуметтік-психологиялық тренингте топ мүшелерінің «Менің» қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның коммуникативтік қасиеттерін дамытады.

Тренинг жарқын, эмоцияға толы жаттығулар мен тапсырмалар, тұлғаның өзгеруіне бағытталған, жеке тұлғаның қатынасын үйлестіретін, білімдерді бойға сіңіру, өзге адамдармен қарым-қатынас барысында өзін-өзі ұстауын өзгертуге бағытталған. Тренингтің негізгі міндеттері:

- кәсіби маман ретінде өзін-өзі тану, түсіну, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу;
- шығармашылық ойдың икемділігін, тапқырлығын талап ету, жеке даралық қасиеттерін дамыту;
- креативті ойлаудың дәлдігі мен жылдамдығын жаттықтыру;
- коммуникативтік дағдыны дамыту, қарым-қатынастың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеру;
- жағымды көңіл-күйді көтеру, басқаны қабылдау мен қатынас жасау барысында өзінің сезімі мен эмоциясын басқара білу қабілетін дамыту.

Тренингке қатысушы жас мамандар ең алдымен өздерін бірден ұжымға көрсете алу, сенімділік мүмкіндігін шектейді, бірін-бірі бағалап, бірімен-бірі не жағымды (симпатия, ұнамды), не жағымсыз (антипатия, ұнатпау) эмоциялық қарым-қатынас орнатады. Эмоциялық қатынастар іскерлік, ұжымдық, достық, рөлдік қатынастарға да ықпалын тигізеді. Сол себепті жас мамандармен ұйымдастырылатын әлеуметтік-психологиялық тренинг тұлғалық өсу мен кәсіби қалыптасу мәселелері басшылыққа алынады. Жұмыс жағдайында тренинг адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіншілігіне бағытталады. Тренингтік жаттығулар кейбір жағдайларда тұлғалық өзгеруге түрткі қызметін атқарады.

Адамдардың өзара әрекеттегі мінез-құлқы және бірлескен іс-әрекет процесінде бірлескен іс-әрекетті ұйымдастырудың үш моделін ерекшеледі:

- әр бір қатысушы жалпы жұмыстың өзіне тиесілі бөлігін басқаға тәуеліз орындайды;
- жалпы міндет әрбір қатысушымен бірізді орындалады;
- әрбір қатысушының барлық қалғандарымен бір мезгілде өзара әрекеттесетін орны болады [2].

Адамдардың жалпы талпынысы келісім позициясы процесіндегі соқтығысуға әкелуі мүмкін. Нәтижесінде адамдар бірбірімен «келісу- келіспеу» қатынасқа кіреді. Келіскен жағдайда серіктер бірлескен іс- әрекетке жұмылдырылады. Осыдан өзара әрекеттесуге қатысушылар арасында рөлдер мен қызметтерді бөлісуі жүреді.

Жалпы тұлғаның кәсіби шеберлігінің қалыптасуы еңбек процесінің ұйымдастырылу деңгейіне, оның білімі мен қабілетіне, қызығушылығы мен



мотивациясына тәуелді. Кәсіби жетілу үшін, ол үшін мамандықты таңдаудың маңыздылығы, оған деген қызығу, оны меңгерудегі қиындық, еңбек сапасына қанағаттану деңгейі сол жаңа еңбек әрекетіндегі маңызды көрсеткіштердің бірі. Ал осы жас мамандарды кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мақсатында қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдер оның кәсіби жетілуінің бірден бір құралы. Сондай-ақ оны белсенділендірудің тиімді технологиясы ретінде әлеуметтік-психологиялық тренингтердің де маңызы зор.

Тренинг адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіншілігіне бағытталады. Тренингтік жаттығулар кейбір жағдайларда тұлғалық өзгеруге түрткі қызметін атқарады. Өзіндік сана тұлғаның даму процесін жанама түрде және мазмұндау арқылы қарым-қатынас үйлесімділігін орнатып және қарым-қатынастағы қиындықтардың себебін ұғыну динамикасына ықпал жасайды. Тренинг барысында мынандай жағдайларға да дайын болуы тиіс, олар: ыза, қатты дауыс, дөрекілік, өзімшілдік, қатыспаушылық, қажетсіз күлкі, ынтасыздық, шыдамсыздық немесе «сөзге керісу», қажетсіз сөзге араласу; тыныштық, селсоқтық; қылжақтық және т.б.

Педагогтың еңбекке деген белсенділігін арттыру мақсатындағы қарым-қатынастың алатын орнын басқа адамдармен өзара бірлескен іс-әрекеттегі жағдайы арқылы білуге болады. Ол қарым-қатынасқа түсуші жақтармен ұйымдастырылатын жұмыстар негізінде жүзеге асырылады. Осындай дамыту әлеуметтік-психологиялық тренинг тапсырмалары арқылы топтық пікір таластарды, іскерлік ойындарды және т.б. ұйымдастырамыз. Мысалы, топтық пікірталастар түрлі мақсаттарға қол жеткізуде қолданылады: конфликтіні алдын алу мен шешу, мәселенің түпнұсқалы шешімін табу, жеке пікірлерді сәйкестендіру және бірыңғай шешім жасау. Ал ұжымдық пікірталастың басты мақсатына жетудің қолайлы шарттарын қамтамасыз ететін негізгі өлшемдерге біз келесілерді жатқызамыз:

- 1) тұлғалық, мотивациялық және когнитивті құрамдас бөліктерден тұрады;
- 2) топтық;
- 3) логикалық;
- 4) құрылымдық.

Бұл өлшемдер бірінші реттегі факторлар болып табылады. Ал екіншілік факторлар - коммуникативті тор құрылымы, пікірталасқа қатысушылардың сөздік белсенділігі, қарым-қатынас процесінің қарқындылығы, қарым-қатынастағы белсенділік және т.с.с. [3].

И.В.Вачков пікірінше, әлеуметтік-психологиялық тренингтің осы заманғы анықтамасы өзіне көптеген дәстүрлі топпен жүргізілетін психотерапиялық және психокоррекциялық әдістерді қолдана отырып, сонымен қатар топпен клиникалық психотерапиялық әдістерді де қажет ететін технология.

Адамды зерттеу, тану және оның даралық ерекшеліктерін ашу - ол бір күндік жұмыс емес, ол ұзақ және күрделі процесс. Ол жоғарыда айтылған психологиялық тренинг технологиясы арқылы жүзеге асырылады. Психологиялық тренинг барысында диагностикалық жұмыстар да ұйымдастырылады. Ал психодиагностикалық жұмыс -ол әрбір жас кезеңіндегі тұлғаның өзіндік психикалық процестерінің даму ерекшеліктерін түрлі зерттеу әдістері мен әдістемелерін қолдана отырып жүргізілетін жұмыс түрі. Психодиагностикалық жұмыстарды психолог мынадай мақсатта жүргізе алады:

- психикалық дамудың жас ерекшелікке сәйкес келуін анықтау;
- әрбір тұлғамен жеке жұмыс жүргізу мақсатында олардың қабілетін анықтау;
- тұлғаның мінез-құлқының бұзылу себебін анықтау;
- тұлғаның басқалармен, өз құрбыларымен қарым-қатынасының мазмұнын, қарым-қатынастың бұзылуының кейбір психологиялық себептерін анықтау [4].

Тренинг жас маманның жеке даралық ерекшеліктерінің, кәсіби қалыптасуының дамуына әсер ететін еңбек ұжымы мүшелерімен, әкімшілікпен және басқа да

қызметкерлермен жүргізіліп тұруы керек. Ал, жас мамандармен профилактикалық бағыт бойынша көмек көрсетуде келесі нақты міндеттер жүзеге асырылады:

1. Кәсіби қызметке бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізіледі, бейімделу кезеңінде жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету, жеке кеңестер беріледі.

2. Жас мамандардың кәсіби өсуіне бағытталған түзету-дамыту жұмыстары жүргізіледі, олармен өзара қарым-қатынаста, қызмет барысында кездесетін конфликтілі жағдайлар мен кедергілерді жою мақсатында оларға тапсырма беру әдістері ұсынылады.

3. Кәсіби іс-әрекетке бейімдеуде алдын-ала жас мамандардың психикасында мүмкін болатын негативті күйлерді алдын алу және оларды түзету мақсатында зерттейді, психологиялық салмақтың түсуін және жүйкелік қозуды болдырмауға байланысты еңбекке психологиялық даярлығы анықталады. Олардың тез бейімделуі және жан-жақты, үйлесімді кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жоспары белгіленеді.

Олай болса, еңбек әрекетінде жас мамандарды кәсіби қызметке бейімдеуде тренингтерді ұйымдастырудың тиімділігі жас маманның кәсіби іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты екендігі белгілі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Пругченков А.С. Социально-психологический тренинг в школе.- М.: Эксмо-пресс, 2001 г.

2. Бакли Р., Кейпл Д. Теория и практика тренинга.- Питер, 2002 г.

3. Воронин В.Н., Тышковский А.В., Филиппов А.В. Организационно-психологическая модель проведения групповой дискуссии // Психологический журнал. - 1990.- №2. – С. 16-45.

4. Овчарова В. Практическая психология образования.-М., 2003

5. Көмекбаева Л.К. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру. – А.-2002.

### **ӘӨЖ 37.02**

#### **ТІРЕК МЕКТЕП (РО) КЕҢІСТІГІНДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІ**

**Саулебекова Э.К. - Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебі (РО)  
Асемова Г.Т. – Жуалы ауд., Сағындықов орта мектебі**

Тәрбие және тәрбиелеу өте күрделі, ұзақ мерзімді қажет ететін процесс. Тәрбие процесіне отбасы, қоғамдық орта, мектеп араласады.

Ж.Түрікпен-ұлы пікірінше тәрбиелеу дегеніміз баланың қоғамдық тәжірибені игеруі. Ол оқыту процесімен қатар жүреді. Бала оқу процесінде білім жинақтайды, ептілік пен дағдаларға үйренеді, қабілет-қарымын жетілдіреді, дүниетанымы кеңейеді. Ал тәрбие процесінде оның дүниеге, қоғамға, басқа адамдарға, өзіне деген дұрыс қатынастары дамып қалыптасады, яғни жалпы кісілік қасиеттері, әлеуметтік мінез-құлықтары қалыптасады [1.3-б.].

Баланы ең алғашқы және маңызды тәрбиелейтін әлеуметтік орта отбасы болып табылады. Ал тәрбие беруде ұлттық дәстүрлердің, жағымды өнегелер мен салт-дәстүрлердің ықпалы ерекше. Отбасында бала қоршаған өмірмен, әлеуметтік ортамен танысып, өзінің мінез-құлық нормаларын қалыптастырады. Сондықтан тәрбиенің бастапқы баспалдағы отбасы баланың толыққанды тұлға болып өсуінің негізі болып табылады.

Отбасының өмір стилі мен өзіндік ережесі баланың тұлғалық қалыптасуына үлкен із қалдырады. «Отбасының өмір сүру атмосферасы» ұғымына психологтар мен педагогтар оған қатысушылардың қарым-қатынасы, ақпарат алмасуы, қабылдауы мен меңгеруі, балалардың ата-анамен бірлескен еңбек және жемісті іс-әрекетінің әртүрлі

формаларын кіргізеді. Ал отбасы қарым-қатынасы баланың дамуы мен мінез құлқының қалыптасуында жылылық пен мейірімділік, рухани жақындық, ақкөңілділік пен қарапайымдылыққа үйретеді. Сонымен қатар отбасының балаға кері ықпалы да бар. Олай болса дұрыс қарым-қатынас жасау баланың жақсы көңіл күйін, психологиялық саулығы мен шығармашылық іс-әрекеттің негізі болып табылады. Отбасының негізгі тірегі ата-ананың барлық әрекеті бала үшін үнемі үлгі.

Қ.Бөлеевтің пікірінше, қазақ ұлттық мектебіндегі тәрбиенің мақсаты – оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру. Ал ұлттық дүниетаным ана тілі, ат тарихы, төл мәдениетіміз және ұлттық салт-дәстүрлеріміз арқылы ғана қалыптасады. Сондықтан ұлттық дүниетанымның сол негіздерін оқып үйренуді басты мәселе етіп қою керек. Ол үшін мектебімізде ұлтымыздың ерекшелігіне, тарихына, мәдениетіне, өнеріне, салт-дәстүріне, тұрмыс тіршілігіне, отбасы тәрбиесіне сай қарастырылып шығарылған бағдарламалар, төлтума оқулықтар, көрнекіліктер, қосымша әдебиеттер, әсіресе мұғалімдерге қажетті әдістемелер кеңінен пайдалануы тиіс. Олай болса балаларға ұлттық білім беретін және оны тәжірибеде жүзеге асыратын, өскелең ұрпаққа насихаттайтын – педагогтар. Ал осындай ұлттық тәрбие нәрімен сусындап өскен бала ата-анасына деген мейірімділігі мен үлкенді сыйлау деген қасиеттерін ешқашан жадынан шығармайды [2].

Бүгінгі қоғам алдында шығармашыл, білімді, қабілетті тұлға тәрбиелеу. Ол үшін тәрбие беруде отбасы мен мектептің өзара бірлескен әрекетін жүйелі жоспарлау мен байланыстыру қажет. Себебі, кейбір отбасына мектеп тарапынан бала тәрбиесіне көмек беру мен қолдау көрсету қажет. Осы мәселе бойынша Б.И.Иманбекова отбасы мен мектептің өзара әрекетінің төмендегідей басты қызметтерін ерекшеледі. Олар:

- ақпараттық;
- тәрбиелік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық;
- қорғау-сауықтырушылық;
- бақылаушылық;
- тұрмыстық [3].

Оқу-тәрбие процесінде мектеп пен отбасының өзара әрекетінің бірлігін қамтамасыз ету, олардың оқушыларға ықпалын үйлестіру қажеттігінен туындайды. Бала тәрбиесінде қоғамның талаптарын жүзеге асыруда олардың өзара бірлескен әрекетінде үйлесімділік, бірізді жүйелік болмаған жағдайда тәрбиелік іс-шаралардың нәтижесі төмендейді. Кез келген баланың тұлғалық дамуы мен дүниетанымы отбасынан бастау алып, мектеп және ұстаздар тәрбиесімен жалғасып отырады. Ал балаға талап қойғанда өзара осындай бірліктің болмауы, тәрбиелік ықпалдың тұрақсыздығы, оның мінез құлқы мен адамгершілік қасиеттерінің көрінуіне жағымсыз түрткі болады. Біздің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен эксперименттік зерттеу жұмысымызда әлеуметтік-психологиялық дамыту мен қалыптастыру жұмыстары төмендегі бағытта жүзеге асады:

1. Педагогтың балалармен үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған жұмыс технологиялары;
2. Ата-аналармен ағарту жұмыстарын ұйымдастыру технологиялары.
3. Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызмет жүйесінде отбасы-оқушы-мұғалімқарым-қатынасын жан-жақты зерттеуге бағытталған жұмыс ерекшеліктері.

Баланың толыққанды және салауатты өмір сүруіне даярлау, оның дене, ой еңбегіне үйрету, өзінің күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, отанға әрқашан адал қызмет етуге тәрбиелеу, оның бойында жастайынан ұлттық мәдени құндылықтарды мен рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру болғандықтан отбасы мен мектептің өзара бірлескен әрекетін ұйымдастыру жолдарын анықтау қажет. Олар:

- ата-аналардың психологиялық сауаттылығы мен әлеуметтік білімдерін көтеру (дәрістер, семинарлар, конференциялар, тәрбие сағаттары және т.б.);

- ата-аналарды мектептің оқу-тәрбие процесіне араластыру (ата-аналар кеңесі, әлеуметтік-гуманитарлық көмек, отбасы институты және т.б.);

- ата-аналарды мектептің басқару, әлеуметтік-психологиялық жұмыстарына қатыстыру (кеңестер, әр түрлі үйірмелер, клубтар және т.б.);

- ата-аналардың педагогикалық әрекетке қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға бағытталған іс шаралар ұйымдастыру (шығармашылық конкурстар, атаулы мерекелер және т.б. ).

Отбасы мен мектептің өзара бірлескен әрекетін ұйымдастырудың негізгі мақсаты баланың психикалық саулығы мен денсаулығына қамқорлық жасау, танымдық іс-әрекетінің дамуына, білімді болып өсуіне қолдау көрсету, жағымды эмоциялық қатынас орната білуге итермелеу, толеранттылыққа, коммуникативтілікке тәрбиелеу, адамгершілік және отансүйгіштік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ету, қоғамдық ортада дұрыс әлеуметтенуіне, өз бетінше дұрыс мамандық таңдауына көмектесу.

Ата-аналардың өз балаларын қаншалықты білетіндігі және көңіл бөлетіндігі туралы мәліметтерді қарапайым әлеуметтік-психологиялық зерттеулер арқылы анықтауға болады. Ол «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы, «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тесті және т.б. диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру нәтижесінде көз жеткізіледі.

Ал бұл мақсатты жүзеге асыру мына факторлардың ықпалында болады:

1. Ата-аналардың тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлық факторлары;
2. Ата-аналардың психологиялық компетенттілігі, білім шамасы;
3. Отбасындағы эмоционалдық атмосфера;
4. Тәрбиенің әсер ету диапазоны;
5. Отбасы өміріне баланы араластыру деңгейі;
6. Баланың өзекті қажеттіліктері және оларды қанағаттандыру сатысын есепке алу [4].

Баланың психикалық дамуы мен тұлғалық қалыптасуы оның әлеуметтік ортамен араласуы және өзін сол ортада көрсетуімен анықталады. Оның қоғамдағы орны, үлкендер және құрбыларымен қарым-қатынас жүйесі туралы белгілі кеңес ғалымы Л.С.Выготский өз концепцияларында ерекше сипаттап өткен. Дамудың әлеуметтік ситуациясы кездейсоқ құрылмайды, бала және оның айналасындағылар арасындағы жанды өзара әрекеттестік процесінде жасалады. Олай болса баланың қоғамдағы орыны, білімі мен тәрбиесі ата-ана мен мектептің өзара бірлескен әрекетінің жемісі болып табылады.

Көптеген ата-аналар өздерінің жағымсыз эмоциясын, шаршауын кішкентай балаларына шығарады. Ал, керісінше балалар психологиялық та, физикалық жағынан да қарсы тұра алмағандықтан олардың көңіл күйі, эмоциясы және дене жағдайы да ата-аналарына тәуелді. Ата-аналардың балаға психологиялық әсері қашанда жеке дара болады. Олар мұғалімдерге қарағанда балалардың жас және жеке ерекшеліктерін жақсы біледі, қоғамдық пайдалы әрекетке тарту үшін көбірек мүмкіндіктері болады. Өкінішке орай, олардың барлығы бірдей (әсіресе жас ата-аналар) балаларға тигізетін отбасы ықпалының бала үшін ерекше екенін үнемі аңғара бермейді. Сол себепті біз ата-аналарға арналған келесі жадынаманы ұсынамыз:

1.Егер бала қаламаса, оны мазалаудың орнына, одан да өзіңіздің бірдеңені дұрыс жасамағаныңыз туралы ойлау;

2.Зорлық әдістер жеке тұлғаның мінез құлқында агрессивтілікті тудыратынын және келеңсіз әрекеттерге итермелейтінін ұмытпау;

3.Балалармен ынтымақтасу, олардың пікірін соңына дейін тыңдау, санасу;

4.Бала өзінің ересектердің әрқашанда түсінетінін және қабылдайтынын білетін болса, қателіктер мен сәтсіздіктерден қорықпайтын болады.

5. Балаларды басқалармен салыстыру, олардың жеке даралық қабілеттерін есепке алмау олардың өз іс-әрекеттеріне деген түрлі сенімсіздіктердің пайда болатынын ескеру;

6. Кез келген жастағы балаға сезімдік жайлылық үшін ересектердің махаббаты мен мақұлдауды білдіретін жанасу, ымдар мен көзқарастар маңызды орын алатынын есте сақтау;

7. Баланың жағымсыз жасаған әрекетіне теріс баға орнына, оны келесі жолы қайталамайтындай сын ескертпе жасау. Ең алдында баланың жақсы қабілеті мен қасиетін ескерте отырып, сын айту;

8. Баланың не айтқысы келгенін, пікірін соңына дейін тыңдау;

9. Балаға берілетін тапсырма оның шама шарқына сай, қолынан келетін дәрежеде болуы;

10. Егер сіз балаларға бір нәрсені жасауға уәде берген болсаңыз, міндетті түрде оны орындаңыз;

11. Баланың жұмысына лайықты баға беріңіз және олардың көмегі үшін ризашылығыңызды білдіріңіз;

Сонымен мектеп пен отбасының өзара тығыз байланыстылығы баланың интеллектуалды дамуына, творчестволық қабілетінің ашылуына, сыныпта үйлесімді психологиялық ахуалдың қалыптасуына, рухани-адамгершілік тәрбиенің бойына сіңуіне, «қиын бала» атануының алдын алуға түрткі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Түрікпен-ұлы Ж., Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы. – Алматы: Зият-Пресс, 2008. -144 б.

2. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Теориясы мен практикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2004. – 304 б.

3. Иманбекова Б.И. Тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие субъектілерінің мүмкіндігін кіріктіру. – Алматы, 2009

4. Широкова Г.А., Жадько Е.Г. Практикум детского психолога / Серия «Психологический практикум». Ростов н/Д.: Феникс, 2004. – 320 с.

### **ӘӨЖ 373**

#### **ТҮЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУЫ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПШІ**

**Мельдеев Қ.**

**Жамбыл обл., Сарысу ауд. Саудақент ауылы, Адамбаев тірек мектебі**

Кез келген іс-әрекет күрделі де сан қырлы болып келеді. Ол адамның психикалық және физикалық қуатына әр алуан талап қояды. Қандай да болмасын бір нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Ол біреуде күшті, біреуде шамалы болып келуі мүмкін. Тәжірибе мен парасат адамдардың қабілет саласында тең емес екендігін дәлелдейді. Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты болады.

Қабілет - адамның табиғи және жүре пайда болатын қасиеттерінің жиынтығы. Бірақ табиғи қасиеттер тума болғанымен еңбек үрдісінде, тәрбие жағдайында өңделіп, дамып жетіледі. Қабілет жайында теориялар И.П.Павлов, Г.Вальтер, В.Бобен, У.Эшби, Г.С.Костюк, В.Д.Небылицы және тб. еңбектерінен экономика мен ғылымның, өнердің дамуында әлеуметтік объективтік жағдайлармен қатар қабілеттің маңызды орын алатындығын ерекше атап өткен. Қабілеттілік адамның дамуын жеделдетеді, еңбекте шығармашылық табысқа жеткізеді, оған материалдық және рухани ләззат береді.

Адамның қабілеттілігі білімі мен икемділігі, дағдыларды тез меңгеруге жағдай туғызатын, сондай-ақ балалардың қабілеттерін дұрыс байқай алып, онымен санасып отырудың қажеттілігіне оны тәрбиелеуші орта - балабақша, мектеп, отбасы зер салуын

керек етеді. Шығармашылық қабілетті дамыту мен оның психологиялық табиғаты, мәні мен мазмұнын түсінуге байланысты ой-пікірлер тамырын тереңге бойлайды. Оның маңыздылығы жөнінде қазақ ғұлама ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б. еңбектерінде сөз қозғайды.

Ғалымдардың шығармашылық қабілеттілікті дамыту жөніндегі көзқарастары ортақ бір арнаға тоғыспайды: біреулері шығармашылық қабілеттілікті - жеке тұлғаның психологиялық сипаты деп түсіндірсе, екіншілері - оны жеке тұлғаның танымдық қабілеті; үшіншілері - адамның интеллектуалдық табиғаты т.б. ретінде сипаттайды, зерттеулердегі ортақ идея - жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту біртұтас педагогикалық процесте жүзеге асыруда, яғни бала дара мүмкіндіктеріне сай оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастырғанда мүмкін болады.

Жеке тұлғаның шығармашылық ой өрісінің дамуына жағдай жасау, белсенді көркемдік іс-әрекеттерге деген құштарлық пен ықыластылықты қалыптастыру, егеменді еліміздің болашағын: мәдениеттік, өнерін, әлеуметтік жағдайын гүлдендірудің алғы шарттарының бірден-бір өзекті мәселелерінен саналады. Шығармашылық ой-өрісті, дамыту, сол арқылы қоршаған ортаға әсемдік пен сұлулық енгізуге деген құштарлық негізінен көркемдік білім беру жүйесі арқылы қалыптасатыны белгілі. Көркемдік білім беру - түрлері өнерге баулу, олардың қыры мен сырын игеру, өнер түрлерінің адам, қоғам өміріндегі атқаратын қызыметін толық мәнде танып білудің барысын қамтиды. Соған байланысты, көркемдік білім берудің жан-жақты формалары, түрлері, әдіс-тәсілдері жас ұрпақты шығармашылыққа баулудың негізгі тәлім-тәрбиелік құралы болуы тиіс.

Балалардың ойын үстінде әр алуан сезімдер мен эмоциялық күйге бөленетінін (қуану, ренжу, мақтан ету, риза болу, қызғану, ренжу) және бүкіл сезімдердің ойындағы ұтысқа немесе ұтылысқа, көмек көрсетуге не көмек алуға байланысты болады. Әдетте ойын үстінде команда мүшелері арасындағы қарым-қатынастар қалыпқа келеді: жеке табыстар кейінгі тұсқа ысырылады, талас-тартыс ұсынылады, бәрі де ортақ мүдде туралы ойлай бастайды. Дегенмен ойын барысында қарым-қатынастың жағымсыз жағы да туындауы мүмкін. Балалардың бәсекелес топты "дұшпан" ретінде тануы оларды келеңсіз әрекеттерге итермелейді. Мысалы, қарсыластары ұтқан жағдайда ыза, қызғаныш пайда болып, кез келген, тіпті әділетсіз әдістер арқылы өз тобын жеңіске жеткізудің жолдарын іздестіреді. Бастапқы міндет - ойын барысында балалар арасында танымдық қарым-қатынастарды талдап, зерттеу, оны тиімді әдістермен басқару, балалардың достығын қолдау.

Зерттеушілердің тұжырымдауынша, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру, қысқа мерзімде жүзеге асырылмайтыны, ол балабақшадан бастау алып, бастауыш, орта мектеп бойына жалғаса дамып, одан әрі жеке тұлғаның бүкіл өмір бойы өтіп жататын, ұзақта күрделі құбылыс екенін дәлелдейді.

Адамның қабілеті тұқым қуалау факторына және өмір тәжірибесі мен тәлім - тәрбие істерінің нәтижесінің үнемі дамып жетілуіне байланысты.

Адам әрекетінің барлығы бір мақсатқа, бір мүддеге саналы түрде бағытталып отыратыны анық. Еңбек әрекетінде немесе оқу әрекетінде болсын адам алдына бір мақсат қойып содан бір нәтиже шығаруға ұмтылады.

И.П.Павловтың жүйке жүйесінің тиртері туралы ілімі қабілеттердің физиологиялық негізін түсінуде де үлкен орын алады. Әр адамның іс-әрекеттің бір түріне икемді болуы оның қабілеттілігі сол әрекетті орындауы үстінде, істің нәтижесінен анық байқалады.

Кез келген қабілетті дамытудағы бірінші кезең ол үшін қажетті органикалық құрылымының жетілуімен немесе олардың негізінде қажетті функционалдық мүшелердің қалыптасуымен байланысты. Әдетте, бұл туғаннан бастап, алты жас аралығында өтеді. Барлық анализаторлар жұмысының жетілдірілуі, ми қабығының

жекелеген бөліктерінің функционалдық дифференциациясы және дамуы осы кезеңде өтеді. Бұл балада арнайы қабілеттердің келешекте дамуы үшін алғышарт ретінде көрінетіндердің белгілі деңгейін, жалпы қабілеттілікті қалыптастыру мен дамытуды бастау үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

Осы сәтте арнайы қабілеттің қалыптасуы және дамуы бастау алады. Арнайы қабілетті дамыту мектепте, әсіресе, бастауыш және орта сыныпта жалғасады. Арнайы қабілеттің дамуына алғашында әр түрлі балалардың ойыны көмектеседі, сосын барып оқу мен тәрбие әрекеті мәнді әсер ете бастайды.

Бала шұғылданатын барлық әрекеттің түрлерін ойын, жапсыру және сызу болсын қабілетті дамыту үшін бірдей мәнге ие екенін атап өту қажет. Қабілетті жақсы дамытатын, балаларды ойландыратын- шығармашылық әрекет. Мұндай әрекет әрқашан өзіне жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, өзі үшін жаңа білім ашқанымен, кез келген жаңаны құрумен байланысты. Бұл пайда болған қиыншылықтарды жеңуге бағытталған қажетті күштерге қосымша онымен шұғылдануға күшті және мәнді ынта болып табылады. Сонымен қоса шығармашылық әрекет өзіне қол жеткізген жетістіктерінен қанағаттылықты сезінуін және өзіне сенімділікті туғызып, талаптылық деңгейін көтеріп, өзін-өзі бағалауын бекіндіреді.

Егер орындап жатқан әрекеті оңтайлы қиындықта тұрса, яғни баланың шамасынан тыс болса, онда ол Л.С.Выготский жақын даму аймағы деп атаған дамуды іске қоса отырып, өзінің қабілетін дамытады. Бұл аймақта орналаспаған әрекет қабілеттіліктің соншалықты төмен деңгейде дамуына тірейді. Егер ол өте қарапайым болса, онда ол барлық қабілетті жүзеге асырады; егер де ол төтенше күрделі болса, онда орындалмайды, ал мұның салдары жаңа іскерлік пен дағдының қалыптасуын жасамайды. Қабілетті дамыту елеулі көлемде бейімділіктерді іске асыруға мүмкіндік беретін шарттарға тәуелді екенін білесіздер. Сондай шарттардың бірі, жанұялық тәрбиенің ерекшелігі. Егер ата-аналар балаларының өздерінің кішкентай кезінде өздігінен анықталынған кез келген қабілетінің жоғары дамуына мүмкіндік болады. Қабілетті дамыту шарттарының басқа топтарын, көбінесе макроорта анықтайды.

Әрбір адамның іс-әрекетті орындау тәсілі сол адамдардың психикалық таным процесінің даму ерекшеліктеріне, жүйке жүйесі талдағыштарының жұмысына, сезім мүшелерінің сыртқы тітіркендіргіштерге әсерленіп, қабылдау жылдамдығына және адамның даралық қасиетіне байланысты. Қабілеттілік - адамдағы жеке - дара өзіндік ерекшелік, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығын көрсететін психологиялық сипат. Қабілеттің мұндай сипаттарын былайша түсіндіруге болады. Мысалы, саусақтарының салалы болуы - көбінесе музыканттарға, ал бойшаң болып келу - баскетболшы - спортшыларға тән ерекшелік. Адам бойындағы ерекшеліктер қабілеттіліктің тек белгілі бір іс-әрекетке орай табысқа жетуге көмектесетін белгілері ғана. Қабілеттілікке аса қажетті қасиет, мысалы, музыка саласында әуенді есту мен ырғақты сезу, оларды бір-бірінен айыру болып табылады. Ал қимыл - әрекет реакцияларының жылдамдығы неғұрлым жоғары деңгейде болса, спорт түрлерімен шұғылдануға өзіндік әсері пайдасы тиері даусыз.

Кез - келген адамның екі - үш түрлі іс-әрекетті атқаруға бейімділігі болады. Бұл - адам қабілетінің жалпы түрі, өмір сүруі мен тіршілік етуге деген икемі және әрекетшіл көрінісі. Адам әрекетсіз, еңбексіз ешқандай іс тындыра алмайтын болса, ол өмір сүре алмас еді. Жалпы, қабілет адамның жеке басының әрекетімен байланысты түрде жүзеге асады. Адамның даралық ерекшеліктерінен оның арнаулы қабілеті де аңғарылады. Қабілеттің арнаулы түрі белгілі бір істі үздік орындаудан, оған деген ықылас-ынтадан, дағды мен икемділіктен айқын көрінеді.

Әр адамның іс-әрекеттің бір түріне икемді болуы оның сол әрекетті орындауы үстінде, әсіресе, істің нәтижесінен анық байқалады. Бұл - адамдардың даралық ерекшеліктері. Мысалы, бірдей жағдайда бір істі бір адам тез меңгеріп, өте шапшаң, нәтижелі әрі сапалы етіп атқарса, ал екінші адам іске бірден төселіп кете алмай, сол іс-

әрекетке лайық әдет-дағдыларын қалыптастыру, істі баяу, нәтижесіз, сапасыз атқаруы мүмкін. Бұл жайттар бірінші адамның қабілеттілігі екінші адамға қарағанда әлдеқайда жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді.

Адамның істеген ісі мен әрекетін бақылап көрмей тұрып, оны сол іске қабілетті не қабілетсіз деп кесіп айтуға болмайды. Мәселен, сурет өнерінің әліппесімен әлі танысып үлгермеген баланы өнердің бұл түріне қабілетті не қабілетсіз деу әлі ертерек. Тек ұйымдастырылған оқу-тәрбие негізінде ғана оның сол іс-әрекет түріне қаншалықты бейімді екендігін білуге болады.

Қоғамда адамға деген қатынасты білдіретін баланың қабілеті жоғары бағаланады. Балалардың қабілетін дамытуды дұрыс ұйымдастыруда, қалыптастыруда мұғалімнің жеке басының үлгі -өнегесінің де маңызы зор екенін ескерілсе, онда балалардың қабілет қасиеттерінің ерекшелігін білу әрбір мұғалім үшін міндетті.

Қорытындылай келе, қабілеттің адам өмірінде алатын орнын, әр түрлі іс-әрекеттерге қабілеттерінің маңыздылығы, соның ішінде баланың қабілетін дамытуға ықпал етуші тұлғалардың еңбектерінің ерекшелігі анықталды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальные различия: избранные труды. - М.: Изд-во Московского психолого-социального института; - Воронеж: Изд-во НПО «МОДЭК», 2003. - 464 с.

2. Пекелис В. Адам қабілетінің қайнары. - А.: Қазақстан, 2006 - 196 б.

3. Құдайқұлов М.Ә. Қабілеттілік. Дағды. Шеберлік. - А.: Қазақстан, 2006.

**ӘОЖ: 796(07)**

**К 38**

### **ОҚУШЫЛАРҒА ӘНГІМЕЛЕУ МӘТІНІН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Кузембаева М.Б.**

**Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы**

**«Қалқабай Сартбаев атындағы орта мектебі» КММ-сі**

Тіл оқытудың қазіргі кезде алуан түрлі әдістер, оның ішінде интербелсенді әдіс, коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдіс, сыни ойлау арқылы жазу мен оқуды үйрету бағыттары сөйлесім әрекеттерінің төрт түрін де қамтиды. Қазіргі кезде әдістердің дерлік түгелінде жазылым, оқылым, сөйлесім, тыңдалым әрекеттердің қамтылмауы кемде-кем. Тыңдау арқылы жазылым мен сөйлесімді, сөйлесім арқылы оқылым әрекетімен байланысты тапсырмаларын өрбітіп, тіл үйренушінің бойында іскерлік дағдыларын қамтуға болады.

Тілді үйретуге кешенді түрде қарауға мүмкіншілік беріп, жан-жақты қамтылған әдістемелерді бойына сіңірген мәтін көмегінің орны зор болатын болса, дәл осы мәтін де тіл үйренушінің бойында іскерлік қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыруда атқаратын міндеттерді тоғыстырған [1]. Міне осындай міндеттерді өзіне әңгімелеу мәтіні де жүктеген.

Стилистикалық, грамматикалық ерекшеліктеріне қарай ғылымда мәтіннің негізгі үш түрі бар екені айтылады. Олар суреттеу мәтіні, әңгімелеу мәтіні мен ой-талқы мәтіні. Әңгімелеу мәтінге тән тілдік стилистикалық ерекшеліктерді анықтап алып, тіл үйретуде әдістемелік тұрғыдан ұштай түсетін стратегия мен тапсырма, жаттығуларды тоғыстырып, бір-бірімен үйлесімді байланысын, қисынын келтіретін жаттығулармен таратсақ, үйренушінің бойында тілдің заңдылығын, әңгімелеу мәтінін толық игерген іскерлікті қалыптастыруымызға болады. Әңгімелеу мәтінін тіл үйренушінің бойында тек мәтіннің грамматикалық, құрылымдық, стилистикалық ерекшеліктерін анықтауды, қолдануды, қажет жағдайда жазылыммен байланысты түрлі мәтіндерді жазып берумен шектелмейді. Оның аясы кеңірек екенін де еске салғымыз келеді. Әңгімелеу мәтінімен



байланысты меңгерілген дағдылар ақылым, айтылым, тыңдалым әрекеттерімен ұштасып, себелесіп жатыр.

Әңгімелеу мәтінің өзіндік заңдылығына тоқалатын болсақ, мәтіннің бұл түріне мағыналық тұтастық, байласымдық, мағыналық аяқталғандық, ақпарат беру тәрізді белгілер тән. Ерекше белгілердің қатарына суреттелетін оқиғалардың дамуы, іс-әрекеттегі оқиғалардың даму, өрбу реті, сюжет желісінің дамуына қарай кезеңдердің реті, қозғалыс кезеңдерінің тәртібі сақталады. Әңгімелеу мәтініне тән негізгі белгілер: іс әрекеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, тарқатылуы, аяқталуы, қорытынды.

Әңгімелеу қайда кездеседі деген сұраққа келер болсақ, ғылыми, көпшілікке арналған мақала мен публицистикалық стильдегі мақалаларда, көркем проза, саяси, әлеуметтік, қоғамдық мақалаларда кездесіп, қолданылады. Ахмет Байтұрсынов осы тұрғыда әңгімелеудің түрлеріне “Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме” секілді түрлерін атайды. (А.Байтұрсынов).

Әңгімелеу мәтіннің тілдік-құрылымдық ерекшелігі синтаксистік байланысында ол өз кезегінде: параллельдік және тізбектік болып келеді де, қарама-қарсы қою, шартты, анықтап-нақтылау, себеп-салдарлық, жалпыдан жекеге ассоциациялық логика-семантикалық қатынас түрлерімен сараланады. Әңгімелеу мәтіндерінің бірліктері бір-бірімен мағыналық-құрылымдық және композициялық тұтастықта болуымен ерекшеленеді.

Әңгімелеу мәтініне тән грамматикалық категориялар мәтіннің тұтастығын, бірнен-бірі өрбитін оқиғалардың тізбегін құруға, байланыстыруға көмектесіп, мақсатын орындауға көмектеседі. Мысалы, әңгімелеудегі есімдіктер мен үстеу сөздер оқиғаның уақытқа қатысты дамуын бейнелеуге қатысып отырады. Мәтінге тән есімдік сөздер: жіктеу, сілтеу, жалпылауыш мәнді, өздік есімдіктері. Осы сияқты «осы кезде», «осы уақытта», «сол заматта», «бұл уақытта» т.б. есімдік + үстеу сөздері арқылы жасалған тіркестер шартты синтаксистік қатынас жасауға қатысады. Шарттылық мән іс-әрекеттің, оқиғаның уақытқа қатысынан көрінеді. Үстеулер: кенеттен, осы уақытта, осы мезетте, бірден, кенеттен, лезде, қас қағым сәтте, қас пен көздің арасында, сонымен бірге, осыдан кейін, уақыт өте келе, уақытты оздыра, тағат таппай, қол созым уақытта, т.б. Әңгімелеудегі оқиға желісінің дамуына, кейіпкердің іс-әрекетін, қимылын баяндауда етістік ең жиі қолданылатын лексика-грамматикалық категория болып табылады. Әңгімелеу мәтіндерінде оқиғаның өтуін бірізділікпен сипаттау үшін етістіктің -ды/-ді, -ты/-ті жедел өткен шақ тұлғалары жиі қолданылып, бірінен соң бірі болған әрекетті жеткізуге бейім болып келеді.

Жедел өткен шақ өтіп жатқан оқиғаны деталь арқылы нақтылап суреттеу мақсатында көркем шығармада стилистикалық мақсатта жиі қолданылады.

Ал есімшенің -ған/-ген, -қан/-кен тұлғалары шығармада баяндалып отырған оқиға уақытынан бұрын болған оқиғаны жеткізуде басымырақ қолданылады. Мысалы: Оның әкесі Тілеміс, Есенейдің сұлтан-правитель кезінде тілмашы екен. Бұл қызметті Тілеміс байлықпен немесе бектікпен алмаған, өз басының өнерімен алған. Оның әкесі Сапақ, қазақша «Стоп» орысша Пресногорьковка аталатын казак-орыс станицасына жалшы боп шошқасын бағады екен (С.Мұқанов).

Әңгімелеу мәтіндерінің жасалуына жалғаулық шылаулар, қыстырма конструкциялар, синтаксистік параллельді құрылымдар, сөздердің орын тәртібі негіз болады [2]. Жалғаулық шылаулар алдыңғы сөйлемде айтылған пікірге, оқиғаға қарсы мән тудыру мақсатында жұмсалады.

Қыстырма сөздер, айқындауыш мүшелер сияқты мәтін оқиғасына, кейіпкер іс-әрекетіне қатысты субъективтік қарама-қарсы, ыңғайлас, толықтырушы көзқарасты, ойды, бағалауды көрсету үшін қолданылады.

Анафора, эпифора, дамыту, қайталау т.б. және троп түрлері де сөйлемдерді, КСБ-ларды синтаксистік жағынан байланыстырып, оларға белгілі бір стилистикалық мағына, реңк үстеп тұрады.

Әңгімелеу мәтінін сабақта дайын ұсынылған мәтін болуымен қатар, ойдан шығарылған шағын әңгіме, репортаж (мысалы, елді мекенді топан судан құтқарған адамның әңгімесі, өрт сөндірушінің әңгімесі), аңыз - әпсана, шығарма (мамандықты таңдау туралы әңгіме, жер судың атауына байланысты оқиға, болашақ жарымды қалай таңдадым, менің жұмысым, демалысы қалай өтті, менің үйім т.б.), шығарма, мақала, очерк болуы мүмкін.

Шығармаға қойылатын талаптар: шығарманың бірінен-бірі өрбитін оқиғалар, әрекеттер реті, кіріспе, мақсат, кедергі, шешім, қорытынды болуы керек. Әңгімелеу мәтінін үйретпес бұрын әлбетте, әдістемелік тұрғыдан үш кезеңге бөліп алғанымыз дұрыс. Бірінші кезең әңгімелеу мәтінін үйреткенге дейінгі кезең, яғни дайындық, қызығушылықты ояту кезеңі [3]. Бұл кезеңге әңгімелеу сюжетін анықтау, мәтінге тән белгілерді айқындау, үйретумен байланысты тапсырмалар енеді.

Шығарманың тақырыбы мен сюжетін қайдан алуымызға болады? деген сауалға жауап іздеу барысында біз оны төменде ұсынлған бағыт бағдар беретін тірек болатын тақырыптық бағаналарды айқындадық. Атап айтқанда,

- Аудио, радио бағдарламасы (тыңдау).
- Көркем шығарма (кейіпкер, оқиға, сюжет желісі).
- Фильм (кейіпкер, идея, сюжет).
- Бағдарлама.
- Бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материал (мақала, публицистикалық очерк, сыни мақала, т.б).
- Әлеуметтік қоғамдық құбылыс.
- Саяси құбылыс, оқиға.
- Қоғамдық әлеуметтік проблема.
- Сурет, фотосурет, пейзаж, портрет.
- Пікірталас.

Екінші кезең ол тікелей жазу кезеңі, әңгімелеу мәтін жазу, тіл үйренуші еркін жазуға қалдыру да, немесе әңгімемен байланысты тапсырмаларды орындау үдерісі. Мысалы:

- Бір әңгімеге әр түрлі кіріспе беру.
- Әңгіменің мазмұнына сәйкес тиісті кіріспені (бірнеше сөйлемдердің ішінен) табу.
- Кіріспеге сәйкес келетін әңгімені құрастырып, айтып беру.
- Әңгімені қалай атауға болады?
- Әңгімеге жүктелген ақпараттық міндетті анықтау. Дәлелдеу.
- Әңгімеге жүктелген тәрбиелік міндетті анықтау. Дәлелдеу.
- Әңгіменің жанрын анықтау. Дәлелдеу.
- Оқиғалар тізбегін қалай өзгертер едіңіз.
- Танымдық мақсатты айқындап, оқиға тізбегін құру.
- Естіген әңгіменің жоспарын құру.
- Әңгіме бойынша сурет салу.
- Сурет бойынша әңгіме құрастыру.
- Әңгіме бойынша ойтолғау жазу.
- Әңгіме бойынша тезис түрлерін ұсыну.
- Әңгімеден негізгі оқиғаны анықтау.
- Әңгіменің субъективті, объективтілігін анықтау.
- Бейтарап әңгіме құру.
- Әңгіменің ретін ауыстырып, өзгерісін байқаңыз.

- Даму, шарықтау шегі, реті, өрбу, тарқату кезеңдерімен түрлі жұмыстар атқаруға болады.

Үшінші ол жазудан кейінгі кезең: талдау, пікірлесу, толықтыру (автор орындығы, оқырмандар конференциясы,) мәтінмен жұмыс, іріктеу, жазбаша тапсырмалар мен жаттығулар, мағыналық бөліктерге бөлу, әрекеттердің ретін анықтау, дұрыс орналастыру, жинақтау, талдау, қажеттісін алу, тиісті шегендеуіш сөздерді пайдалану дағдысын меңгерту. Үшінші кезеңде кіріспе мен оқиганың даму бағытын, жағдайдың шиеленісуі мен мақсатын, кейіпкердің әрекеті мен шешімін, әңгіменің қорытындысын талдап, бағалау, сараптау, зерттеу жүргізу тәрізді әрекеттерді қолдануға әбден болады. Жазылыммен байланысты қойылытын талаптарды естен шығармаған дұрыс. Ол абзац құру, сөйлемдердің байланысы, лексика–семантикалық құрылым, логикалық құрылым, грамматика, лексика, графика, орфография секілді сауаттылықпен байланысты дағдыларды да меңгерту.

Әңгімелеу мәтінімен астарласып жатқан жанр фольклорда ауызекі әңгіме жанры деп аталады. Әңгіме жанры сөйлеу формасының көнеден келе жатқан сөз өнеріне жататын категория. Әңгіме жанрын да әдістемелік тұрғыдан шындалып, іскерлік дағдыны қалыптастыруға тигізер әсері зор. Айта кету керек, әңгімелеу жанрының бірнеше атап айтқанда, тәрбиелік, ақпараттық, мәлімет беруші, танымдық мақсаты болуының студенттердің танымдық, тарих жөнінде білім аясын кеңейтуі өз алдына бір төбе болса, екіншіден тілдік қабілеттерін дамытуға тигізер ықпалы молынан.

Ауыз әдебиетіндегі әңгіме жанры тарихи, тарихи – топонимикалық, аңыз-әпсана болып бөлінеді де әрқайсысына сабақта жеке-жеке қолдануымызға, тіл үйретуден әдістемемен үйлесімді пайдалануға болады. Әңгіме жанрын сыни ойлау тұрғысынан оқыту бағытында да әбден болады. Жоғарыда аталып өткен сабаққа дейінгі кезең, негізгі кезең, сабақтан кейінгі кезең деп бөліп алып, ұсынылған тапсырмаларды /танымдық мақсатты айқындап, оқиға тізбегін құру, естіген әңгіменің жоспарын құру, әңгіме бойынша сурет салу, сурет бойынша әңгіме құрастыру, әңгіме бойынша ойтолғау жазу, әңгіме бойынша тезис түрлерін ұсыну, әңгімеден негізгі оқиганы анықтау, әңгіменің субъективті, объективтілігін анықтау, бейтарап әңгіме құру т.б./ ұсынуымызға болады. Әңгіме жанры сөз өнерінің қомақты саласы болғандықтан, сөйлеу шеберлігін қажет ететін жанр. Сондықтан әңгіме жанрын меңгерту арқылы студенттердің танымдық, тарих жөнінде ақпараттандырумен қатар, оларды талдай білуге, сараптай алу қабілетін қалыптасытырумен қатар, сөйлеу іскерлігін қалыптастыруға ықпалы зор.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы, Орал, 2008.
2. Шалабаев Б. Көркем мәтінді талдау әдістемесі мен тәжірибесі, Алматы, 2008.
3. Бабушис Е.Е. Обучение письменной речи как творческой деятельности, Канд.дисс., М., 2008
4. Печников О.И. Обучение творческому письму, Канд.дисс., М., 1994.
5. Қасқабасов С. Елзерде. Алматы, 2008, 504 бет.
6. Әуесбаева П.Т. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. Алматы, 2001, 143 бет.
7. Мәретбаева М. Әңгімелеу мәтінінің тілдік-стилистикалық сипаты. Канд. дисс. Алматы, 2008. 24-бет.

## СЕКЦИЯ 2

# ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДА ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

ӘӨЖ-394/395

### МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Тоқсанбаева Н.Қ. - п.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы қ.**

**Тұрдалиева Ш.Т. - п.ғ.к., ТарМПУ, Тараз қ.**

**Курманбаева Д.П.- М.Х.Дулати ат. ТарМУ, Тараз қ.**

Тұлғаны дамыту әр түрлі ғылым салаларында жан – жақты зерттелген, оның дамуына негізінен ықпал жасайтын факторлар тұқым қуалаушылық, табиғи және әлеуметтік орта мен тәрбие болып табылады. Сондықтан, қазіргі өмір талабы – білім парадигмасын жеке тұлғаға бағыттау, яғни білімгерлердің жеке басының дамуына, өзіндік тәжірибесін арттыруға көңіл аудару, шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мәселесі туындап отыр.

Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіру, оны қоғамға бейімдеу, басқа балалар сияқты толыққанды білім мен тәрбие алу, қарым-қатынасқа түсуі, шығармашылықпен айналысуы болып табылады.

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ.Б. Жарықбаевтың пікірінше, адамның психологиялық ерекшеліктері, оның өмір сүретін ортасына қоғамдық тікелей әсер етуінен қалыптасып отырады [1]. Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады». Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі баланың жеке басының психологиясын ұғынуда оның бағытын көрсететін компоненттермен қатар (денсаулығы, әлеуметтік орта, білімі, нақтылы кәсібі және т.б.) жеке дара ерекшеліктерін де толық меңгеруімізді талап етеді.

Жалпы ғылымда тұлға дамуы үш негізгі факторға тәуелділігін көрсетті - әлеуметтік орта, тұқымқуалаушылық және тәрбие.

Ең алғашқыда балаға табиғи күш, яғни тума берілген қасиеттер, ата-аналардың гендік сапа-белгілері, оның ішінде психикалық дамуына маңызды өмірлік қуат болып табылады. Бұл ең алғашқыда отбасында, кейін кең әлеуметтік ортада дамып, қалыптастырады.

Екінші танымдық белсенділік фактор, алғашында отбасы немесе мектепке дейінгі мекемелерде кең ауқымда тәрбие мен білім беру жүйесінде беріледі.

Үшінші фактор - әлеуметтік орта. Ол өзіндік ұлттық ерекшелігі бар, салт-дәстүрлері ерекшеленген – ұжым, топ және шағын, ресми немесе ресми емес адамдар қауымы.

Тұлғаның әлеуметтенуі адамның әлеуметтік тәжірибені игеру және белсенді түрде қайта жаңғырту болып табылады және басқа адамдармен өнімді өзара әрекеттестік үшін қажетті адами қатынастар, әлеуметтік мінез-құлық нормаларынан тұрады.

Тұлға әлеуметтенуінің негізгі сфералары іс-әрекет, қарым-қатынас және өзіндік сана болып табылады.

Тұлғаның әлеуметтенуінің әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық факторлары жалпы екі топқа біріктіріледі:

Біріншіден, әлеуметтенудің ұлттық ерекшеліктерін, тарихи, мәдени және әлеуметтік мәселелерін қарастыратын топ;

Екіншіден, тұлғаның өмір жолындағы белгілі бір деңгейі мен кезеңдерімен сипатталатын әлеуметтік топ.

Француз ғалымы Г.Тардтың пікірінше, әлеуметтенуге мыналарды ендіреді:

- 1) еліктеу;
- 2) ұқсастыру;
- 3) басқару [2].

Мүмкіндігі шектеулі баланың әлеуметтенуі, бір жағынан ол өмір сүріп отырған қоғамдағы түрлі сипаттағы факторлар мен әр түрлі өмірлік жағдаяттардың ықпалымен әсер етудің стихиялы жолымен қалыптасса, екіншіден, мақсатты тәлім – тәрбиелік жұмыстар арқылы адамгершілігі жоғары азамат, қоғамдық талапқа сай, біліктілігі сан қырлы маман ретінде қалыптасуы жүзеге асырылады.

Әлеуметтену процесінде анықталатындар: *мазмұны, кеңдігі, әлеуметтену механизмі, әлеуметтік институттар, факторлар мен кезеңдері.*

Әлеуметтік факторлар қоғам, бала бақша, мектеп, отбасы, еңбек еті орталары және т.б. жеке тұлға дамуына маңызды орынға ие. Оның жеткіншек тұлғасына ықпалын жетілдіру олардың жеке басының, психологиялық сапаларының қалыптасып жатқанын білдіреді. Ол үшін алдымен жалпы оқытып – тәрбиелеу жұмысының жоғары мәдениеттілігі қажет. Оның құрамына жас ұрпақтың танымдық қызығушылығының дамуы, оқытуда белсенді әдістердің қолданылуы, жауапкершілік сезімінің қалыптасуы, сабаққа саналы қатынасы, білімнің қажеттілігін түсіну, білім алуының еркін тәрбиелеу және еңбекті жүйелі жоспарлауға дағдылану жатады. Мұның барлығы әлеуметтік қоғамның алдында тұрған міндеттерді шешумен тығыз байланысты – балаларға тек білім беріп қана қоймай, оларды оқуға, жұмыс істеуге, қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуге үйрету қажет. Жалпы оның дұрыс әлеуметтенуінің кепілі болады.

Жалпы әлеуметтену процесіне ықпал ететін *факторлар*:

- Биологиялық тұқымқуалаушылық;
- Физикалық бітімі;
- Мәдениет, әлеуметтік орта;
- Топтық тәжірибе;
- Индивидуалды тәжірибе.

Божович Л.И. өз тәжірибелерінен әлеуметтену мақсатында қарым-қатынасқа итермелейтін бірнеше мотивтерді анықтап берді:

- Өзін-өзі сыйлау, өзін құрметтеу және өзін таныту.
- Тұлғаның өзіндік бейнесін көрсету.
- Тұлғаның дербестікке ұмтылуы
- Баланың достары мен үлкендердің қолдауын және мақұлдауын қажет етеді.
- Өз бетінше тәуелсіздікке ұмтылу [3].

Инклюзивті ортада баланы тәрбиелеу мен оқыту ол баланың болашақ өмірге әлеуметтенуіне қолдау көрсету. Егер оқыту мен тәрбиені адам тұлғасы даму процесін осы үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы қарастырсақ, онда педагогтардың міндеті мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу процесін оның адами мәдениетке енуіне бағыттау болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік факторларға педагогтар мен ата-аналар елеулі ықпал ете алады: олардың пайымдауларына қолайлы моральді - психологиялық ахуал жасалған, баланы, бала-бақшаның қандай да бір тобына беру; оқушыны басқа сыныпқа немесе мектепке ауыстыру, онда ол асоциалды мінез-құлықты нақты бір сыныптасының ықпалына түспейді; оқушыны мүмкіндігіне қарай оның қабілеттерін дамыту үшін спорт немесе музыка мектебіне беру. Бірақ бұл ықпал тіпті шектеулі, өйткені бала-бақша, отбасы, мектеп сияқты ресми тәрбие институттарымен қатар ресми емес тәрбие институттары да бар - аула компаниясы, референтті топ, жеке

достар, спорт немесе музыкалық пір тұтушылары, көптеген бірлестіктер және нақты бір оқушыға елеулі ықпал ететін жеке тұлғалар.

Баланың әлеуметтенуі түрлі әлеуметтік рөлдерді игеруге, әлеуметтік мінез, тұлғаның қоғамдағы орны, әлеуметтік көзқарасы, өмір салтымен шарттасқан тұлғаның басқада әлеуметтік- типтік көріністерінің қалыптасуына әкеліп соғады. Тұлға дамуында әлеуметтік орта рөлін талдауда тұлғаны қоғам тарапынан қарау көз тартады, тұлға қоғамдық даму объектісі ретінде қарастырылады (Ананьев, 1980). Осыдан тұлғаның әлеуметтену процесі- әрқашанда тұлғаның индивидуализациялану процесі болатыны туралы дәйектемені абстракциялауға мәжбүрлік жүзеге асырылады.

Отбасы- тұлға әлеуметтенуінің маңызды институттарының бірі. Отбасы - қоғамның бастапқы ұясы. Ол - әлеуметтік, қоғамдық дамуда маңызды рөл атқаратын құрылымның негізі. Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастар ерекше тиісті міндеттерге негізделеді. Бұларды тәртіп бойынша орындағандар- қоғамның жалғасуына, нығаюына қызмет еткендер, ал орындамағандар болса, олар – қоғамның тәртібін бұзған, әлеуметтік тәрбиеден үлгі ала алмаған бақытсыз жандар. Отбасының өмір сүріп, дамуының ерекше жағдайлары да бар. Олар: әлеуметтік, таптық, ұлттық сипаттар, өмір сүру ортасы, материалдық жағдайы, отбасы мүшелерінің білімі мен мәдени нәтижесі, ұстанатын әдет-ғұрыптары, экономикалық негізі. Бұлар отбасы мүшелерінің қабілетіне, адамгершілігіне, жауапкершілікті сезіне білуіне байланысты.

Әлеуметтену тиімділігі оның адамгершілік, мәдени, экономикалық жағдайына негізделеді. Әлеуметтік институттардың мүмкіндігі шектеулі тұлғаға әсер күші авторитеттік-референттікке байланысты. Дегенмен, басымдылық артықшылық отбасына беріледі. Отбасының үмкіндігі шектеулі баланың әлеуметтенуіндегі рөлі ерекше. Отбасынан тыс тәбиеленетін бала бейімсіздіктен, эмоциялық контактінің бұзылуынан, топтық пара-парлықтан шаршайды.

*Жалпы білім беретін орта мектептер* - мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендірудің негізгі институты, оқушылардың біріккен іс-әрекеттері, ұжымдық оқу-тәрбие жұмыстары.

Адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынасқа түсу процесінде міндетті түрде қажеттілік туындап отыратындығы анық. Сондықтан адамға алдына мақсат қойып, оны шешуге ұмтылдыратын оның қажеттіліктері болып табылады. Жеке адам қарым-қатынас процесінде ұқсау, мысал, өнеге алу, үйрену, еліктеу арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез– құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді. Тұлғаның жас ерекшелігіне және дамуына байланысты әр бала қарым-қатынастағы қажеттілікпен анықталады, негізінен үлкендермен қарым-қатынас жасау арқылы қанағаттандырылады.

Жас ерекшелік деңгейінде болатын психологиялық өзгерістерге байланысты әлеуметтенуде де өзіндік қиындықтар кездеседі. Ол мүмкіндігі шектеулі баланың дамуында да елеулі көрініс береді. Осы мәселені шешудегі маңызды фактор – бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, оған қатысушылардың субъект-субъекттік өзара үйлесімді психологиялық жағдаймен қаруландыру нәтижесінде дамудың нәтижелілігін арттыру. Ол қарым-қатынас процесіндегі білім, мотив, қабілеттілік компонентінің негізінде өлшем белгілері анықталды.

Қатынас – бұл субъектілердің қоршаған әлем объектісімен немесе басқа субъектімен өзіндік байланысы болып, соның нәтижесінде пайда болатын олардың тікелей өзара әрекеті немесе бір жақты рационалды танымы, ол эмоционалды және мінез-құлықтық формада сақталуы мүмкін. Біз қарым-қатынас бойынша серіктесімізге өзіміздің сөзіміз, эмоциямыз және әрекетіміз арқылы оған деген өзіндік қатынасымызды жеткіземіз. Мұндай бейнеде қатынас үнемі қарым-қатынас атрибуты ретінде саналады.

Бүгінгі мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтардың алдында үлкен де, күрделі міндеттер тұр, оны шешу үшін кәсіби білім мен іскерлікті меңгеру керек.

Мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеудегі мектеп психологы, әлеуметтік педагогтың рөлі еркше деп атауға болады. Өйткені олардың бірігіп атқарған жұмысының нәтижесінде баланың интеллектуалдық, шығармашылық, әлеуметтік қалыптасуына негіз беріледі.

Адамды өмір сүріп, жұмыс жасап, оқып отырған ортасынан тыс тіршілік етуін елестету мүмкін емес. Адам қарым-қатынастан, қоғамнан тыс салыстырмалы түрде өзіндік адами қасиеттерін жылдам жоғалтады. Балаларды айтпағанда, ұзақ уақыт қоғамнан тыс болған жоғары деңгейдегі индивидтер, адамға ұқсас емес аярлықтай мәнсіздікке айналады, сол мезетте тек тілін ұмытып, сөйлеу қабілетінен айырылып қоймай, сонымен қатар ақылынан да адасуы мүмкін. Олай болса, адамның адами қасиеттерін сақтауға, психикалық дамуына қарым-қатынас тікелей ықпал етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. - Алматы : Эверо, 2012. - 464 б.
2. Тард Габриэль Общественное мнение и толпа: Пер. с фр. / Под ред. П. С. Когана. Изд. 2-е. — М.: ЛЕНАНД, 2015. — 208 с. (Из наследия мировой социологии.)
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. — СПб. [и др.]: Питер, 2008. - 398 с.
4. Головин С.Ю. Словарь психолога-практика - М, 2001.
5. Акатов Л.И. Социальная реабилитация детей с ограниченными возможностями здоровья. Психологические основы: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — М.: Гу-манит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. — 368 с.
6. Андреева Г.М. Психология социального познания: учебн. пособие для студентов высших заведений. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 288 с.

**ӘӨЖ-394/395**

### **ПОКОЛЕНИЕ НЕГОВОРЯЩИХ ДЕТЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Абилова А.Б.**

**к.с.н. ст. препод. кафедры Воспитания и социализации личности  
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Жамбылской области**

На сегодня в Казахстане растет целое поколение неговорящих детей. И мне как логопеду, дефектологу хочется поговорить с вами на эту тему.

Рассмотрим вопросы: насколько сегодня хорошо говорят наши дети? Причины и последствия сложившейся ситуации? Что делать обществу и, в частности, родителям для спасения подрастающего поколения?

Дети, родители которых сегодня обращаются за речевой коррекцией, очень сильно отличаются от детей, рождённых 10-15 лет назад. Это совершенно другое поколение.

Раньше у большинства малышей было нарушено звукопроизношение. Задача логопеда сводилась к тому, чтобы поставить правильные звуки, автоматизировать их и дифференцировать от других, схожих по звучанию или артикуляционному укладу. Чаще всего требовалось корректировать шипящие звуки и так называемые сонорные звуки, в основном «л» и «р», реже свистящие звуки. Они отрабатывались поэтапно на разнообразном речевом материале и постепенно входили в речь ребёнка.

На данный момент дети, нуждающиеся только в коррекции звукопроизношения, встречаются всё реже и реже. Сейчас за помощью обращаются родители младших дошкольников, которые в 3-3,5 и даже в 4 года практически не разговаривают. У них ограниченный активный словарь, пассивный словарь также не соответствует возрасту. Звукопроизношение страдает, причём постановки требуют даже гласные звуки, например «ы» и гласные раннего онтогенеза, такие как «х», «ф», «в» и т. д.

Обычно у таких детей нарушена слоговая структура слова: они произносят слово усечёно, используя либо первый, либо последний слог. Если слово произносится более полно, то при этом в нём могут встречаться замены слогов либо перестановка их местами. Грамматический строй речи также не развит в соответствии с возрастом, т. е. малыши путают местоимения мужского и женского рода, окончания глаголов, прилагательных и т. д.

В настоящее время востребованы такие специалисты, как: логопед-дефектолог, логопед-психолог и логопед-нейропсихолог - так как, кроме проблем с речью, присутствуют и другие.

Дефектолог, например, занимается коррекцией когнитивных функций: памяти, внимания и мышления. Работает над развитием познавательной сферы ребенка.

Психолог, в свою очередь, помогает решить проблемы в эмоционально-волевой сфере, корректирует нарушения мотивации, например, снижение мотивации к контакту с окружающими.

Новая и очень востребованная категория специалистов – нейропсихологи. Они способны эффективно работать с такими детьми, которые не имеют особых замечаний со стороны неврологов, демонстрируют сообразительность, понимание речи, но их собственная речь существенно отстаёт от возрастной нормы.

На данный момент в логопедии специалисты ориентируются в определении нормы на труды 1980-х годов. Согласно им у ребёнка к 5 годам, практически полностью формируется речь, далее она совершенствуется, усложняется, но основные правила и речевые нормы ребёнком должны уже быть усвоены.

В норме ребёнок произносит все звуки и слова правильно, имеет пассивный словарный запас в несколько тысяч слов, его речь понятная и связная. К сожалению, современные дети говорят хуже, чем их родители в данном возрасте. То, что старшее поколение осваивало к 5 годам, малыши XXI века осваивают годам к 6, а порой и позже.

Чтобы пересмотреть нормы речевого развития, необходимо провести масштабную исследовательскую работу. На данный момент мы не имеем актуальных данных, но, оценивая объективно подрастающее поколение, я вижу выход в более гибкой оценке результатов логопедической диагностики.

Одним из способов приспособиться к меняющейся ситуации является инклюзивное образование в Казахстане. Оно способствует интеграции ребят с особыми образовательными потребностями (ООП) в школьный коллектив, позволяет осваивать общеобразовательные программы, иметь больше шансов для социализации и психологической адаптации.

### **Так каковы причины и последствия сложившейся ситуации?**

На государственном уровне причина таких изменений сформулирована как «генетическая усталость нации». На мой взгляд, причин много: это и экология, качество воздуха, воды, пищи, и генетические заболевания, и особенности течения беременности, родов, и ритм жизни с наличием стрессов, и огрехи воспитания, отсутствие полноценного общения родителей с ребёнком, психологическая обстановка в семье и т. д.

### **Что делать обществу и, в частности, родителям для спасения подрастающего поколения?**

Что бы я точно посоветовала, осознанно подойти к беременности. Это один из первых кирпичиков, закладывающих здоровье и благополучие ребёнка. Минимум стрессов во время беременности, бережное отношение к психике будущей матери, комфортный режим и полноценное питание. Ничего нового, однако, современные женщины этим часто пренебрегают. Особенно этот совет касается женщин, живущих в крупных городах.



Если говорить о родах, то наилучший способ – это, конечно, тот, который задумала сама природа. Если есть такая возможность и врачи не настаивают на кесаревом сечении, использовании анестезии, то естественные роды должны быть в приоритете.

В процессе роста малыша родители должны создать ему все условия для гармоничного развития. Если нет опытных бабушек или личного опыта, почитайте об этапах развития детей в литературе, ведите дневник. Записывайте в него, в каком возрасте впервые перевернулся ребёнок, сел, начал ползать.

В первый год жизни самый главный ориентир – это физическое развитие малыша, внимание к этой сфере позволит вам заметить, если что-то идёт не так, и вовремя обратиться к специалисту.

Ежедневные занятия нивелируют большинство выявленных на этом этапе проблем развития. Например, дайте больше простора ползунку, чтобы он не начал ходить слишком рано. Ползание – это сложный двигательный навык, позволяющий укрепить межполушарные связи, заложить возможности для выполнения в будущем таких задач, как чтение и письмо. Главное, не препятствовать гармоничному развитию, а помочь поддержать маленького исследователя.

Когда ребёнок подрастёт, не спешите показывать ему гаджеты. Дети прекрасно их осваивают, чем очень впечатляют родителей. Однако, практика показывает, что использование гаджетов (смартфонов, планшетов и т. д.) снижает врожденный познавательный интерес, мотивацию к вербальному общению, а также сильно перегружает психику малышей. Лучше живого общения для развития речи ребенка нет ничего.

Родители для ребёнка – это носители языка, именно они обучают своё чадо, передают ему жизненный опыт, как бытовой, так и социальный. Невозможно переоценить роль родителей.

Подытожив, хочу сказать, будем внимательны к нашим детям. Именно внимание позволит нам не упустить наших детей, а вырастить их здоровыми и счастливыми.

#### **Список использованных литератур:**

1. Новоторцева Н.В. Методика развития речи у неговорящих детей: Учебно-методическое пособие. -- Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 1999, 61 с.
2. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников – М.: Просвещение, 1990.
3. Катаева А.А., Стребелева Е.А. Дидактические игры и упражнения в обучении умственно отсталых дошкольников. – М.: Бук-мастер, 1993.
4. Козак О.Н. Игры и занятия с детьми от рождения до трех лет. – С.-Петербург: Союз, 1998.

### **ӘӨЖ-394/395**

#### **ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ АУТИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.**

**Абдигалиева А.Б.,  
ТарМПУ, Тараз қ.**

Қазіргі таңда барлық ел балалардағы аутистік бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы мәселесінің әлеуметтік маңыздылығын мойындауда. Өткен ғасырдың ортасында барлық мемлекеттерде жүргізілген эпидемиологиялық зерттеу нәтижесінде 10 мың балада ерте жастағы аутизмнің пайда болуы 3 – 6 жағдайда екенін көрсетті (L.Wing). Қазіргі заман авторларының ойынша, 10 мың баланың 21 – 26 (С.Gillberg, цит. по В.М. Башина, 1999) клиникалықпен бірге, білім беруге арналған диагноздарда жиі табылуда.

Арнайы зерттеулерде аутистік бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы сәйлеу тілі дамымауының деңгейіндегі тән таным процесстерінің,

эмоционалды – ерік аясының, оқу сабақтарын меңгерудегі қиыншылықтардың ерекшеліктері анықталған (А.К.Аксенова, Л.С.Выготский, Г.Е.Сухарева, Т.А.Власова, Г.М.Дульнев, С.Д.Забрамная, Л.С.Занков, В.И.Лубовский, Н.Г.Морозов, М.С.Певзнер, С.Я.Рубинштейн, Г.Л.Трошин, Ж.И.Шиф және тағы басқа.). Аутистік бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларға ауызша сөйлеу тілі қалыптасуындағы қиыншылықтар тән екендігі анықталды.

Т.Л.Головина, Л.В.Занков, М.М.Недудьман, Б.И.Лински, В.Г.Петрова, И.М.Соловьев, М.П.Феофанов және тағы басқа. ғалымдардың альтернативті қарым-қатынас құралдарын қолдануға арналған психологиялық зерттеулері психологиялық-педагогикалық түзету кабинетте көрнекілік материалдарды қолдану мектепте дейінгі мекемелерде қолданумен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері болуы керек екеніні көрсетті. Мұның барлығы ғылыми актуальдылықты дәлелдейді және аутизм балалармен жүргізілетін логопедиялық түзету жұмыстарының әдістерін жасайды. Балалардағы аутизмнің психикалық дамуын зерттеудің міндеті – тек қана практикалық тәжірибені үйрету ғана емес, сонымен бірге қай уақытта сөйлеу тіліне сәтті анализ жасайтындығымен тығыз байланысты. Ұсынылып отырған зерттеу, аутистік бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балалардың тенденциясын ұйымдастырып, логопедиялық көмек береді.

Л.Каннер ерте жастағы балалар аутизмінің клиникалық сипаттарын көрсетеді. Сол сияқты аутизм баланың коммуникацияның, әлеуметтік дамудың қиындығының межелі жалғыздығы; өмірдің шартының баянының талабы; айрықша кідіріс және сөздің дамуының бұзылысы, коммуникатив атқаратын қызметіне; көрсетілген бұзылыстың ерте айқындалуында (2,5 жасқа дейін). Осы уақыт ерте жастағы балалар аутизмінің биологиялық тегі болып табылады, автордың көпшілігі мұны полиэтиология деп айтады (М.С.Вроно, 1976; М. Ratter, 1978; М.В.Башина, 1980, 1999; В.Е.Қаған, 1981; К.С.Лебедин, 1987, 1988).

«Аутизм» терминін швецария психиатры және психологы Э.Блейлор (1857-1939жж.) ұсынған. Auto-грекше-өзім, яғни адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңілкүй деген мағынаны білдіреді. Баланың ерте аутизмін (БЕА) 1943 жылы АҚШ психиатрі - Лео Каннер жеке клиникалық синдром ретінде бөліп көрсеткен болатын. Бүгінгі уақытта аутизм баланың орталық жүйке жүйесінің (О.Ж.Ж) биологиялық дефицитарлығына себептелген психикалық дамуының ауытқуы ретінде қарастырылады. Аутизм, ол баланың ересектермен және қатарластарымен қарым-қатынасының төмендеуімен және өзінің ішкі дүниесінің тұңғығына «еніп» кететіндігімен сипатталады. Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін.

Қазіргі уақытта балалық ерте шақтағы аутизмді түзетудің әдістемелік негіздері әр түрлі. Жиі кездесетін бихевиористік психологияның негізінде операнттық оқыту. Бұл түзету әдісі АҚШ-та және бсқа да елдерде кеңінен тараған. Әдістің негізі – қажетті қылықты, әрекетті қалыптастыру үшін сыртқы жағдайларды арнайы қамтамасыз ету, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу, сөйлеу тілін дамыту, оқу немесе еңбек ету дағдыларына үйрету. Бұл әдіс бойынша оқытылған балалардың 50-60 пайызы жалпы мектеп бағдарламасын меңгере алады, кейін орта, жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыра алады.

Операнттық оқыту әдістен басқа шет елдерде ТЕАССН атты бағдарлама (Э.Шоплер, Р.Райхлебер), холдинг терапия (М.Уелш) күнделікті өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету арқылы емдеу (К.Китахара) тағы басқа тәжірибеде жиі пайдаланады.

Ресейлік тәжірибеде ең танымал К.С.Лебединская мен О.С.Никольскаяның аутизмді түзетудің кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық әдістемесі. Бұл әдістеменің негізгі ерекшелігі дәрігер ,педагог пен психологтардың бірлесе,тығыз байланыста жұмыс жасау. Өткен ғасырдың ортасынан бастап балалық ерте жастағы аутизмді зерттеулер басталуына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін арнайы кешенді көмек көрсету жүйесі құрастырылмаған. Бұл жерде кейбір балаларды жалпы мектептегі арнайы сыныптарда оқыту тәжірибесі бар екенін айту керек. Бірақ сол балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігі негізгі талап.

Дәрігерлердің айтуынша бойында аутизм дерті бар жасөспірім қоршаған ортамен байланысын жоғалтып алады. Тітіркендіргіштерге эмоциялық реакция көрсетпейді, тіпті әуелі мақсат бағытына және қызмет орындауға белсенділік танытпайды.Жанат Қаратай есімді перзенті аутизмге ұшыраған былай дейді: «Үш жасында ерте балалар аутизмі деген диагноз қойды. Оған қарамастан біз Мәскеуге барып төрт түрлі ресейлік дәрігерге қаралдық. Олар да диагнозды растады. Тіпті балам ешқашан сөйлемейді деп айтты. Біз қол қусырып отыра алмадық. Елге оралғаннан кейін жергілікті психологтармен бірге жұмыс бастадық. Осы жұмыстың нәтижесінде ол үш жылдан кейін бала сөйледі, яғни бес жасында алғашқы сөзін айтты. Одан ары жағдай тез оңала бастады. Сөздік қорын көбейтіп, кәдімгі баладай қимыл көрсетті. Қазір ол төртінші сыныпқа барады, жасы он екіде».

Аутизмнің себептері толық ашылмаған және түрткі болатын себептері анық емес. Синдромның негізінде генетикалық факторлардың маңызы зор дейді мамандар. Сондықтан қазір көптеген танымал биология зерттеушілері көбінесе аутизм тұқым қуалау арқылы тарайтын ауру екендігін дәлелдеп отыр. Тұқым қуалау арқылы тарау механизмі толық белгісіз, бірақ симптомның дамуы гендік топқа байланысты.

Елде аутизммен ауыратын балалар туралы ресми мағлұматтар күмән тудырады дейді мамандар. Өйткені аутизммен сырқаттанатын балаларды анықтаудың ұйымдасқан жүйесі жоқ. Қазіргі кезде әлемде шамамен 67 миллион адам аутизмнен зардап шегеді. Елде соңғы уақытта аутизмге шалдыққан балалардың саны күрт өскені байқалады.

Балалар аутизмінің негізгі үш белгісі бар. Олар - тілдесудегі қиындықтар, өзгелермен қарым-қатынастың нашарлығы және қайталанатын қимыл қозғалыс. Яғни баланың ұзақ уақыт бойы бір нәрсемен айналысып отыра беруі, бірыңғай ойын мен қимыл жасауы.

Аутизм ауруына шалдыққандарды емдеудің ең басты жолы - кешіктірмей тексеріліп, емделу терапиясын ертерек бастаған дұрыс. Себебі терапияны бала кішкентай кезінде бастаса, нәтижелі жетістікке жетуге болады. Аутизмге ұшыраған адамдардың әрқайсысының белгілері әр түрлі және әр адамға тек өзіне тән ем түрі жүргізілуі керек. Аутизмді емдеу үшін науқас адамның мінезі мен жүріс-тұрысына қарай терапия қолданылады. Бұл терапия баланың дұрыс тәртібі үшін арнайы сый береді, осылай бала айналасымен араласып, байланысқа түседі. Әлеуметтік жұмыста баланың ерекшелігіне қарай физикалық және сөйлеу терапиялары қолданылуы мүмкін. Баланың бөлектенуін, мақсатсыз қозғалуын және қорқыныш сезімін жою үшін анималотерапияның (арнайы үйретілген иттер, аттар және дельфиндер) көмегі өте тиімді болып табылады. Қазіргі таңда аутизммен ауыратын балалармен әлеуметтік жұмыста дельфинотерапия қолданылады. Бұл терапиямен емдегенде дельфиндерден бөлінетін жоғары жиілікті сонарлардың әсерінен баладан бақыт гормондары бөлінеді. Бұл гормондар ми қызметіне әсер етіп, баланың көңіл-күйін жақсартатындығы анықталған.

Қорытындылай келе, аутизмі бар балаларға қоғамның дұрыс қабылдауын қалыптастыруымыз қажет. Біздің негізгі мақсатымыз – қоғамның аутизмге деген теріс көзқарасын өзгерту. Осындай бала тәрбиелеп отырған атааналарды мәліметтермен қамту, қоғамдағы аутизм дертіне шалдыққан адамдардың мәселелері туралы ақпараттың таралуын арттыру, сонымен қатар аутизм диагнозы қойылған және тілі шықпай жүрген балаларды жалпы білім беру жүйесіне кіргізу әдістемесінің тиімділігін көрсету. Оларды мүгедек деп бөлмей, балаларға басқалар секілді балабақшаға, мектепке баруына мүмкіндік туғызуымыз керек. Өйткені бала ең бірінші балабақшада әлеуметтік қарым-қатынасқа түседі. Қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсу арқылы, аутизммен ауыратын балалардың ауруын жеңілдету мен олардың қоғамда орын алуына мүмкіндік жасаймыз. Сондай жағдайда ғана аутизммен ауыратын балалар мен олардың ата-аналары өздерінің әлеуметтік қорғалғандығын сезінеді және өмір сүруге ұмтылысы мен қарым-қатынасқа түсу қабілеті артады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Баенская Е.Р. Помощь в воспитании детей с особым эмоциональным развитием. Младший дошкольный возраст. – М.: Институт учебника. Пайдейя, 2014.– 88 с.

2. Баенская Е.Р., Либлинг М.М., Психологическая помощь при нарушениях раннего эмоционального развития. – М.: Полиграф, 2005. – 125с.

3. Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Психологическая помощь при нарушениях раннего эмоционального развития: Методическое пособие. М.: Издательство “Экзамен”, 2012. – 128 с.

4. Башина В.М., 1981 Аффективное расстройство (синдромы) в клинике шизофрении у детей // Журн. невропатол. и психиатр. – 1981. – Т. 81, вып. 10. – стр. 1514-1518.

5. Башина В.М. Ранний детский аутизм.// Исцеление: Альманах. – М. 1993. – с. 154 – 165.

6. Башина В.М., Аутизм в детстве. - М.: Медицина, 1999. – 237 с.

7. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активность.– М.: Наука, 1990.– 494 с.

8. Валлон А. От действия к мысли. М.: ИЛ, 1956. – 238 с.

9. Валлон А. Психическое развитие ребенка. М.: Просвещение, 1967. – 196с

#### **ӘӨЖ 37.1**

### **ФОРМИРОВАНИЕ КОНСТРУКТИВНОЙ РОДИТЕЛЬСКОЙ ПОЗИЦИИ КАК ФАКТОР ЭФФЕКТИВНОСТИ КОМПЛЕКСНОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ СЕМЬИ РЕБЕНКА С РАССТРОЙСТВОМ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА**

**Абилова А.Б., Мордвинцева И.Ю.**

**к.с.н. ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Жамбылской области**

**ТарМПУ. к.п.н., доцент**

Общемировые тенденции, социально-экономические реалии, демографическая ситуация требуют проведения в жизнь государственной политики, направленной на улучшение качества жизни всех категорий граждан Республики Казахстан.

Будущее страны зависит от уровня здоровья подрастающего поколения, в связи с этим, статистика о состоянии здоровья юных казахстанцев внушает определенную тревогу.

На сегодняшний день в Казахстане официально проживает около 30 тысяч детей с диагнозом "аутизм" и с каждым годом эта цифра растёт – таковы данные Министерства образования и науки. Но эксперты признают, что фактически таких детей намного больше, так как далеко не всегда в Казахстане детям дожда могут поставить правильный диагноз. А по информации Всемирной организации здравоохранения, примерно 1% населения Земли страдает от аутизма, и каждый год количество таких людей увеличивается на 13%. Это показатели 2015 года. По прогнозам учёных в 2020

году этим расстройством будет страдать каждый 30 житель планеты. А ещё через 5 лет – каждый второй. Сейчас же, с аутизмом рождается каждый 55 ребёнок.

Для оптимизации развития и реализации индивидуальных возможностей каждого ребенка особую важность приобретает диагностика раннего развития и своевременное включение семьи особого ребенка в систему ранней комплексной помощи. Рождение ребенка с проблемами в развитии различной степени тяжести, в преобладающем большинстве случаев - психологический стресс, оказывающий сильное деформирующее влияние на психику родителей. Опыт консультирования семей детей с ограниченными возможностями в «Психолого-медико-педагогической консультации» Управления образования акимата Жамбылской области позволяет обозначить круг проблем, характерных для таких семей:

- высокий уровень психической травмированности родителей, вызванный рождением особого ребенка, низкий уровень стрессоустойчивости;
- недостаточная информированность родителей в вопросах юридической, медицинской, социальной поддержки и, как результат, несвоевременное обращение для решения ряда вопросов;
- неудовлетворенная своевременно потребность некоторой части родителей в специалистах, работающих с данной категорией детей, приводящая к возникновению стойких нарушений развития;
- низкий социально-экономический статус некоторой категории семей, не позволяющий во время получить квалифицированную помощь;
- ориентированность родителей на приоритетность получения медицинской помощи, ведущая к упущению сензитивных периодов развития ребенка;

Осмысление происшедшего и обретение новых жизненных ценностей семьей ребенка может происходить в течение длительного периода. Изменения жизненного стереотипа семьи особого ребенка раннего возраста, требуют от каждого ее члена адаптации к новым семейным ролям.

Это обусловлено многими факторами, среди которых:

- психологические особенности личности самих родителей;
- степень выраженности нарушений развития у ребенка;
- особенности менталитета семьи, ее социально-экономического статуса;
- уровень притязаний и ожиданий родителей.

Данные факторы оказывают влияние на специфику формирования родительской позиции, которая может носить как конструктивный, так и деструктивный характер. Не всегда родители принимают факт нарушения развития ребенка и испытывают родительские чувства по отношению к ребенку. При отсутствии своевременной и квалифицированной поддержки семьи особого ребенка происходит формирование деструктивной позиции и установки по отношению к ребенку, к самому себе и членам своей семьи, социуму.

Процесс формирования родительской позиции находит отражение в периодизации кризисных состояний психо-эмоциональной сферы родителей:

1. Отрицание.

Реакция и чувства родителей:

- шок;
- неверие;
- растерянность;
- дезорганизация;
- беспомощность перед будущим.

Действия родителей:

- отрицание заключения врачей и поиск других специалистов, в надежде пересмотра диагноза;

- отказ от своевременного выполнения рекомендаций специалистов некоторыми родителями.

Действия специалистов: установление доверительных отношений с семьей ребенка.

Важно на данном этапе: корректное информирование о диагнозе ребенка со стороны специалистов.

Результат действий на этапе: возникновение желания контакта со специалистами и «высказывание» собственных чувств родителями ребенка.

## 2. Известность, определенность.

Реакции и чувства:

- отказ от понимания проблемы на уровне чувств и эмоций при восприятии ее на рациональном уровне;

- страх;

- отчаяние;

- агрессия;

- противоречивое чувство по отношению к ребенку: «Это мой ребенок, я должна, как мать любить его, но я не могу этого сделать. Наверное, я плохая мать».

Действия родителей:

- отрешенность от окружающего мира;

- отказ от привычного круга общения;

- бегство от проблем с помощью деструктивных способов;

- негативные проявления в адрес «счастливых» окружающих;

- активная хаотичная деятельность, направленная на поиск врача-волшебника, различных способов исцеления.

Действия специалистов:

- мотивация родителей на сотрудничество со специалистами;

- работа с чувством вины родителей;

- содействие в восстановлении нарушенных семейных взаимоотношений;

- ориентация на конструктивные способы решения проблем специалистами

(психотерапевтом, психологом).

Важно на данном этапе:

1. Специалистам необходимо учитывать, что, прежде всего, родители особого ребенка испытывают потребность в поддержке и сострадании и не всегда могут воспринимать подробную информацию о дальнейших необходимых действиях.

2. При отсутствии изменений в состоянии ребенка, надежда родителей на улучшение сменяется гневом, чаще всего, обращенным на специалистов. По мнению родителей, специалисты невнимательно относятся к ребенку, недостаточно компетентны и не в состоянии оказать необходимую, с точки зрения родителей, помощь и т.д.

Результат действий на этапе: установка на сотрудничество родителей со специалистами, попытка составления краткосрочных планов действий.

## 3. Депрессия

Реакция и чувства:

- апатия;

- безысходность: «Я ничего не могу изменить», «У меня ничего не получается»;

- отчаяние из-за безуспешности усилий, предпринятых на предыдущем этапе: «Все мои попытки, что-то сделать, не дают результатов».

Действия родителей: бездействие, как результат безуспешных попыток: «Ничего нельзя изменить. Мы никуда больше не пойдем».

Действия специалистов:

- настрой членов семьи на взаимодействие со специалистами и оптимально возможный результат с учетом физического и психического состояния ребенка;

- обозначение и демонстрация конструктивных способов решения проблем.

Результат действия на этапе:

- начало социально – психологической адаптации членов семьи;

- установление адекватных отношений со специалистами и следование их рекомендациям.

4. Принятие.

Реакции и чувства:

- решительность;

- уверенность в себе, в своих силах и положительном результате.

Действия родителей:

- объединение с другими родителями, испытывающими подобные проблемы;

- поиск рациональных путей решения проблемы: медицинских учреждений, где ребенку окажут необходимую помощь, денежных средств на лечение и содержание ребенка.

Действия специалистов: оказание юридической, медицинской, социальной, информационной поддержки.

Результат действия на этапе:

- стабильный психоэмоциональный фон всех членов семьи;

- принятие нарушения развития ребенка, как факт;

- обретение нового смысла жизни, активное построение и осуществление жизненных планов, не только связанных с ребенком.

Формирование конструктивной родительской позиции способствует снижению субъективного стресса всех членов семьи, раскрытию ее реабилитационного потенциала, гармонизации отношений в семье.

Раннее вовлечение семьи ребенка с проблемами в развитии в социальные отношения, широта диапазона, своевременность, качество и эффективность деятельности специалистов службы раннего комплексного сопровождения создают оптимальные возможности для включения ребенка с ограниченными возможностями в процесс абилитации и дальнейшей социализации.

Налаживание связей, установление доверительных отношений с родителями, знание ситуации в семье учащихся является базой для работы педагогов специального учреждения с родителями своих воспитанников. Кредо специалиста (учителя, логопеда, психолога) должно заключаться в формуле: "Родители моего воспитанника – мои помощники и соратники". Именно такой подход позволяет сформировать потребность родителей в сотрудничестве с коррекционной школой или другим видом специального учреждения (реабилитационным центром, КППК и др.), в котором обучается ребенок.

Тогда сам родитель становится проводником и исполнителем психолого-педагогической коррекции, осуществляемой педагогическим составом учреждения по отношению к обучаемому ребенку.

#### **Список использованной литературы**

1. АппеФ. Введение в психологическую теорию аутизма / Пер. сангл. Д.В. Ермолаева. М.: Теревинф, 2006.

2. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок: Пути помощи. – М.: Теревинф, 2007.

3. Семаго Н.Я., Хотылева Т.Ю., Гончаренко М.С., Михаленкова Т.А. Обучение детей с расстройствами аутистического спектра: Методические рекомендации для педагогов и специалистов сопровождения основной школы. Серия «Инклюзивное образование». – М., 2012.

**БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА БЕЙІМДЕЛУІНДЕГІ  
ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ****Абуталиева Ж.Б.****Шайқорық орта мектебі, Тараз қ.**

Еліміздің болашағы болып саналатын ұрпақ тәрбиесінде, оқу процесінде өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің, нарықтық экономика кезеңінің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілетін, шығармашылық, кәсіби біліктілігі мен білімділігінің керек ететіні белгілі.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім беру жүйесін дамытудың негізгі факторларына білім беру парадигмасын өзгерту; оқыту, тәрбиелеу және білім беру сапасын арттыру; білім беру ұйымдарының материалдық базасын нығайту жұмыстарымен қатар, оқушылардың әлеуметтенуі және олардың денсаулығын сақтау міндеттері де кіреді [1].

Бала мектепке келгеннен кейін оқу оның негізгі іс-әрекетіне айналады. Мектепте бала белгілі бір мерзім ішінде қабелеттілік пен икемділіктің белгілі мөлшерін меңгеріп және оларды талдауды үйренеді. Қазіргі сәтте бала өзіне қызық емес, бірақ болашаққа маңызды материалдармен оқып танысады. Жалпы білім беретін мектептердің кез келген сыныбына қабылданған балалар оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарды басынан өткереді. Қиындықтардың ең алғашқы себебі – мектептік оқуға деген қызығушылығының төмендігі немесе психологиялық дайын еместігі. Осыған қоса мектепте оқудың бастауы тек өмірдің жаңа шарттары ғана емес, сонымен қатар жаңа байланыстар, қарым-қатынас және жаңа міндеттер. Осыған орай бала өмірі өзгереді: бәрі оқуға, мектеп іс-шараларына бағынышты болады. Бұл өте маңызды кезең. Мектеп алғашқы күннен бастап оларға интеллектуалдық және физикалық күшті қажет ететін тапсырмалар береді.

Балаларды мектепке дейінгі дайындыққа кеткен уақыт пен күшке қарамастан, бастапқы оқу кезеңінде барлық балалар белгілі бірнеше қиындықтарды басынан кешіреді. Бұл балалардың мектепке бейімделу кезеңі. Балалардың мектепке бейімделу кезеңі мектепке дейінгі және мектептегі өтпелі кезеңді айтуға болады.

Л.И.Божовичтің пікірінше, баланың мектептік кезеңге өту оның өмір сүру салтының түбірімен өзгеруімен сипатталады. Оқушы жағдайы жеке басының ерекше бағыттылығын тудыратынын атап өту керек. Ол үшін, оқу – білімді меңгеретін жай әрекет немесе өзін болашаққа дайындау тәсілі ғана емес, ол баланың саналы түрде сезінетін өзіндік еңбек міндеті және айналасындағылардың күнделікті өміріне қатысуы болып табылады.

Мектепте бала мұғалім талаптары мен мектеп ережесін орындауға баланың ерік күшін бағындыра алу іскерлігінен көрінеді. Балалардың мектепке бейімделу ерекшеліктеріне арналған зерттеулері Коломинский Я.Л., Панько Е.А., Чуткина Г.М., Венгер Л.А., Мухина В.С. және баланың мектепке психологиялық даярлығы мен мектепке баруы туралы отандық ғалымдар Баймұратова Б., Қойбағаров., Қ.Сейсенбаевтың еңбектері маңызды орын алады.

Баланың ең негізгі іс-әрекеті оқу болғандықтан, баланың өмір тіршілігі өзгереді, жаңа міндеттер пайда болады, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы жаңаша қалыптасады. Баланың мектепке бейімделуі бірден болмайды. Мектепте толығымен меңгеруіне бір күн немесе бір апта жеткіліксіз. Бейімделу ұзақ мерзімді қажет ететін процесс. Бала өміріндегі бұл мерзімнің бала өміріндегі өзгерістерінің психологиясы мен



мінездемесін Р.С.Немов дамудың әлеуметтік жағдайы мен ішкі позициясының түсініктерімен байланыстыру қажеттігін ұсынды [2].

Мектеп – баланың дамуының жақсы жақтарын жүйелі қалыптастыратын отыратын негізгі орын. Мектептік өмір балалардың мінез-құлқының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Оқушылардың мінезін тәрбиелеуде басты міндет – олардың жан-жақты болып өсуін қадағалау, дамыту. Міне осы орайда балалардың бойындағы жағымды қасиеттерді оятып, жағымсыз әдеттерді жою талабы психологиялық, педагогикалық іс - әрекеттердің тиімділігіне байланысты.

М.М.Безруких, С.П.Ефимова баланың мектепке бейімделуін ұзақ мерзімде процесс ретінде қарастырып, оны әлеуметтік-психологиялық және физиологиялық жақтарын сипаттаған. Олардың көзқарасынша, баланың өмірінің өзгеруі: барлығы мектепке бағынады, мектеп жұмысына, сабаққа көп уақыты кетеді. Бұл өте қысымды кезеңдер. Себебі мектеп алғашқы күннен бастап өзінің талаптарын қояды.

Г.М.Чуткина «бейімделу» ұғымын баланың жаңа жағдайдағы тіршілікке араласуы дейді. Ол баланың мектепке психологиялық бейімделуіне баланың отбасындағы тәрбиесі де маңызды орын алатынын қарастырған. Оның ойынша баланың мектепке бейімделуі қиы жән ұзақ мерзімді талап ететін процесс. Л.С.Выготский және Ж.Пиаже, баланың мектепке барған шақтағы ойлау қабілетінің дамуына тұжырым жасаған. Олар, ойлаудың ең маңызды дамуы – жаңа мінез-құлық мүмкіндігіне итермелейтін және интеллектуалды іс-әрекеттің жоғарғы формасына әкелетін жасөспірімнің жинақталған түсінікті меңгеруінің негізін түсіндірген.

Л.С.Выготский түсінікті жинақтау қызметі осы жастағы интеллектуалды өзгерістерге байланыстылығын: «... түсініп ойлану - іс-әрекетті түсіну, басқаларды түсіну және өзін түсіну» - деген [3].

«Оқыту процесіндегі субъектілердің қарым-қатынасындағы мағыналардың өзгеруі біріккен іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатының заңды құрылуына мүмкіндік береді және оларды оқыту процесінде ескеру, біріккен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті шартты жасайды» - деген педагогикалық қарым-қатынастағы білім беру процесінде субъектілерінің өзара әрекеттесуі туралы пікірді С.М.Жақыпов ұсынған [4]. Сондықтан қарым-қатынастың нақтылы бірізділігі болашақ тұлғаның дамуына орасан зор ықпал етеді.

Іс - әрекеттің жетекші типін ұйымдастыру – баланың жеке басын қалыптастыруға мақсатты түрде ықпал жасайтын құрал. Мектеп баланың басқа адамдарға қатысты өзіндік ішкі позициясы өз «менін» және өз қылықтарының маңызын аңғарудың арта түсуімен, үлкендердің ішкі дүниесіне, олардың іс-әрекеттерімен өз ара қарым-қатынасына ерекше қызығуымен сипатталады.

Оқу қызметінің сипаты туралы мәселені шешкенде ең алдымен баланың ақыл – ойының даму деңгейін ескеру қажет. Оның жаңа материалды меңгеру қандай білім мен іскерліктерді талап ететініне талдау жасау қажет. Белгілі бір зат , оқиғалар, жағдайлар немес іс -әрекет адамның белгілі бір ақыл –ой белсенділігінің түп негіздерімен байланысты болса, іс -әрекеттің себептеріне айналады.

Оқу материалының ерекшеліктері тиісті білімдерді құру үшін қажетті заттың, перцептивалық және ақыл – ой әрекетіне байланысты. Ғалымдар оқушылардың ақыл – ой дамуына математикалық, грамматикалық, географиялық және басқа ұғымдардың қалыптасу процестерін егжей тегжейлі зерттеді. Тиісті білімді қалыптастыру үшін қажетті ақыл – ой қызметінің әдістері және осы әдістерді үйретудің тәсілдері анықталды.

Бала мектеп өміріне алғаш ене бастағанда онда мәнді психологиялық өзгеріс болады. Ол жаңа тәртіптің бір қатар маңызды әдеттерін бойына сіңіреді, мұғаліммен және жолдастарымен сезімді қарым-қатынас орнатады. Оқу материалының мазмұнына ынтаның пайда болуы негізінде оның оқуға деген жақсы көз қарасы қалыптасады. Бұл ынталардың одан әрі дамуы және төменгі сынып оқушыларының оқуға деген

көзқарасының жайы олардың оқу әрекетінің қалыптасу процесіне байланысты. Сондықтан, мектеп үшін осы іс-әрекетті құру және оның жекелеген бөліктерінің ерекшеліктері туралы мәселе ерекше маңызды болып табылады.

Баланың мектепте оқудың бастауы тек өмірдің жаңа шарттары ғана емес, сонымен қатар жаңа байланыстар, қарым-қатынас және жаңа міндеттер. Бұл өте маңызды кезең. Осыған орай бала өмірі өзгереді: бәрі оқуға, мектеп іс-шараларына бағынышты болады. Мектеп алғашқы күткен бастап оларға интеллектуалдық және физикалық күшті қажет ететін тапсырмалар береді.

Тәжірибелі мұғалім барлық балаларға бірдей талап қояды, бірақ әр баланы жеке-жеке қадағалайды. Үшінші түріне бірінші сынып оқушылары оқу жылының ортасына қарай сезінеді. Олар басында мектепке бірден жүгіріп, уақытынан ерте баратын болса, кейіннен ересектердің ықпалымен ғана барады.

Егер осы жасқа дейін олардың негізгі әрекеті ойын болса, оқуға келген күннен бастап оқу қызметі шешуші рөл атқарады. Сөйтіп, оқу негізгі қызметке айналып, баланың психикалық дамуы ірі өзгерістерге ұшырайды. Өзгерістерге ұшырауының себебі: ойынға қарағанда оқу талабының бала үшін қиындағанында.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2010 жыл, 7 желтоқсан.
2. Немов Р.С. «Психология». М., 1-ІІ-ІІІ том. 1998.
3. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. – СПб.:Союз, 1997
4. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы, 2004.
5. Венгер Л.А. Психологическая готовность ребенка к школе. //Вопросы психологии, - 1984. №4
6. Головин С.Ю. Словарь психолога-практика-Минск.,2001

#### **ӘӘЖ-378.147**

### **ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЫРҒАҚТЫҢ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

**Аликулова С.А., Кенесханқызы С.**

**ТарМПУ, «Арнайы педагогика» кафедрасының аға оқытушысы,  
Тараз қаласы, №6 бөбекжай логопеді**

Логопедиялық ырғақ логопедия және дефектологияның жалпы әдістемелік негіздерінен бастау алады және оның бөлімдерінің бірі болып табылады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты зерттеу жетістігі сөйлеуінде бұзылысы бар балаларды логопедиялық ырғақ тәрбиелеуді толықтыруда үлкен үлесін қосты.

Даму заңдылықтарын зертей отырып, сол немесе басқа сөйлеу патологиясының синдромындағы психомоторлы функциялардың бұзылыстарын, экспериментальді мәліметтер мен практикалық тәжірибелерді толықтыра отырып, логопедиялық ритмика - логоритмикалық тәрбиенің міндеттерін анықтап, олардың маңыздылығын, көбірек қолданылатын құралдар мен тәсілдері, сабақтың мақсатты түрде ұйымдасқан түрлерін анықтайды.

Логопедиялық ырғақтың негізгі мәнін анықтайтын маңызды міндеті: сөйлеуді тәрбиелеудің негізі ретінде және сөйлеу бұзылыстарын жоюдағы қимыл-қозғалыс қабілеттерінің бұзылысын дамыту мен қалыптастыру.

Логопедиялық ырғақтың негізіне сөйлеу бұзылысы бар кез келген жастағы адамдардың психикалық-физиологиялық ерекшеліктері кіреді: олардың еңбекке қабілеттілік мүмкіндіктері, оңалту-сауықтыру барысында қимыл-қозғалыс потенциялының шаршағыштық деңгейі, қызығушылықтары мен талаптары, қарым-

катынас деңгейі, көркемдік-іс-әрекеттік, көркемдік- бейнелік және логикалық ойлау түрлері, іс-әрекеттің басымырақ түрінің ерекшелігі және т.б. Осыған байланысты логоритмикалық тәрбиенің мазмұны сөздік түзете-дамыту әдістермен және емдік сауақтыру шараларымен қатар қаралуы тиіс.

Логоритмикалық сабақтардың ұйымдастырылуының кез келген түрінде логопед пен музыкалық жетекшінің назары баланың жан-жақты дамуына, қимыл-қозғалыс және сенсорлы аймақтағы сөздік емес бұзылыстарды жоюға, сөйлеуді дамытуға немесе қайта қалпына келтіруге бағытталады, сонымен қатар, балалар мен үлкендердің қимыл-қозғалыс заңдылықтарын үйренуіне, олардың кеңістікте бағдарлауына, берілген тапсырмалардың мазмұнын түсінуіне, қиындықтарды белсенді түрде жеңуіне, өз әрекетінде шығармашылыққа тырысуына назар аударылады.

Логопедиялық ырғақтың ерекшеліктері төмендегідей: жүйке жүйесінің теңсіздік қызметі бұзылған және орталық жүйке жүйесінің ырғағы бұзылған сөйлеу бұзылысы бар тұлғаларда қозу немесе тежелу үдерісін жаттықтыру үшін жағымды жағдайлар жасауда оларға қоздырғыштан нақты мөлшермен әсер етуде (екпінмен, ырғақпен, музыка және сөз динамикасымен). Музыка және сөздік инструкциялар уақыт бойынша күші және түрі бойынша қимыл- қозғалыс реакцияларын ажыратуды шақырады. Сөз және музыка қозғалысты белсенді ұйымдастыруға, моторлы реакцияны тежеуге көмектеседі.

Тұлғалардағы ритмикалық, қимыл-қозғалыстық үдерістерін толықтыру мен реттеуде бұған ұжымның әлсіз мүшелерінің басқаларға еліктеу арқылы ритмикалық жаттығу жасау мен ұжымдық тапсырмаларды орындау әсер етеді.

Логопедиялық ырғақтың тағы бір ерекшелігі сауықтыру жұмысының әдісі мен оның мазмұны, жаттығушылардың жастарына (балалар, жасөспірімдер, ересектер) сөйлеу бұзылысына, олардың қозғалыс және сөйлеу қимыл-қозғалыстық функция жағдайларына тәуелді. Логоритмикалық тәрбиелеуде 2 негізгі кезенді көруімізге болады. Біріншісі – сөйлеу бұзылысы бар адамдарда сөздік емес үдерістерді түзету, тәрбиелеу, дамыту, ал негізгісі: есту назарын, естуді есте сақтауды, оптикалық-көністік көріністі, қозғалыс координациясын, қозғалыстағы тең және ырғақ сезімін, жеке тұлғаны тәрбиелеу және қайта тәрбиелеуді қарастырады. Екіншісі – сөйлеу бұзылыстарын түзету және сөйлеуді дамыту: демалу екпінін және ырғағын, сөйлеуді, фонематикалық естуді, ауызша үдерісті тәрбиелеу және сол сияқты этиология, механизмдер, бұзылыстың симптоматикасымен және оның жою әдісіне байланысты сөйлеу бұзылыстарын түзетуді тәрбиелеу.

Музыканың және түрлі өнер түрлерінің оқыту мен тәрбиелеуде қолданудың нәтижелілігін және маңыздылығын арнайы педагогиканың өткен ғасырлардың шетелдік мамандары (Э.Сеген, Ж.Демор, О.Декроли) мен отандық психологтар мен дәрігерлері (Л.С.Выготский, А.И.Граборов, В.П.Кащенко және т.б) айтып өткен.

Музыкалық-ритмикалық жаттығулар бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі:

Негізгі түзету міндеті:

Сөздердің буындық құрылымының бұзылысын түзетеді;

Кеңістікте бағдарлануға көмектеседі;

Моторикалық нақтылығын, ритмділігін, координациясын дамытады;

Сөздік нұсқаулықпен түрлі күрделі қимылдарды орындауға үйретеді;

Билеуді дамытады;

Қиял, ойлау, зейін, есте сақтауды дамытады.

Негізгі жалпы білім беретін міндеттер:

Балалардың сахналық қабілетін дамыту;

Би және гимнастикалық қимылдарды музыкамен орындауды үйрету;

Бейнелеуге өз бетінше шығармашылықты дамыту;

Табандылық, шыдамдылықты дамыту;

Бірігу, ұжымдық сезімдерін дамыту;

Орындалып отырған қимылдың әдемілігін түсінуін дамыту.

Бұл міндет сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларды дене-шынықтыру, музыка және логопедиялық сабақтарда кезеңдермен оқыту процессінде шешіледі. Логопедиялық сабақтарда музыка-ритмикалық жаттығуларды қолдану тиімді. Бұл жаттығулар тек жалпы және сөйлеу моторикасының динамикалық мінездемесін дамытуға ықпалын тигізіп, бұлшық ет тонусын күшейтіп, қозғалыс координациясын реттеп, қозғалысын тоқтатуын реттеп, ырғақ пен екпін сезімін дамытып қана қоймай, сонымен қатар, балалардың зейінін тұрақтандырып, сабаққа қызығушылықтарын оятып, жұмысты соңына дейін жеткізуге құлшынысын арттырады.

Музыкалық-ритмикалық жаттығулар бүкіл түзету курсы бойы жалғасады және динамикалық үзіліс ретінде күнделікті логопедиялық сабақтарда қолданады. Физминут ретінде бұлшық ет жиырылуын және босану ажыратуға, негізгі қозғалысты меңгеруге, қимылдың координациясын дамытуға, заттарды қолданатын жаттығулар, би элементтері бар топтық жаттығулар. Жоғарыда айтылғандай логопедиялық ырғақтың әдістері негізінен мектепке дейінгі жастағы тұтықпасы бар балалардың сөйлеу және моторикалық ауытқушылықтарын түзетуге бағытталған.

В.А.Гриннер одан соң Г.А.Волкова түрлі сөйлеу бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балалардың бұзылыстарын түзетуге арналған логоритмикалық жаттығулар жүйесін құрды (дизартрия, моторлы алалия, ринолалия, дислалия). Музыкалық-ритмикалық және логоритмикалық әдістердің көмегімен сауықтыру, білім беру, эстетикалық, тәрбие және коррекциялық тапсырмалар шешіліп, осылайша, музыкалық әсер ету екі бағытының жетістіктерін біртұтас коррекциялық кешенге біріктірді.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт

балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. Мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы.

**Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:**

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.

2. Грозная Н.С. Инклюзивное образование за рубежом. От мечты к реальности // Синдром Дауна XXI век. 2011. №1. С.34–41.

3. Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.

4. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы // «Открытая школа» журналы. № 7(128) 09. 2013ж

**Боранбаева С.Т., Тилеубаева Ж.Н.**

**ТарМПУ, Тараз қ., Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының  
«Оңалту орталығы» КММ**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев мемлекетіміздің болашақ дамуына арналған «Қазақстан 2030» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және ғаламдануы арқылы мәдениет жасауға, интеграцияға ерекше мән бергені белгілі. Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастылығында оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті қазіргі кезде алдымызға қойылған мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім жүйесінің басты міндеті білім алуға жағдай жасау, барлық деңгейдегі және интеллектуалдық дамуы, психофизиологиялық және жеке қабілеттеріне қарай білім берілуі керек.

Балалық шақтың ерте кезеңі - адамның тез жетілетін, физиологиялық, когнитивтік және эмоционалдық өзгерістер болатын кезеңі. Ерте кезден даму бағдарламаларына қатысқан бала әлеуметтік және эмоционалдық жағынан дайын, сенімді және мейірімді, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан, мәселелер мен міндеттерді шешуге дайын болып өсетіні анықталған.

Қазіргі кезде ешкімге жасырын емес соңғы кезде әр - түрлі себептерден шапшаң түрде даму қабілеттері төмен, ерекше білім қажет ететін балалар саны көбейіп кетті. Сонымен қатар ата-аналар мүмкіндігі шектеулі балаларды көбінесе тәрбиелеуге мемлекеттік жабық мекемелерге тапсырмай, отбасында қалдырады. Бұның бәрі білім алуға ешқандай мүмкіндіктері жоқ балалар санының тез өсуіне әкеп соқты, олардың отбасылары қандайда бір әлеуметтік - психологиялық қолдаудан айырылған, не заңдық негіз, не білім беретін - түзету тәжірибелері бұндай «серпіліске» дайын емес болып шықты.

Соңғы жылдарда анық рәсімделіп, жағдай тенденциясы ұлғая бастады: неғұрлым ақыл естері төмен екендігі қатты біліне бастағаны, соғұрлым көрсетілетін көмек баланы отбасынан алыстатып және қоршаған ортадан оқшаулап ұстаумен байланысты болды. Өзіне ұқсас ортада көп уақытын өткізіп, бала кашанда әдеттегі әлеуметтік ортадағы өмірге бейімделу мүмкіндігін біртіндеп жоғалта бастайды. Олар өз мініндегі психологиялық даму мәселесін шеше алмай, тіпті өз ортасында кемтар бала білімін жетілдіріп ғана қоймайды, керісінше жүйке - жүйесіне қиындық туғызады.

Бірақ, қазіргі таңда қоғам мүмкіндігі шектеулі жандарды қорғап, оларды қоғам өміріне бейімдеп, білім беру қажеттілігін қарастырып жатыр. Дүниежүзілік тәжірибе бойынша болашақ кепілі үшін интернатта қалдыруға қарағанда, отбасы ортасында тәрбиеленуі тиімді екендігін көрсетті.

Сондықтан бірінші орында отбасында осындай балаларды қалдыру: олардың дамуына және оқуына қажет көмекті көрсетуге, дұрыс болашағын кепілдендіру, отбасын толық сақтауға көмектеседі. Осы сияқты қамқорлықтың нәтижесінде мүмкіншілікпен қамтамасыз ету болып табылады, қоғамның және барлық мүшелерінің өзара бірігуін жүзеге асыру, сонымен қоса мүмкіндігі шектеулі адамдардың бірігуін жүзеге асыру қажет екендігі ескерілді. Мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғаммен біріктіру құқықты бірдей етуге қамтамасыздануына негізделген, бірінші орында білім алуға құқығы, әрбір балаға тепе - тең әлеуметте белгілі жастағы білім беру болып табылады. Жас өспірім жасынан және әрі қарай қалыпты қауыммен араласқанда мұндай адамға кәсіптілікке бейімділік және қабілеттіліктің адекватты түрі көрінеді, қоғамдық - пайдалы еңбекке одан әрі қосылуы маңызды.

Осыған орай білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алғаш рет ерекше білім қажет ететін балаларды жалпы білім беру процесіне қосу, оларды қолжетімді ортамен қамтамасыз ету, білім берудегі кедергілерді жеңу тетіктері анықталды. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі ЮНИСЕФ БҰҰ Балалар Қорымен тығыз ынтымақтастықта даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру ортасына тарту жөнінде зерттеулер жүргізді, зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген ұсыныстар Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына енгізілген.

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін Мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізіліп жатыр. Соның бірі инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасы.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті деген сөз – француз тілінен алғанда «кіріктірілген», латын тілінен аударғанда «енгізілген» деген мағынаны білдіретін, жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттілікті талап ететін балалармен атқарылатын оқу процесін сипаттайтын термин. Инклюзивті білім берудегі негізгі идеология – ерекше білім қажет ететін балаларға жағдай туғызып, қатарластарымен теңдей қарым-қатынас жасап, баланың өзін қор санауын болдырмай, шеттеуін шектейтін үрдіс. Инклюзивті білім беру – ерекше қажеттілікті талап ететін балаларды біліммен қамтамасыз етеді, олардың барлық мұқтаждарын қамтып, барлық бала білім алуға қол жеткізе алатынын айқындап, жалпы білім беру процесін дамыта түседі.

Инклюзивті білім бере оқытудың мақсаттары:

1. Естуінде кемшіліктері бар балаларға еріннен оқу арқылы, ауызша сөйлеуді қабылдау дағдысын меңгерту және ауызекі сөйлеуді дамыту.

2. Көруінде кемістігі бар балаларға оқу және жазудың арнайы әдістерін меңгерту, кеңістікке бағдарлау.

3. Ақыл-ойы дамуының кемістігі бар балалардың психикалық функцияларын түзету және дамыту, әлеуметтік ортаға бағдарлау, еңбек әрекетіне өз бетінше дайындауға үйрету.

4. Психикалық дамуы тежелген балалардың оқуға деген қызығушылығын, белсенділігін, өз мүмкіндігіне деген сенімділігін арттыру.

5. Тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балаларға қарым-қатынасқа, байланысқа түсу дағдыларын меңгерту.

6. Сөйлеуінде күрделі бұзылыстары бар балаларға қарым-қатынасқа, байланысқа түсу дағдыларын игерту.

Инклюзивті білім берудің мақсаттарына қарай негізгі принциптер қарастырылады:

- балалар жергілікті балабақша мен мектепке барады;
- білім алуға арнайы жетіспеушіліктері бар барлық балалар оқу орындарында орын иеленуге құқы бар;
- методология әртүрлі қабілеттегі балаларды оқытуға әзірленген (осы үлгі арқылы ерекше көңіл бөлінетін балалардың ғана емес басқада балалардың оқу сапасы жақсарта еді);

- барлық балалар инклюзивті сынып және мектеп ортасындағы барлық іс - шараларға қатысады (спорттық іс - шаралар, таныстырулар, конкурстар, экскурсиялар т.б);

- баланың өзіндік оқуы мұғалімдер, ата - аналар, көмектесе алатын барлық жандардың біріккен жұмысымен қолдау табады:

- инклюзивтік білім беру ерекше қажеттілікті керек ететін балалардың жалпы қоғамда тең болуын қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған.

Осы жоспарланған мәселелерді оңтайлы іске асыратын болсақ, болашағымыз мәнді болмақ. Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғам ортасында өз орнын тауып, ел қатарлы білім алу құқығына, қоғаммен араласып, өз ойларын жетік жеткізе білуге, қоғамның қараңғы түкпірінде қалмай, жарық дүниенің есігін қайта ашау еді.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы ерекше білім қажет ететін балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж . №343 заңы

2. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

3. Шевчук Л. Е. Интегрированное обучение учащихся с особенностями развития в общеобразовательном учреждении. Дефектология. - 2004. - № 6. - С. 28-31.

4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000

**ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ  
МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Абдигалиева А.Б., Давлетярова Р.  
ТарМПУ, №36 бөбек-жай бақша. Тараз қ.**

Қазіргі таңда психолого-педагогикалық зерттеулердің көрсетуі бойынша, мектепке дейінгі жаста математикалық ұғымдарды меңгеру олардың психикалық дамуына нәтижелі ықпал етіп, мектепте оқуына дайындаудың алғышарттарының бірі болып табылады (Г.А. Корнеева, А.М. Леушина, З.А. Михайлова, Н.И. Непомнящая, Ф. Пали, Ж. Пали, Т.Д. Рихтерман, Е.В. Сербина, Е.В. Соловьева, А.А. Столяр, Т.В. Тарунтаева, Е.В. Щербакова және т.б.). Соңғы он жылдағы арнайы психологиялық-педагогикалық зерттеулерде психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеуіне және дамытуына үлкен көңіл бөлінуде (Т.А Власова, К.С Лебединская, В.И Лубовский, Н.А. Никашина, М.С Певзнер, В.Л Подобед, Р.Д Тригер, У.В Ульяновская, Н.А. Цыпина, С.Г Шевченко т.б). Көптеген авторлар төменгі мектепке дейінгі жастағы балаларды зерттеуге күш жұмсады. Психикалық дамуы тежелген балалардың мектеп білімін меңгеруде қиналатындығын көрсетті. Бұл қиындықтар олардың таным процестерінің даму ерекшелігі мен, эмоционалды ерік аймағы және де тұлғалық қалыптасуымен шартталған (В.И Лубовский, Н.А Никашина, М.С Певзнер, Т.А Власова т.б).

Осы деңгейдегі балалардың психикалық ерекшеліктері математикаға оқытуда анық байқалады. Психикалық дамуы тежелген балалар оқудың алғашқы жылында сан туралы түсініктерін меңгеруде, ретімен санау, қарапайым есептеу дағдыларында, арифметикалық тапсырмаларды шешуде қиналады (М.В Иптюлитова, Г.М Капустина, Ю.А Костенкова, А.А Харитонов, Л.Н Чучалина т.б).

Психикалық дамуы тежелген балаларда қарапайым математикалық білімдерді қалыптастыру мен, арифметикалық амалдарды орындауға оқытудың қиындықтарының маңыздылығы мен өзектілігі білім беру міндеттерінен бөлек, білім беру барысындағы арнайы мектептің түзету дамыту міндетінің шешілуімен анықталады. Оқуға деген жалпы қабілеттерін қалыптастыруда психикалық дамуы тежелген балаларға көмек көрсетудің принципалды жолы – ол өзінің ақыл-ой әрекетін меңгеруге, оның негізгі құрылымдық компоненттерін меңгеруге көмек беру (мотивациялық бағдарланушылық, операциялық, жүйелеуші).

Психикалық дамуы тежелген балалардың ойлауының тағы бір ерекшелігі таным белсенділігінің төмендігі болып табылады, басқа балаларда қоршаған әрекеттер мен құбылыстар жайлы сұрақтарды мүлдем қоймайды. Ол балалардың сөйлеу тілінің енжарлығымен, баяулығымен, тежелгіштігімен сипатталады. Басқа балалар қоршаған заттардың сыртқы қасиеттеріне қатысты сұрақтарды қояды. Әдетте олар тежелген, көпсөзді болып келеді. Әсіресе, таным белсенділігінің төмендігі үлкендердің анықтауынан тыс объекті мен құбылыстарға қатысты байқалады. Берілген категориядағы балалар өздерінің орындаған тапсырмаларын үлгіге сай еместігін байқамайды, өздерінің қателерін таба алмайды.

Психикалық дамуы тежелген балаларды үлкендер мен құрдастарымен қарым-қатынас қабілеттілігі төмен. Олардың көбісінде үлкендерге деген қарым-қатынаста жоғары деңгейдегі үрейлер байқалады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды әлсіз эмоционалды тұрақтылық түрлі іс әрекетте өзіндік бақылаудың бұзылысы, мінез-құлқының агрессивтілігі, ойын мен тапсырма барысында балалар ұжымына бейімделу қиындығы, тұйықтылық, көңіл-күйінің жиі ауысуы, сенімсіздік, үрей сезімі басым болады. Ата-ана еркіне қарсы бағытталған реакциялар байқалады, өзінің әлеуметтік

орны мен ролін дұрыс түсінбейді, заттар мен тұлғаның толық дифференциалданбауы т.б. Мұның барлығы балалардың әлеуметтік жетілуінің толық еместігін куәландырады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың диагностикалық белгілерінің бірі ойын әрекетінің қалыптаспауы болып табылады. Балаларда сюжеттік рөлдік ойынның барлық әрекеттері қалыптаспаған болып табылады: ойынның сюжеті әдетте тұрмыстық тематикадан аспайды; ойын мазмұны, қарым-қатынас тәсілі кедей. Ойын барысында балалардың қарым-қатынас ережелері мен адамгершілік нормаларының диапазоны жоғары емес, мазмұны жағынан кедей, мектепке оқытуға дайындығының жетіспеушілігімен сипатталады.

Психикалық дамуында тежелуі бар балалар бастауыш сыныпта бүтін сандары бар арифметикалық амалдарды орындауды, оңай құрастырылған мәселе есептерді шешуді үйреніп, геометриялық пішіндермен және олардың қасиеттерімен танысады. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар көптанбалы сандарды салыстыру кезінде ұсынылған сандарда емес, соңғы тұрған сандарды (сандардың бірліктерін) салыстырады. Осы секілді қателер берілген тапсырманың мағынасын түсінбегендігін көрсетеді. Амалды орындау кезінде дұрыс құрастыру мен реттілікті сақтауды қарастыратын үлгілерді орындаған кезде балалар, әрекеттердің ретін ерікті түрде, ал кейде орынсыз қойып шығады, белгілі бір жағдайды ескермей – ақ жаттанды ережелерді қолдануы мүмкін. Оқушылар басқа өлшем бірлігіне ауысқан кезде азайту қателерін жіберуі мүмкін. Теңестіруді шешкен уақытта, белгісіз азайғышты табу кезінде алгоритмді білместік байқалады (азайтудың әртүрлілігінен азайғышты алу жолымен табуы мүмкін). Белгісіз компонентті сандарды таңдау арқылы табу жолдары кездесуі мүмкін. Бастауыш мектепті аяқтау кезеңінде де кейбір оқушыларда әрекеттің жетіспеушілігі сақталады (тапсырманың барлық нұсқауларын орындамайды; барлық кезде тапсырманы толығымен орындамайды; ережелерді білуі мүмкін, бірақ барлық кезде орындай бермейді; тапсырманы бастапқы күйінде берген кезде орындаулары нашарлайды, алайда тапсырманың қиындығы әдеттегіден аспаған болдса да). Бастауыш сыныптарда оқытудың соңына қарай оқушылардың көбісі тапсырманы орындаудың негізгі түрлерін игереді (әртүрлі саластыру амалдарына берілген арифметикалық тапсырмалар; қосынды сан мен қалдықты табуға арналған құрастырмалы арифметикалық есептер; қалдықты табуға және бөлшекке бөлуге арналған құрастырмалы арифметикалық есептер; қозғалысқа арналған қарапайым арифметикалық тапсырмалар), алайда кейбір оқушылар әртүрлі есептеу қателерін жіберуді жалғастыра береді. Балалардағы ақыл-есі кемдіктің бас миының әртүрлі зақымдануы болып табылады. Мұндай зақымдануларға қабыну аурулары (энцефалит және мепингоэнце-фалит), бас миының зақымданулары (табиғи және тұрмыстық соққылар), интоксикация (эндокринді, зат алмасу т.б.), сонымен қатар пайда болу себебі толық зерттелмеген аурулары жатады.

Әртүрлі аурулардың себебінен жоғарғы жүйке әрекеті бұзылады, психикада түрлі бұзылыстар пайда болады. Көмекші мектеп мұғалімі әр оқушының ақыл-есі бұзылысының себебін білуі қажет.

Аурудың тарихы мен диагнозын білу мұғалімнің оқушының іс-әрекет ерекшелігі мен психикалық жағдайын жақсы түсінуге мүмкіндік беріп, оқыту мен тәрбиелеуде мақсатты бағытталған индивидуалды тәсілді таңдауға жағдай жасайды.

Көмекші мектеп оқушыларының құрамын екі негізгі топқа бөлуге болады (тәжірибелік мақсатпен). Бірінші топқа даму этаптарының бірінде бас миының зақымдануына ұшырап, сосын кемістік негізінде дамып жатқандар, алайда денсаулығы қалыпты. Екінші топқа мектепте оқу барысында күнделікті бас миының ауыруымен зардапшегеді. Олар дамумен қатар ауырады: олардың жағдайы айтарлықтай өзгеріп отырады.

Балалардың ерекшеліктерін қарастырып көрейік:



Бас миының ауыр жарақатын алған балалар (бас миы шайқалған, жарақаттар т.б.) ақыл-ойға күш салу кезінде қатты шаршайды. Олардың ақыл-есінің кемдігінің деңгейі айтарлықтай төмен болмайды, соған қарамастан оларды жалпы әлде көмекші мектепте оқыту туралы пікірталастар туып жатады. Олардың өте қатты шаршағыштығынан зейіні тұрақсызданады, ұмытшақ болады, ұғымталдық қабілетіне қарамастан олар тіпті көмекші мектептің тапсырмаларын орындай алмай жатады. Кейде олар берілген сабақты меңгеру мақсатында көп оқыған сайын нашар жауап қайтаруы мүмкін. Әсіресе сабақтың соңында, басқа адам сабаққа қатысса нашар жауап қайтарады. Ұйқының ұзақ болуы, қосымша демалыс олардың үлгерімділігіне қосымша сабақтарға ғана мол әсерін тигізеді [2].

Жарақат алған балалардың мінез-құлқы үнемі дұрыс бола бермейді, ол шаршағыштық пен шыдамсыздық танытады, соның салдарынан ашуланшақ болып келеді. Мұғалімнің ескертулеріне, достарының қалжыңына, ашуланып, әртүрлі дөрекі сөздер айтып тастауы мүмкін. Алдағы жұмыстың ауырлығын сезіп, мұғалімге кішігірім ауыруын әсірелеп айтуы мүмкін.

Егер мұғалім талап пен әділ қаталдық көрсетсе, оқушылар өз-өздерін ұстауы мүмкін, ал егер мұғалім олардың дөрекіліктері мен наразылықтарына мейірімділік таныта берсе оқушыларда теріс мінез-құлықтар пайда бола бастайды. Балалардан қиын және үлкен көлемдегі тапсырма беруге болмайды. Басынан жарақат алған балаға қолданатын мұғалімнің тактикасы былай сипатталады: оқу және еңбек жүктемесінде қамқорлық, мейірімділік таныту, сонымен қатар мінез-құлқына байланысты қаталдық таныту. Мұғалімнің оқушыға мейірімді, қамқор қарым-қатынасын оқушы сезбеуі қажет. Мұғалім оны шектен тыс ауыр тапсырмалардан босатып, ата-аналарға ұйы мен демалысының дұрыс болуын, ым көп жүк түсірмеу жөнінде кеңестер беруі қажет. Тіпті үй тапсырмасының көлемін де азайтуы мүмкін. Еңбек іс-әрекетін орындатуда олар ыстықты, шуды, шайқалуды көтере алмайтындығын ескеру қажет. Балалардың жағдайының жақсы болуын қадағалаумен қатар, барлық талаптардың орындалуын тексеру барысында қаталдық көрсетуі де қажет. Дөрекілік, тыңдамаушылық сияқты қылықтарды жазасыз қалдыруға болмайды. Мұғалімнің талабын орындай отырып оқушы өзінің мінез-құлқын түзей алады [3].

Кейбір энцефалитке ұшыраған балалар шектен тыс қозғалғыш немесе баяу болуы мүмкін. Олар айналасындағы құбылыстар мен іс-әрекеттерге өте жылдам әрі тікелей араласуы мүмкін: ойланбай әрекет етеді және сөйлейді, кездейсоқ сенгіш, айналасындағы адамдардың ықпалына тез түседі. Зейіннің тұрақсыздығы мен ойлаудың сыншыл еместігіне байланысты олар нашар оқиды, мұғалімдерін дұрыс жауап берумен сирек таңқалдырады.

Егер қатаң әрі ойластырылған режим ұйымдастырылса балалар өздерін дұрыс ұстай алады. Егер бұл режим ұсталмаса терісқылықты достарының ықпалымен жағымсыз әрекеттерді тез үйреніп, нашар жолға түсіп кетуі мүмкін. Әсіресе бос отыру оларға кері әсер етеді, уақыт ойластырылған, еңбепен, спорт және ойынмен өткізілсе балаларға жағымды әсер етеді. Әлсіз әрі күні бойығы уақытты алатын бірізді еңбек жүктемесі балаларды шаршатып жібереді. Олар үшін үздіксіз, шаршатпайтын бақылау және мұғалім мен басқа тәрбиешілердің жаман әдеттерге ескертулері әрдайым қажет. Сондықтан, ата-аналармен және өзге мұғалімдермен әңгімелесе отырып мұғалім күнделікті бақылау мен тексерістің қажеттілігіне назар аударады. Мұғалім үшін қиын жағдай балалардың баяулығын жеңу болып табылады. Балаларды өз қимылын бақылай алуға, өзінің импульсивті тікелей әрекеттерін тежей алуға үйрете отырып балаларды тәрбиелеп ғана қоймай емдік әсер-жүйке жүйесін де тыныштандырады [5].

Бұл жерде регламетті режим туралы айта кеткен жөн, яғни оқу жүктемесін дұрыс ұйымдастыра отырып, бақылау мен тексеруді де жүзеге асыру.

Энцефалиттің зардаптары кейде басқа формада байқалуы да мүмкін. Балалар аз қимылдағыш, олардың моторикасы еркінсіз болып келеді. Олардың жазуы нашар

болады. Олардың тілі көмескі, міңгірлеген сипатта (аузында тамақ бар сияқты) болады. Олардың сырт келбеті ойсыз, терең ақыл-ой кемістігімен зардап шегетін балалар деген ой қалдырады, алайда олар айтарлықтай жете түсіне алады. Олар өз кемістігін түсінеді және сол үшін уайымдайды. Бұл балаларға тән психиканың кейбір инерттілігі, бір жағынан іс-әрекетінің тұрақтылығы мен мақсаттылығын бейнелесе, екінші жағынан басқа балаларға беймазальықпен қарайды Оларды басқа балаларды мазығы мен өкпеден қорғау өте маңызды болып табылады.

Оларды еңбекке үйрету және жұмысқа даярлау оңай емес жұмыс болып табылады. Нашар моторика, ебедейсіздік, салақтық олардың көру және есту мүшелерінің дефектісімен үйлеседі. Жазудың нашар болуы және көмескі сөйлеу белгілі бір мамаандықты таңдауды қиындатады. Егер мамандықты дұрыс таңдаса, бұл балалар жақсы еңбектенеді, себебі олар тапсырылған жұмысқа жігерлік, борыш және жауапкершілікпен қарайды. Сондықтан, мұғалім мектепті бітіргенше барлық мүмкіншіліктерді ескере отырып олардың болашағына жағдай жасауы қажет.

Екінші топ. Бұл топқа күнделікті бас миының ауыруымен зардап шегетін балалар жатады. Әрбір орталық жүйке жүйесінің ағымдық ауыруы балаға біртіндеп бұзушы әсер етеді, көптеген клиницистер деменция түсінігін енгізді(органикалық деменция, шизофрениялық деменция, эпилептикалық деменция). Деменция дамымай калудан айырмашылығы бар, құлдырау деген мағынаны білдіреді. Бұл түсінікті білу балаларды көмекші мектепке алу комиссиясы үшін қажет. Алайда бала жасының спецификасы- бұл даму және компенсацияға арналған тенденция. Сондықтан, көмекші мектептің мұғалімі мұндай ауыруға шалдыққан балаларды деменцияға ұшыраушы ретінде ұарауға болмайды. Бұл балалардың болашақтағы өмірлерін зерттеу бойынша олардың көбісі көмекші мектептің жағдайлары мен медицинаның арқасында денсаулығы жақсарып, жақсы жұмыс істей алады. Кейбіреуінде психиканың жетіспеушілігі сақталып қалады, бірақ олар тиімді компенсациялай алады. Олардың тиімді компенсациялағаны соншалық олар отбасында, жқмыста, қоғамдық өмірде білінбейді де. Компенсация мүмкіншілігі тиімді болу үшін мұғалім баланың ауруының ерекшеліктерін білуі тиіс. Мұғалім психоневрологтің үнемі бақылауына сене алмайды. Ол балаға психоневрологтың көмегі қашан қажет немесе қажет емес екендігін білуі қажет. Баланың ерекшелігін ескере отырып өзіндік педагогикалық тактикаларын ұйымдастыруы қажет.[

Ақыл-есі кем балалар математикалық материалдарды игеру кезінде әртүрлі қиындықтарға кездесетіні белгілі.Ақыл-есі кем бар балалар бастауыш сыныпта бүтін сандары бар арифметикалық амалдарды орындауды, оңай құрастырылған мәселе есептерді шешуді үйреніп, геометриялық пішіндермен және олардың қасиеттерімен танысады. Қалыпты балаларға қарағанда ақыл-есі кем балалар ойынмен ұзақ уақыт айналысып, ішіне кіріп кетпейді. Егер қалыпты балалар 5-6 жасында 1 сағат уақытысында ойнай алса, мектепке дейінгі жастағы ақыл-есі кем балалар осы жолында 15-20 минуттан аз ойнамаса, көп ойнамайды.

Жалпы келгенде психикалық дамуы тежелген балаларды жалпы психикалық жетілмеген, психикалық дамуында потенциалды мүмкіндіктерінің жүзеге асырылмағандығымен сипаттауға болады. Олардың қоршаған құбылыс пен заттар жайлы түсініктері тар әрі кедей. Олардың түсініктері тек сызбалық мүшеленген тіпті кате болып келеді. Мұның барлығы балалардың іс әрекетіне кері әсерін тигізеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Баряева Л.Б., Зарин А.П. Методика формирования количественных представлений у детей с интеллектуальной недостаточностью: Учебно-методическое пособие. - СПб., 2000.
2. Баскакова И.Л. Внимание школьников-олигофренов. - М., 2002.
3. Бражнокова И.М. Психология умственно отсталого школьника. - М., 2007

4. Василевская В.Я. Понимание учебного материала учащимися вспомогательных школ. – М., 2000.
5. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе/Под ред. В.В. Воронковой. - М., 1999.
6. Выготский Л.С. Проблема умственной отсталости//Избранные психологические исследования. - М., 2006.
7. Выготский Л.С. Собр. соч. - М., 2003, т. 5, 6.

## **ӘӨЖ-316.6**

### **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗУЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ҚАТЕЛЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ**

**Досмаханова Л.Д., Көкжалбекова Ж.Ә.  
ТарМПУ, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының  
«Оңалту орталығы» КММ**

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мәселелері қарастырылған. Осы мәселені шешу жолдарының бірі жалпы білім беру мектеп оқушыларың сабақ үлгерімін арттыру болып табылады. Бүгінгі таңдағы арнайы педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі бастауыш сынып оқушыларының оқуындағы кездесетін қиыншылықтар. Бұл соңғы уақыттардағы жалпы білім беру мектебіндегі оқушылардың сабақ үлгерімдерінің төмендеп кетуімен байланысты болып тұр. Оқушылардың үлгермеушілігіне әсер ететін себептердің бірі олардың жазуындағы кездесетін ерекше бұзылыстар (дисграфия) болып табылады [1].

Көптеген ғалымдардың мәліметтері бойынша Ресейде бастауыш сынып оқушыларының 10% - 25% дисграфия байқалады екен . Басқа елдерде де жазудың алфавиттік жүйесінің бұзылыстарының таралуы кең ауқымды алады: 5% дан 15% ға дейін.

Бүгінгі таңда балалардың жазуындағы ерекше бұзылыстарды зерттеу екі негізгі бағыты қалыптасқан: психология–педагогикалық және нейропсихологиялық.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттеген арнайы ғылыми еңбектер А.Жүнісбекова, М.Райымбекова, Қ.Жұбанов, Ж.Аралбаев, С.Кеңесбаев, А.Қошқарбаев, М. Түркменбаев және де сол сияқты басқа да ғалымдардың еңбек жұмыстарынан көруге болады. Дегенмен әлі де қазақ тілінде әдістемелер толығымен ұйымдастырылмаған.

Бүгінде қазақ балаларының сөйлеу тіліндегі күрделі ақаулықтардың саны көбеюде. Бірақ бұл балаларға арналған жалпы білім беретін мектептерде логопедтер жоқтың қасы. Сонымен қатар түзету бағытына арналған әдістемелер аз. Ал, орыс тілінде көп болғанымен, біз оны қазақ балаларымен жұмыс барысында қолдана алмаймыз. Себебі, қазақ тіл фонетикалық, орфоэпиялық жағынан орыс тілінен ерекшеленеді. Сондықтан сөйлеу тіл ақаулықтарын жоюға және алдын алуға арналған арнайы әдістемелерді құруды талап етеді. Бұл қазіргі логопедияның негізгі міндеттерінің бірі болып саналады[2].

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері оқушылардың жазуындағы бұзылыстармен жиі кездеседі. Оқушылар жазу кезінде әріптерді алмастырады, тастап кетеді, «айна» бейнесінде жазады немесе сөзге керек емес әріптерді қосады. Көп жағдайда мұғалімдер осындай қателерді оқушылардың немқұрайлығынан немесе тым

жалқаулығынан немесе тым жалқаулығынан деп есептеп, бұл қателерді орфографиялық және пунктуалдық бұзылыстар ретінде қарап тоқсан соңында оқушыға «екі» деген баға қояды. Бірақ та бұл ұзақ коррекциялық жұмысты қажет ететін күрделі бұзылыс. Егер де дер кезінде осы мәселені шешуге бағытталған коррекциялық жұмыс ұйымдастырылмаса, оқушының жазбаша сөйлеу тілі одан әрі нашарлап кетеді[3].

Жазуды меңгеру қиыншылықтары оқушыда 1 сыныптан ақ байқалады. Осындай қиыншылықтың көрінісі ретінде алфавиттегі барлық әріпті толық білмеуі, әрәптә дыбысқа және керісінше дыбысты әріпке айналдырудағы қиыншылықтар, графеманың таңба түрін жазба түріне айналдырудағы қиыншылықтар және әріптік – дыбыстық талдау жіне жинақтаудағы қиыншылықтар жатады. Ал әрі қарай жазу үрдісінің қалыптасуы бұзылады. Оқушылар жазба және баспа әріптерді маторлы және оптикалық белгілермен алмастырады, сөзді дауысты әріптерсіз жазады, бірнеше сөзді бір сөзге қосады немесе керісінше сөзді бөлшектеп жазады. Егер де оқушыларға дер кезінде осы кемшіліктерді түзеуге көмектеспесе, онда екінші сыныптың соңында осы кемшіліктер оқушыда дисграфия әкеліп соғуы мүмкін.

Жалпы білім беретін мектептің оқушыларының жазуының өте күрделі мәселе болып отыр. Тек жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында дисграфияның кең ауқымда таралуы ғана емес, сонымен қатар осы бұзылыстың алдын алу қиыншылықтары жатады.

Әр түрлі ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының жазуында жиі кездесетін ерекше қателер бар.

Спецификалық фонетикалық алмастыру (бір немесе әр түрлі топтарға жататын, акустикалық – артикуляциялық айтылуы бойынша ғана ажыратылатын дыбыстарды ажыратудағы жеткіліксіздік);

Сөздің буындық құрамының бұзылуы (жеке әріптің және буынның түсіп қалуы, әріптің немесе буынның орнын алмастыру); Графикалық (оптикалық) қателер.

Осы мәліметтерді негізге ала отырып төмендегідей көз – қарас қалыптасты:

Жазу үрдісінің бұзылыс механизмі түсіну және оны нәтижелі түзету, жазудағы ерекше қателерді психологиялық – педагогикалық зерттеуді, оқушының ауызша сөйлеу тілінің ерекшеліктерін және де оқушылардың басқа да психикалық қызметтерінің нейропсихологиялық талдауын қажет етеді.

Оқушылардағы дисграфияның кешенді (психологиялық-педагогикалық және нейропсихологиялық) талдау, олардағы жазудың ерекше қателерімен ауызша сөйлеу тілінің және басқа да психологиялық қызметтерінің арасындағы байланыстың заңдылықтарын білуге мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларың жазуында ерекше қателердің және басқа да жоғары психикалық қызметтерінің бұзылысының анықталуы, бастауыш сынып оқушыларының жазуындағы ерекше қателердің алдын алуға бағытталған дифференциалды кешенді ықпал ету коррекциялық жұмыстың қажеттілігін анықтады[4].

Қарастырылып отырған бұзылыс профилактикада және түзетуде ашық көрінеді. Сондықтан жазудағы ерекше қателердің алдын алуға бағытталған жұмыстарға ерекше мән беру керек. Себебі осы қарастырылып отырған мәселені шешудің негізгі жолы, жазудағы ерекше қателердің алдын алу болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде-ақ қай балада дисграфия «қауіпі» бар екенін алдын ала анықтап алуға болады.

Жазудың бұзылыстарын түзетуге арналған көптеген әдіс-тәсілдер мен әдістемелер бар, ол әдіс-тәсілдерде өз бетінше және де қазақ тілі сабақтарында қолдануға болады. Дисграфияны түзету кезінде көп жағдайда әріптерді ажыратуға арналған жазбаша жаттығулар қолданады.

Жазу үрдісі қалыпты жағдайда тілдік және тілдік емес қызметтерді толық деңгейде дамуының негізінде жүзеге асады: дыбыстарды естіп ажырату, дыбыстарды

дұрыс айту, тілдік талдау және жинақтау, тілдің лексикалық-грамматикалық жағының қалыптасуы, көру талдау және жинақтау және кеңістікті бағдарлау[5].

Жоғарыда аталған кез-келген қызметтің біреуінің қалыптаспауы оқушыда жазу үрдісін меңгеруінің бұзылысын тудыруы мүмкін. Жазу үрдісінің бұзылуы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында кездесетін басқа тіл кемістіктеріне қарағанда жиі кездеседі. Бұл бұзылыс оқушылардың бастауыш сыныптарда грамматиканы меңгеруге қиыншылық танытса, кейіннен өз ана тілінің грамматикасын меңгеруге кері әсер етеді.

Жазудағы ерекше қателердің пайда болуына төмендегідей себептер негіз: сөйлеу тілінің фонетика-фонематикалық және лексика-грамматикалық жағының қалыптаспауы. Себебі жазу үрдісі кезінде дауысты және дауыссыз әріптің түсіп қалуы, сөздегі әріптердің орнын алмастыруы, буындардың орнын алмастыру және тастап кету, сөзде артық әріптің және буынның пайда болуы, сөздегі әріпті немесе буынды соңына дейін жазбау оқушының фонематикалық қабылдауы және сөзді талдау және жинақтау дағдыларының қалыптасуына келіп тіреледі[6].

Оқушыларда фонематикалық есту қабілетінің қалыптаспауы, өз ана тілінің фонемін ажырата алмауына әкеліп соғады. Ал жазу кезінде бұл әріптердің алмасуымен, шатастырылуымен және де жазу кезінде кейбір грамматикалық ережелерді дұрыс қолдана алмауынан көрінеді.

Сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жағының мүлдем дамымауы - аграмматизмге әкеліп соғады. Оқушылар сөйлемнің интонациялық және мағыналық аяқталуын сезінбейді. Сондықтан жазу кезінде сөйлемнің шекарасын дұрыс аяқтамайды, сөйлем соңында нүктені дұрыс қоймайды және жаңа сөйлемнің бас әріпін жазуды түсінбейді.

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазуындағы ерекше қателердің алдын алу кезінде ең негізгі міндеттердің бірі – жазу үрдісінің бұзылыс себебін дұрыс анықтау, себебі осыған байланысты түзету жұмысының ұзақтығы немесе әдіс-тәсілдерді қолдануы осыған байланысты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана.
2. Безруких М.М., Ефимова С.П. Ребенок идет в школу. М.: Академия, 2010.
3. Грушевская М.С. Недоразвитие речи у младших школьников и его преодоление. – Алма-Ата: «Мектеп», 2009.
4. Ястребова А.В. Коррекция нарушений речи у учащихся общеобразовательной школы. М., 2008.
5. Спирина Л.Ф. Особенности звукового анализа у детей с недостатками речи / Под. ред. Р.Е. Левиной. – М., 2008.
6. Корнев А.Н. Нарушения чтения и письма у детей: Учебно-методическое пособие. –СПб.: ИД «МиМ», 2007. 286 с.

**ӘӨЖ-394/395**

### **БАЛАНЫҢ СӨЗ ҚҰРАСТЫРУ ЖАҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Дүйсенова Г.И.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебінің (РО) қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі.**

Тіл-адамзат қоғамның өмір сүруінің қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты. Қоғамның өмір сүруі үшін, тіл қаншалықты қажет. Тіл-адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың

құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды.

Қазақстан Республикасының үкімет құжаттарында, президент Н.Ә. Назарбаевтың баяндамаларында білім беру жүйесіне Қазақстан тұрғындарының үштен бір бөлігіндейі тартылған [1]. Ең маңыздысы біздің балаларымыздың нақ осы білім беру жүйесінде өсетіні, әрбір отбасын толғантады. Сондықтан да бүкіл жаңғырту үдерісінің табысқа жетуінің түйінді факторы ұлттық білім беру жүйесін жаңартудың табысты өтуі болып табылады.

Жаңартылған білім мазмұнын құру, оқу–тәрбие әдістерін, оның құралдарын, түрлерін таңдауда, ең қысқа мерзімде тиімді нәтижелерге біртіндеп сатылап жету кезеңдері қамтылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасында балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу мақсаты негізделген.

Қазіргі тіл білімі күні бүгінгі дейін лингвист зерттеушілердің назарынан қағыс қалып келген адамдардың тіл саласында қызметі. Тіл арқылы қарым-қатынасқа түсуі, коммуникативтік және танымдық мәні бар міндеттерді ойдағыдай шешуде, өзара түсінісуге септігін тигізетін тәсілдер мен құралдарға ерекше көңіл бөлуде.

Тіл дамыту – ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі, бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен әдебиетке ғана болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тікелей тәуелді.

Қазақ елінде психология, педагогика, тіл тағылымы сияқты тұңғыш ғылыми оқулықтардың негізін жасаған А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбергенов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Т. Шолаев, Х. Досмұханбетов тағы басқа да халқымыздың ойшыл ағартушыларының пікірлерінің болашақ ұрпақты тәрбиелеу және білім беру ісіне айрықша мол үлес қосқана да мәлім. Қайта оралып соқсақ Әл – Фарабидің философиялық еңбектерін ғылыми зерде сүзгісінен өткізгенде, оның педагогика тарихында орын алатын ұлы тұлғалардың бәрі екендігіне көзіміз жете түседі. Ал И.Г. Песталоций, А.Дистерверг, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов, К.Д. Ушинский, М.А. Горький, т.б. озық ойлы ағартушылар да өз еңбектерінде осындай құнды ойларын ағартушылар да өз еңбектерінде осындай құнды ойларын қалдырған. Әл – Фараби жасаған қортындының басты түйіні: білім, мейірбандық, сұлулық – үшеуінің бірлігінде, ол ақыл – ойдың, еңбектің және білімнің биік мәнін дәріптейді.

Орта ғасырлық ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Ж. Баласұғын, М. Қашқари, А. Яссауи А. Иүгінеки т.б. еңбектеріндегі бала тәрбиесі туралы айтылған ой-пікірлерінде адам баласы – жаратылыстың бүкіл жан иесі атаулының биік шақтығы, сондықтан да оны құрметтеу, мәпелеу, аялау қажет екендігі дәлелденген. Мәселен, Әл-Фараби ғылыми ой-түйіні: жеке тұлғаның қалыптасуы білім, мейірбандық, сұлулық қасиеттердің бірлігінде деп тұжырымдаса, Ж. Баласұғын бала тәрбиесін бесіктен бастау қажет екендігін баса айтады.

Ал Ахмет Иүгінекидің (XII-ғ) шығармаларында, әсіресе, «Ақиқат сыйы» дастанында гуманистік ой-пікірлермен қатар ең басты нәрсе деп, оқу мен білім мәселелеріне көңіл қояды. Адамгершілік, этикалық, әдептілік ілімдері де мағынасы, мазмұнды, әділ сөйлей білуге, сыр сақтай білуге, сыр әдептің басы – тіл – тілге сақ болу керектігіне баса көңіл бөліп, маңызды ақыл-өсиеттер айтады.

Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор - ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады. Ақыл-ой жетістігі

болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол-сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма. Яғни адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмасын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді.

Тілдік қарым-қатынас негізінде баланың қоршаған әлемі туралы түсінігі айқындалып, толықтырыла түседі, сонымен қатар тілдік және оның мағыналық бөлігі – сөздің негізінде танымдық процестер де дамиды. Ана тілі балаға қоршаған өмірді сол күйінде өмірдегі заттар мен құбылыстардың байланыс пен қарым-қатынасын сезінуге көмектеседі. Сөз араласпаса бала өмірді түсінбейді. Қоршаған өмір туралы білім адамның санасына ауызша түрде сөзбен жеткізеді.

Морфологиямен жұмыс істеу мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды грамматикалық формаларға үйрету жұмысы жалғастырылады, оларды меңгеру балаларға қиындық тудырады: сын есім мен зат есімді байланыстыру. Жекеше және көпше түрде бұйрық райлы (ұста, таста, бұрыл, секір) және шартты райлы – ықтимал немесе болжалды қимыл (ойнасаң, оқысаң) етістіктің қиын формаларын жасау.

Зат есімнің септік формаларын дұрыс қолдана білуге үйрету жұмысы жалғастырылады (әсіресе, көпше түрдегі атау септігі), толық және қысқа сын есімдермен (қанағаттанған, қанағатты), салыстырмалы шыраймен танысу (жасыл - жасылырақ, жылдам – жылдамырақ).

Сөзжасам – тілдің грамматикалық құрылымымен жұмыс істеудің маңызды бөлімі. Тәрбиеші мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды бір түбірлі сөзден аффикстердің көмегімен (жалғау, жұрнақ) басқа сөз жасауға үйретеді. Сөзжасамның алуан түрлі тәсілдерін меңгеру балаларға үлкейту, кішірейту, еркелету суффикстерімен зат есімдер жасауына және зат есімдердің түрлі мағыналық реңктерін түсінуге көмектеседі (мысық - мысықша - марғау; кітап - кітапша), етістіктер (жүгірді - жүгіре жөнелді - шаба жөнелді) және сын есім (ақылды - өте ақылды; жаман - өте жаман; семіз - семіздеу), сондай-ақ осы сөздерді түрлі айтылым типтерінде дәлме-дәл пайдалану икемділігін дамытады.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тілі мен мәдениетіне мойын бұрып, ұрпағымызға төл тәрбие, ұлттық тағылым беру – бүгінгі үннің басты ісі. XI – ғасырдағы түркі ғалымы М.Қашғаридің «Тәрбие басы - тіл» деп айтуынан – ақ біз тілдің қай кезде де тәрбие құралы саналғанын байқаймыз. Тіл – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес құдіреті, қуатты қайнар көзі. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазіргі және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден – бір сенімді құрал.

Тілдің дер кезінде және сапалы меңгеру балада дұрыс психиканың қалыптасуының және оның кейін жақсы дамуының алғашқы аса маңызды шарты болып табылады. Тілдің дер кезі дегеніміз дүниеге келген алғашқы күннен бастау, сапалы дегеніміз тілдік материал көлемнің жеткілікті болуы және баланың әрбір жас кезеңіне қарай тілді меңгеруге деген мүмкіндіктерін пайдалану. Таным іс-әрекетінің барлық түрлерін жетілдіру баланың тілін дамытуға сүйенеді. Сөз балалар игеретін сезімдік ерекшеліктерді бекітіп, ұғымдар мен түсініктерді тасушы ретінде сөйлеу процесінде еніп, логикалық пікірлесу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Сөйлеу қиял қызметін бағыттайды, ырғақтық қасиеттерді енгізе отырып, зейін мен естің қалыптасуына ықпал етеді. Сөйлеу арқылы балаға адамзат тапқан, жинақтаған тәжірибе беріледі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту– Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 27 қаңтар 2012 ж
2. Шайжанов Қ. Баланың сөйлеу әркеті туралы // Отбасы және балабақша. – №3. – 2009. – 51-53 б.

3. СоссюрФ – де. Курс общей лингвистики. – М.: Наука, 2007. – 120 с.
4. Қордабаев Т.Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Рауан, 2011.
5. Колшанский Г. Коммуникативная функция и структура языка. –М.: Наука, 2004.
6. Аханов К. Тіл білімі. – А.: Мектеп, 1990.

**ӘӨЖ-394/395**

## **ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТҰЛҒА ЕТПІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Егізбай Н.Е., Абильда А.Е.  
М.Х.Дулати ат. ТарМУ. Тараз қ.**

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілген. [1]

Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде ерекше балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады;
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы;
4. Барлық адам бір-біріне қажет;
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады;
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру;
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді [2] .

Тараз қаласында Интеллектум «Ақыл-ойды дамыту» орталығында 100-ден аса бала оқыса, соның 20-ға жуығы мүмкіндігі шектеулі балалар. Интеллектум орталығына әртүрлі диагноздағы балалар келеді.

Инклюзивті балаларды интеллектуалдық ойлау қабілеттеріне байланысты үш топқа бөлеміз:

1. Өмір бойы интеллектің төмендеуі ЗПП, ДЦП, аутист, даун синдромы және т.б.
2. Эмоция, іс-әрекет, қимыл-тірек аппараттары бұзылған балалар, деслекция, дисграфия т.б.
- 3.Тілінде кемістігі бар балалар және т.б.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Бұл тектен-



тек емес, өйткені елбасы еліміздің дамуына, әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қоғамдастығына қарай жедел жылжуымыз және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайтуымыз керектігін атап өткен.

Біздің мақсатымыз, “Интеллектум” – арнайы ойындар көмегімен қалыпты және ерекше балалардың ой-өрісін дамытып, бірге білім беру. Бұл бағдарламада 4 жастағы балалардан бастап барлық жастағы балалардың ақыл-ойын дамытуда әлс қосатын әлемнің ең таңдаулы ойындары іріктеліп алынды. Әр баланың ерекшелігіне сәйкес орта құрып, өзін жақсы танып, қабілеттерін, қызығушылығын, әлсіз тұстарын байқау арқылы өзін бейімдеуге үйрету, ерекше балалардың мотивациясын көтеріп, зеректігі басым сабырлы тұлға болуларына жағдай жасау, түрлі ойын орталарында, жаттығулар барысында балалардың бірнеше қызығушылық алаңын, өзін басқа балалармен салыстыра отырып, бейімділіктерін байқауға, сол арқылы өздерін дамытуға мүмкіндік жасау, басынан өткен жағдайларға қарай қиял құруына көмектесу және қиялын жалғастыратындай жұмыстар ұсыну.

Ойындар балалардың ақыл-ойының жетілу мерзіміне қарай дайындалған және түрлі активациялармен күшейтілген. Және олар балалардың ең сүйікті ойын ортасында мотивация беруде, өздерін тануына көмекші болады. Сонымен қатар, телевизор, компьютер секілді зиян әдеттердің әсерінен алыстауға бағыттайды.

Іс-әрекеттің жеке тұлға дамуындағы ерекшеліктері әрекетінің нәтижесінен көрінеді. Адамның іс - әрекетін тиімді ұйымдастыру оның өз ісіне қызығу мен жауапкершілік сезімін оятады. Сонымен қатар бұл пайымдаулар тексті талдау, оның жекелеген бөліктерін ойша салыстыру, бұл бөліктердегі басты сәттерді ойша айқындау, бірегей көрініске біріктіру, жалпылау жатады.

Қазіргі психолог маманы өскелең ұрпақтың жеке тұлғасының қалыптасу заңдылықтары мен механизмдеріне бағыттала білуі қажет, сонымен қатар мінез – құлыққа және ойлау үрдісінің дамуына ықпал етудің жаңа тәсілдерін меңгере білуі, рухани – адамгершілік ахуалды, тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту мақсаттарын шеше білуі, қызметтестік қатынасты орната білуі қажет.

“Интеллектум” бағдарламасында қолданылатын ойындар ерекше балалардың сабақтағы үлгерімін жақсартады: тың ойлау, мәселені шешу, топ құра алу және шығармашылық ойы қалыптасады, ойлау қабілеттерін арттырады және адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Инклюзивті балалармен жұмыс жасау барысында педагог өзінің іс-әрекеті арқылы тәрбиелеп, мейірімін махаббат арқылы жекізіп, сабақ барысында баланың қабілетін ашып сонымен қатар мадақтау әдісін қолдануы қажет [3].

Тұлға қалыптасуында негізгі орындардың бірі ретінде оның басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті болып саналады. Қарым-қатынас арқылы тұлға өзін көрсете алады, сонымен қатар жеке дара ерекшеліктерінің ашылуына, психикалық қасиеттерінің, танымдық белсенділігінің артуына ықпал етеді. Тұлғаның дамуы оның әлеуметтену нәтижесіндегі өзгеру процесі. Сондықтан оның танымдық белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Белсенділік мақсатқа жетуге бағытталған қабілеттің көрінуі. Тұлғаның белсенділігін зерттеу, В.В. Давыдов пікірінше, қажеттілік, мотив және эмоциямен басқа да оның психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыруды анықтаумен байланысты.

Әлеуметтік психология қарым-қатынас процесінде тұлғаның дамуын, қарым-қатынасын және іс-әрекетін зерттейді. Тұлға және қарым-қатынас- психологиялық білімнің осы маңызды саласының негізгі түсініктері. Басқа адамдармен қарым- қатынас процесінде тұлға адами мәдениетті, тарихи даму және жалпылама түсініктерде, еңбек дағдыларында, мінез-құлық ережелерінде т.с.с жинақталған тәжірибені игереді. Адам тұлғасы қалай қалыптасады? Адам тұлға болып туылмайды, қалыптасады. Осыдан адамның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына қоршаған орта мен сыртқы әлеуметтік факторлардың ықпалы маңызды екендігі анықталады.

Баланы тәрбиелеу дегеніміз-оның қоғамдық тәжірибені игеруі болса, ал оқыту үдерісінде ол білім жинақтайды, дағдыларды меңгереді, дүниетанымы кеңейеді. Тәрбие негізінде өскен бала өз өміріне керекті әлеуметтік тәжірибе мен қоғамдық құндылықтарды бойына жинақтайды, ал сапалы білім алған болса танымдық белсенділігі жоғары, интеллектуалды, парасатты, кәсіби бағдарланған тұлға болып қалыптасады. Баланың жеке басын жан – жақты дамыту мен мектепке дайындау ісі бүгінгі таңда білім беру саласындағы аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Ал танымдық белсенділікті дамыту іс - әрекеттері оқытудың тәрбиелеу жағына тиімділігін арттырады, тұлғааралық қатынастарды қалыптастыруға оң әсер етеді, сыныпта қолайлы жағдай орнатуға және ұжымдық психологияның қалыптасуына көмектеседі.

Баланың күнделікті дамуы мен қоршаған ортаны тануында өзара тілдесіп қарым-қатынас жасаудың қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады. Ата-аналар, тәрбиеші-мұғалімдер, психологтар балалармен тілдесіп, оларға жеткізетін мағлұматтарды доғаратын болса балалардың өсіп жетілуіне, рухани жағынан толыққанды дамуына өз мұқтаждықтарын қанағаттандыра алмай, әр қилы өзгеріске ұшырап еді.

Қорыта келе, әрбір педагог, ата-ана, қоғамдық орта ерекше балаларға көмектесіп, олардың өмірде өз орнын табуына жағдай жасауы керек. Бұл балалар үшін білім мазмұнын интеллектум ойындары арқылы қалыптастыру өте маңызды болып саналады. Қай ғалымды алсақ та, олар өз еңбектерінде ойын ұғымына ерекше көңіл бөлді, солардың ішінде Альберт Энштейн «Ойын-зерттеудің ең жоғарғы түрі» деп анықтама берген. Ерекше балалармен ұйымдастырылған ойын түрлері, балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуына, визуалды қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту, қол моторикасын жетілдіруге зор ықпалын тигізеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010
2. Байтұрсынова А.А. «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008
3. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету және дамыту жаттығулары әдістемелік құрал, Шымкент., 2012

## **ӘӨЖ-159.9**

### **ПРЕИМУЩЕСТВА ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ШКОЛЕ**

**Ермекбаева М.К.,**

**учитель начальных классов средняя школа №38., г.Тараз**

*Надо любить то что делаешь и тогда труд,  
даже самый трудный, возвышается до творчества*

**М.Горький**

Мировое сообщество давно признало совместное (инклюзивное) обучение, которое подразумевает совместное обучение и воспитание детей с ограниченными возможностями здоровья и детей, не имеющих таких ограничений, как наиболее гуманное и эффективное.

Инклюзивное образование дает возможность каждому ребенку, независимо от его потребностей и других обстоятельств, реализовать свой потенциал и право на получение образования.

В основе инклюзивного образования - идеология, исключающая дискриминацию детей и обеспечивающая равное отношение ко всем людям, и в то же время создающая особые условия для детей, имеющих особые образовательные потребности.

В Казахстане эта система успешно функционирует уже не один год. Специальное образование является частью системы общего образования, и государство создает условия для детей, имеющих специальные образовательные потребности, чтобы обеспечить им равные возможности в получении образования. Развитие системы инклюзивного образования — одно из приоритетных направлений Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы.

#### Что же такое **инклюзивное образование**?


Дети с ограниченными возможностями в определенном смысле находятся в несколько «оторванном» или отчужденном от основного коллектива мире. Многие дети с отклонениями в развитии, несмотря на усилия, принимаемые семьей, специалистами, обществом с целью их обучения и воспитания, став взрослыми, все-таки оказываются неподготовленными к включению в социально-экономическую жизнь. Поэтому успешно «включить» их в социум, подарить обществу полноправного члена и призвано инклюзивное образование (от англ. Inclusion – включение). Ведь основа идеи «включения» - это обучение детей с особыми потребностями не в отдельных специализированных учреждениях, а в обычных, там где учатся все ученики. Такой подход вовлекает всех детей в естественную жизнь коллектива, стирает границы в нормальных отношениях и исключает или, по крайней мере, во много раз уменьшает ошибки формирования личности будущего взрослого человека.

Итак, инклюзивное образование — это такая организация процесса обучения, при которой ВСЕ дети, независимо от их физических, психических, интеллектуальных, культурно-этнических, языковых и иных особенностей, включены в общую систему образования и обучаются по месту жительства вместе со своими сверстниками без инвалидности в одних и тех же общеобразовательных школах, - в таких школах общего типа, которые учитывают их особые образовательные потребности и оказывают своим ученикам необходимую специальную поддержку. Инклюзивное обучение детей с особенностями развития совместно с их сверстниками – это обучение разных детей в одном классе, а не в специально выделенной группе (классе) при общеобразовательной школе.

Задачи инклюзивного образования состоят в том, чтобы включить всех детей в школьную систему и обеспечить их равноправие. Система инклюзивного образования включает в себя учебные заведения среднего, профессионального и высшего образования. Ее целью является создание безбарьерной среды в обучении и профессиональной подготовке людей с ограниченными возможностями. Данный комплекс мер подразумевает как техническое оснащение образовательных учреждений, так и разработку специальных учебных курсов для педагогов и других учащихся, направленных на развитие их взаимодействия с инвалидами. Кроме этого необходимы специальные программы, направленные на облегчение процесса адаптации детей с ограниченными возможностями в общеобразовательном учреждении.

Обычное образование нацелено на обычных детей, включает в себя обычных педагогов и обычные школы. Специальное образование включает работу с особыми детьми, под них подстраиваются и школа, и педагоги. Интегрированное образование с помощью реабилитации и адаптации подстраивает специального ребенка к обычному образованию. И наконец, инклюзивное образование, воспринимая ребенка таким, какой он есть, подстраивает под него систему образования.

## Основы данной теории



### Инклюзивное образование базируется на восьми принципах :

- ценность человека не зависит от его способностей и достижений;
  - каждый человек способен чувствовать и думать;
  - каждый человек имеет право на общение и на то, чтобы быть услышанным;
  - все люди нуждаются друг в друге;
  - подлинное образование может осуществляться только в контексте реальных взаимоотношений;
  - все люди нуждаются в поддержке и дружбе ровесников;
- для всех обучающихся достижение прогресса скорее может быть в том, что они могут делать, чем в том, что не могут;
- разнообразие усиливает все стороны жизни человека.

При инклюзивном обучении дети с особыми образовательными потребностями обучаются в классе вместе с обычными детьми. Когда речь идет об обучении детей-инвалидов в общеобразовательных школах, используют два термина: «интеграция» и «инклюзия». В чем разница?

Интеграция предполагает, что ребенок должен адаптироваться к образовательной системе, инклюзия - адаптацию системы к потребностям ребенка. При интеграции ребенок с особенностями в развитии должен выносить школьные нагрузки наравне со всеми. Если он не справляется, то уходит, школьная система при этом не меняется.

Инклюзия – более гибкая система. Она основана на том, что все дети разные, что они не должны отвечать нашим требованиям и стандартам, но при этом все могут учиться. Это значит, что школа должна быть предназначена для обучения любого ребенка: кому-то понадобится отдельная образовательная программа, кому-то – пандус, лифт. Мы привыкли, что если ребенок не может ходить на физкультуру, то его освобождают. Инклюзия утверждает, что физкультуру надо приспособить под ребенка. В школе должен быть преподаватель адаптивной физкультуры. И когда все бегут стометровку, ребенок с инвалидностью, допустим, играет в мяч на той же площадке, что и остальные.

Инклюзия означает **раскрытие каждого ученика** с помощью образовательной программы, которая достаточно сложна, но соответствует его способностям. Инклюзия учитывает потребности, так же как и специальные условия, и поддержку, необходимые

ученику и учителям для достижения успеха. В инклюзивной школе каждого принимают и считают важным членом коллектива, это дает особому ребенку уверенность в себе и воспитывает в детях без инвалидности отзывчивость и понимание. Ученика со специальными потребностями поддерживают сверстники и другие члены школьного сообщества для удовлетворения его специальных образовательных потребностей. Эти школы действуют, исходя из убеждения, что разница между людьми - это нормальное явление, и что процесс обучения должен быть приспособлен к нуждам ребенка, а не ребенок подстроен под исходное определение, каким должен быть темп и характеристик обучения.

#### **Плюсы инклюзивного образования.**

- Что дает инклюзивное образование?
- Новый социальный подход к инвалидности;
- Приветствует разнообразию;
- Рассматривает различие между людьми как ресурс, не как проблему;
- Личностное развитие и социальные навыки;
- Развитие самостоятельности и самоопределения;
- Развивает равные права и возможности вместо дискриминации.

Инклюзивные школы создают идеальные условия для того, чтобы члены школьного сообщества не только лучше понимали эти вопросы, но и приобщались к новой системе ценностей и взглядов для лучшего взаимодействия с окружающими, независимо от того, отличаются они или похожи. Инклюзивные школы полезны школьным сообществам по множеству причин.

Инклюзивные школы помогают бороться с дискриминацией и боязнью отличий, приучают детей и взрослых ценить, принимать и понимать многообразие и разницу между людьми вместо того, чтобы пытаться их изменить. Инклюзивные школы поощряют достижения, доказывая, что все дети могут быть успешными, если им оказывается необходимая помощь. В инклюзивных школах дети могут получать такую поддержку. Акцент на оказание помощи вызывает смещение фокуса с восприятия особенностей или инвалидности ребенка как ограничений на то, как нужно изменить среду, чтобы она не ограничивала и не стесняла обучение. Концентрация на поддержке в обучении будет способствовать развитию школами широкого спектра вспомогательных услуг, вместо помещения ребенка в учреждение особого образования. Развитие поддержки в обучении показывает членам школьного сообщества, что сложности в обучении заключены не в детях, и не дети требуют «исправления», а подходы к обучению.

Инклюзивные школы предоставляют возможность обучения в атмосфере сочувствия, равенства, социальной справедливости, сотрудничества, единства и положительного отношения. Дети и взрослые, учащиеся и педагоги, получают пользу от доброжелательной и благоприятной обстановки, в которой ценятся межличностные отношения и ощущение совместной работы ради общего блага. Инклюзивные школы расширяют профессиональные знания педагогов. Такое образование требует новых и более гибких способов преподавания, разработки учебных программ, которые бы были максимально эффективны для всех учащихся. Накопление профессионального опыта, который дает работа в этих школах, поощряет непрерывное совершенствование специалистов.

Практика инклюзии, используя индивидуальный подход и учебные планы, приносящие пользу каждому учащемуся, помогает устранить клеймо неполноценности, являющееся результатом отделения и изоляции. Инклюзивные школы дают возможность всем членам школьного коллектива вложить свои неповторимые таланты в общую деятельность, в процессе которой каждый может успешно учиться, сотрудничать и чувствовать себя причастным.

Инклюзивные школы используют ориентированные на нужды ребенка педагогические методы, которые идут на благо всем детям и, как следствие, всему обществу. Опыт показывает, что индивидуальный подход к ребенку уменьшает число второгодников и учеников, бросивших школу - неизбежность многих систем образования, - одновременно обеспечивая более высокие средние показатели.

Проблема инклюзивного образования сложна, дискуссионна, но главное она является действительно социальной, так как в ходе её решения затрагиваются интересы колоссального числа людей. Общество должно предоставить любому человеку право выбора вида и места получения образования в зависимости от его интересов, потребностей, возможностей поэтому инклюзивное образование следует рассматривать как один из возможных вариантов получения качественного образования, который должен сосуществовать с другими.

#### **Список литературы:**

1. Малофеев Н.Н. XXI век: векторы модернизации системы образования детей с ограниченными возможностями здоровья // Открытая школа. — 2012. — № 9(120). — С.16–20.

### **ӘӨЖ-378.1**

#### **ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Әбдібекова Ж., - М.Х.Дулати ат. ТарМУ., Тараз қ.  
Медеубаева Г.Т. - А.Гайдар ат. жалпы орта мектеп, Түркістан облысы**

Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар адамның әлеуметтенуіне әсері тәжірибеде кең өріс алып, ғылыми тұрғыда зерттеудің басты тақырыбына айналып келеді. Адам болмысының табиғатына үңілу, оның рухани дүниесі мен жан әлеміндегі сырын ашу, қоғамдық қарым-қатынастарды зерделеу білім берудің басты қағидасы саналады. Сондықтан да қазіргі жоғары мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер кез келген тұлғаның әлеуметтенуіне қатысты оқу-тәрбие үдерісін, кәсіби білім беру мәселесін жетілдіру талаптарын қояды.

Заман өзгерісіне сай кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған, әлеуметтенуі жоғары дәрежедегі маман иесі болуы тиіс. Осындай талаптарға Қазақстанда енді ғана қалыптасып келе жатқан әлеуметтік психолог, педагог және өзін-өзі тану мамандарын дайындауда аса жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Өйткені бұл мамандық бойынша білім алатын жастарға келешекте маман ретінде түрлі категориядағы тұлғалармен қызмет жасауға тура келеді. Осы міндетті шешудің бірден бір жолы салт-дәстүр мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз ету болып табылады.

Тұлғаны әлеуметтендіру мәселесінің психологиялық аспектілері С.Қ.Бердібаева, Қ.Б.Жарықбаев, С.М.Жақыпов, М.Мұқанов, Ж.Намазбаева және т.б. еңбектерінен көруге болады. Сонымен қатар, кеңес одағы кезеңіндегі бірқатар ғалымдар Б.Г.Ананьев, А.А.Люблинская, А.В.Петровский, Л.С. Рубинштейн, Л.В. Занков, И.А. Зимняя, В.В. Давыдов, Н.Ф. Талызина т.б. зерттеулерінде орын алған.

Іс-әрекет саласы өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің негізгі саласы болып табылады. Өйткені, кез-келген адам, ең алдымен, еңбек үстінде, іс-әрекет үстінде өзінің өмір сүру ортасында, өзін де өзгертеді. Себебі, қоғамдық болмыстың дамуында белгілі бір мақсат қалыптасады, оны іс жүзіне асыру үшін оның жолдары мен амалдары танылып-білінеді, одан кейін ол жүзеге асырылып, нәтижесі пайдаға жаратылады.

Нәтиже – бұл ойдағы идеалдық мақсаттың материалдық объективтік шындыққа айналуы. Әлеуметтік психология адамды әлеуметтендіру факторларын анықтайды: әр түрлі қауымдастықтың ерекшеліктері және олардың субмәдениеті, біркелкі және әртүрлі жас балаларымен, жынысы әртүрлі құрбылардың тұлға аралық қарым-қатынасы; әр түрлі ұрпақ өкілдері мен этникалық топ өкілдерінің, қарым-қатынас топ ішілік және топ аралық өзара қарым-қатынас.

Ол педагогика ғалымы үшін ең басты мәселе болып табылады қасиеттері өмір жолында дамиды, қалыптасады [1]. Сондықтан, тұлғаның «дамуы» және «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу кез келген ғылым үшін өте маңызды мәселе. Жеке тұлғаның дамуы, оның әлеуметтік қасиеттерінің қалыптасуы қоғамның қолдауы мен әлеуметтік қажеттілікке байланысты іске асырылады.

Оқулықтар мен басылымдарда, әдебиеттерде «әлеуметтену» түсінігінің бірнеше жолмен түсіндіріліп, түрлі анықтамалар берілген. Ол, педагогикалық энциклопедияда «тұлғаның әлеуметтенуі жеке адамның әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісі, оның практикалық және теориялық білімдері мен дағдыларының қалыптасуы» деп көрсетілген. «Тұлғаның әлеуметтенуі өмірлік қарым-қатынаста адамның өзінің белсенді араласуы, әлеуметтік нормаларды қалыптастыруы, дағды мен мүмкіндікті дамытуы».

Энциклопедиялық сөздікте: «Әлеуметтену» (лат. Socialis -қоғамдық), адамның барлық өмір жолында дамуы, өзінің қоршаған ортасына, қоғамға бейімделуі» деген түсінік берілген.

«Әлеуметтену» - әлеуметтік, бейімделу – субъект пен әлеуметтік ортаның үрдісі мен іс-тәжірибе нәтижесі» - деп жазылған. Бейімделу - адамның әлеуметтік орта ережелері мен нормаларына сәйкестенуі. Ортаға бейімделу адамның қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайларымен байланысты.

Жалпы, әлеуметтену түсінігі 1940-1950 жылдары А. Бандура, Д. Кольман және т.б. еңбектері арқылы әлеуметтік психологияға енген. Әр түрлі ғылыми мектептерде бұл түсінік әр түрлі интерпретацияға ұшырайды. Мысалы, необихеовиоризмде әлеуметтік ілім ретінде түсіндірілетін болса, символикалық-интеракционизм мектебінде әлеуметтік өзара әрекеттестіктің нәтижесі саналады; ал гуманистік психологияда – «Мен» тұжырымдамасының өзіндік актуализациясы ретінде қабылданады [2].

Психология ғылымында әлеуметтенуді білімді меңгеру, қабылдау, эмоционалдық реакция, коммуникативтік сапа, қорғану механизмдері, психосексуалдық даму және адамның әртүрлі өмірлік цикліндегі даму кезеңдері сияқты түсініктермен сипаттайды [3]. Әлеуметтену барлық әлеуметтік үрдістердің бірлігін білдіреді және осылардың әсерінен индивид қоғам мүшелігі қызметін атқаруға лайықты белгілі норма мен құндылықтар жүйесін меңгереді. Әлеуметтену – жеке тұлғаның қоршаған ортамен қатынасы үрдісі. Әлеуметтену индивид мәдениеттілік элементтерін, әлеуметтік нормаларды, әлеуметтік құндылықтарды меңгереді де осы бағытта оның адами күші, руханилығы, мәдениеттілігі молаяды.

Тұлғаның әлеуметтендіру үрдісін З.Фрейд оның бейсаналы әрекетімен байланыстарды. Ол тұлғаға тән үш элементті ажаратады: «ид» - қанағат алуға жетелеуші қуат көзі, «эго» - реалдық ұстанымы негізінде бақылау жүргізуші тұлға және «суперэго» немесе адамгершілікті бағалаушы элемент. З. Фрейд бойынша, «әлеуметтендіру – адамның туа біткен қасиеттерін ашу арқылы тұлғаның үш құрамдас бөліктерінің қалыптасуы жүретін үрдіс».

Әлеуметтік педагогика әлеуметтенуді екі аспектіде қарастырады. Біріншіден, әлеуметтенудің бақылайтын бөлігі – тәрбие болғандықтан, оның тенденциялары мен перспективаларының мәнін зерттейді, тәрбие принциптерін, мазмұнын, формасы мен әдістерін анықтайды. Екіншіден, социологияның көмегімен ол қоғамды әлеуметтендіруші орта ретінде зерттейді, оның адамға жағымды әсерін күшейту

тәсілдері мен жолдарын және жағымсыз әсерлерін жою мен түзету мүмкіндіктерін анықтайды.

Әлеуметтену – биологиялық, психологиялық, әлеуметтік деңгейлерде өтетін, әр түрлі жас кезеңдерін қамтитын, жеке тұлғаның қажеттілігін қоғам қажеттілігіне бағыттайтын күрделі, үздіксіз, көп қызметті үрдіс. Бұл бейімделу пассивті емес, активті сипатта, өйткені индивид өз еркімен, шығармашыл түрде қоғамдағы өзінің ролін қалыптастырса, екінші жағынан, әлеуметтену қоғамда педагогикалық мақсаттағы қарым-қатынас формаларын, отбасы мүшелері арасындағы, мектептегі, демалыс мекемелеріндегі және кез келген қоршаған ортадағы адамдар арасындағы қарым-қатынаста мораль мен мінез-құлық нормаларын қалыптастырады.

Тұлғаның әлеуметтену үдерісінің мазмұны білім алушының әлеуметтік қалыптасуындағы инновациялық субъект ретінде белгілі бір әлеуметтік білім, инновациялық іскерлік, әлеуметтік-мәдени құндылық, әлеуметтік бағыт-бағдары шеңберінде анықталады; білім алушының белсенділік бағытын танытудағы қоғамның оптималды қолдауын бөліп көрсетеді; болашақ маманның сәтті әлеуметтенуіне ықпал ететін объективті факторлар мен жағдаяттарды іске асырудың жолдары мен тәсілдерін белгілейді; әлеуметтендіруші әлеуметтік институттардың, кәсіпорындардың, агенттік топтардың негізгі қызметтерін іске асыруын бағдарлайды [4]. Бұл қоғамдық қатынастар жүйесінің сан салалы түрлерінің ішінде, әсіресе, осы үш сала – іс-әрекет саласы, ой алмасу үрдісі және сана-сезімнің қалыптасып, дамуы өмірге жаңадан қадам басқан тұлғаның толық әлеуметтенуіне: өзін қоршаған нақты әлеуметтік ортасын, сондай-ақ белгілі бір әлеуметтік-экономикалық құрылысқа тән бүкіл қоғамдық қарым қатынастар жүйесін танып, білуіне әрі оны өзгертуіне, осы өзгертілген ортаға сәйкес өзінің жеке басын: рухани дүниесін, мінез-құлқы мен қабілеттерін жетілдіріп, өзгертуге себепші болады. Олар оның мінез-құлқында, сезім көрінісінде орын алады.

Тұлғаның қоғамдық ортада әлеуметтенуіне әсер етуші негізгі фактор – бұл тілдік қатынас, басқалармен ой алмасу, сұқбаттасу, пікірлесуі. Тілдік қарым-қатынассыз адамдардың бір-бірімен түсінуі, пікір алмастыруы, бір нәрсе туралы өз ойын білдіруі, белгілі бір құндылықтарды, білімдерді, адамгершілік нормаларын, мінез-құлық мәдениетін меңгеру мүмкін емес. Сондықтан, өсіп келе жатқан жас ұрпақты әлеуметтендіруде, оларды оқытып, тәрбиелеуде, олардың бойында қоғамда қалыптасқан рухани байлықтар мен мінез-құлық нормаларын сіңіруде олардың басқалармен ой алмасуы, пікір таластыруы айрықша орын алады.

Тұлғаны әлеуметтендіруге тікелей ықпал ететін ерекше сала – бұл олардың сана-сезімінің қалыптасып, дамуы. Өйткені әлеуметтендіру дегеніміздің өзі адамдардың бойына кісілік қасиеттерді сіңіру. Тұлғалық қасиеттер адамдардың бойында бірден қалыптаспайды, керісінше, әлеуметтік ортаның әсерімен бүкіл өмір бойына қалыптасады. Өзіндік сана-сезім адамның жан-дүниесінің басты белгілерінің бірі. Ол тұлғаның өзіндік сана-сезімі арқылы жететін сананың ең жоғарғысы.

Олай болса, әлеуметтену дегеніміз – бұл жаңа сападағы индивидтің белгілі тарихи-мәдени ортада өтетін өмір барысында қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық және моральдық қасиеттері қосындыларының иесі, ақиқат болмысты тануға және өзгертуге бағытталған әрекет субъектісі болу. Басқаша айтқанда, ол қоғамның тәжірибесін бойына сіңіріп, рухани тұрғыдан байыған, жан-жақты жетілген жеке тұлға.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

- 1 Мудрик, А. В. Социализация человека / А. В. Мудрик. — М. : Моск. психол.-социал. ин-т, 2011. — 624 с.
- 2 Андреева, Г. М. Социальная психология - М., 2001. - 305 с.
- 3 Нұсқабаев О. Мектеп -жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. А., 1997. -280 б.
- 4 Иманбекова, Б. Тұлғаны әлеуметтендіру мәселесінің өзектілігі // Білім. - 2007, №3 - 36-37 б.



## ӘӨЖ-159.1

### ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ӨМІР ҚАЖЕТТІЛІГІ

Жумагулова А.Т., Айдарбекова Г.Ж.

ТарМПУ, «Арнайы педагогика» кафедрасының оқыушысы

Көзі нашар көретін балаларға арналған «Болашақ» мектеп – интернатының педагог – психологы

XXI ғасырда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал.

1. Жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары;
2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;
3. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Біздің мектеп – интернатта – 100 ден аса оқушы білім алады. Оның 21 – Л.Брайль жүйесімен, 7–ПДТ бағдарламасы, 2– көмекші бағдарламасымен оқиды. Осы орайда көзі нашар көретін балалардың психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, сондай – ақ, кеңістікті бағдарлауы, әлеуметтік тұрмыстық бағдарлауы да әлсіздеу болып келеді. Осы себептерге, диагнозына байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 6 – 7 жастан анық байқалады. Балалар үшін пандустар, жазу машинкасы мен лупа, жүру таяқшаларымен қамтылған.

Түстен кейінгі уақытта КБ, ӘТБ, Ритмика, ЕДШ, КС, МП, ТД сабақтары жүргізіледі. Кеңістікті бағдарлау (КБ) – заттардың пішінін, көлемін, олардың бір – біріне қатысты орналасу орнын және орын ауыстыруын, сонымен бірге адамның өзінің жағдайын және оның қоршаған заттарға немесе көкжиек жақтарына қатысты қозғалысын анықтау. Мынандай тарауларды қамтиды. Кеңістікті, кеңістіктегі тәртіпті, тексеру тәсілдері, отырғанда, еңкейгенде, бұрылғанда, қимыл бағытын өзгерткенде дұрыс қалыпты сақтауға, әр түрлі жарақаттанудан қорғану ережелеріне үйретуді қарастырады. Қаланы, көшелерді, мәдени орталықтарды, мектеп ішін сонымен қатар, көмекші құралдарды пайдаланып бағдарлауды қарастырады.

Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау (ӘТБ) – көру қабілеттері бұзылған балалардың әлеуметтік бейімделу мен оңалтуының жетісті болуына шаруашылық – тұрмыстық жағдайда өмірлік және тәжірибе түріндегі тәжірибесінің қалыптасуына көмектеседі.

Ритмика – балалардың қабылдауын қозғалыс – қимыл арқылы белсендіретін, арнайы әуен ырғағымен орындалатын жаттығулар. Әуен ырғағына ере отырып, өз

денелерін еркін қозғалысқа енгізе отырып, жеңіл және күрделі қимылдарды өздігінен орындай алуға машықтандыру.

Емдік дене шынықтыру (ЕДШ) – денсаулықты нығайту, емдік гимнастика, емдеу, сауықтыру, емдік жаттығулары арқылы емдеуді шыңдау.

Көзді сақтау (КС) – оқушыларға сезім мүшелері туралы қысқаша түсінік беріледі. Көздің қоршаған ортаны танып – білудегі орны, маңызын таныстырады. Көз гигиенасы, көз жаттығуларын жасау, көзді сақтай білуді үйретеді.

Мимика және пантомимика (МП) – мимикалық және жалпы бұлшық еттерін жаттығулар арқылы түзету және дамыту. Сонымен қатар, балалармен арнайы мамандар педагог - психолог, әлеуметтік педагог, тифлопедагог, логопед, дефектолог, дәрігерлер (окулист, педиатр) мамандары жұмыс жасайды.

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс - әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту - адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Осы орайда, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі. Мына принциптер:

1.	Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2.	Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3.	Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4.	Барлық адам бір-біріне қажет.
5.	Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6.	Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7.	Әрбір оқушы үшін жетістік кежетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8.	Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім алу арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды сыпайылыққа, достыққа, адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Жалпы айтқанда, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім – барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Жұмабаев М. Педагогика. - 1992.
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. - 2000
3. Бизақова Ф. Психологиялық тест жинағы. – Т.: Сенім, 2012
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
5. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

6. Эрлер И.В., Соколова О.Г., Оразбекова Н.Ю., Анищенко Н.С. Арнайы білім беру бағдарламасы: көздері көрмейтін балалар мектебіне арналған типтік оқу бағдарламалары – А., 2009

## **ӘӨЖ 37.01**

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛЕР**

**Жумагулова А.Т.**

**ТарМПУ, «Арнайы педагогика» кафедрасының оқытушысы.**

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үдерісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесіне сүйенетін болсақ ХХ ғасырдың аяғында көптеген дамыған әлем елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды дамытуда алдыңғы орында тұрған инклюзивті білім беру болды. Жалпы білім беру үдерісіне енгізілген балаларға оқуды жеңілдететін қосымша арнайы жағдай, көмек, қолдау қарастырылады. Әрбір елде интеграциялаудың өзіндік үлгісі іске асырылуда, бұл білім беруде интеграциялаудың жан-жақты үлгісін құрудың мүмкін еместігін көрсетуде. Инклюзивті білім беруді іске асырып жатқан елдерде айқындалған басым бағыт жалпы мектептік білім беру саласында қарастырып отырған категориядағы балаларды жалпы білім беру үдерісіне міндетті түрде енгізуді көздейді.

1991 жылдың күзінен бастап Ресейде «Мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялау» жобасын іске асыру басталды. Нәтижесінде 11 аймақта мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялап оқытудың экспериментальды алаңдары құрылды. Мүмкіндігі шектеулі балалармен педагогтардың жұмыс істеу мақсатында Ресей Федерациясының білім министрлігі педагогикалық жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарына 1996 жылының 1 қыркүйегінен бастап «Арнайы (коррекциялық) педагогиканың негіздері», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясының негіздері» деген курстарды енгізді.

Франциядағы арнайы білім беру жалпы білім беретін мектептерге дамуында жетпіспеушіліктері бар балалардың санын неғұрлым көбейтуге бағытталған. Дамуында ауытқулары бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу 4 нұсқада орындалуда:

1. Бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, бірақ мектепте немесе одан тыс уақытта оған қосымша қызмет көрсетіледі: емдеу шаралары, тәрбиелеу жұмыстары т.б. Мысалы, тірек-қимыл қызметі бұзылған бала қарапайым сыныпта оқи отырып, сол мектепте немесе жақында орналасқан бейімдеу орталығына барады.

2. Бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, қосымша күтім алады және қосымша арнайы бағдарлама бойынша оқиды. Мысалы, көруі бұзылған бала қарапайым сыныпта оқи отырып, сабақ дайындауға көмек ретінде мұғалімнен қосымша сабақ алады, кеңістікте бағдарлау бойынша сабақтарға қатысады.

3. Бала мектептегі негізгі уақытта арнайы сыныпта, арнайы бағдарлама бойынша оқиды (әдетте психикалық дамуында кешігушілік бар балалар). Уақытының басқа бөлігінде қарапайым бағдарлама бойынша өз жасындағы балалармен дайындалады.

4. Бала тек арнайы бағдарлама бойынша арнайы сыныпқа барады (әдетте ойлау қабілеті бұзылған балалар). Соған қарамастан ол мектеп өміріне қатысады: біріккен таңғы ас, тәрбие шараларына бірігіп қатысу, спорттық және басқа да іс-шараларға қатысу жұмыстары қаралған.

АҚШ-тың мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудағы қазіргі саясаты жалпы және арнайы оқытуды біріктіру ұсыныстарынан тұрады. Бұл біріктірулерде үш негізгі жолдар бар: «негізгі бағыт», «жалпы білім инициативасы», «енгізу». Бұл арнайы білім беру алаңында үлкен дау-дамай тудыруда. «Негізгі бағыт» мүмкіндігі шектеулі

балаларды оқыту негізгі мектептерде оқытуды көздейді. Бұл балалар қоғамға араласуы керек болғандықтан, оларды әлеуметтік және білім беру қызметтеріне қосу керек деп есептейді. «Жалпы білім беру инициативасы» - бұл АҚШ-тың білім департаментінің арнайы білім беру бөлімінің ұсынысы. Жалпы білім беру инициативасы – дамуында ауытқуы бар балаларға білім беру шарттарына фундаментальды өзгеріс енгізуді ұсына отырып, «негізгі бағыттан» ары қарай дами түскен. Кейбір дефектологтар мен негізгі мектептің басшылары жалпы білім беру инициативасын мақұлдаса, кейбір дефектологтар мен негізгі мектептің мұғалімдері ауытқуы бар балаларға жалпы білім беру инициативасының әсер ету мүмкіндіктерін түсіну үшін қосымша сынақтар мен зерттеулер қажет дейді.

«Енгізу» моделі балаларды ауытқу түріне және көріну деңгейіне тәуелсіз тұрған жері бойынша жалпы білім беру үрдісіне енгізуді көздейді. Осындай балаларға мамандар тобы жеке оқыту бағдарламасын құрады, сол бойынша оқушының жетістігі бағаланады.

Қазіргі кезде АҚШ-та 1990 жылы қабылданған, «ауытқулары бар тұлғалар үшін білім беру акты» деп аталатын заң жұмыс істеуде. Бұл халықтық білім беру жүйесінде бала оқуына қажет тегін білім береді. Ата-анасы баласының оқу мүмкіндігі туралы қорытынды талап ете алады, ол бала дамуындағы ауытқуының бар немесе жоқтығына негіздемеден тұрады.

Білім беру саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделген. Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген. Республикада 2375 бала

үшін 166 балабақшада инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда, бұл анықталған даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санының 14%-ын құрайды. Бұдан басқа, даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 39 арнайы балабақша мен жалпы мақсаттағы балабақшаларда 315 арнайы топ жұмыс істейді. Олардың контингенті балабақшаларда 4945 баланы, арнайы топтарда 5879 баланы құрайды.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға дейін мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» жасалды. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына қолдан келгенше жағдай жасалуда.

Мүмкіндіктері шектелген балаларда қоршаған орта туралы сәйкес түсіік қалыптастыру көп жағдайда педагогтың оқыту мен тәрбиелеудің түрлі әдістері мен формаларын қолдана отырып, дұрыс педагогикалық процесс ұйымдастыруымен анықталады. Ерекше көзқарасты қажет ететін балалардың дамуы оқу мен тәрбие барысында практикалық әрекеті негізінде құрылады. Сондықтан, бұл балаларды өмірге бейімдеу экскурсия және сабақтар, түрлі ойындар формасында ұйымдастырылып, бала дамуында жетекші орын алады. Тәжірибе мүмкіндіктері шектелген балалар жүйелі жүргізілетін психологиялық-педагогикалық жұмыстар нәтижесінде компьютерде, қылқаламмен көптеген әдемі туындылар жасай алатынын, т.б. белгілі бір еңбек даярлығын, кейін түрлі өндірісте ұжыммен бірлесе отырып, мүмкіндігіне сай айналыса алатын еңбек түрін анықтай алатынын көрсетіп отыр.

Психикалық дамуы тежелген балалардың қоршаған орта туралы түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-қызғалыс координацияларының т.б. жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады. Сондықтан, психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу процесінде нақтылы

қиындықтарды құрады. Ал, бұл қиындықтарды жою мен оның алдын алу үшін мұндай балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі жұмыс атқаруы қажет. Онда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің барлық бағыттарына жетекшілік ететін қызмет координаторы, мұғалім-дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлері жұмыс атқарады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл біріккен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Педагог-дефектологтың психикалық дамуы тежелген балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі мынадай бағыттарда іске асырылады:

#### I. Диагностикалық бағыт:

- баланы алғашқы дефектологиялық тексеру;
- баланың психикалық дамуының динамикасын жүйелі түрде кезең бойына бақылау;
- баланың даму деңгейіне әсер еткен әдіс-тәсілдер мен таңдалған бағдарламаның тиімділігін анықтау;
- мүмкіндігі шектеулі баланың жеке ерекшеліктерін, танымдық қызметін, ерік-жігер саласын, отбасындағы тәрбиелік жағдайдың даму ерекшеліктерін зерттеу;
- жалпы білім беру ұйымдарының бағдарламасын меңгерудің деңгейін анықтау;
- компенсаторлық мүмкіндіктерді іздеп табу;
- баламен жұмыстың бағыттарын айқындау мен бала дамуындағы ауытқулардың алдын алу.

Тексерудің нәтижелерін талдау баланың одан әрі дамуының болжамын анықтап, әр оқушыға оқыту процесінде тиімді әдістерді іріктеп, түзете-дамыту жұмысының мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді.

#### II. Түзете-дамыту бағыты бойынша:

Ақаудың құрылымымен оның айқындылық дәрежесіне байланысты түзету жұмысының мазмұны анықталады. Баламен жүргізілген диагностиканың қорытындысы түзете-дамыту жұмысы бойынша мынадай бағыттарды айқындап берді:

- сенсорлық және сенсомоторлық дамуын қалыптастыру;
  - кеңістік-уақыт түсініктерін қалыптастыру;
  - пішін мен көлем, түсті қабылдауын қалыптастыру;
  - салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жалпы ойлау операцияларын қалыптастыру;
  - зейіннің тұрақтылығын, зейін шоғырлануын дамыту;
  - көру, есту арқылы есте сақтауын дамыту;
  - психомоторлық дамуды жүзеге асыру мен сөйлеу тілін, сөздік қорынарттыру.
- Айқындалған бағыттар негізінде балаға түзете-дамыту бағдарламасы құрылады.

#### III. Кеңес беру мен ағартушылық бағыт бойынша:

- педагогтармен жеке жұмыс жүргізу;
- баланың жас, жеке, типтік ерекшеліктерін ескере отырып ата-аналарға, педагогтарға бірқатар ұсыныстарды даярлау;
- балалардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып педагогтың оқу жоспарына түзету жұмыстарын енгізу;
- эксперименталды топта жұмыс істейтін педагогпен жеке кеңес жүргізу;
- әлеуметтік қызметкерлермен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс;
- баламен жүргізілген жұмыстың жалпы қорытындысымен ата-аналарды таныстыру;
- ата-аналарға баланың тәрбиесіндегі қиыншылықтары туралы нақты ұсыныстар даярлау;

- ата-аналарға баланың психофизикалық мүмкіндіктеріне сай баланы оқыту мен оны дамытудың маңыздылығын түсіндіру;

- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі мамандарымен тығыз қарым-қатынаста болу. Ата-анамен жұмыс бұл бағыттың басты міндетінің бірі.

Қорыта айтқанда, Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз. Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.

2. «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» // Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру.

3. Саламанская декларация и рамки действий по образованию лиц сособыми потребностями, принятые Всемирной конференцией по образованию лиц с особыми потребностями: доступ и качество, Саламанка, Испания, 7-10июня 1994 года.

4. Грозная Н.С. Инклюзивное образование за рубежом. От мечты к реальности // Синдром Дауна XXI век. 2011. №1. С.34–41.

5. Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.

6. Р.Б. Каримова «Основные проблемы и задачи инклюзивного образования в РК» // Журнал «Открытая школа».

7. Мухина В. С. Детская психология. – М., 1985.

8. Ахмедалиева, Д. У. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру // Әлеуметтік педагог. - 2010.-№1. - . 15-17б.

9. Алферова Г. В. Новые подходы к коррекционно-развивающей работе с детьми с ограниченными возможностями здоровья. Дефектология – 2008- №3.

10. Г.Б.Алипкалиева «Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру».

11. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырылуы // «Открытая школа» журналы. № 7(128) 09. 2013ж

### **ӘӨЖ-378.574**

## **БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢА RTU ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Исламова Д.А.**

**Шайқорық орта мектебі, Тараз қ.**

Қазақ халқы өз халқының рухының биікке көтерілер бай тәжірибесі де өте орасан. Атап айтсақ сақ, ғұн дәуіріндегі елдікті сақтап қалу кезіндегі ұрыс, ұлт болып қалыптасқан түрлі заманындағы жорықтар, одан кейінгі қазақ ұлтының мемлекет болып қалыптасуы. Жоңғар шапқыншылығымен қиян – кескі ұрыс, соңғысы неміс басқыншылығымен болған ұрыстардағы қазақ батырларының ерен еңбегі қазіргі ұлттық бет-бейнесі жоғалып бара жатқан қазақ жастары үшін ұлағатты үлгі мен орасан зор тәрбие болып отыр. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан [1]. Бұл – болашаққа үміт артқан мұрасында мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа

ұлттың, жаңа формацияның, жаңа қазақи келбетті тұлғаның феноменін анықтап беріп отыр.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға бағыттап шақырып отыр.

Қазақ тарих тылсымына терең бойлап, халық зердесін байыптай қарасақ, ұрпақ тәрбиесі қай елде, қай кезеңде болса да негізгі күн тәртібіндегі мәселе екені анық. Ежелгі Египет папирустарында, Вавилонның қыш кітаптарында, Сократ жазбаларында, орта ғасырлық пергаменттерде, және әл-Фараби еңбектерінде «Жастар тәрбиеге көнбей бара жатыр, үлкенге құрмет, кішіге ілтипат азайды, балалар еңбектен жиіренетін болды, дәстүрді сыйламай барады» – деген пікірлер естіліп жатты. Әр заманның өз жастары мен болашақ жасаушы жастары бар екені рас. Жастар әр заманда да тосын іс қимыл көрсететіні анық. Дәл бүгінгі күнде де жоғарыдағы жастарға айтылған сын пікірлер мән мағынасын жойған жоқ. Қай заманда болса да консервативті үлкендермен, еркін ойлайтын жастардың көзқарастарында қайшылық кездесіп қалатыны анық. Қазақ қоғамы да басқа мемлекеттер тәрізді сан ғасырлар бойы тәрбие саласында тәрбиелік дәстүрлерді жинады. Ол қазақ халқының кәсібімен, салт-дәстүрімен, дінімен, тарихымен, өнерімен біте қайнасып тарих кезеңдеріне қарай жетілдіріп өңделініп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Қазақ халқы сауаты болмаса да ғылыммен айналыспаса да рулық, тайпалық дәуірдің өзінде де өз ұрпақтарын өмірге бейімдеген, еңбекке, қолөнерге, қолданбалы өнерге, аңшылыққа үйрету дәстүрі кең таралады. Қазақ қоғамы жыл өткен сайын жаңарып, өзгерумен бірге ұлттық көне дәстүр салттары да екшелініп, сұрыпталынып заман ыңғайына қарай бейімделіп, табиғи сұрыпталу жолымен дамыды. Қоғам дамуына сай қазақ халқының ұлттық құндылықтары, дана ой пікірлері, озық мәдениеті, асыл қасиеттері ұрпақтан ұрпаққа беріле отырып, жас жеткіншектерді тәрбиелейтін халықтық педагогиканы құрап оның алтын желісі болып табылады. Кез келген ұлтты ұлт ететін – оның тілі, дәстүрі, діні, мәдениеті.

Әр ұлттың адамы таза ұлттық мәдениеті бойынша сол мәдениетті әрі жалғастырады, әрі халқына қызмет етеді. Тәрбиелі болу тек таза әрі тыныш жүріп тұру емес. Ол – Отанды (қазақ елі), ана тілін (қазақ тілі) қадірлеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, деннің саулығы, рухтың биіктігі, намысты жігерлендіру, тиянақты терең білім алу және бұдан басқа да көптеген жағымды адами қасиеттер. Соның бірі патриоттық тәрбие беру.

Патриотизм – адамгершілік және саяси принцип әлеуметтік сезім оның мазмұны – отанға сүйіспеншілік, оған адамдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш. Отан мүддесін қорғауға құлшыныс. Патриоттық сезім – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт дәстүрге адал болып олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманнан қалыптаса бастаған. Патриоттық сезім адамға ген арқылы тұқым қуалау арқылы беріледі де үнемі күтім мен қамқорлықты қажет етеді – деген пікірлер бар. Патриоттық сезім – ерлік, ұлттық рух, ұлттық намыс арасында тығыз байланыста және мазмұндас сөздер. Ұлттық намыс, ұлттық рух болмаса ұлт батыры да болмайды. Кеңес үкіметі кезінде қазақ халқының патриоттық сезімі басылып келгені бәрімізге белгілі. Әсіресе Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек іспеттес алыптардың шығармашылық мұраларымен танысу, бұлармен бірге қазақ халқы ауыз әдебиеті, батырлық дастандарды білу, ұғыну қазақ елін сүюге жетелейтіні анық. Қазақ халқы жаратылғаннан бері патриоттық сезім бірге жасасып еледі. Оны біз қазақ халқының тарихына көз жіберсек айқын аңғарамыз.

Заманымыздың ақ иық ақындары М.Мақатаев, М.Шаханов, Ж.Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы қазақ халқының патриоттық сезімінің асқақ биік шыңы деуге болады.

Қазақ жастарына патриоттық тәрбиені бала бақша, жоғарғы оқу орнында жүйелі берудің мәні зор екендігін Қадір Мырзалиевтің

Ел дегенде ар қандай, намыс қандай,

Тау мен тасқа соғылар қарыс маңдай,

Ел дегенде жығылған жолым тұрып,

Айбаттанып кетемін арыстандай – деген сөз жолдарынан білеміз.

Қазақ халқы өнерге бай, мәдени мұралары ұлттық құндылықтарының тарихы тереңге жететін бай халық.

Қазақ халқының сан жылдар бойы әлемдік дәрежедегі құндылықтар жасаған халық. Қазақ халқының мақтанышына айналған Қ.А.Ясауи кесенесі, Айша бибі кесенесі, Бабаджа қатын кесенелері, Қазақстан жеріндегі 3 алтын адамдар (Есік, Берел, Батыс Қазақстан) жануарлар стилі т.б. мәдени мұрағаттарға әлем халқы таңқалады. Сол тәрізді көшпелі өмір сүрсе де еңбек құралдарын, зергерлік өнерді, соғыс қару жараған әшекей бұйымдарды, ағаш өңдеу, тері илеу, жүннен, жіптен киім тоқу істерін жетік білді.

Қазақ халқының әлемдік дәрежедегі мәдени құндалақтары жас жеткіншектердің ұлттық намысын қоздырып, патриоттық сезімін оятып, ұлттың қазақи рухын көтерері сөзсіз. Қазақ халқының мәдени мұралары мен бірге рухани мұрасы да мол болды. Пайымды салиқалы, насихатты асыл сөздері, әділетті билер шешімі, шешендік сөздері, суарып салма айтыс өнері, әуезді әні, күмбірлеген күйі, батырлық, ғашықтық дастандары, өлең жырлары, лиро – эпостары тәрізді мәдени мұралары жас ұрпақты ұлтжандылық сезімге тәрбиелейтін бірден бір ежелден келе жатқан тәрбие құралы.

«Ұлы жол үйдің табалдырығынан басталады» - деген халық сөзін басшылыққа ала отырып, қазақ патриотизмінің ұлы жолы оқу орындары тең, институт ғимаратынан басталады.

Қазіргі замандағы оқу тәрбие үрдісіне институт, орта бағдарламасына қазақ халқының патриоттық тәрбиесін ұлтжандылық, отанды, ұлтты сүйу қасиеттерін ендіре өте қажет-ақ.

Ұлтжандылық қасиеттерді студент жастар бойына қалыптастыратын мәселелер мыналар болу керек:

- ата – баба дәстүрінен келе жатқан асыл қасиеттердің тұқым қуалау (Гендік тәрбие) үрдісі. Сәби кезінен ананың әлдиімен, әженің ертегісімен, бесік тәрбиесін көрсе ұлтқа деген жақындық байқалады;

- жас балаға от басындағы (ата-анасы) қазақ тіліндегі салт дәстүр, ұлттық тәрбие өте қажет;

- жас жеткіншектерге туған жердің (табиғаты, тарихы, байлығы, географиясы т.б.) ұлттық тілдегі тәрбиесінің алатын орны зор;

- жастарға ұлтының мәдени құндылықтарын (әдебиеті, архитектурасы, сазы, әні, күйі т.б.) оқып – үйренудің, қазақ халқының ұлттық қайнар бұлағынан нәр алудың маңызы зор.

- жастарға қазіргі замандағы қазақ мемлекетінің әлемдегі алатын орны жетістігі, ғылымы, саясаты, спорттық табыстары туралы білгеннің артықтығы жоқ. Жетістігіне мақтанып, табысына қызығып, елді, ұлтты сүйу құштарлығы болары анық.

Қазақстандық патриотизмнің негізгі тірегі – қазақ халқы ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан елі мен жерін көзінің қарашығындай сақтап ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап отырған. Қандай қиыншылық заманда да "малым - арымның садақасы" деген қағиданы өмір ұстанымына айналдырып, ерлік туын жоғары ұстаған.

Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз - бейбітшілік, тыныштық. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруіне мүдделіміз" деген Елбасының сөзі еліміздің елдігі мен бірлігін сақтауға атсалысып отырған көпұлтты еліміз үшін негізгі мұрат болып табылады.

Көпұлтты Қазақстан үшін патриотизмді қалыптастыруда ел президентінің еңбектері негізгі орын алады. Қоғамдағы қалыптасқан патриотизм ұғымы ұлттық патриотизм, қазақ патриотизмі және қазақстандық патриотизм ұғымдары өзара кіріктіре қарастырылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

1. Назарбаев Н.Ә «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12 сәуір. 2017ж.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. - Алматы: Білім, 1997.-256 б.

3. Жастарды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеу / Құрастырған Х.А.Өтешова. – Алматы: 1991.-24 б.



**СООТНОШЕНИЕ МАТЕРИАЛЬНЫХ И ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ  
ЛИЧНОСТИ СЕМЕЙНЫХ ОТНОШЕНИЯХ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ.**

**Кабиден К.Е.**

**ТарГУ им. М.Х.Дулати, г.Тараз**

Термины брак и семья как в обыденной речи, так и в научных публикациях находятся рядом, что действительно правомерно, поскольку реальности, обозначаемые этими терминами, тесно взаимосвязаны. Однако брак и семья - не одно и то же, это не тождественные, а скорее пересекающиеся понятия, ведь семья может существовать без брака, а брак без семьи.

Семьей называют социальные объединения, члены которого связаны общностью быта, взаимной моральной ответственностью и взаимопомощью. По существу семья представляет собой систему отношений между мужем и женой, родителями и детьми, основанную на браке или кровном родстве и имеющих исторически определённую организацию [1,2 с.].

Семья-ячейка (малая социальная группа) общества, важнейшая форма организации личного быта, основанная на супружеском союзе и родственных связях, т.е. отношениях между мужем и женой, родителями и детьми, братьями и сестрами, и другими родственниками, живущими вместе и ведущими общее хозяйство на основе единого семейного бюджета. Жизнь семьи характеризуется материальными и духовными процессами. Через семью сменяются поколения людей, в ней человек рождается, через нее продолжается род.

Начало супружеской жизни - один из самых трудных этапов взрослой жизни и развития семьи. В первые годы брака формируется модель семейных отношений, происходит адаптация семейных партнеров, распределение власти, формирование духовной общности между супругами, родителями. Процесс адаптации включает согласованность личностных и характерологических качеств мужа и жены, представлений о важнейших семейных ценностях и ролевых установках молодых супругов, выработку единого стиля семейного общения и взаимодействия.

Об особенностях характера супругов свидетельствует их отношение к работе, окружающим людям, собственности, к самим себе и родственникам.

Важны основные моральные принципы, интересы, кругозор, стиль жизни, психосоциальная зрелость и шкала ценностей. Эти показатели отражают тот факт, что помимо личностных качеств супругов, брачное взаимодействие связано с ожиданиями и опытом их предшествующей жизни. Выбор партнера и межличностная привлекательность в браке поддерживаются факторами, представляющими для индивида особую ценность или вызывающими у него надежды на то, что социальный контакт с данным партнером будет благоприятным [2].

Итак, семья – это малая социальная группа, основанная на браке, кровном родстве, члены которой связаны общностью быта, взаимной моральной и материальной ответственностью. Этика и психология семейной жизни [3, с.112].

Брак – явление историческое, он прошел определенные стадии своего развития – от полигамии к единобрачию. Урбанизация изменила уклад и ритм жизни, что повлекло за собой изменение и семейных отношений. Городская семья, не обремененная ведением большого хозяйства, ориентированная на самостоятельность и независимость, перешла в следующую фазу своего развития. На смену патриархальной семье пришла супружеская. Такую семью принято называть нуклеарной (от лат. ядро); в ее состав входят супруги и их дети.

Семьей с высоким доходом считается та, которая может позволить себе пользоваться платными услугами в социальной сфере. Уровень благосостояния благополучной семьи на 15-20% выше среднего; такая семья решает свои проблемы самостоятельно, без посторонней помощи.

Кризисной семьей считается та, которая находится за чертой бедности. Особенно высоко число и доля таких семей с детьми до 16 лет [4].

Перед военнослужащими стоят не простые задачи по защите рубежей обороны ВС РК. Очень важной составляющей боеготовности армии, является крепкая и дружная семья. Правильный выбор спутницы позволит офицеру выполнять с честью и достоинством свои должностные обязанности. Приведены практические примеры, способствующие выбору у спутницы жизни. Не каждая женщина сможет разделить с мужем тяготы и лишения воинской службы. В современном обществе несколько размыто понимание семьи и партнерских отношений между мужем и женой. Это сказывается и на отношениях в семье военнослужащих и воспитании их детей. Включенность в семью перестала быть необходимым фактором физического и духовного воспитания. По-другому воспринимаются и семейные отношения, личность получила относительную независимость от семьи [5].

Тем не менее, многих людей интересует и волнует вопрос: как выбрать партнера для совместного проживания и для создания традиционной семьи? У каждого человека есть образ идеального партнера. Порой он формируется в процессе социализации ребенка и примером служит его родители отец и мать [6, с.188]. В организации и проведении досуга в семьях военнослужащих большую значимость имеет факт *совместности*. Это объясняется тем, что сплочение и духовное единение детей и родителей, дающее ощущение «Мы», «наша семья», происходит именно в эти короткие промежутки времени между службой, когда отец и глава семейства принимает участие в совместной жизнедеятельности семьи.

Идеализация и приписанные нами черты характера необоснованно завышают ожидания, предъявляемые к партнеру. Это приводит нас к разочарованию [7, с.587]. При выборе партнера необходимо учитывать биологические, физиологические, анатомические, нравственные и культурные факторы.

Реализация потребностей личности в любви, доверии, стимуляции амбиций друг друга. Развитие любви и крепких отношений происходит от первого процесса до четвертого в строгой последовательности. Пропуск одного из них нарушает стабильность любовных отношений и приводит к их разрыву.

На первом этапе определяется категория социально подходящих партнеров. На втором этапе осуществляется специфический выбор партнера в соответствии с психологическими, сексуальными, анатомическими и эстетическими механизмами. Большое значение придается знаниям, опыту, впечатлениям, вынесенным из своей семьи, образованию и профессиональной карьере. Однако супружеские отношения - это не только реализация представлений об идеальном партнере, которые сложились у будущих супругов. Это реальная жизнь двух людей с возможными взлетами и падениями, рождением и воспитанием детей. Поэтому выбор партнера для нас и важен [8]. Таким образом, для мужчин-военнослужащих важна роль отца в родительско-детских отношениях. Дом, семью они воспринимают как среду, способствующую психологической разрядке и стабилизации, как «психологическое убежище» - место, в котором могут получить моральную и эмоциональную поддержку, одобрение, и, следовательно, ценят это. И, конечно же, для мужей-офицеров важна их собственная профессиональная реализация. Однако для жен военнослужащих указанные сферы более значимые.

Это говорит о том, что для них важна не только реализация их как матерей, они ожидают также эмоциональной и моральной поддержки от своих мужей и ценят ее. Для них имеет большое значение их собственная социальная активность вне семьи, а также

профессиональная занятость своих супругов-военнослужащих. Как известно для жен военнослужащих значимой является личностная идентификация с мужем-офицером, т.е. супруги ожидают общности интересов, потребностей, ценностных ориентаций, представлений по различным аспектам и вопросам совместной жизнедеятельности со своими партнерами, чего не скажешь про мужчин.

Такие сферы как хозяйственно-бытовая и внешняя привлекательность для обоих супругов семьи военнослужащих не имеет столь большого значения. Скорее всего, из-за необходимости частых переездов, отсутствия постоянного жилья, бесконечной занятости мужа-офицера на работе, вопросы быта в отношениях супругов отходят на второй план. Но при этом, мужчины-военнослужащие очень ценят в женщине умение обустроить жилье, создать уют, вести хозяйство, разумно распоряжаться деньгами и соответственно, ожидают этого от своих жен.

Однако удручает тот факт, что самое последнее место в шкале семейных ценностей супруги отводят сексуальной сфере, отвечающей за близкое общение, формирование интимных и доверительных отношений, минимизацию психологической дистанции между супругами, установление тесных связей и понимания, снятие напряженности и максимальную релаксацию. И это притом, что возраст испытуемых колеблется от 31 до 44 лет.

#### **Список использованной литературы:**

1. Мавлевич Н. Пока не поздно \ \ Семья и школа. – 2001. - № 10. – стр. 2
2. Ковалёв С.В. «Психология современной семьи».М., 1988
3. Ребенникова И.В. -М.:Просвещение, 2007.- С.112.
4. Немчинов Г. Изучение и прогнозирование развития службы семьи //Науч-метод. журнал. 2001. №7. С.13.
5. Симонович Н.Е Социально – психологические особенности студенческой молодежи В сборнике: Обучение и развитие: современная теория и практика Материалы XVI Международных чтений памяти Л. С. Выготского.2015. С. 592-594.
6. Симонович Н. Девиантное поведение и его последствия для человека В сборнике: Обучение и развитие: современная теория и практика Материалы XVI Международных чтений памяти Л. С. Выготского. 2015. С. 584- 592.
7. Симонович Н.Е. Проблемы увеличения продолжительности и качества жизни людей: психологические аспекты В сборнике: Обучение и развитие: современная теория и практика Материалы XVI Международных чтений памяти Л. С. Выготского. 2015. С. 183-184.
8. Киселёва И. А, Симонович Н. Е. Особенности оценки рисков и роль мотивации в период кризиса Москва, 2016. С. 136

**ӘӨЖ-394/395**

### **ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ**

**Касымова Р. Д.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебінің (РО) бастауыш сынып мұғалімі.**

Әр халықтың қай қоғамда болмасын болашақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөлуде. Елбасы жыл сайынғы Жолдауларында халқымыздың рухани өміріне, мәселен отбасы құндылығын арттыру, жат ағымнан алыс болу, бірлікті сақтау, қайырымды, мейірімді, кешірімді, тағы басқа адами құндылықтарымызға мән береді. Сонымен бірге Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Ұлттық мәдениетке, ана тілге еркіндік беру, оны тәлім-тәрбие құрылымына айналдыру, тәрбие мәселелесінде ұлттық ізгілік пен өркениетті әлемдік имандылық үрдісінің ортақ мүддесін жаппай сезіну және оны кіріктіре пайдалану арқылы іске асыру керек» - деп атап өткен. Қазақстан Республикасын мызғымас, мәдениетті,

біртұтас мемлекет ретінде көру мұратымыз болса, онда өмірге бақытты, білімді, мәдениетті жасөспірімдерді баулу да басты мақсат болатыны сөзсіз. Қазақ халқының өзіне сай ұлттық құндылықтарын дәріптеу арқылы тәрбиелеу ұлт ұрпағын жаһандану кезеңіне өз ерекшелігімен жетіліп, кемелденіп жетеді деген мүддені алға ұстанғанымыз жөн.

Әбу Насыр Әл Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім- адамзаттың қас жауы, ал келешекте оның өміріне қауіп әкеледі.» Қазіргі кездегі жастардың «иманды боламын» деген ықыласы, әрбір қоғамға жаны ашыр азаматтың, соған қосар үлесінің барын айтуға болады. Бүгінгі мектеп абалдырығын аттаған әрбір болашақ ұрпақ –ол ертеңгі қоғам иесі. Оқытудың алғашқы сатысынан бастап, білім алушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату үшін қоғам қауымы ғасырлар бойы қалыптасқан педагогикалық шеберліктің, тәжірибенің негізін дұрыс қолдана білу болады.

Тәрбие болашақтың есігін ашар тұтқасы. Әрине әлеуметтік жағдай да тәрбиенің жақсы сипатын көрсетері анық. Дегенмен қарапайымдылық адамзаттың қоғамға әкелетін жақсылығының көзі. Еліміздің қоғамдық болмысындағы дамудың негізі ұлттық тәрбиеде ерекше орын алады. IX- X ғасырларда қазақ топырағында өмір сүрген Әбу Насыр Әл Фараби бабамыз «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатында адамдардың қоғамсыз өмір сүре алмайтындығы мен адам баласының басты құндылықтарын сипаттап көрсеткен, яғни қоғамның дамуының басты сатысы мәдениет, тәрбиемен байланысты іске асатындығын білеміз. Әл Фараби трактатында: «Адам толығымен дамып жетілу үшін ол көптеген нәрселерден тәуелді. Себебі, ол барлық өзіне қажет нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды. Сондықтан адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүру керек, және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады дейді.» Өскелең ұрпақтың қоғамның жағымды ұйытқысы болып табылады және қоғамнан ізгілік ісінен үлгі алушы болып келеді. Қоғамда болып жатқан әрбір іс- әрекеттің желісіне шын көңілін білдіріп, шынайылық танытса, өмірге деген қадамды дұрыс басу бақытқа қол жеткізуге болатындығын білдіреді. Еліміздің болашағы үшін жаңа өмір жолына қадам басудағы көптеген кедергілерді жеңе отырып аяқ басу қажеттіліктері тұр. Әрбір азаматтың отбасынан алған құндылықтарының өзінше ерекшелігі болады.

Еліміздің тарихы мен салт дәстүрін білдіру, болашағымыздың асыл қазынасы ретінде таныту, сондай ақ өмір қажеттілігінен туындап отырған әрбір отбасының міндеті. Өсіп келе жатқан бүлдіршіндер еліміздің іргесін әрі қарай көтеріп, тіеуі болатын қоғам иесі. Этнопедагогиканың қайнарымен сусындату қоғамның ортақтасып өз үлесін қосу болып табылады. Ғасырлар бойы ата бабаларымыз ұрпағына тәрбие берудің жолында салт дәстүрі, әдет ғұрпын, қалыптастырып келді. Қазіргі таңда адамдардың тұрмысындағы жол жоралғылары ортада қалыптасқан көріністері ұрпаққа деген үлкен ізгілік жасалатындығын көрсетіп отыр. Қоғамның ізгілік істерінің бірі еліміздің баға жетпес рухани байлықтарын асырып ел ісінде берік орын алуына көңіл бөлуде. Тәрбие берудің қайнар көзі әдеп ғұрып, салт дәстүр секілді мәдени байлықтарымыздың мәнін, өзіндік қайталанбас белгілерін, қалыптасу жолдарын, олардың қажеттілігі бүгінгі күннің талабы. Болашақ ұрпақтың сана сезімін, ақыл ойын дамыту әрбір қоғамдық құбылыс, намысты, еркін, жанашыр болып өсуіне әсер ету зиялы қоғамның болашаққа қосар бір үлесі, деп білеміз. Жастарға тәрбие беру, оларды Отанына керекті азамат етіп даярлау әрбір қоғамның міндеті.

Баланың ақыл-ой, адамгершілік, мәдениеттілік, әдеп тәрбиесімен қатар, жас шамасына лайықты еңбек тәрбиесі, спорт түрлерімен шұғылдануын ата-аналары қадағалауы қажет. Өйткені балалардың салауатты өмір салтын ұстануы, мәдениеттілігі, рухани-адамгершілік нормаларды меңгеруі берілген тәрбиенің нәтижесі. Балалардың жан сұлулығымен қатар тән сұлулығына да мән берген

жөн. Тапсырылған жұмысты дұрыс орындамаса немесе қателік жіберсе баланы жекіп, оған қатты дауыспен дөрекі сөздер айтыпұрса берудің орнына, жұмыстың қалай жасалатындығын көрсетіп, үйретумен бірге баланың шамасына, икеміне қарап содан кейін оның дұрыс орындалуын талап ету керек.

Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Ұрпақ тәрбиесі қай уақытта болсын күн тәртібінен түспеген келелі мәселелердің бірі де бірегейі десек, артық айтқандық болмас еді. Бұл мәселе қазіргі күні де айрықша мәнге ие. ХХІ ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу оңай шаруа емес. Оларға ұлттық тәрбиені дарыту одан да күрделі. Осы тұрғыдан алғанда, біздің халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлы мұрасын оқу-тәрбие ісінде пайдалану — кезек күттірмейтін мәселе.

Халық өнері бұл — рухани байлық.. Ол — биік рух пен отансүйгіштіктің бастауы. Қилы заманды басынан кешірген халқымыз салт-дәстүрлерімізді сақтап қалды. Сол сан ғасырлар бойы ұмытылмай бізге жеткен бай мұраны келер ұрпаққа да жеткізе білу керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы.
2. Жарықбаев Қ. Этнопсихология - ұлт тәрбиесінің өзегі. - А., «Білім». – 2005. – 144 б.
3. Бегалиев Т. Этностық құндылықтардың қазіргі кездегі маңыздылығы – Этнопедагогика. - 2001. № 9 - 3-6 б.
4. Тәжібаева С.Ғ. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Білім, 2008
5. Трубецкая О.К. Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012

**ӘӨЖ-394/395**

### **ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Каулакулова Г.  
Шайқорық орта мектебі, Тараз қ.**

Жоба – белгілі бір мәселені нақты зерттеу, шешімін табу, пәнаралық және шығармашылықпен кіріктірілген жұмыс түрі. Жобалау-“proicere” латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау, әзірлеу» деген мағынаны білдіреді. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б.

Жоба дегеніміз – осы уақытта жоқ, бірақ құрастырылуы, жасалуы тиіс заттың, мазмұнның нақты болжамы, сонымен қатар ол жағдайды немесе мазмұнды міндетті түрде қажетті бағытқа қарай өзгертеді. Жоба – оңтайлы тәсілдердің көмегімен алдын-ала жоспарланған нәтижеге жетуге, нақты проблеманы шешуге бағытталған жұмыс. Жобаның құрылымына жоба нәтижесіне жетудің тәсілі ретінде баяндамалар, рефераттар, зерттеушілік және бала лардың басқа да өздік шығармашылық жұмыстарының элементтері кіруі мүмкін. Жобалық жұмыс – нәтижесі алдын-ала белгісіз шығармашылық, зерттеушілік мәселелерді шешумен тығыз байланысты жұмыс. Сабақ барысында және сабақтан тыс орындалатын жобалық жұмыстар бала лардың өз беттерінше ізденулері арқылы зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын, ойлаудың зерттеушілік түрін меңгерулеріне, сонымен қатар оқу барысында белсенділік ұстанымдарын қалыптастыруға, функционалдық сауаттылықтарын дамытуға жағдай жасайды.

Жоба әдісі дегеніміз – оқытудың жүйесі немесе технология. Бұл технологияны қолдану барысында мұғалім өз жұмысын нақты жоспарлайды, негізінен практикалық білім беретін жобалық тапсырмалар құрастырады және оларды біртіндеп қиындатып отырады. Балалар мұғалімнің басшылығымен және өздігінен іздену арқылы практикалық білім мен білікті меңгереді.

Педагогикалық жобалау – бұл педагогикалық іс-әрекетті өзгерту бойынша құндылыққа бағытталған, жан-жақты дәлелденген, талаптарға сай ұйымдастырылған, нақты мақсатты көздейтін кәсіби қызмет.

Жобалық тапсырмаларды пайдаланудың мақсаты – балалардың оқудағы белсенділіктерін арттыру, оқу-танымдық білік және дағдыларын қалыптасуына көмектесу, оқу еңбегінің тиімді білік және дағдыларын меңгеру, сұрақтар мен тапсырмаларды орындау, пәндер бойынша жобалық тапсырмаларды орындауға арналған әдебиеттерді зерделеу барысында білімдерін толықтырады және тереңдетеді.

Балаларды жобалық және зерттеу әрекетіне үйрету барысында қойылатын міндеттер төмендегідей болуы мүмкін:

- балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту;
- шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;
- проблема қою және оны шешудің тәсілдері мен жолдарын табу біліктері мен дағдыларын дамыту;
- оқуға және өздігінен ізденуге ынталандыруға жағдай жасау;
- білім алушылардың өз әрекеттеріне, қабылдаған шешімдеріне жеке (тұлғалық) жауапкершілік сезімін, өзін-өзі бағалаудың негізін қалау;
- тұлғаның бойында коммуникативтік дағдылар қалыптастыру және дамыту;
- білімді күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

Жобалау әдісі балаларға тақырып таңдауда, мәліметтердің дереккөздерін жинауда, презентация және қорытынды жасауда өз бетінше жұмыс істеуге жағдай жасайды. Жобалық жұмысты орындау барысында баланың бойында өз бетінше жұмыс істеуге қажетті төмендегідей біліктер қалыптасады:

- өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты еркін таңдай алады;
- таңдаған тақырыбына байланысты мақсат-міндеттер қояды;
- мақсат-міндеттеріне қарай жұмыс жоспарын құрастырады;
- алдына қойған мақсатты жүзеге асыру жолдарын іздестіреді;
- тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтауға, жүйелеуге үйренеді;
- мақсатқа жетуге қатысты орындалатын жұмыстардың әдістерін талдау, салыстыру арқылы, тиімді тәсілді таңдай алады;
- өз ойын, көзқарасын жүйелі, дұрыс және дәлелді жеткізуге дағдыланады;

- өзгелерді тыңдауға үйренеді, олардың айтқандарын ой елегінен өткізіп, сұрақ қоюға, қажет болған жағдайда өз сұрағына жауап беруге және жауабын дәлелдеуге, өз шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге дағдыланады.

Соңғы жылдары отандық білім беру тәжірибесінде болып жатқан өзгерістер мектеп қызметінің бір де бір жағын өзгеріссіз қалдырмады. Білім берудің тұлғаға бағытталған қағидаларын жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа әдістері қажет болды. Қазіргі кезде көптеген тәсілдердің ішінен жобалау әдісіне ерекше көңіл бөлінеді. Жобалау әдісінің негізінде бала лардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін өздігінше құруын, қосымша ақпарат жинауын, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауын дамыту жатады.

Бала қажетті білімді өзі іздеп тауып, оларды талдап, сол деректердің негізінде қорытынды шығарып, нәтиже жасауды өз бетінше жүзеге асырады. Бұл жұмыстарды жұппен немесе топпен орындауға және атқарылатын жұмыстарды топ мүшелері арасында бөлуге болады. Жұмыстардың ара қатынастарын реттейтін келісімдер, бағалау критерийлері, жоба жасау әдістемесі, білімдік істер көлемін өзара дұрыс бөлу және олардың атқаратын міндеттері белгіленеді. Жобалық тапсырмаларды негізінен бала лардың өздері орындайды, тапсырманы орындаудың уақыты белгіленеді. Алайда жобадағы шешілуі тиіс мәселенің күрделілігі мен ерекшелігіне байланысты, мұғалім бағыттаушы, басқарушы рөлін атқарады.

Білім беру процесінің негізі – сабақ, сабақ барысында оқыту. Білім беру құрылымындағы оқыту дегеніміз мұғалімнің бала мен тікелей немесе жанама байланыстағы іс-әрекеті. Бірақ бұл байланыс қай түрде болғанына қарамастан, оқыту процесі білім алудың белсенді болуын көздейді. Балалардың іс-әрекеті мұғалім тарапынан қамтамасыз етілген, ұйымдастырылған және бақылауға алынған жағдайда, сонымен қатар бала лардың бойында өз бетінше білім алу дағдысы қалыптасқанда ғана білім алу процесі белсенді бола алады. Жалпы білім беру процесі барысында:

- мұғалімнің ақпаратты іріктеуі, жүйелеуі, құрылымдауы және оны бала ларға жеткізе алуы;

- бұл ақпаратты және онымен жұмыс істеу жолдарын бала лардың қабылдауы, түсінуі, меңгеруі сабақ және сабақтан тыс өз бетінше білім алуы барысында жүзеге асырылады.

Сондықтан да бала лардың оқу қызметін ұйымдастырудағы мұғалімнің басты мақсаты білімді дайын күйінде беру емес, олардың проблемалық жағдаяттарды шешу, іздеушілік, зерттеушілік, жобалық тапсырмаларды орындау арқылы білімнің басым бөлігін өздіктерінен меңгеруін қамтамасыз ету. Жобалық тапсырмаларды орындау балалардың өзбеттерінше әрекет жасауына, оқуға үйренуіне мүмкіндік береді. Жоба бойынша жұмыс барысында балалардың жеке, жұпта, топта, ұжымда жұмыс істеу дағдылары қалыптасады, балалар ақпараттың түрлі көздерінен қажетті деректі таба білуге үйренеді. Жобалау әдісінің негізінде балалардың оқу-танымдық әрекетінің нәтижеге бағытталу идеясы жатыр, практикалық немесе теориялық маңызы бар проблемелерды шешу барысында нәтиже пайда болады.

Жобалау әдісі арқылы оқытудың қызметтері зерттеу мәдениетін қалыптастыруға, жиналған мәліметтерді талдауға қабілеттің болуына негізделеді.

Мазмұнды компонент төмендегідей міндеттерді шешеді:

- Бірнеше дағдыларды қалыптастырады, бақылау, мәселені таба білу, сұрақ қою, қорытынды шығару, мәселе жайында түсініктерді анықтау, материалдарды бөлу, олармен жұмыс істеу, түрлі эксперименттер, зерттеулер, тәжірибелер жүргізу, өзіндік қорытынды шығару, өзінің идеяларын ұсыну және оны дәлелдеу;

- Зерттеуді қажет ететін нақты мәселені таба білу қабілетін дамыту;

- Балалардың жоғары танымдық мотивациясын сақтауға септігін тигізу;

- Өмірлік және ғылыми міндеттерді, тапсырмаларды шешу мен оларды өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, балалардың шығармашылық жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

- Балалардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытады, жүргізілген зерттеудің есебін жасап үйренеді.

Жобалау іс-әрекетін жүзеге асыру компоненті жобалау әдісі арқылы жүргізілетін оқытудың формалары мен әдістерін, сонымен бірге сол әдістердің жобалап оқытуда тиімділігін, жүзеге асу шарттарын анықтайды.

Мектепке дейінгі білім беруде жобалап оқыту әдісі балалардың бойында бірнеше құзыреттіліктерді қалыптастырады:

I Басқарушылық (проблемалық жағдайларды көре алуы, қажеттілікті анықтай алуы, мақсат қоя білу, міндеттерді нақты анықтай алуы, ақпараттық мәліметтерді жинақтай білу, оның негізгісін анықтай алуы, нақты нәтижені анық айқындап көрсете алуы, өз мүмкіндігін дұрыс бағалай білуі).

II Ақпараттық құзыреттілік (жоба бойынша ақпараттарды алудың түрлі көздерін білуі, әдебиеттер, анықтама құралдары, ғылыми-зерттеу еңбектері, мақалалар мен оқулықтарды пайдалана алуы, интернетті пайдалана алуы, жобаға қажетті ақпаратты табуы, технологиялық карта құра білуі).

III Әлеуметтік құзыреттілік (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білуі, топ мүшелерін тыңдай білуі, өзгенің пікірін құрметтеп, сұрақтарды талдай алуы).

IV Коммуникативтік (адамдармен өзара қарым-қатынас жасау тәсілдерін білуі, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, ресми тіл ретінде орыс тілінде және халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдыларының болуы, көпшілік алдында сөйлеудің нормасын сақтай білуі, өз ойын, пікірін нақты, сауатты жеткізуі, ақпараттық технологияларды сауатты пайдалана отырып дайындалған презентацияны қорғауы).

V Тұлғалық (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болуы, өзін-өзі жетілдіріп отыруы, кез-келген жағдайда өзін-өзі бақылау және төзімді бола білуі, болашақ кәсібін өзі анықтау).

VI Азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, діні мен тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі, Отаны үшін жауапкершілікті сезіне білуі).

VII Технологиялық (ақпараттық технологияларды, білім беру технологияларын сауатты пайдалану).

Мектепте жобалап оқыту технологиясы бойынша дұрыс ұйымдастырылған жұмыс нәтижесі балаға өз бетінше кез-келген мәселені талдай білуіне, жұмысына мақсат қоюға, жоспарлауға, салыстыра дәлелдеуге, сыни тұрғыдан шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік туғызады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Добрецова Н.В. Педагогическое проектирование в дополнительном экологическом образовании // Экологическое образование в школе.- 1999, -№ 9, -с.

2. Нефедова Л.А., Ухова Н.М. Развитие ключевых компетенций в проектном обучении // Школьные технологии. - 2006. -№ 4.- с.61

3. Полат Е.С. Педагогическое проектирование: от методологии к реалиям // Методология учебного проекта: Материалы методического семинара. М., 2001. - с.123.

4. Вохменцева Е. А. Проектная деятельность учащихся как средство формирования ключевых компетентностей [Текст] // Актуальные задачи педагогики: материалы Междунар. науч. конф. (г. Чита, декабрь 2011 г.). — Чита: Издательство Молодой ученый, 2011. — С. 58-65.



**БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚИТУДЫҢ  
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Имамбекова Г.С., Кдырбаева У.  
М.Х.Дулати ат. ТарМУ**

Бастауыш мектептің алдында қазіргі таңда үлкен міндет тұр: ол оқытуды дамытушы сипатта құру. Әрекетке сол немесе өзге ойлау амалдарының қосылуын жүзеге асыратын маңызды фактор тапсырманың мазмұны болады. Нақ осы оқу әрекетінің мазмұны арқылы мұғалім мектеп оқушыларының ойлау әрекеттеріне педагогикалық басшылықты бағдарлай алады. Қоғамның күнделікті мектепке қояр талабы қатты күшею үстінде. Оқу бағдарламасы ұдайы күрделеніп, қиындауда, білімнің меңгерілу қарқыны артуда. Осы жағдайларда әсіресе өткір болып тұрған мәселе-оқушылардың оқыту тиімділігін арттыру мәселесі. Сондықтан да, оқушыларды терең талдауға, ұғынуға, алған білімдерін ой елегінен өткізіп, оны қолдануға үйрету қабілеттерін дамыту маңызды да, шешілуі күттірмейтін жайт болып отыр.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық процестерінің бағалануы туралы проблеманы бастамас бұрын, осы аталған жас кезеңіне, қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік.

Мектепке келісімен-ақ бала, бірте-бірте қоғамдық қатынастар әлеміндегі өзінің орнын саналы сезіне бастайды. Бұл өзін оқыту әрекетінің субъектісі ретінде сезінумен тікелей байланысты. Жаңа әлеуметтік ортаға түсе отырып бала өзінің, ерекше орнына ие болуға тырысады, өзіне жаңа әлеуметтік рөлді алуға икемделеді, өзі секілділермен қарым-қатынасқа түсуді ойластырады. Мұндағы ең маңызды жайт: бала тек мектеп оқушысының рөлін ғана қабылдап қоймай, оқушының рөлін, бағытын ұстануы тиіс.

В.И.Слободчиков және Г.А.Цукерман былай деп есептейді: «бастауыш мектеп кезеңінің аяғындағы психикалық дамудың нормасы болып оқушының позициясының құрылуы» есептеледі және бұл позиция авторлар пікірінше оқушының «өзінің білмейтіндігін мойындауы» және ересектерден көмек алуға дайын тұруы сияқты әрекеттермен сипатталады [1, 21б.].

Баланың өзіндік сана-сезімінің өзгеруімен қатар, оның құндылықтары, қызығушылығы және мотивтері де өзгеріске ұшырайды. Енді бала эмоция, қайғыруларын қатты сезінеді әрі жақсы есінде сақтайды. Бұл эмоция мен қайғырулар баланың өзін-өзі бағалауын дамытуға тікелей әсер етеді. Баланың ішкі және сыртқы өмірін дифференциялауы жүзеге асады да, тікелей мінез-құлқына, тәртібіне ықпал етеді.

Сонымен, кіші бастауыш мектеп кезеңінде оқу әрекеті жетекші роль атқарады. Оқу әрекеті күрделі құрылымды және қалыптасудың ұзақ жолынан тұрады. Оның негіздері оқудың алғашқы жылдарынан-ақ қаланады. Мектептегі оқыту ересектермен баланың қатынастарының жаңа жағымен, ереже-қағидаларды қадағалау, ғылыми түсінік ұғымдарды қабылдаумен сипатталады.

Бұл кезеңдер баланың оқу әрекетінің өзіндік ерекшелігі секілді психикалық функциялардың, жеке құрылымдар мен ерікті мінез-құлықтың дамуына ықпалын тигізеді. Кіші бастауыш мектеп кезеңінде негізгі психикалық функция ретінде-ойлау процестерінің даму, қайта құрылуымен байланысты ойлау қалыптасады. Кіші бастауыштың бастапқы кезеңінде қабылдау жеткілікті ерекшеленіп дами қоймайды. Сондықтан да бала, жазылуы ұқсас әріптер мен сандарды шатастырады. Дегенмен, заттар мен суреттерді мақсатқа бағыттай отырып қарастырады, бастауыш мектеп кезеңіндегі сияқты ашық, айқын «көзге бірден түсетін» қасиеттер-негізінен түс, көлем, пішін ерекшеленеді.

Осы бастауыш оқушыларының қабылдауы жөнінде, әсіресе өзге адамды қабылдауы туралы әсерлер ерекшеліктерін оқып-меңгеру мақсатында жүргізген Н.И.Бабичтың зерттеулерін айта кетуге болады. Автор ойынша: «осы жаста, өзге адамды қабылдау және түсіну заттағы негізгіні бөліп ала алмау, эмоционалды болу, негізгі фактілерге сүйену, себеп-салдарлы қатынастарды анықтаудың қиындығымен сипатталады». Аталған эксперимент нәтижелері кіші бастауыш мектеп кезеңінің соңына таман ғана таныс емес адамдарды қабылдау жанама-ситуативті болатындығын көрсетеді [2, 366.].

Бұл мәліметтер белгілі «өзгенің қасиеттерін сезіну - өзінің өзіндік «менінің» сезінуінің бастапқы кезеңі» деген, - пікірге дәлел ретінде болады. Ес екі бағытта дамиды: ерікті, мазмұнды. Балалар ойын түрінде берілген, қызығушылық туғызатын оқу материалын еріксіз есте сақтайды. Әрі бір уақытта мақсатты түрде қызықсыз материалды да ерікті есінде қалдырады. Кіші бастауыш оқушыларына жақсы механикалық ес тән болады. Бала оқу материалын ұғына отырып, оны түсінеді, әрі сол бір уақытта есте сақтайды, осылайша, интеллектуалды жұмыс сол бір уақытта мнемоникалық әрекетте болады, ойлау мен мазмұнды ес ажырамастай байланысты болады.

Бастауыш оқушылары қызықты емес әрекеттерге зейіндерін шоғырландыруға қабілетті болып келеді, бірақ оларда еріксіз зейін басымырақ болады. Зейін көлемдері онша үлкен еместігімен, тұрақсыздығымен ерекшеленеді - олар бір іске мән беріп, зейін қойып азғана уақыт айналыса алады, зейіннің бөлінуі қиынға түседі, оқу тапсырмасының бірінен екіншісіне ауысу ауыр болады. Баланың ерікті зейіні бірте-бірте қалыптасады.

Жоғары, жақсы бағаларды алу мотиві, ниеті бүкіл әлеуметтік мотивтердің ішінде басты, маңызды орынды алады. Жоғары, көтеріңкі бағалар сыныпта белгілі бір статусты қамтамасыз етеді, ата-аналар тарапынан мақтаудың болуына кепілдік болады, әрі мұғалімнің жақсы қатынасына қол жеткізіледі, көптеген авторлар пікірінше, осы жас кезеңіндегі «маңызды» нәрсе болып табылады.

Ал өзге оқытудың әлеуметтік мотивтері-жауапкершілік, міндет, білім алу қажеттілігі - А.Н.Леонтьев айтуынша, білегін мотивтер болады және тәртіпті, мінез-құлықты шынайы жетілдіруге қабілетсіз болады.

Мұғалімнің қатынасын алынған бағалар өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына әсер етеді. Өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы тек қана оқу үлгеріміне ғана тәуелді емес және сыныппен қарым-қатынас ерекшеліктеріне де байланысты. Мұнда отбасында алған тәрбиенің үлкен маңызды әсері болады. А.Н.Леонтьев танымдық процестердің ішіндегі ойлаудың маңыздылығына өте жоғары баға бере келе былай дейді: «Ойлау - адам танымының ең жоғарғы баспалдағын құрайтын, объективті шындықты бейнелейтін процесс» [3, 114б.].

Жалпы әлеуметтік-психологиялық бейімделу белсенді икемделу процесін білдіреді, ал физиологиялық бейімделу автоматты түрде жүзеге асады. Шындығында, біздер жарық бөлмеден қараңғы бөлмеге көшкенде, ештеңе көрмейміз, бірақ біраз уақыттан соң адамдар мен заттарды ажырата бастаймыз. Біздің көзіміздің сезгіштігі жоғарылап артады және ол жаңа жағдайларға бейімделеді. Және мұның барлығы біздің тарапымыздан арнайы мақсатты түрдегі әрекетімізден, араласуымыздан тыс жүзеге асады. Әлеуметтік-психологиялық бейімделуде барлығы басқаша болады. Мұнда бейімделу үшін, арнайы күш-жігер жұмсау қажет. Бейімделуге тиісті ортамен қарым-қатынас өзгеше болады. Мұнда адамға орта ғана әсер етіп қоймай, ситуация да әсер етіп өзгереді. Сондықтан да, бала тек қана сыныпқа, мектептегі өз орнына, мұғалімге ғана емес, жаңа өзімен бірге тәрбиеленушілерге де бейімделуі қажет. Мектептегі алғаш келген сәтінің өзі баланың жаңа жағдайларға әлеуметтік-психологиялық бейімделу кезеңі болады.

Бірақ, балалардың барлығы бірдей жаңа өмір сүру жағдайларына нәтижелі түрде еніп кете қоймайды. П.П.Блонскийдің зерттеулерінде балалардың мектепке бейімделуінің 3 кезеңі анықталған. Бұл әрбір кезеңдер үшін қандай сипаттамалар тән болады, соны қарастыралық [4, 176].

Бейімделудің жоғары деңгейі. Бірінші сынып оқушысы мектепке жақсы қарайды, қойылатын талаптарды дұрыс, адекватты қабылдайды; оқу материалын жеңіл меңгереді; бағдарламалық материалды терең әрі жүйелі игереді; күрделенген есептерді шешеді; ұқыпты, нұсқауларды бар зейінділікпен тыңдайды, мұғалімнің айтқанын тыңдайды; сыртқы бақылаусыз тапсырмаларды орындайды; дербес оқу жұмыс орындауға үлкен қызығу байқатады; барлық сабақтарға дайындалады; қоғамдық тапсырмаларды жауапкершілікпен және бар ниетімен орындайды; сыныпта қолайлы статустық орынға ие.

Бейімделудің орташа деңгейі. Бірінші сынып оқушысы мектепке жақсы көзқарасты, мектепке бару оған теріс әсер ете қоймайды; егерде мұғалім оқу материалын толық әрі көрнекілікпен баяндап берсе; жақсы түсінеді; оқу бағдарламаларының негізгі мазмұнын игереді, типтік міндеттерді дербес шешеді; ересектердің нұсқау, тапсырмаларын орындауда зейінді және дербес, бірақ ересек бақылауымен ғана; кейде болады, яғни оған қызық болғанда ғана зейінін шоғырландырады; үй тапсырмаларын және сабақты үнемі орындайды; қоғамдық тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды, сыныптағылардың көбісімен дос.

Бейімделудің төменгі деңгейі. Бірінші сынып оқушысы мектепке теріс немесе атүстірт қарайды; кейде денсаулығына да көңілі толмайды; басылыңқы көңіл-күй үстемдік етеді; тәртіп бұзушылық байқалады; мұғалім түсіндірген материалды фрагментарлы меңгереді; дербес жұмыс істеуі қиын; оқу тапсырмаларын дербес орындауда қызығушылық танытпайды; сабаққа жүйелі дайындалмайды; ол үшін оған үнемі бақылау қажет және мұғалім мен ата-ана тарапынан жүйелі түрдегі еске түсіріп отыру қажет; демалыс үзілістерінде жұмыс қабілеттілігі мен зейінін сақтайды; жаңа міндетті шешуде және үлгі бойынша міндетті шешуде мұғалім мен ата-аналардың едәуір көмегін талап етеді; қоғамдық тапсырмаларды бақылау арқылы, еш құлықсыз, пассивті, яғни енжар орындайды; жақын достары жоқ; сыныптағылардың кейбір бөлігінің ғана аты-жөндерін біледі.

Мектепке бейімделудегі тұлғалық дайындық дегеніміз баланың өзіне-өзінің, өз қабілетіне қарым-қатынасын білдіреді. Егер де бала өзін «мен жақсымын», «менің суретім өте жақсы» десе оған әрі қарай мектепте оқу қиындық келтіреді. Мұндай балалар сабақта қол көтерместен-ақ жауап беріп отырады, бір-бірін бөледі. Оларға тапсырма орындау берілсе, олар тек мұғалімнің үздіксіз нұсқауымен орындап отырады, қалған уақытта басқа іспен шұғылданады, сыныпта не болып жатқанынан бейхабар болады, тәртіп бұзады. Мұның барлығы олардың оқу іс-әрекетіне нұқсан келтіреді, әрі өзге оқушыларға кедергі жасайды. Мұндай балалар өзіне-өзі жоғары баға бере отырып, сын-ескертпелерге ренжиді, сабақ қызықсыз, ал мұғалім-жаман немесе қатал деп кінә тағады.

Бастауыш мектеп оқушысының жемісті, нәтижелі оқуына оның жаңа мектеп өміріне, сабақтарға, «жауапты» тапсырмаларға ұмтылысы үлкен себеп болады. Егер де бала өзі қаламаса, оны бір нәрсеге үйрету қиындық келтіреді. Оқуды қалау ниеті бала бойында ересектердің ықпалымен пайда болады, әрі бұл бала өмірінде жаңа кезең, есею кезеңі болып табылады. Бұл кезеңнің дамуына әрі өзге балалардың қарым-қатынасы, олармен теңесу ниеті де әсер етеді. Нәтижесінде, бала бойында оқушының ішкі бағдар-тұрқы қалыптасады. Алғашқыда балаларды мектеп өмірінің сыртқы атрибутикасы - яғни, түрлі-түсті сумкалар, әдемі қораптар, ручка, қалам тағы басқа қызықтырады. Балада жаңа әсер алуға, жаңа жағдайға, жаңа достармен кездесуге қажетсіну қажеттілігі пайда болады. Содан кейін барып, оқығысы келу ниеті пайда болады, жаңа бір нәрсені білгісі келеді (әрине жақсы бағалар) және айналадағылардан мақтау күтеді. Баланың

ересек болғысы келу, мектеп оқушысы болғысы келуге ұмтылуы оның мектептегі міндеттерге жауапты қарым-қатынасын дамытады: бала енді оған қызықты ғана тапсырмаларды орындап қана қоймай, әрі кез-келген оқу жұмысын орындайтын болады.

Баланың мектепте оқуға бейімділігін арттыруда оның мұғалімге, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынасының алатын орны зор. М.И.Лисинаның пікірінше, ересектер бала үшін үлкен бедел көзіне айналуы тиіс [5, 85 б.].

Аса көрнекті психолог Д.Б.Эльконин көптеген жылдар бойына бастауыш сыныптың мұғалімі болып қызмет еткен. Ол былай деп еске түсіреді: бірінші сыныпқа келген балаларды алғашқы сабақтарда 4 дөңгелек салуды өтінген оның үшеуін сары, ал біреуін - көк түспен бояу тапсырылған. Балалар түрлі түспен бояған. «Осылай қызық» деп айтқан. Бұл бақылау балалардың мектепте оқуға әлі дайын еместігін және мектеп ережелері бала мінез-құлқының ережелеріне айналмағандығының куәсі. Және бұл балалармен әлі де жұмыс істеу керек болады [6, 13 б.].

Кішкентай ғана оқушы үшін барлық нәрсе қиын, яғни сыныптағы оқушыны қарапайым тыңдаудан бастап, оның іс-әрекет нәтижесін бағалауға дейін. Мұндай қарым-қатынас үшін белгілі бір дайындық қажет. Қарым-қатынасқа түсе алу шеберлігі мектеп жасына дейінгі балаға өз құрбылары, ересектермен дұрыс қарым-қатынасты құрай алуға көмектеседі, ал қарым-қатынас тәжірибесі-баланың өз әрекеті мен қылықтарына жауапкершілікті дамытады. В.С.Мухинаның пікірінше, дамыған жауапкершілік сезімі балаға мектептегі өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауға негіз болады, көмектеседі [7, 63 б.].

Сонымен, баланың мектепке бейімделуінде барлық факторлар маңызды. Яғни, ересектер тарапынан қойылатын талаптардың орындылығы, қажетті жағдайлардың жасалуы тағы басқа мәселелердің барлығы маңызды. Ата-аналардың мұғалімдермен, мектеппен тығыз өзара байланысты жұмысы осы бейімделушіліктің орнығып, нығаюына да берік негіз болады. Баланың мектептегі алғашқы күндері аз немесе көп уақыттың бейімделуге байланысты. Осы кезеңде оның психикасы ауырлықты сезінеді: яғни, кенеттен өмір салты өзгереді, ата-ана мен мұғалімдер тарапынан қойылатын талаптар артады және сапалы түрде күрделенеді.

Осыған орай белгілі бір бейімделудегі қиындықтар туындауы мүмкін. Қазіргі уақытта көптеген мұғалімдер бейімделу кезеңін психологиялық-педагогикалық талдаудың мақсаты мен мүмкіндіктерін біле бермейді. Білікті мұғалім дезадаптацияның дамуына жол бермейді, бейімделудегі қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Бірінші сыныптағы бастапқы кезең баланың мектепке бейімделуі үшін қолайлы жағдай жасауы тиіс. Бейімделу кезеңінің міндеттері барлық білім беру жүйелері үшін бірдей. Жеке тұлғаның дамуының маңызды факторларын сөз еткенде және бұл процестерді тәрбиенің орны ерекше екенін баса айтқанда, адамды қоршаған орта мен тәрбиенің әсерінің пассивті объектісі деп қарастыруға болмайды. Кей кездерде қолданылатын педагогиканың «дәрменсіздігі» деген сөздің астарында тәрбие туралы кейбір еңбектерде балаға сыртқы педагогикалық әсерлердің әр түрлі формалары мен әдістері туралы айтылып, осы әсерлердің арқасында пайда болатын баланың ішкі дүниесі ескерілмей келетіні туралы мағына жатыр. Жеке тұлға өзінің қалыптасу барысында өзіндік дамуының объектісі ғана емес, сонымен қатар субъектісі де екенін ескеру керек.

Осының нәтижесінде, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында көрініс табатын барлық әсерлер мен ықпалдар екі топқа-ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Қоршаған ортаның әсері мен тәрбие жеке тұлғаның дамуының сыртқы факторларына жатады. Табиғи әсерлер -бейімділік пен әуестік, сонымен қатар, адамның сезімдері мен күйзелістері, оның сыртқы әсерлердің ықпалымен пайда болатын сылтаулары мен қажеттіліктері - барлығы ішкі факторларға жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың өзара байланысының нәтижесі болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Слободчиков В.И. Вопросы теории и диагностики психического развития. Вопросы психологии. 1982, 29б.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. СПб, 2003, 440 б.
3. Леонтьев А.Н. Мотивы, эмоции и личность. Психология индивидуальных развятий. Тексты. -М, 1982, 244 б.
4. Блонский П.П. Психология младшего школьника. -М, Воронеж, 1997, 165б.
5. Лисина М.И. Формирование личности ребенка в общении. СПб.: “Питер”, 2009
6. Эльконин Д.Б. Введение в психологию развития. -М, 1994, 179б.
7. Мухина В.С. Возрастная психология. Феноменология развития. –М., 2006, - 608 с.

**ӘӨЖ-37.035**

### **ВЛИЯНИЕ МОТИВАЦИОННЫХ ФАКТОРОВ НА УЧЕБНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТАРШЕКЛАСНИКОВ**

**Имамбекова Г.С., Нуржанов Н.  
ТарГУ им. М.Х.Дулати**

Мотивация является одной из фундаментальных проблем в современной психологии. Ее значимость в психологии связана с анализом источников активности человека, побудительных сил его деятельности, поведения. Ответ на вопрос, что побуждает человека к деятельности, каков мотив, «ради чего» он ее осуществляет, есть основа ее адекватной интерпретации. В самом общем плане мотив - это то, что определяет, стимулирует, побуждает человека к совершению какого-либо действия, включенного в определяемую этим мотивом деятельность.

В разные периоды развития психологии проблема мотивации рассматривалась такими учеными, как Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, М.Аргайл, В.Г.Асеев, Л.И.Божович, К.Левин, А.Н.Леонтьев, З.Фрейд и др. Активная разработка мотивации связана с исследованием таких проблем, как система отношений человека, соотношение смысла и значения, интеграция побуждений и их смысловой контекст, направленность личности и динамика поведения, ориентировка в деятельности и т.д.

В психологии мотивация рассматривается как сложный многоуровневый регулятор жизнедеятельности человека – его поведения, деятельности. Высшим уровнем этой регуляции является сознательно-волевой.

Трактовку «мотива» А. Маслоу соотносит либо с потребностью, либо с переживанием этой потребности и ее удовлетворением [1]. По мнению С.Л. Рубинштейна, это возможно с предметом потребности [2]. Так, в контексте теории деятельности А. Н. Леонтьева, термин «мотив» употребляется не для «обозначения переживания потребности, а как означающий то объективное, в чем эта потребность конкретизируется в данных условиях и на что направляется деятельность, как на побуждающее его» [3].

Наиболее полным является определение мотива, предложенное Л.И.Божович. По его мнению, в качестве мотивов могут выступать предметы внешнего мира, представления, идеи, чувства и переживания, словом, все то, в чем нашла воплощение потребность. Такое определение мотива снимает многие противоречия в его толковании, где объединяются энергетическая, динамическая и содержательная стороны. При этом подчеркнем, что понятие «мотивация» шире, чем понятие «мотив», которая *«выступает тем сложным механизмом соотношения личностью внешних и внутренних факторов поведения, который определяет возникновение, направление, а также способы осуществления конкретных форм деятельности»* [4].

По определению Л.С.Выготского, наиболее широким является понятие «мотивационной сферы», включающее и аффективную, и волевую сферу личности, переживание удовлетворения потребности. Мотивационная сфера или мотивация в широком смысле слова с этой точки зрения понимается как стержень личности, к которому «стягиваются» такие ее свойства, как направленность, ценные ориентации, установки, социальные ожидания, притязания, эмоции, волевые качества и другие социально-психологические характеристики [5]. Таким образом, можно утверждать, что, несмотря на разнообразие подходов, мотивация понимается большинством авторов как совокупность, система психологически разнородных факторов, детерминирующих поведение и деятельность человека.

Исследования последних лет иллюстрирует, что структура мотивационной сферы является не застывшей, статической, а развивающимся, изменяющимся в процессе жизнедеятельности образованием.

Мотивация – это движущая сила учения. Успех в любой деятельности зависит не только от способностей и знаний, но и от мотивации (стремление работать и достигать результатов).

Формируя мотивы, нужно исходить из того, что в центре индивида находится «Я - концепция», т.е. представление человека о самом себе. Мотивы и установки не всегда подчиняются рациональной логике, но они играют исключительную роль в формировании человека, его учебных навыков, а так же успешности в учении.

Основными функциями мотивов учения являются побуждающая, организующая, смыслообразующая, утилитарная, защитная формы самовыражения. Мотивы могут расширяться, исчезать, перестраиваться, активизироваться, снижаться. Обеспечение мотивации – это стимулирование постоянной высокой мотивации обучаемых, подкрепляемой активными формами работы, высокой наглядностью, своевременной обратной связью. Мотивация учебной деятельности и активности старшеклассников зависит не только от интенсивности внутренних личностных мотивов, но и от требований, установок, рекомендаций педагогов и других ситуативных факторов. Одним из важнейших направлений побуждения обучающегося к учебной деятельности в школе является стремление педагога организовать процесс учебного труда интересным и увлекательным через творческие уроки.

Общее системное представление о мотивационной сфере человека позволяет исследователям классифицировать мотивы. Как известно, в общей психологии виды мотивов и мотивации деятельности разграничиваются по разным основаниям в зависимости:

- 1) от характера участия в деятельности;
- 2) от времени протекания деятельности;
- 3) от социальной значимости;
- 4) от факта включенности в саму деятельность.

Одной из проблем оптимизации учебно-познавательной деятельности учащихся является мотивация учения. Это определяется тем, что в системе «обучающий – обучаемый» учащийся является не только объектом управления этой системы, но и субъектом учебной деятельности.

Учебная мотивация определяется как частный вид мотивации, включенный в определенную деятельность, - в данном случае деятельность учения, учебную деятельность. Как и любой другой вид, учебная мотивация определяется рядом специфических для той деятельности, в которую она включается, факторов. Во - первых, она определяется самой образовательной системой, образовательным учреждением; во – вторых, - организацией образовательного процесса; в – третьих, - субъектными особенностями обучающегося; в – четвертых, - субъективными особенностями педагога и, прежде всего, системы его отношений к ученику, к делу; в – пятых – спецификой учебного предмета.

В этой связи существенно, что в работе А.К.Маркова специально подчеркивает эту мысль: «...Мотивация учения складывается из ряда постоянно изменяющихся и вступающих в новые отношения друг с другом побуждений (потребности и смысл учения для учащихся, его мотивы, цели, эмоции, интересы). Поэтому становление мотивации есть не простое возрастание положительного или усугубление отрицательного отношения к ученику, а стоящее за ним усложнение структуры мотивационной сферы, входящих в нее побуждений, появление новых, более зрелых, иногда противоречивых отношений между ними» [6].

Применительно к учению, А.К.Маркова подчеркивает иерархичность ее строения. Так, в нее входят: потребность в учении, смысл учения, мотив учения, цель, эмоции, отношение и интерес.

Необходимым условием для создания у учащихся интереса к содержанию обучения и к самой учебной деятельности считается возможность проявить в учении умственную самостоятельность и инициативность. Чем активнее методы обучения, тем легче заинтересовать ими учащихся. Основное средство воспитания устойчивого интереса к учению – использование таких вопросов и заданий, решение которых требует от учащихся активной поисковой деятельности.

Большую роль в формировании интереса к учению играет создание проблемной ситуации, столкновение учащихся с трудностью, которую они не могут разрешить при помощи имеющегося у них запаса знаний; сталкиваясь с трудностью, они убеждаются в необходимости получения новых знаний или применения старых в новой ситуации. Интересна только та работа, которая требует постоянного напряжения. Легкий материал, не требующий умственного напряжения, не вызывает интереса. Преодоление трудностей в учебной деятельности – важнейшее условие возникновения интереса к ней. Трудность учебного материала и учебной задачи приводит к повышению интереса только тогда, когда эта трудность посильна, преодолима, в противном случае интерес быстро падает.

Учебный материал и приемы учебной работы должны быть достаточно (но не чрезмерно) разнообразны. Разнообразие обеспечивается не только столкновением учащихся с различными объектами в ходе обучения, но и тем, что в одном и том же объекте можно открывать новые стороны. Один из приемов возбуждения у учащихся познавательного интереса – «отстранение», т.е. показ учащимся нового, неожиданного, важного в привычном и обыденном. Новизна материала – важнейшая предпосылка возникновения интереса к нему. Однако познание нового должно опираться на уже имеющиеся у школьника знания. Использование прежде усвоенных знаний – одно из основных условий появления интереса. Существенный фактор возникновения интереса к учебному материалу – его эмоциональная окраска, живое слово учителя.

Таким образом, формирование мотива и мотивации старшеклассников к учебной деятельности станет основой для их обучения в средних специальных и высших учебных заведениях.

#### **Литература**

1. Маслоу А. Мотивация и личность. - М., 1984.
2. Рубинштейн С.П. Основы общей психологии. - СПб Питер, 1999.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1987 – 304 с.
4. Божович Л.И. Изучение мотивации поведения детей и подростков / Под ред. Л.И.Божович и Л.В.Благонадежной. – М., 1982.
5. Выготский Л.С. Психология. под ред. В.В. Иванова, 3-е изд.М.: Искусство, 1996 -573с.
6. Маркова А.К. Формирование интереса к учению у учащихся.- М., 1994 С.17.

## ЖАҢАША ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ МЕКТЕП ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Сейдалиева Г.Ш., Нуридин Ж.Б.

Тараз қаласы, ТарМПУ, «Психология және акмеология» кафедрасы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға және біліктілікті шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа әдістерін енгізу, білім алуды ақпараттандыру, ғаламдық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін әрі дамыту міндеттері көзделіп отыр.

Жалпы білім беру мазмұнын жаңартудың ғылыми негізінде оқушыны белгілі бір білім, білік дағдыларын, жас ерекшеліктеріне байланысты өз күшін жұмсап, еңбектенетін бала қалыптастыру ең маңызды мәселе.

Сондықтан да мектептегі оқу үдерісінің негізгі мақсаты - әртүрлі педагогикалық әдіс - тәсілдермен жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділіктерін қалыптастыру болып саналады. Ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау – оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс - әрекеттің нәтижесі болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларының принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін - өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты жетік маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. [1.9 б].

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан- 2050» бағдарламасында «Білім беру жүйесінің басты міндеті- тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық, құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетті.

XXI ғасырдың мұғалімдеріне қойылатын талап көп. Мұғалім өз ісінің шебері болуы тиіс. Өз ісін жетік меңгерген, біліктілігін жетілдіріп үнемі жаңашыл бағытта ізденіс үстінде болуы керек. Қазіргі таңда бізден сапалы білім сұрайды. Ал сапалы білім болу үшін мұғалім әр сабағын қызықтыра өткізіп, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуі қажет. [2.3 б].

А. Байтұрсынов «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» деп ерекше айтқан екен. Бүгінгі заманға сай жаңа әдістер бала бойындағы даму үдерісін жан - жақты арттыруға үлкен көмегін тигізеді. Оқыту үдерісінде алдымен оқыту мақсаты, оқыту мазмұны, сабақ құрылымы мен формалары өзгереді. Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңестігінде өнуге бағыт алуа. Білім беру парадигмасы өзгерді, басқаша қарым - қатынас жаңа көзқарас пайда болды. Білім мазмұны жаңа үдерістік біліктер мен ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарықтық жағдайдағы білім бағдарламаларының нақтылануымен өзгере түсті. Бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетінің педагогикалық шарттарын меңгеруі, бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі. Мұғалімнің өнері, оның өз сабағының композициясы мен оқу- танымдық міндеттерін шешумен бірге қарастыратын, оқушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастырып, мектеп өмірінде оқушылармен қарым- қатынасынан көрінеді. Қазіргі таңда жаңаша



білім беру, заман талабына сай жұмыстануға мүмкіндік беріп отырған Кембридж бағдарламасы.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу - тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз - мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік - педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс - әрекеттің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған. Педагогикалық технология терминінің анықтамаларын көптеген авторлар өз түсінігі мен өз санасында қалыптасқан көзқарастарын қалыптастырған:

- «Технология» - қалыпты өзгерту, өңдеу әдістері, өнері, шеберлігі, іскерлігі жөніндегі ғылым жиынтығы. (В. М. Шепель)

- «Педагогикалық технология» - жоспарланған оқыту нәтижелеріне жету процесін сипаттау болып табылады. (И. П. Волков)

- Педагогикалық технологиялардың даму сатыларын жан - жақты қарастырып зерттеген ресейлік ғалымдар – Ф. А. Фрадкин, Е. Ю. Рогачева, Л. И. Богомолова,

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;

2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;

3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;

4. Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.

5. өзін - өзі тексеруге дағдыланады.

6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.

7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады. [3.85 б].

Білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын

менгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40 - астам түрлері бар.

Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр.

#### *Модульдік оқыту технологиясы*

Модуль – белгілі бір жүйенің өзіндік бөлшегі (С. И. Ожегов). Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі – тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыруға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. Бұл технология тұлғаның даму ерекшеліктері туралы психологиялық ғылым мәліметтеріне, тұлғаның қызығушылық аясын дамытуға, тұлғаның танымдық құрылымын дамыту ерекшеліктеріне негізделген.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Бастауыш мектеп- оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар: баланы оқи білуге үйрету; баланы ойлауға үйрету; баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау. [4.7 б].

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті-оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы:

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан ерекшеліктері:

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс/ .
- Негізгі үш кезеңінің маңыздылығы.
- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс- тәсілдерін қолданамын:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/

- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/

- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/

- Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/

- Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы

- Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/

- Өлең шұмақтарын құрастыру / 5 жолды өлең/

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модулдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым тандауға, шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу.

Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы әдіс-тәсілдер білімді меңгерудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт.

Әр оқушыда өзін – өзі дамыта, жетілдіре бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету, дамудың ең биік шыңына жету болып табылады. Яғни, ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды білу қажет:

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
2. Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.

4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.
5. Кейбір оқушылардан жауабының, сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:

- Сабаққа қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- Жеке қабілеті айқындалады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді;

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Өз іс-тәжірибемде жаңа технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. [5.3].

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келгенде, қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялар ойлауды дамыту, қабілетті қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Иманбекова Б., Әбдіреймова К, Сабақ – оқытудың негізгі формасы. А., 2003.
- 2 Садыбекова Ж. Оқу–тәрбие үрдісінде ақпараттық- коммуникациялық - технологияны қолдану қажеттілігі» .№4-2008 жыл
- 3.«Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың ролі мен маңызы» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары (30 сәуір 2008 жыл)
- 4.Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. – 2006. - №5.
- 5.Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері / К.Абдрахманова // Бастауыш мектеп. – 1989. - №9.

## **БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ**

**Сатбаева М.Д.**

**Шайқорық орта мектебі, Тараз қ.**

Қазіргі заман мектептерінің басты міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие жұмыстарын бірегей жүзеге асыру үрдісінде оқушылардың интеллектуалдық – шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТны қолдану, коммуникативті қарымқатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану. Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігінің артуы мектептегі оқу-тәрбие процесіне жаңаша тұрғыда қарап, оны оқушының білім, білік, дағдыны меңгеру ғана емес, танымдық-шығармашылық іс-әрекет және интеллектуалдық, шығармашылық процесс ретінде қарастыруды міндеттейді.

Еліміздегі болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру саласындағы міндеттерді орындауды жаңаша сипатта қарастыра отырып, қол жеткен жетістіктерге сын көзбен сараптау және оны бағалауда озат технологиялар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуды басты назар етіп алады. Шығармашылық қабілетті дамыту мен оның табиғаты, мәні мен мазмұнын түсінуге байланысты ой-пікірлер тамырын тереңге бойлайды. Оның маңыздылығы жөнінде қазақ ғұлама ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б. еңбектерінде терең қарастырылған.

Жалпы адам баласы өзінің тума табиғатында қабілетсіз болмайды. Біреулердің қабілеті жоғары, екінші біреулердің қабілеті орташа, төмен болады. Өз қабілетіне сай маман иелері өмірде көздеген мақсаттарына қол жеткізе алады. Дарын иесінің өз қабілеті арқылы жасаған жұмысы көпшілік тарапынан өте жоғары, орташа немесе төмен қабылдануы мүмкін. Бірақ адам жасаған жұмысы арқылы өзін көрсетеді.

Қабілеттілікті ұғымының мәні мен мазмұнын анықтауда интеллектуалдық, шығармашылық, талант, данышпандық, танымдық белсенділік ұғымдары маңызды болып табылады.

Шығармашылық - өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін, жаңа нәтиже алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктілікті, мотивтің болуы.

Талант - қабілеттіліктің жоғары деңгейі. Ол суретшінің, өнертапқыштың, ғалымның және кез келген істі шығармашылықпен шешуді талап ететін өзге де мамандық иелерінің өзгешелігімен, түпнұсқалылығымен ерекшеленетін еңбектерінің болуымен сипатталады.

Данышпандық - қоғам өміріне тарихи маңызы бар, шығармашылықпен сипатталатын қабілеттіліктің жоғары деңгейі. Данышпан адам өз ісінің аумағында жаңа ғасыр тудырады. Әрине, бұл ұғымдар, жеке адамдық қасиеттер өзара бір-бірімен тығыз байланыста пайдаланылады.

Қабілетті оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты - олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру, ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Қабілеттілікті қасиет баланың шығармашылығы мен интеллектуалдық дәрежесіне, танымдық белсенділігімен тығыз байланысты. А.М.Матюшкин қабілеттіліктің құрылымы шығармашылықты және адамның шығармашылық дамуын сипаттайтын негізгі құрылымдық элементтермен ұқсас деп санайды. Шығармашылық әлеует пен танымдық белсенділік қабілеттіліктің дамуының негізі. Қабілеттіліктің құрылымдық компоненттері деп мыналарды жатқызуға болады:

- қабілеттер жиынтығы;
- танымдық белсенділіктің жоғары болуы;
- танымдық мотивацияның үстем болуы;
- ой дербестігіне иелік;
- шығармашылық таным мен зерттеу жұмыстарына ұмтылыстың болуы;
- болжай білу мен алдын-ала сезу, білу мүмкіндігі;
- қызығушылықпен бастаған ісіне саналылық пен жауапкершілігі басым;
- жоғары эстетикалық өнегелік және интеллектуалдық бағасы бар
- жоғары өлшеуіштерді құру қабілеттері және т.б.
- қабілеттілікті ең жоғарғы деңгейі - данышпандық.

Қабілетті балаларда оның құрбыларына қарағанда шығармашылық деңгейі, көрнекті қабілеттілігі және мотивтік-қажеттілік ортада белгілі бір мақсатқа ұмтылуы, онда жігерлілік, әрекетшілдік көрсетуі басым болады. Осындай қасиеттер қабілеттіліктің механизмі десе болады.

Шығармашылық - баланың танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде туындайды. Кез-келген шығармашылық әрекет негізінде: болжау алдын-ала білу, қорытындысын білу, сезу сияқты әрекеттер жүзеге асады.

Оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді әдіс - тәсілдермен дамыту мұғалімнің шеберлігі мен біліктілігіне байланысты. Мұғалім оқу мазмұнын түсіндіруде оқушы санасына «ұғыну», «ой операцияларын» меңгертеді және оқушыны танымдық белсенділігі мен өздігінен білім алу жолдарына қалыптастырып, оларға бағыт беріп, жолдарын көрсетуі керек. Қарама-қарсы нәрсені салыстыра алушылық, түсініксіз жағдайды таба білушілікпен өз бетімен жұмыс істеуге оқушы үйренеді.

Оқудағы белсенділік оқып-үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынтаның пайда болуымен, назар мен ой-сана операциясының бағыттылығымен (талдау мен синтез, салыстыру мен салмақтау т.б.) оқып жатқан материалды түсінуімен бейімделінеді.

Оқушының жаңаны қабылдауы, негізінен, мұғалімнің сабақты жүйелі түрде жүргізуіне байланысты. Оқушылардың жаңа материалды қабылдауына негіз болатындай даярлық жұмыстарының жүргізілуі олардың оқу-танымдық қызметін дұрыс, әрі нақты әрекеттер негізінде іске асыруға мүмкіндік береді. Баланың өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі) негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі, әрі жемісті болады.

Білім беруде заман талабына сай жаңа педагогикалық технологияларды ендіре отырып, оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, субъект-субъект қатынасын қалыптастыру, жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларына білімнің эмпирикалық деңгейден теориялық деңгейдегі білім алу әдіс-тәсілдерін меңгеру процестері басты назарға алынуда. Осы орайда, әр оқушыға тән даралық - интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту сияқты мәселелер бірте-бірте шешілуі тиіс.

Оқу материалын жақсы меңгеру және шығармашылық қабілет – қабілеттіліктің айқын белгілері. Сұрақ қоя білу, тапқырлық, кітаппен жұмыс, құбылысты бақылау, талдау, болжам құруға тапыну сияқты біліктері қалыптасады, пікірін ерекше етіп айту ерекшеліктері шығармашылықпен тығыз байланысты болып келеді.

Қабілетті баланың тағы бір ерекшелігі – ой еңбегінің бейімді келуі. Білімді, жаңа материалды игеруге ұмтылуда, яғни, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырудағы

серпін күшті келеді. Олар қиын және ұзақ уақыт орындалатын тапсырманы қуана орындайды, жауаптың басқа нұсқаларын да іздейді.

Бүгінгі таңда мектептер алдында еліміздің интеллектуалдық және шығармашылық потенциалын өсіру міндеті тұрғандықтан, талантты, қабілетті оқушыларды танып, оқыту мәселелері кезек күттірмей шешілу қажет. Ол үшін, әрине, ең алдымен, қабілетті балаларға арналған оқу құралы мен бағдарлама, екіншіден, кәсіптік деңгейі жоғары білікті маман, ал үшіншіден, олардың бәрі қабілетті балалардың мәселелерді шешуге бағытталған ақыл-ой әрекеттерінің жүйесіне үйретуі тиіс. Бұлардың барлығы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған «әдістемелік кешен» жүйесі жасалғанда мүмкін болады.

Жалпы, теориялық, шығармашылық ойлауын дамыту мақсатында арнайы оқу бағдарламасын жасау, типтік оқу жоспарын құру, жаңа технология мүмкіндіктерін пайдалану, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік бақылаулар жүргізудің арнайы әдіс-тәсілдері мен теориялық білім алу жолдарын арнайы дайындаған мұғалім ғана оқу процесін тиімді ұйымдастыра алады.

Қабілетті балалардың теориялық ойлауын дамытуда олардың «жанашылдық сезімдерін» ұштау, «шығармашылық қабілеттерін» дамыту, «соны шешімге» келудің психологиялық және логикалық жолдарын, олардың ерекшеліктерін үйретудің маңыздылығы зор. Мұғалім тұлғасы кез-келген оқытудың жетекші факторы болып саналады. Б. Блум қабілетті балалармен жұмыс жасайтын мұғалімнің 3 түрлі типін анықтады. Олар: баланың пәнге деген қызығушылығын арттыра алатын мұғалім; баланы орындаушылық техникаға жаттықтыратын мұғалім; жоғары кәсіби деңгейге апаратын мұғалім.

Шығармашылық қабілеті бар бүлдіршіндердің қарым-қатынаста қиындықтары болатынын, әлеуметтік біліктілігінің деңгейі төмен екендігін көрсететті. Осылайша, зеректілік-әлеуметтік бейүйлесімділіктің бары жөнінде айтуға болады, бұл ақыл-ой дамуының биік деңгейімен және жеткіліксіз қалыптасқан, не сыналған әлеуметтік дағдыларының болуымен сипатталады. Қабілетті шығармашыл оқушының тұлғалық өріс ерекшеліктерінің қалыптасуы, белгілі бір әлеуметтік жағдайлардың ықпалымен, атап айтқанда; отбасы тәрбиесінің, мектептегі оқыту жүйесіндегі түрлері мен әдістерінің, сондай-ақ, құрдастары арасындағы ережелер мен дағдылардың сипатымен жүреді. Қабілетті баланың даму ерекшеліктерінің және әлеумет тарапынан оған қойылатын талаптардың арасындағы сәйкессіздіктің салдарынан, қабілетті бүлдіршіннің әлеуметтенуге келгенде, бейімделуге қиындықтары туындайды, бұл оның жоғарғы психикалық-жүйке қиналысын, күйгелектілігін туғызып, әлеуметтік теріс бейімделуі мен агрессивтілігіне апарып соқтыртады.

Қабілетті оқушының бойындағы шығармашылық қабілетін дамытып, өзіндік мүмкіндігін аша алатын, оқытып, тәрбиелейтін мұғалімнің бойында, ең алдымен, қабілеттілікті белгілері, яғни қабілеті, таланты болуы міндетті. Қабілетті оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің қасиет ерекшеліктерінің белгілері төмендегідей:

- мейірімділік, сезімталдық;
- қабілетті балалардың психологиялық ерекшеліктерін байқау, қызығушылығы мен қажеттілігін сезіну;
- интеллектуалдық дамудың жоғары деңгейінің болуы;
- қызығушылығы мен білік, дағдының жан-жақтылығы;
- мінездің белсенділігі;
- өзінің көзқарасын өзгертуге даяр және үнемі өзін-өзі дамыту;
- шығармашылық немесе қалыптан тыс жеке көзқарас;
- эзіл-қалжыңға бейімділігі.

Қорыта айтқанда, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін оқу процесі және мұғалімнің жеке тұлғасын ұйымдастырудың үлкен мәні бар. Яғни, білім

беруші мен білім алушы екеуінің арасындағы дидактикалық үдерістің барлық аспектісі педагогикалық тұрғыдан зерттелуі тиіс. Қабілетті балаларды теориялық деңгейде оқыту үшін арнайы бағдарлама мен білікті мұғалім қаншалықты қажет болса, соншалықты оқу-танымдық қызметін шебер ұйымдастыруға болатыны сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Жарықбаев Қ.Б. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы: Қітап, 1992. – 196 б.
- 2 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие (қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие). – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.
- 3 Қалиева С.И., Нарикбаева Л.М. Подготовка будущего учителя к работе с одарёнными детьми. Методическое пособие. – Алматы: АГУ им. Абая, 2001. – 65 с.
- 4 Шадриков В.Д. Психология деятельности и способности человека. 2-е изд. перераб. и доп. – М., 1996. – 557 с.
- 5 Матюшкин А.М. Развитие творческой активности школьников. - М: Педагогика, 1991. - 155 с.
- 6 Әбдікәрімов М.О., Едігенова А.Ж. Қабілетті балалармен жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері. Семей, 2006. -160 б.

### **ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Сейдуалиева А.А.**

**«Жамбыл облыстық мүгедек балаларды оналту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалының дефектологы**

Қазіргі кезде біздің елімізде және шет елдерде қарым-қатынас мәселесіне үлкен назар аударылып отыр. Қарым-қатынас мәселесін қарастыру медицина, арнайы психология, педагогика ғылымдарында өзекті болып келеді. Себебі, қарым-қатынас тұлға дамуына жағдай жасайтын негізгі фактор болып табылады. Көптеген зерттеулердің нәтижесі бойынша, зияттық бұзылыс дамудағы танымдық процесстерді, атап айтқанда қабылдау, тұлғааралық қарым-қатынас, эмоциялық сфераның ауытқуына алып келеді. Қабылдау мен басқа адамның жай-күйін түсіне алмау зияты зақымдалған балаларға тән қасиет, бұл ерекшелік қарым-қатынастың динамикасы мен қызметін өзгертуі мүмкін. (О.К. Агавелян, Д.И. Альраххаль, Д.И. Аугене, Л.С. Выготский, И.И. Мамайчук, Л.М. Шипицына [1-5] және т.б).

Зияты зақымдалған балалардың қарым-қатынасқа түсу ерекшеліктерін анықтамас бұрын, міндетті түрде олардың психикалық жағдайларын анықтап алған жөн. Көмекші мектеп өзінің тәрбиеленушілерін жолдастық, ұжымдық сезімді, өздеріне қамқор ересек адамдарды құрметтеуді, оқуда және еңбекте жеткен табыстарынан ләззат алу және т.б. сезімдерді қалыптастыруға тәрбиелейді. Осы мақсаттарға жету жолында көмекші мектеп алдында ақыл-ойы кем оқушылардың даму ерекшеліктеріне тән көптеген қиыншылықтар кездеседі. Ақыл-ойы кем баланың психологиясымен танысуда педагог өз оқушыларының эмоциялық сферасына дамыту мақсатымен әсер ете отырып, кемшіліктерін түзету жолдарын іздестіреді [1-2].

Зияты зақымдалған оқушылардың көп бөлігін ата-аналары жоқ, толық емес және әлеуметтік жағдайы нашар отбасылардан шыққан балалар құрайды. Мұндай балалар өз отбасымен толық қарым-қатынасынан айрылған. Интеллектуалдық жетіспеушіліктің салдарынан жеке тұлғаның қалыптасуы әр-түрлі аспектілерде қиын жағдайларда өтеді.

Ақыл-ойы артта қалған баланың эмоциясының көрінуі оның жасына, кемістіктің құрылымының сапалық ерекшелігі мен тереңдігі және оны қоршаған әлеуметтік ортаға тәуелді. Кіші мектеп жасындағы балалар мадақтауға, қолдауға және ренжісуге әсершіл болып келеді. Олар ұнамсыз және еркелету эмоцияларын ажыратады. Бірақ өз



эмоцияларын вербальды түрде көрсете алмайды. Өзінің адамдарға деген қарым-қатынасын жанасумен, жымиюмен, бетіне қараумен білдіреді. Ересектермен қарапайым ойындарды үлкен ынтамен ойнайды, олар қандай да бір деңгейде дыбыс шығаруға, еліктеу немесе сәбилік сөздерді қосады[3].

Кіші мектеп жасындағы балалар өздерін қоршаған жағдайды анағұрлым адекватты түсінеді. Олар өздерінен кіші балаларға қарағанда сөйлеу тілін жақсы меңгереді, өз эмоцияларын іс-әрекетпен жеткізіп қана қоймайды, сондай-ақ, өзіне ұнаған, ұнамаған сөздерді қолдана отырып, өздерін қызықтырған заттарды алғысы келетіндіктерін айтып түсіндіреді. Бұл балалар өздері түсіне алатын, эмоционалды, мәнерлі оқылатын қарапайым мәтіндерді үлкен ынтамен тыңдайды. Олар мимикамен, дене қимылдарымен, сөздік реакциялармен мәтін мазмұнына жанашырлықтарын және олардың қарсыластарына жағымсыз қарым-қатынастарын білдіреді[4].

Зияты зақымдалған көпшілік балалардың жалпы эмоциясының кедейлігі байқалады. Бұл ересектермен қарым-қатынаста анық көрінеді. Орталық жүйке жүйесі зақымдалған балаларда әдеттегідей анасына деген ерекше қарым-қатынас болмайды және оны басқа да ересек адамдардан ажырата алмайды. Қарым-қатынас барысында қолданылатын жымию, мимика тағы басқа қарым-қатынас құралдары бала үшін түсініксіз болып қала береді.

Сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсудің дамуына себеп болатын онтогенетикалық даму жолындағы анық бұзылыстар көп жағдайда өз уақытында және толыққанды қарым-қатынастың дамуына әсерін тигізеді. Оның қалыптасуы кіші мектеп жасындағы зиятында ауытқуы бар балаларда жеткіліксіз түрде аяқталады. Қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі ереже бойынша, физиологиялық қажеттіліктермен негізделеді. Кіші мектеп жасындағы зиятында ауытқушылығы бар балалар ересектермен біріге отырып әрекеттесуге қарағанда, ойын әрекетіне үлкен қалау танытады, яғни бұл қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігінің төмен деңгейде екенін көрсетеді[5].

Әлеуметтік сипаттағы қажеттіліктерінің әлсіз дамуы кіші мектеп жасындағы балаларда жеткілікті түрде сөздік қоры толық болған жағдайда да, сөздік қарым-қатынас құралдарын қиындықпен меңгеруіне алып келеді. Сонымен бірге, мына ерекшелікке де назар аударған жөн, кіші мектеп жасындағы зияты жеңіл түрде зақымдалған балалар өздерінің сөйлеу қабілеттерін пайдалана алмайтыны байқалады. Олар үн-түнсіз заттармен әрекет жасайды, сирек түрде құрдастарына немесе ересектерге тіл қатады[6].

Бастауыш сыныптағы зиятында ауытқушылығы бар балаларды ұзақ мерзім бақылағанда, ұйымдастырылмаған ойын әрекеті жағдайында олар қарым-қатынастың екі негізгі формасын қолданады. Балалардың көпшілігі қарым-қатынастың жағдайдан тыс-танымдық формасын қолданады, ал қалғандары қарапайым түрдегі жағдайлық-іскер формасын пайдаланады, бұл осы жастағы қалыпты дамыған балаларға да тән қасиет (Д.И. Аугене). Зиятында ауытқушылығы бар балаларға тән тағы бір қасиет, олар сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсуден қашуға тырысады. Егер бала мен ересек адамның арасындағы сөздік қатынас туындаған жағдайда, ол қысқа мерзімді немесе толыққанды болмайды. Бұл көптеген себептермен түсіндіріледі. Олардың ішінен мыналарды бөліп алуға болады (Д.И. Аугене):

-өз ойын жеткізуге деген талпыныстың тез өшіп кетуі, бұл әңгіменің кенеттен тоқтауына алып келеді;

-баладағы жауап беруге қажетті мағлұматтың болмауы, өз ойын жеткізуді қалыптастырудағы кедергі болатын сөздік қорының кедейлігі;

-қасындағы әңгіме айтып отырған адамды түсінбеу, кіші мектеп жасындағы балалар оларға айтылып жатқан жайтты қайталап түсіндіруге тырыспайды. Бұл қарым-қатынастың жалғасуына кедергі тудырады.

Кіші мектеп жасындағы балалардың зиятындағы бұзылыс деңгейіне қарай оқыту және тәрбиелеудегі қарым-қатынасқа біршама назар аударылады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша, зиятында ауытқуы бар кіші мектеп жасындағы балалардың бұзылысын түзетудің негізгі құралы оқыту болып табылатындығы анықталған (Л.Л. Катаева, Н.Д. Соколова, Е.А. Стребелева және т.б.) [2].

Л.С. Выготскийдің ойы бойынша, “өмірде көрініс таппаған жағдайлар” сюжетті-рөлдік ойындарда байқалады; ересектер өміріне ат салысуға тырысу, ересектің орнында болу және т.б. Дегенмен, шынайы өмір бейнесін көрсететін ұжымдық сюжетті-рөлдік ойындарды дамыту және жүзеге асыру олардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсудің көптеген формасын игеруінсіз жүзеге аспайды. Қарым-қатынас құралдарының толыққанды болмауынан ойынның көзделген мақсатына жете алмау туындайды, бұл әрбір баланың ойынға қанағаттанбаушылығын сездіреді. Басқа жағынан қарағанда, ойын әр-түрлі сөздік қарым-қатынас формаларын меңгеруге деген қызығушылығын оятады. Ойын тек сөздік ресурстарды жиып қана қоймайды, біршама сөздік құралдар қорын толықтырады, оларды жетілдіріп, жалпылайды. Бірақ та, зиятында ауытқушылығы бар балалардың көпшілігінде олардың сөйлеуі ойынды ұйымдастыруда себеп болмайды. Әдетте, олар кішігірім өлең жолдарының үзінділерін, әндерді, жеке сөздерді айтады (Д.И. Аугене ) [2].

Сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсу қажеттілігінің болуы зияты зақымдалған балаларда сөйлеуінің пайда болуы мен дамуы маңызды жағдай болып табылады. Сондықтан да, ойын әрекеті зиятында ауытқушылығы бар балалардың вербальды қарым-қатынасын дамытудың тиімді жолдарының бірі болып есептелінеді. Бұл әрекет балалардың потенциалды мүмкіндіктері мен психикалық жағдайларының ерекшелігін ескере отырып, арнайы ұйымдастырылуы қажет.

Зиятында ауытқушылығы бар балалар әрекеттің барлық түрлерінде төмен белсенділік танытады, бұл өз кезегінде коммуникативтік дағдыларының төмен деңгейде болуының себебі болады. Ересектермен қарым-қатынас ортасының тар болуы, қарым-қатынас қажеттілігінің дамуына кері әсерін тигізеді. Балалардың өзбеттілік әрекеті үй жағдайында және арнайы мекемеде де шектеулі болады. Бұл топтағы балаларда ересектерге қатысты алаңдаушылық байқалады. Олар әр-түрлі әрекет түрлерінде өздерінің жағдайларын көрсетуге талпыныс күштерін көрсетеді, ересек – бұл белгілі бір қорқыту әрекетін көрсетуші және кез келген сәтсіз қылықтар мен әрекет үшін жазалайтын тұлға[7].

Түзете оқыту мен тәрбиелеу үрдісінен тыс қалыптаса бастаған қолайсыз әлеуметтік-педагогикалық жағдайлардың дамуы балаларға ересектермен қажетті қарым-қатынас тәжірибесін игеру мүмкіндігін шектейді. Көптеген зерттеулерді жүйелейтін болсақ, мұндай балаларда құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсуге деген қажеттілік төмен деңгейде. Ересектермен қарым-қатынасқа түсу негізі іскерлік сипатта болады. Ересек адамдармен тұлғалық қарым-қатынасқа түсу сирек кездеседі. Бастауыш сынып кезеңінің соңына қарай балаларда ересектермен қарым-қатынастың тәжірибелік, іскерлік түрінің мазмұны көрініс табады. Қарым-қатынастың танымдық мотивінің негізі аса маңызды орында емес. Қарым-қатынастың негізгі құралы – сөйлеу болып табылады, мұнда экспрессивті-мимикалық актілердің маңызы зор. Сондықтан да, бұл балалардың ересектермен қарым-қатынасы қалыпты дамудағы құрдастарына қарағанда дамудың төменгі деңгейінде екені анықталады. Өздерінің арасындағы қарым-қатынастары қалыпты дамудағы құрдастарымен салыстырғанда бірталай ерекшеліктерге ие. Құрдастарымен қарым-қатынас орнату эпизодтық сипаттамаға толы. Балалардың көпшілігі жалғыз әрекет жасағанды ұнатады. Екі бала болып әрекет еткен жағдайдың өзінде олар өзара келіспей қалатын сәттер туындап жатады. Сюжетті-рөлдік ойын барысында олар тек бір-бірінің жандарында жүреді, ал біріге отырып әрекет жасауға бармайды. Ойын арқылы қарым-қатынасқа бару мұндай балаларда өте сирек кездеседі. Ойынды ұйымдастыру кезінде

жауапкершілікті өзіне алу бұл балаларда тіпті сирек кездеседі. Сабак кезінде де жалғыз жұмыс жасағанды қалайды. Біріге отырып әрекет ететін тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде әріптестік байқалмайды. Сондықтан да, зиятында ауытқуы бар балаларды тұлға ретінде қарым-қатынас арқылы дамыту үшін ересек пен бала арасындағы бірлескен қарым-қатынасты тудыратын қолайлы жағдай ұйымдастыру қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Агавелян О.К. Общение детей с нарушением умственного развития / О.К. Агавелян. Ереван.: 2009.-65.
2. Аугене Д.И. Речевое общение умственно отсталых детей дошкольного возраста и пути его активизации / Д.И. Аугене.- Дефектология, 2007.- №47-35.
3. Выготский Л.С. Педагогическая психология / Л.С. Выготский.- М.: Работник просвещения,-1926.-/Выготский Л.С. Педагогическая психология. / Под.ред. В.В. Давыдова.- М.: Педагогика, 2001.-93,312.
4. Мамайчук И.И. Психокоррекционные технологии для детей с проблемами в развитии / И.И. Мамайчук.- СПб, 2013.-400бет.
5. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка: Вопросы психологии / Л.С. Выготский.-М.: 2006.-№6.- 62-72бет. Стеног.Лекции.Ленингр. Пед.инс.
6. Катаева Л.Л. Особенности мышления: Обучение детей с ЗПР/ Л.Л. Катаева. – М.: Просвещение, 2011.-63.
7. Соколова Н.Д. Генезис личностного поведения у дошкольников и стиль общения: Вопросы психологии / Н.Д. Соколова.-2011.-№2

### **ГРУППОВАЯ РАБОТА НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

**Усембекова Д.С.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебінің (РО) орыс тілі пәнінің мұғалімі.**

*Ребенок может понять весьма многое, если только оно будет предложено ему в доступной форме и с его точки зрения.*

**Я.К.Грот**

Как учителя русского языка и литературы, на своих уроках мы всегда ставим цель: увидеть, разглядеть, не оставить без внимания все самое лучшее, что в нем есть, и дать импульс к самосовершенствованию через развитие творчества. Для формирования компетенции необходимо выбрать такую форму работы. При которой обучающиеся большую часть времени работают самостоятельно и учатся планированию, организации, самоконтролю и оценке своих действий и деятельности в целом. Такой формой работы может выступать групповая работа.

Главным признаком групповой работы учащихся на уроках И.М.Чередов, И.Х.Лейтмас считают следующее:

- класс на данном уроке делится на группы для решения конкретных задач;
- каждая группа получает определенное задание /либо одинаковое, либо дифференцированное выполняет его сообща, под непосредственным руководством лидера группы или учителя;
- задание в группе выполняется таким способом, который позволяет учитывать и оценивать индивидуальный вклад каждого члена группы;
- состав группы непостоянный, он подбирается с учетом того, чтобы с максимальной эффективностью для коллектива могли реализовываться учебные возможности каждого члена группы;
- величина групп различна: она меняется в зависимости от содержания и характера предстоящей работы.

Как видим, для такой работы характерно непосредственное взаимодействие и сотрудничество между обучающимися, которые, таким образом, становятся активными субъектами собственного учения. А это принципиально меняет в их глазах смысл и значение учебной деятельности.

Г.А.Цукерман предлагает объединить детей в группы с учетом их личных склонностей, но не только по этому критерию. Слабому ученику нужен не столько «сильный», сколько терпеливый и доброжелательный партнер, упрямцу полезно помериться силами с упрямым. Самых развитых детей не стоит прикреплять к «слабеньким».

Внутри группы ведется следующая работа: учащиеся в соответствии с заданиями в карточках распределяют роли – ученика, защитника, критика, аналитика. Каждый из них выполняет задание в течение определенного времени, затем идет обсуждение и выработка правильного ответа. Ученик раскрывает тему, защитник говорит о положительных сторонах в ответе ученика, критик находит слабые стороны, аналитик подводит итог и делает вывод.



Подобная групповая работа может быть построена на выступлениях двух основных групп. В этом случае после выступления представителей каждой из сторон «наблюдателями» составляются вопросы, которые даются командам.

Можно организовать такой вид работы, где лидеры групп отправляются в соседние группы. Там они проверяют выполнение домашнего задания, обращая внимание на каллиграфию, чистописание, правильность выполнения задания.

Можно класс разделить на несколько групп, которые работают в нескольких направлениях. «Поисковая» группа рассказывает о содержании учебного материала, «исследователи» дополняют ответ этой группы. «Защитники» ищут положительные стороны в ответах первых двух групп, а «критики» находят слабые стороны. «Аналитики» делают заключительный вывод. «Наблюдатели» называют активных учеников и стараются найти то, что не было сказано другими группами.

Групповая форма работы на уроках практикуется при проведении анализа поэтических произведений, написании групповых сочинений, уроков-концертов, представлении исследовательских работ, семинаров-практикумов, интегрированных уроков, уроков-зачетов, составлении блочных схем, уроков-проектов. В групповой работе нельзя ожидать быстрых результатов, все осваивается практически. Не стоит переходить к более сложной работе, пока не будут проработаны простейшие формы общения. Нужно время, нужна практика, разбор ошибок, нужно много учащимся работать индивидуально, порой переделывать себя.

*Разучивание стихотворений по строфам.*

*Взаимные диктанты.* Предварительно нужно заготовить достаточно текстов и наклеить на карточки на одни и те же правила.

Порядок работы:

1. Один ученик из пары читает текст по предложениям, другой пишет (без предварительного чтения текста в целом).

2. Другой ученик, (т.е. тот, кто перед этим писал) читает, а первый, прежде диктовавший, пишет.

3. Потом каждый берет тетрадь своего соседа и, не глядя в карточку, проверяет написанный им диктант.

4. Открывают карточки и проверяют вторично (но уже вместе) сначала один диктант, а потом второй.

5. Допустивший ошибки, под контролем диктовавшего делает устный разбор ошибок.

6. Каждый в своей тетради записывает разбор своих ошибок.

7. Учащиеся снова берут в тетради друг друга, еще раз все просматривают и ставят свои подписи.

Игры «Ручеек» и «Лото» вызывают интерес учащихся, активизируют мыслительную деятельность; играя, ребята повторяют пройденные орфограммы и пунктограммы, что очень важно в обучении правописанию.

Игра «Ручеек». Карточки содержат задания такого характера:

*У тебя болит горло, мама вызвала врача на дом. Придумайте с товарищем диалог с врачом, инсценируйте диалог, запишите в тетрадь предложения в виде прямой речи. Составьте схемы предложений.*

На следующем уроке ученик первой пары выполняет это задание с другим учеником, диалог в виде прямой речи записывается в его тетрадь. Далее он работает над карточкой ученика вместе с ним, записывает его текст в тетрадь, составляет схемы предложений. Так они прорабатывают все карточки.

Игра «Лото». Карточки содержат задания по разделам языка: «Фонетика», «Лексика и фразеология», «Словообразование», «Морфология», «Синтаксис», «Стили речи», задания по орфографии присутствуют во всех разделах. «Лото» содержит два вида карточек, большие и маленькие. Например. На большой карточке ребята видят примеры слов, предложений, текстов с пропущенными буквами, знаками препинания и другими заданиями. На маленьких карточках написаны названия тем. Ученик, выполняя задание, находит название темы и накладывает на это задание.

Например:

Большая карточка:

1. Тебе о родина сложил я песню. (С.Есенин).
2. Спасибо что все рассказал глухим голосом сказал Олег. (А.Фадеев).
3. Он тихо спросил Когда же в деревню приедете? (В.Распутин).
4. Послушайте товарищ возмутился я вы где-нибудь учились? (А.Фадеев).

Маленькая карточка:

А. Простое предложение с обращением.

Б. «П, - а, - п». Предложение с прямой речью и обращением.

В. А: «П»? Предложение с с прямой речью.

Г. «П», - а. Предложение с прямой речью.

В случае затруднения пара обращается к различным учебным пособиям, ищет ответ на вопрос. Выполнив в паре все задания одного пакета «Лото», ученик на следующем уроке объясняет свой материал другому, изучает и записывает его материал. Этот вид деятельности развивает навыки групповой работы учащихся и является хорошей подготовкой к предстоящим суммативным оцениваниям. Сильные ученики развивают свои познавательные и творческие способности, слабые чувствуют ответственность, серьезно готовятся, устраняют пробелы в знаниях, учатся говорить.

В заключении хочу сказать. Педагог – «архитектор» детских душ, от его работы зависит во многом дальнейшая судьба ребенка, потому что «обычаи и законы человеческой жизни таковы, что если в начале роста, в самом детстве, в расцвете юных сил, когда ум и рассудок очень восприимчивы и не перегружены, когда дарование и способности в расцвете, - если в это время человек ничего не постигнет в науках, то не постигнет и впоследствии в течение долгой жизни» (Мухаммед Аззахири Ас-Самарканди).

#### **Список использованной литературы:**

1 Дьяченко. В.К.Коллективный способ обучения :дидактика в диалогах. – М.:Народное образование, 2004. – 352 с.

2. Дьяченко . В.К. Основное направление развития образования в современном мире . – М.: Школьные технологии, 2005. – 512 с.
3. Дьяченко . В.К. Сотрудничество в обучении : о коллективном способе учебной работы : книга для учителя. - М: Просвещение , 1991. – 192 с.

## **МЕКТЕПТЕ STEM-БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА РОБОТ ТЕХНИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Усенбекова М.М.**

**Жуалы ауд., №25 Ақтөбе тірек мектебінің (РО) (Робототехника) информатика  
пәнінің мұғалімі**

Қазіргі таңда әлемде технологиялық өзгеріс болып жатыр. Жаңа ақпараттың қарқынды ағыны, технологиялық инновациялар мен әдістемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Осыған байланысты, қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеруде. Бұл өзгерістер еліміздің білім жүйесінің мазмұнын да жаңартуға ықпал етуде.

Қазіргі заманауи сабақтарды компьютерлік технологиялар, интерактивті тақта, ноутбук, мобильді құрылғылар мен қосымшалар арқылы өткізсе, оқушылардың жаңа материалды тез түсінуге мүмкіндік береді. Себебі, білім алушылар бұл құрылғылармен асқан қызығушылықпен жұмыс жасауға ұмтылады. Оқушылар арнайы компьютерлік бағдарламалау тілдерінде бағдарлама құрып, компьютерде оның нәтижесін көре алады. Мысалы, Delphi объектілі бағдарлы программасы арқылы қарапайым калькулятор және тағы сол сияқты күнделікті өмірге қажетті қосымшалар жасауға болады. Бұл оқушының логикалық ойлау қабілетімен қоса, психологиялық жағынан өзіне деген сенімділігін арттырады. Себебі, оқушы Windows ортасында дайын калькулятордың функцияларынан кем түспейтін қосымша жасап шығу арқылы ішкі уәжін көтереді. Дәл осылайша, мобильді құрылғыларға және робот техникаларына да арналған пайдалы бағдарламалар жасақтап, нәтижесін бақылап көре алады.

Робот техникасы, құрастыру, бағдарламалау, 3D-жобалау және тағы басқа – бұның бәрі енді дүниежүзінің қазіргі оқушыларын қызықтырады. Бұл қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін анағұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттер керек. Білу мен түсіну ғана емес, сонымен қатар зерттеу, ойлап шығару және талдау маңызды. Робот техникасында белгілі бір зертханалық жұмыс немесе жоба жасақтау үшін физика, математика және информатика пәндері бойынша білімді талап етеді.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды әлемдік білім жүйесіндегі STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген сөзбен біріктіріп атауға болады.

Шетелдік зерттеушілер В.Н.Чемеков, Д.А.Крылов жұмыстарында робот техникасын меңгеру STEM-білім берудің халықаралық парадигмасына жатқызылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында STEM-білім берудің өзектілігі және мүмкіндіктері туралы айтылған: «...әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды қалыптастыру, когнитивтік емес қабілеттерді дамыту қажеттілігі әлі де ерекше маңызды болып табылады. Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу STEM-оқыту аясында жүзеге асырылуы тиіс. Пәнаралық және жобалық тәсіл мектеп оқушыларын тану мен дамудың белсенді процесіне ынталандыруға мүмкіндік береді».

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату.

STEM-білім беру – инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. STEM-білім беру артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуы.

«STEM» аббревиатурасын алғаш рет АҚШ бактериологы Р.Колвэлл 1990 жылдары ұсынды. Бірақ, бұл ұғым тек 2000 жылдарда ғана белсенді қолданыла бастады. STEM негізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта, STEM білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы білім жүйесіндегі негізгі міндеттерінің бірі - оқушылардың робот техникасына деген қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандыру болып табылады.

Оқу бағдарламасында LEGO MINDSTORMS EV3 модулі мен ARDUINO UNO микроконтроллерінің мүмкіндіктері, жұмыс принциптері, функциялары қарастырылады. Аталған платформаларға тоқтала кетсек, LEGO Mindstorms — бұл программаланатын роботқа қолданылатын конструктор (электронды блоктар мен кішігірім құралдар жиыны). Бірінші рет LEGO компаниясымен 1998 жылы таныстырылды. 8 жылдан кейін LEGO Mindstorms NXT 1.0 моделі, 2009 жылы — LEGO Mindstorms NXT 2.0, ал 2013 жылы — LEGO Mindstorms EV3 жинақтары шықты. LEGO конструкторы бойынша белгілі бір объект құрастырылғаннан соң, компьютердегі LEGO MINDSTORMS Education EV3 (алдын ала орнатылады) бағдарламалық жасақтамасындағы қажет блоктар алынып, құрастырылған объектіге команда беріледі. Сонан соң дайын бағдарламалық жобаны арнайы кабель арқылы конструкторға жүктеледі. Объект қолданушы берген командаларды орындайды.

Arduino - бұл, виртуалдылық аясынан шыға алмайтын, стандартты дербес компьютерлерге қарағанда, физикалық қоршаған ортамен неғұрлым тығыз қатынасатын электронды құрылғыларды (электронды құрылымдаушы) жобалауға арналған құрал. Бұл платформа, ашық бағдарламалық кодымен «physical computing» арналған, заманауи бағдарламаны қамтамасыз етуге арналған ортамен қарапайым басу тақтасында құрылған. Arduino платформасын іске қосу үшін де компьютердегі «ардуино» бағдарламалық жасақтамасы көмегімен командалар жасақталып, кабель арқылы микроконтроллерге жүктеледі.

Lego модулі мен Arduino платформаларымен жұмыс жасау барысында оқушылар STEM-білім беру идеясымен жұмыс жасайды. LEGO Mindstorms Education бағдарламалық жасақтамасындағы қызыл бөлімде «ақпараттармен жұмыс жасау» блоктарымен жұмыс жасау барысында математикалық (қосу, азайту, дөңгелектеу және т.с.с) амалдар қолданылады. Осы бөлімде информатика пәні бойынша білімді талап ететін «массив», «константа», «айнымалы», «цикл» сияқты блоктармен жұмыс жасалады. Arduino Uno микроконтроллерінде тетіктер жалғау сымдары арқылы қосылады. Сонан соң тетіктерді іске қосу үшін, бағдарламалау тілі арқылы Arduino скетч құрылады және құрылғыға жүктеледі. Бұл процесте физика және информатиканың сабақтастығы орын алады. Осындай жұмыс әрекеттерінде пәнаралық байланыстың, пәндердің біріктірілуінің маңызы зор болып табылады.

Жоғарыда келтірілген ақпараттардан STEM-білім беруде робот техникасының үлесі зор екенін көруге болады. Мектепте информатика пәнін оқытуда робот техникасының кейбір элементтерін қолдануға болады. Мысалы, бағдарламалау тіліндегі «цикл» тақырыбын қарастырарда, Lego модуліндегі циклды пайдалануға болады. Нәтижесінде оқушылар Lego конструкторының кез келген қозғалыс әрекетін цикл бойынша

орындағанын бақылап, бағалай алады. Бұл оқушының «цикл» ұғымы туралы өнімді түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, мектептегі робот техникасы негіздері элективті курсына математика пәні бойынша «арифметикалық амалдар» мен информатика пәніндегі «цикл» терминін қолданып, Lego машинасының жүру жылдамдығын, жүрген қашықтығын есептеуге болады. Бұл процесс оқушыға жалпы автокөліктердің жылдамдығы, жүру қашықтығының есептеу принципін меңгертеді. Осылайша, STEM-білім беру оқушыларды алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстыруға және жобалық ойлауына мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ахметова Г., Мурзалинова А. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \ «Білімді ел - Образованная страна» №41 (102) 7.11. 2017 .
2. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \ «Білімді ел - Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016 ж.
3. Интернет ресурс: <https://kk.wikipedia.org>
4. А.Дандибаев, А.Абдрахманова, С.Шагиров, Н.Дускалиев. «Робот техникасы негіздері» \ «Әдістемелік нұсқаулық. Орал 2017 ж.

## **СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Аликулова С., Шарипова С.**

**ТарМПУ, «Арнайы педагогика» кафедрасының аға оқытушысы**

**Тараз қаласы №15 бөбекжай логопеді**

«Тәрбие басы - тал бесік, тәрбие құралы – тіл» дейтін болсақ, сөйлеу тілі – бұл тек адамзатқа ғана тән қарым-қатынастың ерекше бір түрі. Сөйлеу тілі балаға барлық адамгершілік мәдениеттердегі жетістіктерге жетуіне есігін ашады. Баланың сөйлеу тілі дамуымен қоса жеке тұлғасы қалыптасады, негізгі психикалық процестері дамиды.

Сөйлеу тілі адам миының әр түрлі бөліктерінің өзара сәйкескен әрекетімен жүзеге асатын жоғары психикалық қызметтердің күрделі түрлерінің бірі. XXғ. басында сөйлеу қызметін мидағы «ерекше орталықтардың» қызметімен байланыстыратын ортақ көзқарастар қалыптаса бастады. Қазіргі кездегі физиология ғылымында кез келген психикалық қызметтің негізі мидағы «жеке орталықтар» емес, жоғары жүйке жүйесінің әр бөлігінде орналасқан күрделі функционалдық жүйелер екендігі дәлелденген.

Сөйлеу тілінің функционалдық жүйесіне әр түрлі анализаторлар – қимыл-қозғалыс, есту және көру қатысады. Әрбір анализатор рецепторлық аппараттан, тітіркендіргіштерді қабылдайтын өткізгіштерден, тітіркендірулерге анализ бен синтез жасайтын мидағы орталық бөліктен тұрады. Ми қыртысы анализаторларының қызметінің нәтижесінде перифериялық сөйлеу аппараты қозғалысқа түседі. Қимыл-қозғалыс жүйкелері орталық жүйке жүйесінен сөйлеуге қатысатын бұлшық еттерге сигнал жеткізеді де дауыс, дыбыс пайда болады.

Есту анализаторы сөйлеуді тілдің фонемалық жүйесі ретінде қабылдайды. Адам дыбыстар мен дауыстың күшін, жоғарылығын, тембрін қабылдайды, фонемаларды дифференциалдайды.

Сөйлеу - адамның тіл құралдарын қолдану негізінде ойлауды жүзеге асыру әрекеті. Сөйлеу әрекеті дефектология ғылымындағы өзекті мәселелер қатарына жатады.

Лингвистикалық тұрғыдан алып қарағанда, сөйлеу дегеніміз – лексикалық, грамматикалық тілдік белгілерді қарым-қатынас, тану, т.б. үшін дұрыс қолдана білу. Лексикалық және грамматикалық тілдік белгілерді қолдану ережесін тілдік қалып деп атайды. Тілдік қалып дәстүрлі түрде қалыптасады.



Тіл элементтерін сөйлеуде қолдану дәстүрі ережелерге бағынбайды, дәстүрлер тек есте сақталады. Тілді меңгеру үшін, тілдік белгілердің үйлесімділігі, дыбыстық және графикалық жасалымы сияқты тілдік белгілердің қолданылу дәстүрін есте сақтау керек. Баланы тілге үйрету – оған «тілдік материяны» (сөйлеу мүшелерін жаттықтыру) меңгерту (есте сақтату), лексикалық және грамматикалық тілдік белгілердің мағынасын түсінуге жеңілдік жасау (ой-өрісті жаттықтыру), лексикалық-грамматикалық белгілердің көмегімен нақты жағдайға баға беру (эмоция мен сезімді жаттықтыру), қолданыс дәстүрін жеңілдету (үйлесімділік, өзара алмасу мүмкіндігі) болып табылады.

Сөйлеу тілінің ой-өріс пен ерік-жігерді дамытудағы тигізер әсері тілдің табиғатында жатыр, яғни, оның адам мен қоршаған ортаны байланыстырар қатынас құрал екендігінде.

Тілді меңгеру үшін оны, адамды қоршаған ортаны анықтайтын, белгілік жүйе ретінде қарастырған жөн. Тілдік жүйе тілдік белгілерден тұрады. Тілдік белгілер дегеніміз – морфемалар, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер. Ал тілдік белгілерді меңгеру дегеніміз :

1. Тілдің дыбысталуы мен сөйлеу мүшелері бұлшық еттерінің соған сәйкес қозғалуын есте сақтау.

2. Оның қандай затқа немесе құбылысқа т.б. қатысты екендігін есте сақтау және мағынасын ұғыну.

Тілдік белгілердің мағынасы дегеніміз (морфема, сөз, сөз тіркесі т.б.)— олардың затқа, қимылға, сынға, дәйексіз ұғымдарға сәйкестігі. Демек, тілдік белгіні түсіну – морфеманы, сөзді т.б. белгілі бір құбылыспен байланыстыру.

Кез келген тілді меңгеру заңдылықтары болады. Ол арнайы әдістемелік құралдармен даярланған тілдік білім, білік машықтары. Атап айтқанда:

1. Сөйлеу тілін меңгеру мүмкіндігі - баланың сөйлеу бұлшық еттерінің жаттығу деңгейіне байланысты. Егер бала фонемаларды дұрыс артикуляциялай білсе және дыбыстар жиынтығынан ажырата білсе ана тілін меңгеру мүмкіндігі бар.

2. Сөйлеу тілінің мағынасын түсінуі - баланың лексикалық-грамматикалық тілдік белгілерді меңгеруіне байланысты. Тілдік лексикалық-грамматикалық белгілердің мағынасын түсіну мүмкіндігі болса және бала лексикалық-грамматикалық машықтарды игерсе ана тілін меңгеру мүмкіндігі бар.

3. Тілдің мәнерлілігін меңгеру - тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық мәнерлілік әдістерін қабылдау деңгейіне байланысты.

4. Сөйлеудің қалыпты деңгейін меңгеру - баланың тілдік сезімінің дамуына байланысты. Егер балада тілдік белгілер нормасын – үйлесімділік (синтагматика), өзара алмасу мүмкіндігі (парадигматика), әртүрлі тілдік ситуациялардағы орындылық (стилистика) т.б. есте сақтау қабілеті болса ана тілін меңгеру мүмкіндігі бар.

5. Жазба тілін меңгеру - ауызша сөйлеу тілі мен жазбаша сөйлеу тілінің арасындағы координацияның дамуына байланысты.

6. Тілдің баю жылдамдығы - тілдік машықтар құрылымының деңгейіне байланысты.

Күнделікті тұрмыстық жағдайлар балалардың өзара және ересектермен тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады. Балалар ересектердің іс-әрекеті мен сөйлеуін бақылайды. Ересектер балалардың сөйлеу талаптарын мақұлдайды және бағыт беріп отырады. Тұрмыстық жағдайлардың үнемі қайталануы, гигиеналық құралдарды, ыдыстарды, киімдерді үнемі пайдалану сөздердің қорлануына мүмкіндік туғызады. Оқытудың бастапқы кезеңдерінде тұрмыстық әрекеттер сөздерді мен көрнекіліктермен қамтамасыз етеді.

Балалардың тілінің дамуы әр түрлі әрекеттер барысында, яғни сабақтарда, ойнауда және қоршаған ортаны тануда жүзеге асады.

Есту қабылдауын дамыту және дыбыстауға үйрету сабақтары тілдік материалды естіп-көріп қабылдау машықтарын қалыптастыруға, оның дыбыстауды анықтауда

маңызы бар сенсорлық негізін кеңейтуге көмектеседі. Сөйлеу тіліндегі жеке компоненттердің игерілуі тілдің түсінікті, ұғынықты, анық болуына әсер етеді.

Адамның жүйке жүйесі өзін қоршаған ортамен үздіксіз байланыс процесінде дамиды. Оқыту мен тәрбиеде мұғалімнің міндеті – баланың саналы қызметінің формалары мен даму заңдылықтарын білу және сол процеске, белгілі бағытта мақсат көздеп, әсер ету.

Сонымен психикалық даму дегеніміз - жалпы алғанда, адамның қалыптасуындағы сапалық және сандық өзгерістер, ал жекелеп алғанда, анатомиялық – физиологиялық есею, жүйке жүйесінің жетілуі, білімінің артуы, сезім мен моральдық ұғымдардың пайда болуы, психикалық процестердің қайта құрылуы, дүниеге көзқарастың қалыптасуы, белсенділік пен өзінше әрекет етудің көрінісі, белгілі бір мінез – құлыққа дағдылану.

Адамның психикалық қабілеті сезім мүшелеріне сыртқы дүниенің ықпал етуі арқылы, сезім мүшелерін жаттықтыру арқылы дамиды.

Адамның психикасы ақыл, сезім және ерік қызметтерінің түрліше формаларынан көрінетіндіктен, оны психофизиологиялық процесс деп атайды. Дүниетануға қажет ақыл-ой қызметі үшін түйсік пен қабылдау, ес пен ойлау, сезім мен қиял, зейін мен еріктің үлкен мәні бар. Баланың психикалық дамуы деген не? Баланың қуануы, шаттануы, қиялдануы, ренжуі, ашулануы, жылауы, сөйлеуі – осының бәрі баланың әлеуметтік өмір тіршілігіне байланысты, ішкі дүниесін, психикасын сипаттайды.

Баланың нәзік, өскелең табиғатына жарасымды әдептілік, адамгершілік, естілік т.б. азамат болып өсетін ортасындағы тәлім – тәрбие арқасындағы және қайшылықтарды жеңу үстінде қалыптасқан қасиеттер.

Даму атаулының бәрі ішкі қайшылықтардың күресінен болады. Мысалы, ми қабығында болатын қозу мен тежелу, механикалық ес пен логикалық ес, ескі білім мен жаңа білім т.б.

Балаға қойылатын талап пен сол талапты орындай алу мүмкіншілігі арасында көптеген қиындықтар, қайшылықтар кезігеді. Бала өзін ересек адам етіп көрсетуге тырысады, өзін асыра бағалайды, бірақ оның ақылы, ой-өрісінің немесе дене күшінің аздығы оған кедергі болады. Сонымен қатар бала ішкі қайшылықтардан басқа сыртқы қайшылықтарға кездеседі. Мысалы, орта баладан мәдениетті, әдепті, сыпайы мінез-құлықты талап етеді. Ал олар мұндай мінез-құлыққа дағдыланып болмаған. Осы қайшылықтарды жеңу жолында күрес басталады.

Мектепке алғаш келген бала ежелеп оқиды, оның көру аумағында бір ғана әріп тұрады, көбінесе қайта – қайта бұрын оқыған әрпіне көз жүгіртіп отырады, әр әріпке жекелеп көз тоқтатады, «оқу аумағы» тар болады. Осының салдарынан олардың оқығанды түсіну дәрежесі төмен. Ал әріпті тану дағдысының қалыптасып жетілуімен қабат баланың «көру, оқу аумағы» кеңейіп, ол бірте – бірте буындап оқуға, онан әрі тұтас сөзді оқуға дағдылана бастайды. «Дағды, – деп көрсетеді психолог С.Л.Рубинштейн, - саналы түрде автоматтанған қимыл - әрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң әрекеттің автоматтанған тәсілі ретінде қызмет атқарады». Мұндай дағдыға ие болу балаға оңай емес, ол көп күш – жігер жұмсайды, мұнда әсіресе зейіні мен еркі үлкен роль атқарады. Осының барысында зейін мен еріктің төзімділік қасиеті жаттыға түседі.

Жалпы алғанда адамның дамуы - дене бітімдік және психикалық – келесі жасқа сай сатылармен жүреді: сәбилік кез, ерте балалық шақ, мектепке дейінгі кезең, бастауыш сынып жасы, жасөспірімдік кез, жастық шақ және ересек адам. Интеллект ерте балалық шақта пайда болады да, ары қарай өте күшті қарқынмен дами бастайды. Бірақ ол тек тілдік дамумен тікелей байланысты. Егер баланың айналасындағы ересек адамдар оны ерте сәбилік кезден бастап сөйлеуге үйрете бастаса, оның ойлау, қиялдау қабілеттері де бірге дами бастайды. Интеллектімен бірге эмоционалдық сала, ерік

саласы да жетіледі. Баланы ана тіліне үйрете отырып ересек адамдар оның интеллектісі мен эмоциясының дамуына да ықпал жасайды, мектептегі оқуға даярлайды.

Сөйлеу тілін дер кезінде және қажетті деңгейде меңгеру баланың болашақтағы жеке тұлғасын дұрыс қалыптасуына негіз болады. Сөйлеу тілін дер кезінде меңгеру дегеніміз – туған сәттен бастап деген сөз, ал сөйлеу тілін толыққанды меңгеру дегеніміз – тілдік материалдың қажетті көлемін меңгеру, яғни, әр жасқа сай тілдік дағдыларды игеру деген сөз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Визель Т. Г. Аномалии речевого развития ребенка. – М., 2015.
2. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. – М., 2011.
3. Жукова Н. С. Формирование устной речи. – М., 2014.
4. Корнев А. Н. О структурном подходе к фонологии артикуляторной апраксии у детей: Теория и практика коррекционного обучения дошкольников с речевыми нарушениями. – М., 2011.
5. Жалмухамедова А.К. «Оказание ранней коррекционно-развивающей помощи детей с ограниченными возможностями». / Под. ред. Сулейменовой Р.А. – А., 2008.
6. Каше Г. А. Подготовка к школе детей с недостатками речи. – М., 1971.

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

**Шинибаева Л.О.**

**№ 44 «Ертарғын» бөбекжай-бақшасы, логопед**

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»*

**Н.Ә.Назарбаев**

Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

*Проблемалық оқытудың өзектілігі:* Проблемалық оқыту технологиясының өзекті мәселесі, жаңа стандартқа көшкен кезде тәрбиеші мен баланың рөлі, қарым – қатынас стилі өзгереді. Өз іс-әрекетін бақылап, бағалай алатын оқу процесінің белсенді, ойшыл, ізденімпаз қатысушысын тәрбиелеу.

*Проблемалық сұрақ-* міндеттердің мақсаты оқушының өзіндік ойын, тәжірибесін дамыту. Мәні қиын деген сұрақты оқушы барлық жерде өзі тауып, өзі шеше алар ма екен? Асылы проблемалық оқу дегеннің өзі мұғалімнің басшылығынсыз іске аспаса керек. Сұрақ қою дегеннің өзі соны аңғартады. Егер бұл тәсіл оқушыларды сабаққа белсенді қатыстыру мақсатын көздейтін болса, оны мазмұндық оқу, талдап оқу, жинақтап оқу деген үш сатыға бөлу керек. Проблема қойып, оны шеше білу тек сол үш сатыға қойылса ғана жемісті болады.

Баланы оқу мен тәрбиенің белсенді қатысушысын жасау үшін әр-түрлі педагогикалық технологияларды қолданып, жаңа жоғары оқу деңгейіне жеткізу.

**Тақырыптың мақсаты:** Проблемалық оқыту тәсілі арқылы балалардың логикалық қабілетін, оқу еңбегіне қызығушылығын арттыру, балаларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйрету, сонымен қатар, осы оқыту тәсілі арқылы берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне қол жеткізу.

Балалармен жұмыс жүргізу барысында проблемалық жағдайды енгізу әдісі :

➤ Балаларды проблемалық сұрақтарды қою арқылы салыстыра білуге, қорытынды жасай білуге, талдай білуге үйрету.

➤ Әртүрлі жағдайда кездесетін қандай да бір проблемалардың шешімін қарастыру.

➤ Проблемалық жағдайдағы қарама – қайшылықты жасау.

➤ Балалардың практикалық іс әрекетіндегі қарама – қайшылықты ұйымдастыру

➤ Балаларға сұрақ-жауап, ойын, логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар арқылы проблема тудырып, шешімін табуға ұмтылдыру.

Мысалға мынандай тапсырмалар ұсынсақ болады:

- «Алма ағашынан дауысты, дауыссыз дыбыстарды тауып, себетке салу»;

- «Жоғалған әріптер»;

- Суретті кроссворд;

- «Криптограмма»;

- «Сканворд»;

- Пазлдарды құрастырып, жазылған әріптерге сөз ойлап табуға үйрету.

Мына шенбердегі дөңгелектерді балаларға санатып, сандар жазылған қыстырғыштарды қыстыру арқылы, балалардың саусақ моторикасын, логикалық ойлау қабілетін, қарапайым математикалық дағдыларын дамытуға қолдануға болады.

Проблемалық оқытуда балаларға білім беру мен іс – әрекеттің әдіс – тәсілдері, ережелері мен нұсқаулары дайын күйде берілмейтінін ескеру қажет. «Бүгін бала бірге жасай алса, ертең ол өз бетімен жасай алады.» (Л. С. Выготский).

Мұғалім проблемалық оқытудың барысында оқушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалық оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

*Проблемалық оқытудың күшті жақтары:*

· Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;

· Оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;

· Оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;

· Берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді:

*Проблемалық оқытудың кемшіліктері*

· Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету;

· Мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмсау;

· Қазіргі мектептерде түсіндірмелі және проблемалық оқыту түрлері бірге қатар қолданылады.

Қорытындылай келетін болсақ аталған педагогикалық технология балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Қазіргі уақытта оқытудың 50-ден астам технологиялары бар. Олардың бала танымын қалыптастырып тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді.

Проблемалық оқытудың барлық міндеттерінің ішіне аса маңызды екі міндетті бөлу қажет. Біріншісі - оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру; екіншісі - ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тиімділігін арттыру.

Проблемалық оқыту кезінде оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру программаға ашылған жаңалықтар туралы материалды ендірумен ғана, ғылым негізері мен ғылымның логикалық құрылымдарын жақындатумен ғана емес, сондай-ақ, оның таным қайшылықтарын шешуге бағытталған методтарын оқып-үйренумен де қамтамасыз етіледі.

Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Сондықтан жаңа стандарт негізінде баланың танымын қалыптастыру бағытында педагогтардың өз білімі мен кәсіби деңгейін жетілдіру кезек күттірмес мәселе. Чарльз Диккенстің сөзімен қорытындылай келе «Өзіміз, өз қолымызбен, өз қиялымызбен жасай білейік».

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Республикалық-әдістемелік журнал «Тілашар логопед» № 2 (30) 2017
2. Республикалық-әдістемелік журнал «Тілашар логопед» № 4 (32) 2017
3. Отбасы және балабақша журналы № 5 2015
4. Тұрсынбаева Г.Ж. Үкібас Қ.Тіл дамыту. Сауат ашу және жазу негіздері.
5. Сайт бетінен А.З.Сисенованың «Жаңа технология-бүгінгі күн талабы» атты мақаласы.

### **«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІКТІҢ БАСТАУЫ**

**Ералиева О.**

**Тараз қ., Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы  
Бастауыш сынып оқытушысы**

Ұрпақ өнегесі, олардың адамдық болмысы жайлы ой толғап, рухани-адамгершілік білім беруді басты идея етіп ұстанатын «Бөбек» қорының президенті С.А.Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының оқу-тәрбие үрдісіне енгізілуі жақсы бастама десек, қателеспейміз. Бұл пәннің негізгі мақсаты – адамның қоршаған ортаны танып, өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік-рухани әлеуетін көтеру, баланың өзіндік «Менін» қалыптастыру.

Бала – кең әлемдегі ең пәк, ең таза асыл жан. Оның ойының тазалығы, арының тазалығы, оны қоршаған ортаға байланысты болмақ. Бала осы ортаны қалай қабылдап, танып білсе, оның алдынан кең әлемнің есігі де солай ашылмақ.

Әлемдегі болып жатқан өзгерістер білім жүйесіне өз әсерін, ықпалын тигізіп отыр. Бүгінгі күні білім саласымен бірге оқушының рухани-адамгершілік тәрбиесіне және ішкі жан дүниесіне де көңіл бөлінуде. Сондықтан, бұл бағытта «Өзін-өзі тану» пәнінің маңызы зор деуге болады. Өйткені, әр баланың ашылуына, оның өзіне деген сезім, құрмет, өзі жасаған қылықтарына деген жауапкершілік сезімдері пайда болады. Бала әрбір сұрағына жауап тапқаннан кейін, оның ойымен өзгелердің санасқанын көргеннен кейін өзін жеке тұлға ретінде сезіне алады. Ол өз ортасында өзінің орнын, рөлін сезінеді.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты рухани адамгершілік білімнің нәрімен сусындатып, әр баланың, әр адамның жүрегіне ізгілік нұрын құйып, жаңартылған білім мазмұнын өзгертуге өзіндік үлесті әрбір ұстаз қосуға тиіс деп ойлаймын. Тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесінде бүгінгі күнді ғана емес, болашағын сәулелі күйде елестетіп, алға ұмтылатын, арманшыл, рухы биік азамат тәрбиелеуге болады. «Өзін-өзі тану әлемінде» әр баланы керемет рухани күш иесі деп қарап, демеу жасасақ, жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, елін, жерін, тілін, отбасын сүйетін, еңбекқор, адал адам тәрбиелейтініміз сөзсіз.

«Әр бала-керемет рухани күш иесі. Ол шетсіз шексіздікті танып –білуге ұмтылады. Мұндай ұмтылыс адам баласының бойында дүниеге келген сәтінде-ақ пайда болады. Сондықтан да мұғалім әр балаға рухани күш иесі ретінде қарауы керек. Мұғалімнің мұндай көзқарасы баланың белсенділігін арттырады. Білімге деген құштарлығын көбейтеді. Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі», -деп белгілі педагог Ш.А. Амоношвили айтқандай мұғалім шеберлігі мен білімділігі «өзін-өзі тану» пәнінің құндылығы мен маңыздылығын аша түседі. Жаңашыл-педагог Ш.А. Амоношвили айтқан екен: «Әр бала белгілі борышпен өмірге келеді және әр бір сәбидің тек өзіне тиесілі жаны-ішкі дүниесінің сәулесі бар. Ата-анамен педагогтың міндеті сол сәулесінің жағылуына жол беріп, өз өмір жолына бағыт көрсету» деген екен.

Қорыта айтқанда, әр адам өзін-өзі, өзінің қажеттілігін, өмірдегі және қоғамдағы рөлін толық түсіну нәтижесінде өз мүмкіндіктерін таниды. Адам өз бойындағы мүмкіндіктерін толық пайдаланғанда алдына қойған мақсатына жете алады. Мақсатқа апаратын ізгі жолдарды өздігінен іздестіру жақсы нәтижеге жеткізеді. Адам жағымды қасиеттерін ізгі ниеттерін дамыту барысында өзін – өзі тәрбиелейді. Өз бетімен танып білуге құштарлану, талпыну, іздену адам көркі мен мінезін шынықтырып, шыңдайды. Өмірдегі әртүрлі жағдайлардағы қиындықтарға қарамай мақсатқа жетуге ұмтылдырып, талпындырады. Сондықтан ізденіп, алдымызға қойған мақсатымызға жетейік. «Өзін-өзі тану» пәні баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелей отырып, осы қоғамда өзіндік «менін» табуға жетелейтін пән.

Еліміздің ертеңі-ұрпақ тәрбиесіндегі ортақ мүддеміз үшін жасалып жатқан барша істерге сәттілік тілеймін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бекарыстанова Н. «Өзін-өзі тану пәні бойынша рухани-адамгершілік білім беру» Самопознание.kz. №6 2014
2. Хайрушева Н.Ә. «Қазіргі заман талабына сай мұғалім қызметінің өзгеруі» Журнал. Педагогика мәселелері. №1, 2011
3. Сисенова А. «Бастауыш сынып оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде мұғалімнің алатын орны» Өзін-өзі тану журналы .№6, 2014

## **ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ**

**Шыныкулова Р.С.**

**Тараз қ. Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы  
Бастауыш сынып оқытушысы**

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында мақаласы жарық көрді. Осы мақалада Елбасымыз ұлтымыздың ұлт болып, еліміздің ел болып қалыптасуына, дамуына ішкі жан-дүниеміздің, рухани қасиеттеріміздің алар орнын ойып тұрып көрсеткен. Қазіргі таңда ұлттық тәрбие мен ұлттық білім берудің маңыздылығы туралы көп айтылып жүр. Бәрімізде білеміз, тәрбие мен білім беру – егіз ұғым. Тәрбиесіз білім, білімсіз тәрбие болмайды, ешқандай нәтиже бермейді, бермегенде. Ал, ұлттық тәрбие мен білім адам баласы үшін биікке шығатын, көтерілетін баспалдақ тәрізді. Себебі, сапалы материалдан жасалған баспалдақпен біз сенімді түрде, биікке шығамыз. Сол сияқты, ішкі жан-дүниесі, рухы мықты азамат ғана елінің ертеңі бола алады. Сонда қазіргі ақпараттық-технологиялар заманында, тек қана ғылым мен білімді игеру аз. Осыған орай, рухани-адамгершілік қасиеті жоғары, ішкі жан дүниесімен сыртқы келбетінің үйлесімділікте болатын жан-жақты тұлға дамытуда өзін-өзі тану бағдарламасының маңызы зор деп білемін.

«Өзін-өзі тану» пәні – қазіргі қоғамда өте керекті пән. Атынан көрініп тұрғандай, адам өзгені тану үшін алдымен өзін танып білуі шарт. Біздің негізгі бағытымыз осы болмақ. Өзін-өзі тану оқу пәні ретінде тұлғаның адамгершілік негізін құруға, оның рухани өзін-өзі кемелденуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауда түйінді рөл атқаруы тиіс.

Өзін-өзі танудың негізгі нысаны – адам болмыстың физикалық, психикалық және рухани қырлары мәнмәтінінде біртұтас процесс ретінде қарастырылады. Адамның өзін-өзі жігерлендіру, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі кемелдендіруінен тұратын осы қырларының біртұтастығы оның үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Бұл өзін-өзі танудың пәндік аясын анықтайды, сол сияқты оқу пәнінің танымдық, дамытушылық және тәрбиелік қызметін нақтылайды.

Өзін-өзі тану пәндік саласы әрбір оқушының адами кемелденуінің гүлденуіне, өмірдегі өз мұратын ұғынуына жағдай туғызу арқылы оның өз рухани-адамгершілік табиғаты мен шығармашылық әлеуетін ашуға мақсатты бағытталған білім беру процесін ұйымдастыруды көздейді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің құралдары сондай-ақ, оқушының қоғамға қызмет етуіне бағытталған олардың жасампаз белсенділігін танытуына мүмкіндік беретін кең ауқымды өмірлік маңызды біліктер мен дағдыларды меңгеруіне қолдау көрсетуге және ықпал етуге бағдарланады. Адамгершілік құндылықтар туралы түсініктер бастауыш сынып оқушыларына жағымды мінез-құлықтың ішкі түрткілерін қалыптастыру, өз бойында жақсы үлгілерге еліктеу ниетін дамыту мүмкіндігін береді. Білім мен тәрбиенің қаланған негіздері балаға өз әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін, өзіне қатысты талап қоюшылықты, өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл баланың тұлғалық негізгі сипаттарын дамытуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, бұл елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін.

Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді.

Рухани-адамгершілік білім беруді басты идея етіп ұстанатын «Бөбек» қорының Президенті Сара Назарбаеваның «Өзіңді өзің тану – рухани өркендеудің түп тамыры және адамгершілік құндылықтардың негізі» - дегендей «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының оқу-тәрбие үрдісіне енгізілуі жақсы бастама десек қателеспейміз. Еліміздің дамуын, болашақ ұрпақты ізгілікке бағыттайтын жаңа қадамы «Өзін-өзі тану», жобасын дүниеге әкелуі, оны мектептерде «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жүзеге асыруы құнды да қажетті іс. Пәннің ерекшелігі – әр баланың өзін-өзі танып, ішкі дүниесін, өзгені танып, білуі болып табылады.

Қазіргі таңда оқу, білім алу адамзатқа осы өмірде барлық жауапкершілікті сезінуге септігін тигізіп отыр. Қоғам қарқынды дамыған сайын адам баласына деген тәрбиенің мақсаты мен міндеті жаңаратыны мәлім. Ғылым мен білімнің жаңалығын игертумен қатар бала бойына рухани -адамгершілік құндылықтарды: мейірімділікті; мейірімділікті, қайырымдылықты, адалдықты, әділдікті, махаббатты, сұлулықты, бақытты бағалай білуді бойына сіңіріп, тәрбиелеуді талап ету – қазіргі өмірде басты мақсаттардың бірі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. - Алматы : Эверо, 2012. - 464 б.
2. Бекарыстанова Н. «Өзін-өзі тану пәні бойынша рухани-адамгершілік білім беру» Самопознание.kz.№6 2014
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. — СПб. [и др.]: Питер, 2008. - 398 с.
4. Андреева Г.М. Психология социального познания: учебн. пособие для студентов высших заведений. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 288 с.

## ТІЛДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Усибалиева А.Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, №1 мектеп-гимназиясы

Ақпарат ағымы тасыған қазіргі заманда тілді оқыту барысында қолданылатын әдістемелердің аясы кеңейіп, түрлері күннен күнге молаюда. Әдістемелердің барлығы тіл үйренушінің бойында коммуникативтік қарым -қатынас дағдысын, іскерлігін дамытуды міндет етіп қояды. Тіл оқыту әдістемесінде басты мәселелердің бірі тіл үйренушінің бойында коммуникативтік құзыреттілікті арттыру. Өз ретінде коммуникативтік құзыреттілік ол тіл үйренушіге қажетті қалыпты ортаны, жағдайды қалыптастыру болып табылады. Кез-келген ортада коммуникативтік қарым -қатынасты дамыту тіл оқыту әдістемесінде басты әрі маңызды нысана болғаны анық. Мәселен, американдық әдістемеші Д.Хаймз “коммуникативная компетенция - это то, что нужно знать говорящему для осуществления коммуникации в культурозначимых обстоятельствах” - дейді.

Тіл үйренушінің бойында қарым-қатынасқа түсуге көмектесетін сөйлесім әрекеттерін айтылым, тыңдалым, оқылым, тыңдалым дағдыларын қалыптастыру тілдік ортаның көмегімен жүзеге асады. Бұл дегеніміз, тіл үйретуде әсіресе, қажетті ортаны қалыптастыра білу мен сол ортаға бейімделіп өзінің тілдік қабілетін көрсете білу деген сөз. Тілдік ортаны қалыптастыру бағытында осы орайда оқытушы тарапынан көптеген амал-тәсілдерді қолдануға әкеледі. Осы бағытта оның ең басты міндет күнделікті өмірмен сәйкес келетін жағдаяттар мен оқиғалардың сабақта орын алуын шешу болып табылады. Қажетті ортаны қалыптасыруға рольдік ойындар, пікірталастар, шығармашылық жобалар секілді әр түрлі әдіс-тәсілдердің тигізетін көмегі бар. Қажетті тілдік ортаны қалыптастыруда осы орайда меңгерліп жатқан тілге тікелей қатысы бар тіл иесі-халықтың мәдени құндылықтарымен толықтыру, мәдениетімен байланысты факторлармен кеңейтудің маңызы зор. Осы мақсатта аутентикалық материалдар: сурет, мәтін, аудиожазба, бейнематериалдарсыз тіл үйрету әрине мүмкін емес. Коммуникативтік құзыреттілікті тіл үйренушінің бойында қалыптастыру қазіргі таңда әр түрлі амал-тәсілдері анықталып отыр. Әдіс-тәсілдердің барлығыда нәтиже әкелетін ретімен яғни қажетті тұсында қолданылса кең мағынадағы қызығушылықты дамытуға үлес қосады екен.

Тіл үйренудегі қызығушылық адамның шығармашылық қабілетін арттыратын тапсырмалар болса, ол тапсырмалар адамның қарым-қатынас жасау, өзін өзі бағалау, өзге адамның бағалуына қажеттілігі секілді психологиялық қажеттіліктерінен тікелей байланысты екен. Біздің ойымызша, тіл үйретуде басты назарда адамның осы психологиялық қажеттіліктерін ескерген дұрыс деп есептейміз.

Олардың қатарында бейнефильмдерді пайдаланудың маңызы үлкен. Озық технология дамыған заманда бейнефильмдерді сабақта пайдалану тіл үйренушіге қажетті ортаны қалыптастыра алатын бірден-бір амал. Тілдік ортаны қалыптастыруға тәсілдің бірден бірі - бейнематериалдар. Ұсынылған мақалада бейнефильмдерді әрбір деңгейде жаттығу мен тапсырмал түрлері мен оларды пайдалану тәртібі туралы сөз етіледі.

Жалпы, сабақта қолданылатын бейнематериалдарды шартты түрде жаңалық, көркем фильм, деректіфильм, жарнама, ақпараттық фильм секілді түрлерін ескеріп қолданғаны дұрыс. Өйткені, кез-келген бейнематериал түрлерін деңгейлік оқыту



қағидаларын ескере отырып қолдауды қажет етеді. Мысалы, тіл үйреудің бастапқы деңгейінде күрделігі орташа, жоғары бейнематериалды көркем фильмді беру ешқандай тиімділік әкелмейтіні анық. Бейнематериалдарды пайдалануда тиімділік әкелетін әрекеттердің маңыздысы - жаттығулардың берілу тәртібін қатаң ұстану қағидасы. Яғни, жеңілден-күрделіге, түсінде – меңгеруге, қолданудан - талдауға. Сондықтан, бейнематериалдарды пайдалану барысында екі қағиданы жүйелі түрде ұстанған жөн. Ол біріншіден, тапсырма мен жаттығулардың жүйелілігі яғни, бейнематериалдарды тіл үйрену барысында үздіксіз түрде ретімен, тақырыпқа сай беріліп отыруы. Екіншіден, тапсырма мен жаттығулардың жүйелілігі. Мысалы тақырып “Тағам” болса, тағамға қатысты бейнематериал немесе азық түлікті жарнамалайтын бейнематериал.

Жалпы бейнематериалды пайдаланудың біріншілікін сақтау мақсатында бейнематериалды пайдалану тәртібін үш кезеңге бөлген дұрыс. Бірінші кезең ол алғашқы кезең немесе дайындық кезең деп атауға болады. Екінші кезең тікелей бейнематериалды көру кезеңі. Үшінші кезең ол бейнематериалдан кейінгі кезең.

Тіл үйретуде бірінші кезеңнің алатын орны мен маңызы өте үлкен әрі атқаратын қызметі ауқымды, өйткені ол баланың қызығушылығын арттыратын, ынталандыратын кезең болғандықтан, дәл осы кезеңде түсіну, меңгеру, кейінен пайдалану дағдысы, іскерлігі машықтану деңгейіне дайындық кезеңі болып табылады екен. Яғни бұл кезеңде, бейнематериалды түсінуге, игеруге бағытталған әрекеттердің тоғысуы қажет. Ұсынылған барлық тапсырма, жаттығуларды жеке, жұптық және топтық бірлестікте орындауға болады. Бұл топтың деңгейіне, ұйымдастыру үдерісінде оқытушының қойған міндеттеріне байланысты. Мәселен, екі -үш адам бірлесіп орындаса, олар іскерлік қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі, меңгерген тілдік дағдыларын машықтандара түседі. Жаттығулар алдын-ала дайындықты қажет етеді де, арнайы тапсырма ретінде қағазға жазылып таратылады.

Бірінші кезеңде орындалатын жаттығу мен тапсырмалардың қатарына:

- Бейнематериал тақырыбын талқылау.
- Бейнематериалдың дауысын өшіріп талқылау.
- Дауысын өшіріп көру және мүмкін болатын тақырыпты табу.
- Дауысын өшіріп көріп, жобаланған мәтінін құрастыру.
- Бейнематериалға қатысты сөздердің қажеттісін анықтау.
- Бейнематериал мазмұнымен байланысты сұрақтар.
- Бейнематериал тақырыбымен байланысты мәселелерді анықтау.
- Бұрыннан бар мәліметті ортаға салу.

Екінші кезеңде орындалатын жаттығу мен тапсырмалардың реттілігі мен мазмұны осы кезеңнің басты мақсаты - тіл үйренушінің бойында грамматикалық дағдысын, тілдік нормалардың меңгеру мен сөйлесім әрекеттерін меңгеруге бағытталған. Екінші кезеңде лексика, грамматика, бейнематериал мәтінімен, құрылымымен байланысты атқарылатын жұмыс түрлері деп топтастыруға өзінің тиімділігін береді. Екінші жағынан тілдік деректермен жұмыс, мазмұндық ақпараттық әрекет түрлері, тілдесім әрекеттерін дамытуға бағыттауға болады. Тапсырмаларды тізіп өтетін болсақ, мысалы: Бейнематериал бойынша оқылым, сөйлесім, айтылым тапсырмалары. Бейнематериалды көріп:

- Түсірілген сөзді анықтау.
- Сөзді тиісті грамматикалық формада беру.
- Нақты грамматикалық формада беріңіз.
- Артық сөзді анықтау.
- Бейнематериалда қолданылған сөздерді анықтау.
- Ұсынылған сөздерге бейнематериалда қолданылған синонимдерді анықтау.
- Сөздердің антонимдерін анықтау.
- Сөздердің мағынасын түсіндіру.

- Дұрыс анықтамасын табу.
  - Сөздерге сұрақ қою.
  - Тиісті грамматикалық қосымшаны анықтау.
  - Сөйлемді бейнематериал мазмұнына сәйкес толықтыру.
  - Етістікті тиісті грамматикалық формада беру.
  - Бейнематериал мазмұнына сәйкес сөйлемдердің шын жалған екендігін анықтау.
  - Бейнематериал мазмұнына сәйкес жоспар құру.
  - Сөйлемдерді ретімен орналастыру.
  - Абзацтарды ретімен орналастыру.
  - Берілген тұжырымдарды бейнематериал мазмұнына сәйкес анықтау.
  - Логикалық байланысын анықтау.
  - Себеп-салдарлық қатынасын анықтау.
  - Кейіпкерлерді сипаттау.
  - Кейіпкердің сөзіндегі қателіктерді фонетикалық, грамматикалық, лексикалық қателіктерді анықтау.
  - Кейіпкердің ұстанымы туралы айту.
  - Бейнематериалдың дауысын өшіріп қойып, кейіпкерлердің сөздерін айтып шығу.
  - Бейнематериалдағы құбылыстарды ауа райы, қала, табиғат, кеңсе іші, мекеме қызметін сипаттау.
  - Кейіпкерлердің сөздерін пайдалана отырып, рольдік ойын.
  - Кейіпкердің монологын құрастырып, топ алдында айтып беру.
  - Кейіпкердің ішкі сезімін сипаттау.
  - Бейнематериалда құбылыстардың салдары қандай болу мүмкін.
  - Ұсынылған құбылыс салдарын дәлелдеу.
  - Бейнематериалға баға беру.
  - Бейнематериалдағы құбылысты, кейіпкердің әрекетін қолдау.
  - Келтірілген ұсыныстарға күмән келтіру.
  - Келтірілген ұсыныстарды мақұлдау.
  - Келтірілген ұсыныстарға қарсы шығу.
  - Бейнематериалға аннотация жазу.
  - Бейнематериал туралы мақала жазу.
  - Бейнематериалға қосымша қандай деректерді қосу.
  - Бейнематериалды үлкен экранға шығаруға болатыны жайында ұсыныс беру.
  - Бейнематериалды көруге болатыны жайында кеңес беру. Ұсынысты дәлелдеңіз.
  - Бейнематериалдың дауысын өшіріп қойып, дыбыстау.
  - Бейнематериалды соңына жеткізбей өшіріп, жалғасы қандай болуы мүмкін , ықтимал болатын ұсыныстарды табу.
  - Дыбысталған мәтін әр түрлі бағытта: мақтау, мақұлдау, күмәндану, теріске шығару, құттықтау, ұсыну, кеңес беру секілді бағыттарда жазып топ алдында айтып беру.
  - Бейнематериалда көтерілген проблема бойынша жобалық жұмыс. Жобалық жұмыстың өзі бірнеше түрге: зерттеу жұмысы, сипаттамалық жұмыс, себеп-салдарлық қатынасты зерттеу жұмысы, шығармашылық тапсырмалар, драмалық ойын т.б. түрлерін осы бейнематериалмен байланысты орындауға болады.
  - Бейнематериал бойынша пікірталас, дебат, дөңгелек үстел өткізу.
  - Бейнематериалдағы кейіпкерге, авторына хат жазу.
- Хаттың өзі әр сипатта ұсыныс беру, мақтау, түзету тәрізді бағыттары болса жазба жұмысты түрлендіре түсетіні сөзсіз.

Қорытындылай келгенде, бейнематериалдарды пайдалану тілдік органы қалыптастыруға ықпал беретін амал болса, екінші жағынан тіл үйренушінің деңгейіне сәйкес материал мен тапсырма жаттығулардың үйлесім табуы өзінің тиімділігін әкеледі.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Джефф Петти. Практическое обучение. Москва Ломоносов . 2010
2. Барменкова О.И. Видеозанятия в системе обучения иностранной речи //Иностранные языки в школе № 3 1999 г. стр. 20
3. Верисокин Ю.И. Видеофильм как средство мотивации школьников при обучении иностранному языку //Иностранные языки в школе № 5 2003 г. стр.31
4. Вайсбурд М.Л., Пустосмехова Л.Н. Телепередача как опора для организации речевой игры на уроке иностранного языка // Иностранные языки в школе №6 2002 г. стр. 6

**ӘОЖ 32 (574)**

**Ж 82**

**ЕЛІМІЗДЕГІ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Жунусова Ж.Б.  
ТарМПУ, Тараз қ.**

Гендерлік саясат – Қазақстан Республикасының демократиялық дамуының маңызды құрамдастарының бірі. Әйелдердің экономика мен саясат саласындағы ролі мен маңыздылығы қазіргі заманғы тарихи дамудың заңдылықтарының бірі болып табылады. Әйелдердің даму әлеуетін ең көп пайдаланатын елдер (Швеция, АҚШ, Австралия, Финляндия, Канада, Бельгия, Дания т.б.), олар ең дамыған, экономикасы тұрақты болып табыла табылады /2, 56/.

Постсоветтік кеңістікте Қазақстан әйелдердің әлеуетін дамытуға мүмкіндіктері бар. Бұл мүмкіндікті толық көлемде пайдалану, қазіргі заманғы саясаттың міндеті.

1998 жылғы 29 шілдеде Қазақстан Республикасы әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылды.

Конвенция алғаш рет әйел құқықтарының ажырамас бөлігі ретінде мәселені көтерді. Қазақстандағы гендерлік саясаттың тұжырамдамалық негізі әйелдерді мемлекеттік саясатқа тарту болып табылады.

Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты ана болуды қорғау болып табылады. Тарихи тұрғыдан алғанда, біздің халқымыз әйелдерге құрметпен қарайды.

Елдегі гендерлік жағдайды талдау үшін «Қазақстанның әйелдері мен ерлер» деген жинақ әзірлеп, жыл сайын статистикалық мәлімет жинақтар отырады. Ол барлық министрліктер мен ведомстволарға, жергілікті атқарушы органдарға, кітапханаларға жіберіледі, барлығы қол жетімді болмақ.

Қазақстанда ерлер сияқты әйелдер білім алуға тең құқылы. Әйелдердің 150-ден астам үкіметтік емес ұйымдары бар. Негізінде гендерлік саясаттың табысы, гендерлік теңдік мәселелерін шешу қажеттілігін қоғамдық түсінуге байланысты. Гендерлік теңдікке қол жеткізу және қоғамды одан әрі демократияландыру үшін мемлекеттік құрылымдарында әйелдер мен ерлердің теңдестірілген қатысуын қамтамасыз ету, экономикалық тәуелсіздік үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, бизнесті дамыту және насихаттау, отбасындағы құқықтар мен міндеттерді бірдей іске асыру үшін жағдайлар жасау, зорлық – зомбылықтан азат болу /1, 176/. Сонымен қатар әйел жұмыскерлерінің өндірістік процеске қатысу үлесін арттыру, оның ақпараттық технологиялар дәуіріндегі сұранысының және маңыздылығының

артуы, дәстүрлі түрде жұмыс істейтін әйелдердің еңбек салалары – білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласында маңызды болып келеді.

Қоғамның жаңа мемлекеттің көшуіне арналған экономикалық және әлеуметтік қызмет субъектілерінің қажетті қасиеттерін қалыптастыру көбінесе олардың талаптарына, кәсіби деңгейіне, құзыреттілігіне және күш-жігеріне байланысты болады.

Әйелдердің белсенді экономикалық рөлі отбасындағы және қоғамдағы әйелдердің әлеуметтік мәртебесін объективті түрде арттыруға әкелді. Бұл, өз кезегінде, отбасындағы гендерлік рөлдердің өзгеруіне, қазақстандық қоғамдағы отбасының жаңа гендерлік модельдерін қалыптастыруға әкеліп соқтырды.

Әйел негізінен еңбекке қабілетті халықтың басым бөлігін ғана емес, сонымен қатар білім деңгейінің жоғары сатысына ие болып қана қоймай, ерлерге қарағанда, назар аудару, дәлдік, жауапкершілік, еңбекқорлық, жанұялық қарым-қатынас, психологиялық және физикалық тұрақтылық сияқты ақпараттық технологиялар қызметіне қажет көп қасиеттерге ие.

Бұл ақпараттық технологияларға неғұрлым сәйкес келетін жеке қасиеттер, өндірістік – өнеркәсіптік және тау-кен технологиялары физикалық күш, төзімділік, айқындау, қандай да бір қызметке немесе операцияға шоғырлануды талап етті. Сондықтан, адамзат қоғамдастығының индустриялық – индустриалды даму дәуірінде негізгі өндірістік күш ер адамдар еді. Қазіргі электроника дәуірінде – оның көпшілігі әйелдер болады. Сонымен бірге, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қолданыстағы құжаттарында отбасы институты әлеуметтік қорғаудың айрықша объектісі ретінде қаралады.

Дамудың жаңа кезеңінде адами капиталдың сапасына әсер ететін барлық әлеуметтік институттардың арасында отбасының рөлі маңызды болғандықтан, Қазақстанға отбасы саясатын қалыптастыруда өзінің тәсілдерін жасаған маңызды.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, отбасының функционалдық беріктігі деңгейіне гендерлік қатынастар моделі елеулі әсер етеді. Гендерлік теңдік деңгейі жоғары болған сайын, отбасы мүшелерінің өздерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, нәтижелі жоғары болады.

Осылайша, заманауи берік отбасының қалыптасуына жағдай жасау және гендерлік теңдікке қол жеткізу қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырамас процесі болып табылатыны айқын /2, 96/.

Бәсекеге қабілеттілік пен әлеуметтік даму саласының қолданыстағы тұжырымдамалары арасындағы байланыстырушы ретінде Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясаттың кешенді тұжырымдамасын әзірлеу айқын және негізделген қажеттілік болып табылады және Қазақстан Республикасының әлемдік қоғамдастыққа табысты интеграциялануының қағидатты шарттарының бірі болып отыр.

Қазақстан 2030 тұжырымдамасында Елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміздің барлық секторларында әйелдердің позициясын нығайту керек екенің ерекше атап көрсетіп, бірқатар құжаттарға қол қойған болатын. Қазіргі уақытта нәзік жанды әйелдердің қоғам өмірінде алатын, орны орасан. Олар сан – салада белсенділік танытып, мемлекеттің өсіп – өркендеуіне ерекше үлес қосып келеді.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан қосылған халықаралық актілерде жарияланған, ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін іске асыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ олардың қоғам өмірінің барлық салаларына тең жағдайда қатысуы. Осы саясатты қолдайтындарды түсінуге әбден болады. Мысалы, еңбек нарығында орын алатын дискриминацияны оның әрекет ету аясына және оның нәтижесіне байланысты жіктеуге болады. Мұндай көзқарастан әйелдер дискриминациясының жұмысқа қабылдау немесе жұмыстан шығару кезіндегі дискриминация, яғни жұмысқа қабылдау кезінде әйелдер соңғы орында, ал жұмыстан шығару кезінде бірінші кезекте тұрады, нақты бір мамандықтар немесе лауазымдар

шеңберіндегі дискриминация (әйелдердің мұндай жұмысты орындауға қабілеттілігі бар болғанына қарамастан, нақты бір қызмет түрімен, лауазыммен немесе мамандықпен айналысуына шектеу қою немесе тыйым салу), кәсіби карьерада қызмет бабы бойынша көтеру кезіндегі дискриминация (әйелдердің қызмет бабы бойынша өсуіне шектеу қою) деп атап көрсетсе болады. Демек, гендерлік саясат еңбек нарығы қызметімен тығыз байланысты /3, 4б/.

Қорыта келе, гендерлік саясат – әйелдердің теңдігі және оларды кемсітуге жол бермеуді заң жүзінде бекітудің тәжірибелік құндылығы өздерінің құқығын іс жүзінде пайдалану мүмкіндігін білдіреді. Ал әйелдердің қоғамдық жұмысты атқарып, отбасына да уақытын қажетті деңгейде бөліп, балаларының тәрбиесімен де айналысып жүргендігі жасырын емес. Осы тұрғыда қазақ халқының : «Әйел бір қолымен әлемді тербетсе, екінші қолымен бесікті тербетеді» деген әдемі даналық сөзі еріксіз ойға келеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Конституция (основной закон) Республика Казахстан // Режим доступа : w.w.w.constitution.kz.
2. Хасанова Г. Женщина и политика // Равенство возможностей. – № 4, 2003. – с. 5.
3. Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 // Режим доступа: w.w.w.Statuskz.org.

**ӘОЖ 372.87**

**A14**

## **МЕКТЕПТЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІНІҢ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ОҚЫТЫЛУЫ – ӨМІР ТАЛАБЫ**

**Абдрасилов А.И.**

**ТарМПУ. Тараз қ.**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жастардың бойында адамгершілік қасиеттердің: ұлттық мақтаныш, отансүйгіштік сезім, адамдарға гумандық қарым-қатынас, ұлттық үрдістегі өзіндік мәдениетін сыйлауды, адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуын талап етеді. Бұл болашақ суретші-педагогтарының жеке тұлғасын тәрбиелеуші құрал ретінде қалыптастырудың жаңа тәсілінің дәріптелуін, педагогикалық көркем білім берудің заман талабына сай жаңа мақсаттарын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінуін, тұлғаның қоғам дамуының белгілі бір деңгейге жетуін талап етеді. Ғылым мен техниканың қарқынды дамуының деңгейінде көркем сурет көп жағдайда арнайы және әлеуметтік квалификацияда сәйкес келе бермейді. Бұл жағдайдың бір себебі, көркем сурет және суретші-педагог мамандарын кәсіби даярлауда жаңа дидактикалық, концептуалдық негіздерді кең пайдаланудың теориялық зерттеулерінің жетіспеушілігінде. Көркем сурет мамандарын, яғни, болашақ суретші-педагогтарды кәсіби даярлауды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыруда онтайлы жетілдірілген негіздердің жоқтығы.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының әр бөлімін сараптай келе, қазақ жұртының тарихи түп-тамыры өте тереңде жатқандығын, мықты далалық өркениетіміздің бар екенін әлемге танытуда қызмет ету керектігі көрінеді. Айта кететін жайт «Тарихын, ең бірінші, өзінің туып өскен өлкесінің тарихын білуге құштар, оны жетік білген ұрпақты көру біз үшін бақыт»-деп түсінемін. Қазіргі уақытта жоғары білім беру саласында жаңа кәсіби білімді терең меңгерген мамандарға деген сұраныстың артуы олардың әдістемелік білімі, қабілеті мен біліктілігінің қазіргі талаптарға сай болуын, кәсіби даярлығының білім стандарттарының талаптарына сәйкес қалыптастырылуын талап етеді. Сондықтан

жастарға тәрбие мен білім беру ісі қоғамдық маңызға ие болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «ЖЕТІНШІ. жарғыда көрсетілгендей Адами капитал – жаңғыру негізі.», – деумен қатар, «*Білім берудің жаңа сапасы*. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттігін. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет екендігін.

Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керектігін, мұғалімдердің біліктілігін неғұрлым сапалы деңгейге көтеру» қажеттілігін атап көрсеткен болатын. Сондықтан да педагогикалық жоғары оқу орындарының дайындап шығарып жатқан педагог мамандарының шығармашылық ойлау қабілеті, кәсіби- педагогикалық біліктілік деңгейі жоғары жаңа тұрпаттағы жаңа тұжырымдамалық тұрғыдан келуіне тікелей байланысты. Өйткені, педагогика ғылымында көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру мәселесі қазіргі таңда анағұрлым өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың қазіргі міндеттері тұрғысынан алғанда, бұл мәселенің, әсіресе, бейнелеу өнерінен сабақ беру үдерісінде түбегейлі ерекше әлеуметтік-педагогикалық маңызы зор. Қазақстан бейнелеу өнері үлкен тарихи даму жолын бастан кешірді, оның сипаты өзара ұштаса байланысқан бірқатар себептер мен факторларға байланысты анықталады: әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық және өзіндік эстетикалық.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, қарқынды саяси оқиғалар, мемлекет аумағында қалалардың өсуі – мұның барлығы аймақтардың бейнелеу өнерінің қалыптасуына, оның жергілікті оқу орындарының құрылуына және дәстүрлердің сабақтастық сипатына әсер етті. Қазақстанда бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен жылдам дамуы көркем тәжірибеде орын алған көптеген үдерістерге байланысты болды. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап елімізде құндылықтарды қайта бағалау басталды – өнердің қоғамдық иерархиясында ілгеріде қарапайым ғана орынды иеленіп келген бейнелеу өнерінің әлеуметтік және эстетикалық мәртебесі өлшеусіз нығая түсті. Бейнелеу өнері күн өткен сайын көрмеге бет түзеген шығармашылық ізденістердің аймағына айналып барады, қалалық және тұрмыстық ортаның эстетикалық баю құралы мен материалына айналды, осы арқылы пластикалық және кескіндемелік жаңа пішіндерге ие болды. Ұлттық өнеріміздің түрлері көптеген ғасырлар елегінен өтіп, мейлінше жетіліп келеді. Сондықтан, олар түрлі бейнелеу өнерінің, ырғақтың, ұйқастың, формалық жарасымдылығын, мөлшерінің сәйкестігін сезінуге үйретеді.

Халық шығармашылығының көптеген туындыларында эстетикалық әсемдік пен үйлесімділік жарасымын тауып, шындық пен қиял суреткерлік бірлестік болып табылып, бірімен бірі жымдасып жатады. Халықтағы өнер бұлағының қайнар көзі ешбір толастаған емес, ата- бабаларымыздың нөсер шабытынан, ұшқыр қиялынан, шебер қолынан пайда болған өнер туындылары Отанды сүйеге үйретеді, жас ұрпақтың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеуге көмектеседі. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттер мен мерзімдік басылымдардағы ұлттық бейнелеу өнері негізінде болашақ кадрлар даярлау және мәдени мұрамыздағы бейнелеу өнерінің шығармашылық пайымдалуына деген түсініктердің айқындалуында айтарлықтай алшақтықтар байқалып жүр. Мұндай алшақтықтар, біздіңше, біріншіден, ұлттық бейнелеу өнеріндегі халық мұрасының шығармашылығын танып-білудің күрделілігінен, екіншіден, оның ұзақ уақыттар бойы ғалымдар назарынан тыс қалып келгендігінен, үшіншіден, ұлттық бейнелеу өнерінің шығармашылық пайымдалуы басқа ұлттардың өнерімен теңдестіріле қаралмағандықтан, ал төртіншіден, оның

шығармашылық мәніне дұрыс түсінік берілмей, тіпті жөн- жосықсыз бұрмалануынан туындап отыр.

Қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы-демократ, саясаткер, саяхатшы дипломат, этнограф әрі суретші Ш.Уәлиханов (1835-1865) өнерге, мәдениетке қатысты қыруар ғылыми еңбектер жазды. Ол ақын-жазушылардан өлең-әңгімелер, аңыз-әңгімелер, аңыз-ертегілер жинады, үнемі үздіксіз сурет салумен шұғылданды, бейнелеу өнерінің графика түрін жетік меңгерді, жүз елуден астам туындылар жасап, мұра етіп қалдырды. Шоқан Уәлиханов – ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды жинақтаушы этнограф-ғалым. Ол өз халқының ғана тұрмыс-тіршілігін, дәстүрін зерттеп қойған жоқ. Сонымен қатар ұйғыр, қытай, дүнген, қырғыз жұртының салт-дәстүрін, мәдени тұрмысын салыстыра отырып зерттеп, ғылыми баға берді. Оны құнды деректі материалдар мен бейнелік суреттер дәлелдей түседі.

Шоқан қазақтар мен қырғыз жұрты арасындағы ислам діні ырымдарының басым орын алатынын «Ислам дінінің қазақтар арасындағы қалдығы» атты еңбегінде жан-жақты сөз етеді. Суретші ғалым көне заман аспаптары мен қару-жарақтарын салуға әуес болды. Садақ пен қорамсақ, кісе, селебе мен желауыз, сойыл, қамшы нобайларынан ұлттық мұраның үлгісін көруге болады. Қазіргі дамып келе жатқан заманда кейбір атышулы лицей мен гимназия мектептерінде бейнелеу өнері сабағы толық пән ретінде жүргізілмейтіні және жалпы білім беретін орта мектептерде қажетсіз сабақ ретінде қалып, сағат саны азайып бара жатқаны өкінішті-ақ. Бұдан біз болашақ жастарымыздың рухани жағынан білімдерінің таяз болуына, эстетикалық талғамының мүлдем жоқ болуына ықпал жасағанымызды сезбейміз.

Орта мектептерде өтілетін басқа сабақтармен қатар бейнелеу өнері де толық түрде жүргізілуі тиіс – ол өмір талабы. Көркемдік тәрбие беруде бейнелеу өнерінің тағы бір басты атқаратын міндеті – ол әрбір баланың бойына біткен табиғи қабілетін дамыту, соған қолдау жасау, болашақта суретшілік мамандықты қаламаса да, өмірде қандай да болмасын мамандықты жоғары дәрежеде меңгеруіне септігін тигізу. Осыған қатысты көп мысал келтіруге болады. Атақты Кеңес Одағының 3 дүркін батыры, ұшқыш Иван Кожедуб мектеп қабырғасында сурет сабағының дұрыс жолға қойылуының арқасында, сурет салу қабілеті дамып, соғыс кезінде көз өлшемінің жақсы қалыптасқандығының көп көмегі тигенін үнемі есінен шығармай айтқан. Аты әлемге танымал авиаконструктор А.С.Яковлев те бейнелеу өнерінің арқасында жеткен жетістіктерін былай деп жазған: «Мен тағы бір нәрсе үшін мектепке дән ризамын, онда сурет салу жақсы жолға қойылған болатын. Сурет сала білгенім менің болашақтағы өміріме көп көмегін тигізді. Өткені инженер-конструктор әлдеқандай машина жасауды ойластырған кезде, ол өзінің болашақ туындысын егжей-тегжейлі көз алдына келтіруі тиіс және оның бейнесін қарындашпен қағаз бетіне түсіре білуі тиіс». Географ А.Половкин тіпті «География және сурет салу» деп аталатын тұтас бір кітап та жазған.

Сурет әрбір адамның сезіміне қанат бітіреді, тіпті озық техниканың дамуына мол әсерін тигізетіні белгілі. Осындай бейнелеу өнерінің өмірдегі қажеттілігі, қолданыс ауқымы туралы айтылған хирургтардың және тағы басқа да мамандық иелерінің ойлары дәлел бола алады. Күнделікті өмірде суретшілердің туындыларын қанша тұрып байқап қарағанмен, кейде ересек адамдардың өзі де сол тамашалап тұрған өнер туындысын өз деңгейінде мағынасын толық түсіне алмайды. Қазіргі уақытта бейнелеу өнерінің көптеген түрлі бағыттары етек алғанда, өнер туындыларын дұрыс талдай біле отырып оған баға беру – өмір талабы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы Астана, 2007.
2. Аманжолов С.А. Бейнелеу өнерін оқыту технолсогиясы. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2007.– 180 б.

3. Тәңірбергенов М.Ж. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. – Шымкент, ОҚМПИ, 2012. – 405

**ӘОЖ 37.05**

**Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «КҮЙ» ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПкерлердің Ұлттық Психология тұрғысынан көрінуі.**

**Ерғали А. Е.**

**Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**Ахметова С. Д.**

**ТарМПУ Редакциялық баспа бөлімінің маманы**

Ә.Кекілбаев «Күй» повесі арқылы қазақ әдебиетінде күй мен күйші тақырыбын жаңа шығармашылық биікке көтеріп, жаңа көркемдік шешім жасады. Есімі алты алашқа қадірлі, қайталанбас тұлға Абыл күйшінің тағдырын әдебиетке алып келді. Жазушының басты қаламгерлік мақсаты – күй құдіретін, оның шығармашылық болмыс-бітімін, эстетикалық күш -қуатын, керек болса әлеуметтік-танымдық жасампаздық сипатын қазақтың туынды өнерпазы Абыл күйшінің өмірінің ең бір қайшылықты тұсына табан тірей отырып ашу екендігін аңғарамыз.

Түрікмендер қолында тұтқында қалған қазақ күйшісінің тағдыры оқырманын бейжай қалдырмайды. Повестің бас кейіпкері батыр Жөнейіттің жан әлеміндегі мәңгі мызғымастай көрінетін рухани өзгерістер тікелей күйші өнерімен терең сабақтастықта ашылады.

Ұлттық психология арасында кейіпкерлерін әр қырынан жарқыратып көрсетуді мақсат еткен қаламгер өнімді, ұтқыр көркемдік әдіс-тәсілдерді орнымен пайдаланады. Психологиялық талдауға қаламгерден қойған. Осы арқылы бірінші кезекте күйші тұлғасы дараланып, биіктей берді. Қазақ күйшінің құдіретіне ештеңе тосқауыл болып, ешбір күш қарсы тұра алмайтынын көреміз. Күйшінің күй тілімен осылай толғануында адам санасы жете алмайтын терең сыр жатқандығына сенеміз. Өйткені бүкіл өмірін талас-тартыспен, ұрыс-шабыспен өткізген, сол жолда өзінің жалғыз баласының жанын оққа байлаған, ақырында сонысының бәрінен де оша таппаған Жөнейіттің өмір туралы, тіршілік туралы өмір бойы тұтынып келген тұғырнамасының жалған, алдамшы, бейоша екендігін оған күй құдіреті арқылы ұқтыру – күйшінің де, жазушының да басты нысанасы. Жазушы осы шығармашылық нысанасына орай Жөнейіттің күй сазын түсінуін, қабылдауын, оның жан дүниесіндегі сәт сайын өзгеріп отыратын сезім толқындарын процесс күйінде суреттейді.

Ә.Кекілбаев шығармаларында өнер сыры, өнерпаз тағдыры туралы суреттеулер көбінесе кейіпкердің ішкі жан дүниесіне, ішкі психологиясына жетелейтін жол іспеттес. Оқырманын бей-жай қалдырмайтын, тартымды, көбінесе тарихпен тамырлас түсіп жататын авторлық баяндаулар, образ ашудың тиімді әдіс-тәсілі ретінде, яғни психологизмнің сынынан өткен берік, біртұтас арналары ретінде қатарға шығады. Тарих пен адам, өнер мен өнерпаз Ә.Кекілбаев шығармасында әрдайым тұтастықта, бірлікте сабақтаса өріледі. Жеке адамның пенделік тағдыры мен тұтас бір елдің, халықтың тарихи тағдырын жазушы ешқашан бөліп алып, арасын ажыратып, жеке-дара қарастырмайды. Ұлт тағдыры, ел тағдыры жайын-дағы тарихи әңгіменің желісін жазушы ешқашан назардан шығармайды.

Жазушының «Күй» повесіндегі басты кейіпкерлердің қай-қайсысының тағдырын алмаңыз, олар, ең алдымен, ел, ұлт тағдырымен жіксіз астасып жатады. Ә.Кекілбаев осы образдар арқылы қазақ халқының қилы кезеңдегі бастан кешкен тарихи тағдырын оқырманның көз алдына алып келеді.



Ә.Кекілбаев үшін кейіпкер іс-әрекеті арқылы, оның ішкі жан дүниесінде өтіп жататын психологиялық иірімдер арқылы заман шындығына, уақыт сырына үңілу маңыздырақ.

Әдебиетте қазіргі кейіпкер және оның адамгершілік бейнесі өте актуальды проблемаға айналып отыр. Кейіпкердің адамгершілік сипаты, моральдық болмысы қашанда әдебиет өнерінің нақты объектісі болып келеді. Адам образы үнемі өзінің көп сырлы мәнімен суреттеліп, оның жеке тұлғасы жан-жақты ашыла түсуде. Оның іс-әрекеті, қоғамдық және жеке өмірі шындыққа сай алынып, нағыз азаматтық келбетімен көрінуде. Мұның өзі кейіпкер образының әдебиеттегі көркемдік рөлін, этикалық-эстетикалық болмысын, адамның жаратылысын анықтайтын құбылыс. Бұл сондай-ақ суреткерлер талантымен бейнеленетін дара характерлердің, нанымды да, жанды образдың дүниеге келуі болып табылатынына күмән жоқ.

Кейіпкердің рухани жан-дүниесі гармониялық тұтастыққа алынып, терең психологиялық тұрғыда берілуі өте маңызды. Бұл, сайып келгенде, халықтың адамгершілік санасының өсуіне, этикалық нормалардың қалыптасуына байланысты алынса, көкейдегі мақсаттың да жүзеге асқаны. Адамгершілік қасиет-кейіпкердің биік рухани табиғатын танытпақ. Қайсы бір тарих – әлеуметтік кезеңдерде халық өмірінің қажетіне, талап-тілегінің өсуіне орай этикалық нормалар да жетіліп, дамып, байып отыратыны заңды. Бұл орайда қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланысты жаңаша моральдық-этикалық нормалар пайда болып, ескі мен жаңаның ара жігі айқындала түседі. Ал мұның өзі ұзақ уақытты қамтитын тарихи даму мен рухани ізденістердің нәтижесі болып саналады. Заман өзгерісі адамдардың көзқарасына, дүниетанымына, айналасындағылармен қарым-қатынасына ерекше әсер етпек. Осыдан келіп, әдебиеттегі кейіпкердің де жаңаша бейнеде, рухани түрлену үстінде көрінуі диалектикаға сай келмек.

Қазіргі әдебиет, соның ішінде Ә.Кекілбаев адамның жеке тұлғасына айрықша мән беріп, оның жанды да, көркем бейнелеуіне күш салып келеді. Жаңа адамның жан-дүниесі характерінің қалыптасуын шебер де, көркем түрде суреттеу әдебиетінің маңызды міндетіне айналған. Әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі көрсетуі мен жалпы халықтың парызына, бүкіл адамзаттың гуманистік қасиетіне баса назар аударылып отыр. Жеке тұлғаның көркем концепциясына, тәрбиелік-өнегелік жақтарына терең үңіліп, тың шығармалар беруде. Мұндайда адамгершілік идеалды ашу – негізгі борыш. Қаһарман шығармадағы автор идеясын жүзеге асырушы тұлға болумен бірге, көркемдік-эстетикалық көзқарас негізінде туған әдебиет образы екені белгілі. Алайда, ол өзінің дербес әрекетімен көрінетін, өмір сүру ерекшелігін танытатын, өз сөзі мен ойын, көзқарас болмысын толық паш ететін толыққанды бейне екенін атап айту керек. Салыстырмалы түрде алғанда басқаға бағынышты емес, өзіндік сана-сезіммен, өз алдына әрекет етуші бостандық иесі болып саналады. Бүгінгі өмір шындығын көркем шындыққа айналдыруда суреткерлер жан-жақты ізденістер танытуда. Уақыттың өзі алға тартқан әдебиет пен өмірдің байланысын тереңдете түсу керек күттірмейтін мақсат. Ә.Кекілбаевтың көптеген повестерінде қаһарман, кейіпкер проблемасы үлкен мәнге ие болып отыр. Бүгінгі оқырманды бар адамгершілік болмысымен, жан-жақты характер қырларымен танытатын кейіпкер керек. Өйткені, жер жүзі әдебиетімен сусындауға оқырман үшін мүмкіндік туып отырған уақытта кейіпкер образына қазақ жазушыларының да селқос қарауына хақысы жоқ. Әрбір жаңа шығармадан халық замандас тұлғасын күтеді. Өмір, қоғам қайшылықтары шығармада қаншалықты дәрежеде көрінгені ешбір елеусіз нәрсе емес. Сол арқылы шындық пен ақиқаттың қалай айтылғаны, көркемдік ой мен танымның қаншалықты шебер берілгені барынша назар аудармақ. Шығармаларда адамгершілік-философиялық ойларға терең бойлап, жаңа қаһарманның бойындағы бұған дейін білінбеген, осы заманға сәйкес

өзгеріс сипаттарын көре білу және көркем суреттеу парыз. Сөйтіп, бүкіл адамзатқа ортақ, құнды мәселелер идеялық арқау етіп көтерілуі тиіс. Бұл кейінгі он- он бес жылда тек қазақ әдебиеті ғана емес, басқа да көптеген халықтар әдебиетінде одан сайын күшейе түскен тенденция. Осыған орай, зерттеуші Г.Фридлендердің «Сонымен, көркем шығарма өзінің табиғатында жазушының уақытпен диалогын паш етеді. Халықпен, елмен, ғасырлармен және ұрпақтармен болған әрекетті көрсетеді»-деп түйіндеуі көкейге қонады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбдезұлы Қ.Тарих пен тағдыр А., 2004. Кекілбаев Ә.
2. 12 томдық шығармалар жинағы. Алматы, «Өлке», 1999

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ – ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА  
БАСТАМА**

**Мажібаев А.К., Куркебаева Г.  
ТарМУ. Тараз қ.**

Дамыған елдің болашағы – оның өскелең ұрпағында болса, сол ұрпақтың тәрбиесі мен білім деңгейі - ұстаз қолында. Олай болса білікті, өз мамандығын терең меңгерген және парасатты ұстаз мақсаты – бүгінгі заман талабына сай тұлғалық қасиеттері қалыптасқан, толыққанды азамат тәрбиелеу мен оқыту. Ал осы алдына қойылған мақсатына қол жеткізу үшін ұстаз жеке адамды толығымен танып, адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық, дене, экономикалық, экологиялық, жыныстық, отансүйгіштік тәрбиелердің жүйелі берілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты 12 жылдық орта білім беру жүйесіне көшу, білім беру жүйесін жаңаша ұйымдастыру, инклюзивті білім беру жүйесін ендіру және т.б.. Бұл қоғамдағы түрлі бағыттардағы өзгерістерге сәйкес білім берудің қызметіне жаңаша қарау, әлемдік жинақталған тәжірибеге және табыстарға сыни тұрғыда талдау мен бағалау, сонымен қатар ең маңыздысы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын қолдану.

Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты қазіргі таңда білім саласында ең өзекті мәселенің бірі әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын жаңартылған білім беру жүйесіне көшу болып отыр. Бұл – соңғы жиырма-отыз жылда ғылым мен техниканың орасан жетістіктерге қол жеткізіп, жаңа технологиялардың қоғам өмірінің әртүрлі саласында кеңінен енгізілуіне байланысты туындаған жағдай. Сондықтан жастарды жаңа кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін оларға жаңа мазмұнның, жоғары деңгейде білім беру қажет. Осындай өзекті мәселені шешу үшін біздің білім беру мазмұнының жаңа жүйесіне көшу қажеттілігі. Ендеше біз де, әлемдік тұтастықтың бірі ретінде, бұл мәселеден шет қала алмаймыз. Керісінше, біз Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне үйлестіруге мейлінше ұмтылуымыз қажет. Еуропа Кеңесінің Декларациясына (1992) сай дүниежүзінде 136 мемлекетте 12-жылдық білім жүргізілуде, оның ішінде АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Финляндия. ТМД елдерінен Украина, Өзбекстан, Балтық мемлекеттері көшті. Білім берудің жаңартылған мазмұнының негізгі мақсаты дамып келе жатқан қоғамда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Білім берудің жаңартылған мазмұнының ерекшелігі: білім беру парадигмасының өзгеруі: білім, білік, дағдыға негізделген білім беру мазмұнынан - құзыреттілікке негізделген білім беру мазмұнына ауысу, оқушылардың денсаулығын сақтау

проблемасы, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру, білім сапасын арттыру, отандық құжаттарымызды шетел мемлекеттерінің талаптарына сәйкестендіру.

Бұл мектепте оқытуды ұйымдастыру жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге шешуші мәні бар мынадай принциптерге ие болады:

- жеке тұлғаның жас және психофизиологиялық даму ерекшелігінің ескерілуі;
- күтілген нәтижеге жетуге бағдарлығы;
- ашықтығы;
- интерактивтігі.

Осы бойынша жалпы орта білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі төмендегі ұстанымдар негізінде ұйымдастырылады: жеке тұлғаның жас кезеңдерінің ескерілуі, күтілетін нәтижелердің жетістіктеріне бағыттылығы, оқытудың сабақтастығы, әрбір оқыту сатысының даралығы.

Жалпы мына мәселелерге аса көңіл аударылуы қажет:

1. Білім беруге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының оқушылар жас ерекшелігіне сәйкестігі.

2. Мұғалімдердің білім беру барысында қолданатын әдіс-тәсілдерінің оқушылармен жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызу жағдайы.

3. Бірінші сынып оқушыларына білім берудің ойын әрекетіне негізделіп, біртіндеп оқу әрекетіне көшу талабының орындалуы, алты жасар баланың ерекшеліктерін ескеру мүмкіндігі.

4. Оқушының ойы мен тілін дамытудың, олардың еркін сөйлеуін, пікір сайысына қатысу деңгейін байқау.

5. Берілетін білімнің өмірмен, ұлттық салт-дәстүрлермен, жергілікті өлкетану материалдарымен байланысын қамтамасыз ету мүмкіндігі.

6. Білім беру барысында мұғалімнің бақылау, тәжірибе әдістерін ұтымды жерінде қолдана білу шеберлігі.

7. Мұғалімнің оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану және оған талдау жасау шеберлігі.

Жалпы алғанда қазақстандық білім беруді реформалаудың стратегиялық мақсатын: білім берудің ойлы, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағдарланған жаңа ұлттық үлгісін дамытуға, «баршаға білім беру» үлгісінен әрбір адамға өмір бойында білім беру» үлгісіне өтуге мүмкіндік береді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етеді.

Білім берудің жаңартылған жүйесіне көшу мектептің құрылымдық және мазмұндық жағын жаңартудың маңызды бағыттары:

- мектепте білім берудің мазмұнын қазіргі қоғам қызметінің серпінді құрылымымен сәйкес келтіру;

- оқушыларды өз бетінше білім алуға және оны тәжірибеде қолдануға, оқытудың әр түрлі саласында өз мүмкіндіктерін тануға және жақсы қасиеттерін ашуға тәрбиелеу;

- әрбір жас кезеңіндегі негізгі психикалық жаңа құрылымдарды қалыптастыру төңірегіндегі оқу үрдісін жолға қою;

- оқушыларды танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде тарту, негізгі мотивациялық үрдістерді айқындайтын оқу ахуалдарын кеңінен қолдану.

Қазіргі мектептің білім мазмұнын жаңартуда төмендегі міндеттерді жүзеге асыруымыз қажет:

- оқушының жеке тұлға ретінде және іс-әрекет субъектісі ретінде мақсатты, тұрақты және дәйекті дамуына жағдай жасау;

- оқушылардың белгілі-бір білімді таңдауы мен меңгеруін, олардың оқу үрдісі кезінде таңдау мүмкіндіктері мен құқықтарын қамтамасыз ету;

- оқу-тәрбие үрдісінде ынтымақтастық педагогикасының ізгі қатынастарын орнықтыру;

- білім мазмұнын барынша ізгілендіруді қамтамасыз ету;

- психологиялық білім берудің бастапқы негіздерін қалыптастыру;

- білім мазмұнының инварианттық жән вариативтік компоненттерінің арасындағы гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімдердің диалектикалық бірлігін қамтамасыз ету;

- оқушылардың оқу жүктемесін тұрақтандыру.

Білім беру - қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуында және олардың денесінің дамуында, кәсіптік біліктілігінде жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі. Білімділіктің басты өлшемі - білімнің жүйелілігі, ойлаудың жүйелілігі мен логикалылығы.

Білім беру жүйесінің басты міндеттері - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру оқыту мен өз бетінше іздену негізінде жүзеге асырылады. Ол білім беру ісін жетілдіруге, сақтауға және оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз ету мақсатында мәдениетті жаңа ұрпақ тәрбиелеуге, тұлға мен қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық және физикалық жағдайын үнемі жетілдіріп отыруға бағдарлануы және білім мен ғылым әрқашан интеллектуалдық дамуға мұрындық болуға тиіс.

Соңғы жылдары оқу-тәрбие үдерісінде жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді. Онда оқушыларға психологиялық қолдау көрсетудің ерекше рөлі байқалады.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру - оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Шығармашылық қызығушылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады. Сондықтан, шығармашылық қызығушылықты жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуінде мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор.

Көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан-2050» бағдарламасында, ҚР «Білім» бағдарламасында мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған.

Демек, болашақ педагогтарды мектептегі тәрбие мен білім беру жағдайларына кәсіби даярлау мен бейімдеу мәселесі, кәсіби құзырлы, шығармашыл болуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңа парадигмасы негізінде оқытудың субъектін және оқушының әлеуетіне тікелей әсері мол шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың педагогикалық тұғырларын айқындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады.

#### **Қолданылған әдебиеттер**

1. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж

2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

3. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

## МАЗМҰНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

<b>Шертаев Е.Т.</b> - Заманауи білім беру жағдайында педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері.....	3
<b>Тоқбергенова З.С.</b> - ЖОО инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагогтарды даярлау мәселесі .....	5
<b>Вилькелене А.</b> – Инклюзивная компетентность современного педагога .....	8
<b>Евтушенко И.В.</b> - Основные направления государственной политики рф в сфере образования лиц с ограниченными возможностями развития.....	1
	1
<b>Қалматаева А.М.</b> - Инклюзивті білім беру: теориядан тәжірибеге .....	1
	7
<b>Сахыбаева А.Т.</b> - Интеллектуал ойындары - ерекше балаларды дамыту үшін ерекше әдіс.....	2
	0
<b>Санай Г.Е.</b> - Инклюзивті білім беру және өзін-өзі тану .....	2
	2
<b>Батырбеков М.Н.</b> - Инклюзивті орта - дамуында ерекше қажеттілігі бар баланы әлеуметтендірудің алғашқы қадамы .....	2
	5
<b>Тұрдалиева Ш.Т.</b> - Коммуникативті толеранттылық – педагогтардың инклюзивті ортадағы жұмысының негізгі құралы ретінде .....	2
	7

### СЕКЦИЯ 1

#### ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

<b>Алимбаева С.Қ., Асанқызы А.</b> - Педагогтың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру жолдары .....	31
<b>Аблаева Б.А.</b> - Жаңартылған білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтың инклюзивті ұзырлеттілігі.....	34
<b>Абумаликова Г.К.</b> - Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі психологиялық дағдарыстар мен бейімделу мәселесі .....	36
<b>Абилядаева Г.Ж.</b> - Кәсіби шеберлік – педагогтардың жемісті іс-әрекеті .....	39
<b>Амиркенова Э.Ж.</b> - Описание модели инклюзии, реализуемой в современной образовательной ситуации .....	42
<b>Джолдасова О.К., Архабаева Б.Д.</b> Инклюзивное образование - образование для всех.....	47
<b>Асқар Г. Мырқасымова М., Момынова М.</b> - Толеранттылық - қазақ мәдениетіндегі рухани құндылық .....	50
<b>Досмаханова Л.Д.</b> - Кәсіби құзыретті мұғалім-нәтижелі білім берудің негізі .....	53
<b>Жамирова Ұ.Ш.</b> - Ерекше балалардың зейінін дамыту мен тәрбиелеудегі педагогтың рөлі ....	55
<b>Имамбекова Г.С., Серикова Ж. Б.</b> Гендерные особенности девиантного поведения детей подросткового возраста .....	58
<b>Исалиева М.</b> Жастар бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жолдары .....	61
<b>Кожагельдиева У.А.</b> Жобалау әдісі - педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру шарттарының бірі .....	64
<b>Медетбекова А.С.</b> - Работа ПМПК по внедрению инклюзивного образования в Жамбылской области .....	66
<b>Молшылықова Ә.Б.</b> Педагогтың оқу-тәрбие үдерісінде ойын технологиясын қолдану шеберлігі .....	70
<b>Оштанова Г.Ш.</b> - Физика пәнін оқыту сапасын арттыруда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің рөлі .....	75
<b>Расилова Ж.С., Тұрлұмбек А.Ж.</b> - Инклюзивті балаларға білім беретін педагогтың кәсіби шеберлігі .....	77

<b>Саякова В.Д.</b> - Педагогтың кәсіби шеберлігін дамыту негізінде коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру.....	79
<b>Алимбаева С.Қ., Сматова К.Б., Спандиярова А.С.</b> - Педагогтың инклюзивті ұзырреттілігін және акмеологиялық білімін дамытудың маңыздылығы .....	83
<b>Боранбаева С.Т., Қонақбаева А.М.</b> - Инклюзивтік білім беру жағдайдың өзекті сұрақтары мен мәселелері .....	85
<b>Сұраш Н.</b> - Инклюзивті ортада рухани адамгершілік тәрбие беру жұмысын ұйымдастырудың психологиялық маңыздылығы.....	87
<b>Архабаева Б.Д., Тауасарова Д.Д.</b> Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу .....	90
<b>Тойбекова С.М.</b> - Педагогтың физика сабағында ұлттық ойындарды пайдалану жолдары .....	93
<b>Усерханов А.У.</b> - Үштілді білім беру арқылы құзіретті тұлғаны қалыптастыру.....	95
<b>Жаманбаева А.С.</b> - Өзіндік бағалау арқылы жасөспірімдердің оқу үлгерімін анықтау жолдары .....	97
<b>Джапарова А.А.</b> - Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетінде кездесетін қиындық мәселелері.....	101
<b>Сүлейменова А.А.</b> - Жас педагогтардың кәсіби бейімделуін қалыптастыратын тренингтердің тиімділігі .....	103
<b>Саулебекова Э.К., Асеева Г.Т.</b> - Тірек мектеп (РО) кеңістігінде отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекетіндегі тұлға тәрбиесі .....	106
<b>Мельдеев Қ.</b> - Тұлғаның шығармашылық белсенділігін дамыту – болашақтың кепілі .....	109
<b>Кузембаева М.Б.</b> - Оқушыларға әңгімелеу мәтінін оқыту технологиясы .....	112

## СЕКЦИЯ 2

### ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДА ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

<b>Тоқсанбаева Н.Қ., Тұрдалиева Ш.Т., Курманбаева Д.П.</b> - Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім беру кеңістігінде әлеуметтендіру ерекшеліктері .....	116
<b>Абилова А.Б.</b> - Поколение неговорящих детей в республике казахстан .....	119
<b>Абдигалиева А.Б.,</b> - Ерте жастағы аутизмнің қазіргі кездегі проблемалары .....	121
<b>Абилова А.Б., Мордвинцева И.Ю.</b> - Формирование конструктивной родительской позиции как фактор эффективности комплексного сопровождения семьи ребенка с расстройством аутистического спектра .....	124
<b>Абуталиева Ж.Б.</b> Баланың мектепте оқуға бейімделуіндегі педагогтың рөлі .....	127
<b>Алиқұлова С.А., Кеңесханқызы С.</b> - Логопедиялық ырғақтың баланың сөйлеу тілі дамуына әсері.....	130
<b>Алиқұлова С., Молдабекова К.Қ., Махат Л.Е.</b> - Инклюзивті білім берудің ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі тиімділігі .....	134
<b>Амиркенова Э.Ж.</b> - Использование песочной терапии в дошкольном учреждении в работе учителя-логопеда .....	137
<b>Ансарова Н.А.</b> - Инклюзивное обучение детей с нарушением слуха .....	139
<b>Багисбекова Г.З.</b> - Работа с тетрадами на индивидуальных занятиях по рсв и ФП (из опыта работы) .....	142
<b>Бегаулова А. А.</b> - Инклюзивті оқытудың ерекшеліктері қандай? .....	145
<b>Боранбаева С.Т., Тилеубаева Ж.Н.</b> - Болашағымыз - инклюзивті білім беру .....	147
<b>Абдигалиева А.Б., Давлетярова Р.</b> - Психикалық дамуы тежелген балалардың қарапайым математикалық білімдерін қалыптастыру .....	150
<b>Досмаханова Л.Д., Көкжалбекова Ж.Ә.</b> - Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазуындағы ерекше қателердің алдын алу .....	154
<b>Дүйсенова Г.И.</b> - Баланың сөз құрастыру жағын қалыптастырудың лингвистикалық негіздері.....	157
<b>Егізбай Н.Е., Абильда А.Е.</b> - Ерекше балаларды ойын арқылы жан-жақты тұлға етіп қалыптастыру.....	159
<b>Ермекбаева М.К.</b> - Преимущества инклюзивного образования в школе .....	162

<b>Әбдібекова Ж., Медеубаева Г. - Тұлғаның әлеуметтену мәселесінің психологиялық аспектілері .....</b>	165
<b>Жумагулова А.Т., Айдарбекова Г.Ж. - Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі .....</b>	168
<b>Жумагулова А.Т. -Инклюзивті білім беруді дамытудағы тәжірибелер .....</b>	170
<b>Исламова Д.А. - Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақстандық патриотизмнің құндылықтарын қалыптастыру .....</b>	174
<b>Кабиден К.Е. - Соотношение материальных и духовных ценностей личности семейных отношениях военнослужащих .....</b>	177
<b>Касымова Р. Д. - Қоғамның басты міндеті ұрпақ тәрбиесі .....</b>	179
<b>Каулакулова Г. - Жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру негізінде оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру .....</b>	181
<b>Имамбекова Г.С., Қдырбаева У. - Бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқытудың тұжырымдамалы қағидалары .....</b>	185
<b>Имамбекова Г.С., Нуржанов Н.- Влияние мотивационных факторов на учебную деятельность старшеклассников .....</b>	189
<b>Сейдалиева Г.Ш., Нуридин Ж.Б - Жаңаша оқу бағдарламасындағы мектеп оқу-тәрбие үрдісінде ойын технологиясын пайдаланудың негіздер.....</b>	192
<b>Сатбаева М.Д. - Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру негіздері і .....</b>	197
<b>Сейдуалиева А.А.- Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларының ерекшеліктері .....</b>	200
<b>Усембекова Д.С. - Групповая работа на уроке русского языка и литературы .....</b>	203
<b>Усенбекова М.М. - Мектепте STEM-білім беру парадигмасын жүзеге асыруда робот техникасының маңызы .....</b>	206
<b>Аликулова С., Шарипова С. - Сөйлеу тілі дамуы мәселесінің психофизиологиялық және лингвистикалық аспектілері .....</b>	208
<b>Шинибаева Л.О.- Мектепке дейінгі жастағы балаларға проблемалық оқыту технологиясын қолдану. ....</b>	211
<b>Ералиева О. - «Өзін-өзі тану» – шығармашылық пен рухани-адамгершіліктің бастауы .....</b>	213
<b>Шынықұлова Р.С. - Өзін-өзі тану – рухани жаңғырудың алғашқы қадамы .....</b>	214
<b>Усибалиева А.Т. - Тілді оқыту барысында бейнематериалдарды пайдалану әдістемесі .....</b>	216
<b>Жунусова Ж.Б. - Еліміздегі гендерлік саясаттың маңыздылығы .....</b>	219
<b>Абдрасилов А.И. - Мектепте бейнелеу өнері пәнінің жүйелі түрде оқытылуы – өмір талабы .....</b>	221
<b>Ерғали А.Е., Ахметова С.Д. - Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесіндегі кейіпкерлердің ұлттық психология тұрғысынан көрінуі .....</b>	224
<b>Мажібаев А.К., Куркебаева Г. - Жаңартылған білім беру мазмұны – жаңашылдыққа бастама.....</b>	226

**«ПЕДАГОГТЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ: ҚАЛЫПТАСТЫРУ  
ӘДІСТЕРІ» атты Халықаралық тәжірибелік семинардың**

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Қазақстан, Тараз, 12 желтоқсан 2018 жыл**

## **МАТЕРИАЛЫ**

**Международного практического семинара на тему  
«ИНКЛЮЗИВНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПЕДАГОГА: МЕТОДЫ  
ФОРМИРОВАНИЯ»**

**Казakhstan, Тараз, 12 декабрь 2018 год**

## **MATERIALS**

**International practical workshop on the topic  
«TEACHER INCLUSIVE COMPETENCE: FORMATION TECHNIQUES»**

**Kazakhstan, Taraz, December 12, 2018**

**Техникалық редактор: Абдрасилов А.И.**  
**Корректорлар: Ахметова С.Д.**  
**Молдабекова К.Қ.**  
**Мұқаба дизайны: Саменов М.М.**

Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.  
Автордың дайын файлынан алынған.

Басуға 04.02.2019 жылы қол қойылды.  
Пішімі 210 x 297 1/16. Офистік қағаз.  
Есепті беті 26,10; Шартты беті 14,50  
Таралымы 50 дана. Тапсырыс №126

ТарМПУ, Редакциялық баспа бөлімі  
080000, Тараз қ, Төле би 62